  - өкілетті ұйымдармен тамақ өнімдерін өңдеу, дайындау, айналым, қайта өңдеу және жою әрекеттерін келісу ережелері, өңдеуде, өндірісте, айналымда, қайта өңдеу мен жоюда қолданылатын машиналар және құрал-жабдықтардың, материалдар мен өнімдердің Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңдарға сәйкес болуы;
  - тамақ өнімдерін өңдеуді, өндіруді, айналымды, қайта өңдеу мен жоюды қадағалау ережелерінің Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңдарға сәйкес болуы;
  - генетикалық модифицирленген объектілер қауіпсіздігінің ғылыми негізделген растамалар бойынша жұмыс жүргізу ережелері;
  - генетикалық модифицирленген объектілердің айналым ережелері;
  - мемлекеттік тіркеуге жататын тамақ өнімдерін шеттен әкелу (импорт) ережелері;
  - бірінші рет өндірілетін және бірінші рет Қазақстан территориясына шеттен әкелінетін мал азықтары мен мал азықтарының қоспаларын мемлекеттік тіркеуге алу ережелері;
  - тамаққа қосылатын биологиялық белсенді объектілер қауіпсіздігінің ғылыми негізделген растамалары бойынша жұмыс жүргізу ережелері;
  - курортология ғылыми орталықтарының табиғи минералды суларды қолдану туралы бальнеологиялық қорытындыларын беру ережелері;
  - тамаққа қосылатын биологиялық белсенді қоспалардың айналым ережелері;
  - тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін анықтайтын ветеринарлық-санитарлық сараптамалар жасау ережелері;
- Тамақ өнімдері қауіпсіздігіне тағайындалған міндетті талап болып есептелетін нормативтік құқықтық акт тамақ өнімдері қауіпсіздігі саласында техникалық регламент болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шматько Л.П. Туризм и гостиничное хозяйство: Учебное пособие. - М.: Ростов н/Д ИКЦ «МарТ», 2007.
2. Гвозденко А.А. Гостиничный и туристический бизнес. М.:Ассоциация авторов издателей «Тандем». Изд-о «ЭКМОС», 1998.
3. Ю.Рогов И.А., Дунченко Н.И., Позняковский В.М., Бердугина,А-В., Купцова С.В. Безопасность продовольственного сырья и пищевых продуктов. –Новосибирск, 2007.
4. Смагулов А.К., Елешев Р.Е., Гаврилова Н.Б. Качество и безопасность сельскохозяйственной пищевой продукции. – Алматы, 2002г.

**Арсланұлы Д.,** Тур-33к тобы ҚҚЭУ  
 Ғылыми жетекші: аға оқытушы  
 Аешова Н.Т.

#### **ҚР СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Қазіргі заман ағысына ілесу уақыт талабы. Сол орайда еліміздің әр саласын жетілдіріп, дамытуда түрлі шаралар қолға алынып жатыр. Спорттық-сауықтыру туризмі – көптеген демалу

түрінің бір түрі болып есептеледі. Спорттық-сауықтыру туризмі түрлері жай туристер ортасында үлкен танымалдылықта болып жүр. Шаршағанды басуға көмектесетін тек қана жағажайдағы демалу емес, сонымен қатар созылған жүйке-жүйе мен физикалық төзімділікте көмектеседі.

Туризмнің белсенді түрлерімен айналысу барысында үш мәселеге баса назар аудару қажет. Біріншіден, туризмнің белсенді түрлерімен айналысу туристердің физикалық дайындығын қамтамасыз етеді. Екіншіден, туристік техникадан өтетін жарыстарға қажетті арнайы шеберліктері мен іскерлік-дағдыларын қалыптастырады. Үшіншіден, туристік жорық жетекшілері мен қатысушылардың спорттық біліктіліктері мен жаяу туризммен айналысу барысында ағзаға түсірілетін ең жоғарғы салмақты реттеуге мүмкіндік береді.

Спорттық-сауықтыру туризмі - дара және әлеуметтік бағыты бар сала, қоғамның белгілі бір бөлігінің өмір салты; тұлғаның рухани және физикалық дамуындағы, табиғатқа деген нәзік сезіміндегі, халықтар мен ұлттар арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықтың тиімді құралы; халықтардың мәдениетімен, өмірімен, тарихымен, салттарымен танысуға негізделген «халықтық демократияның» формасы; әр ұлтқа тән халық шығармашылығын, барлық әлеуметтік демографиялық топтардың, мектепке дейінгі жастағы балалардан бастап зейнеткерлерге дейін жеке белсенділік формасының еркіндігін сипаттайтын көрнекті демалыс түрі.

Қазіргі таңда бүкіл еліміз бойынша өткізілетін спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының саны артып келеді, тек 2011 жылдың өзінде 17 мыңнан астам бұқаралық-спорттық іс-шара өткізіліп, оған 3,5 млн.-нан астам адам қатысқан.

Ұлттық спорт түрлері белсенді түрде дамып келеді, онымен қазіргі кезде 166 мыңнан астам адам шұғылданады (2010 жылы – 123 мың адам). Бұған жыл сайынғы чемпионаттар, республикалық және халықаралық турнирлер, соның ішінде тоғызқұмалақтан әлем чемпионаты, бірінші Жасөспірімдердің ауылдық спорт ойындары, «қазақ күресінен» әлем және Азия чемпионаттары, Қазақстан Республикасы Президентінің жұлдесі үшін Халық спорты ойындарын өткізу, спорт мектептері мен клубтарда ұлттық спорт түрлерінен бөлімшелердің ашылуы ықпал етті.

Қазіргі уақытта республикада спорт саласында мамандарды даярлаумен 17 жоғарғы оқу орны айналысады, оның ішінде жаттықтырушы-оқытушылық құрамның біліктілігін арттыру жөніндегі кәсіби қызметті бір жоғары оқу орны - Қазақ спорт және туризм академиясы жүзеге асырады.

Өз елімізде туризм мен спортқа көптеген қолдаулар көрсетіліп сол арқылы өз елімізді басқа елдерге танытып, өз имиджімізді көтеруге жағдайлар жасалып жатыр. Спортқа қолдау көрсету мақсатында қазіргі таңда біздің олимпияда жеңілпаздары арқылы бізді көптеген шет мемлекеттері танып отыр. Сондай қолдаулар арқылы ел ішіндегі рекреациялық аудандарда осы туризм мен спортпен айналысуға мүмкіндіктер жасалуда.

Елімізде спорттық туризмді дамытуға зор мүмкіндік беретін облыстар жетерлік. Мен өз ғылыми баяндамама мысал ретінде Талдықорған өңірің алдым.

Талдықорған өңірі суармалы егіншілік пен жайылымды мал шаруашылығы дамыған аумақтардың қатарына жатады. Қазақстанды көкөніс, техникалық дақылдармен қамтамасыз ететін маңызды агроөнеркәсіптік орталық болып табылатын өңірде халқының еңбегі мен тұрмысына қолайлы жағдай тудырып, жан-жақты дамуын қамтамасыз етуде бірқатар өзекті мәселелер туындап отыр. Осыған орай еңбеккерлердің физикалық күш-қуатын қалпына келтіріп, рухани дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал, демалыс пен туризмді ұйымдастырудың маңызы зор.

Қырғызстандағы Ыстықкөл, Ресей мен Украинадағы Қаратеңіз жағалауы сияқты туризм инфрақұрылымын қалыптастырып, кластерлік жүйемен дамытқан жағдайда болашақта Балқаш пен Алакөлді, Жетісу Алатауының халық тығыз қоныстанған аласа таулы бөліктерін, Қапал-Күреңбел, Жаркент тау аралық ойыстарын халықтың денсаулығын қалпына келтіруге мүмкіндік беретін республикалық және халықаралық дәрежедегі демалыс пен туризм дамыған аймақтардың біріне айналдыруға болады. Оған тау беткейлері мен өзен аңғарларының, көл жағалауларының таза ауасы, суы мен емдік балшықтарының химиялық құрамы, табиғи ландшафтарының эстетикалық тартымдылығы қолайлы жағдай тудырады.

Демалыс пен туризмді ұйымдастыру Талдықорған өңірінің табиғи-рекреациялық ресурстарын жан-жақты зерттеп оларды бағалауды, сонымен қатар, тиімді пайдалану мен

қорғау мәселелерін шешуді қажет етеді. Ол үшін туристердің қызығушылығын тудыратын табиғи-климаттық, тарихи-мәдени және шаруашылықтық ресурстарды бағалау қажет.

Талдықорған өңірі, солтүстігінде Сарыарқаның оңтүстік сілемдері Шұбартау (690м) тауымен солтүстік-шығысында Алакөл мен Жетісу қақпасымен; оңтүстігінде Іле ойысымен, батысында Балқаш ойысының батыс бөлігімен шектеседі. Өңір табиғат жағдайлары көршілес жатқан Сарыарқа, Іле ойыстарынан өзіне тән айырмашылықтың, ең бастысы шөл, шөлейт, аласа таулы дала, таулы орман, альпілік және субальпілік шалғын, нивальды-гляциальды белдеуге дейінгі барлық ландшафттар таралған. Туризм мен демалысты дамытуға мүмкіндік беретін Балқаш, Ұялы, Сасықкөл, Алакөл, Жалаңашкөл және Рай, Тұзкөл сияқты бірегей көлдердің, Бурақожыр, Көксу, Қаратал, Ақсу, Сарқан, Лепсі, Тентек, Жаманты, Ырғайты өзендерінің, биік таулы мұздықтар мен тартымдылығымен ерекшеленетін бірегей табиғат ескерткіштерінің, емдік маңызы бар минералды су көздерінің болуымен ерекшеленеді.

Талдықорған өңірінің орталық және солтүстік бөлігін алып жатқан Балқаш-Алакөл ойысының Сарыарқа мен Жетісу Алатауына ұласар тауалды жазықтары теңіз деңгейінен биіктігі 500-800 метр аралығында ауытқитын үстіртті көлбеу жазықты болып келеді. Ал Балқаш пен Алакөлге жапсарлас жатқан орталық және солтүстік бөліктерін бұйраланған белесті-жалды сусымалы құмды қабатты жазықтар алып жатыр. Қалдық таулардағы гранитті жыныстардың бұзылуынан түзілген бірегей табиғат ескерткіштері, тартымдылығымен ерекшеленетін сусымалы құм жалдары шөлді алқаптарда экологиялық, ғылыми-танымдық және экстремальды сипаттағы туристік бағыттар құруға мүмкіндік береді.

Жылына бір келетін демалыста жақсы тынығу әркімнің көкейіндегі ой. Өкініштісі, бұл ойды іске асыру бәрінің қолынан келе бермейді. Тәуелсіздік алғанымызғы жиырма жылдың жүзі болса да еліміздің туризм саласы өз деңгейінде дамыған жоқ. Өз жеріміздің маржандарын әлі де болса қызықтай алмай отырмыз. Оған себеп көлік жолдарының жөнделмеуі, қонақ үй, қызмет көрсету бағасы шетелден де қымбат. Спорттық сауықтыру туризмі дамыту еліміздегі өр көкіректі мәселелердің бірі. Осы мәселелерді шешу мақсатында елімізде көптеген спорттық бағдарламалар қабылданып, және соларды іске асыратын объектілер салынууда.

Бірі білсе, бірі білмейді, біздің елде туристер үшін саяхаттың 800 маршрут түрі ұсынылған. Оның 78-і - экологиялық турлар (ұлттық парктер, қорықтар және т.б.), 126 - сауықтыру бағыттары. Мемлекетімізде санаторно-курорттық ем алу мен демалыс біріктірілген. Аңшылық пен балықшылықты ұнататындарға бi бағытта маршрут жұмыс істейді. Ал жылқымен жүрем деушілерге 18 бағыт бар. Сауықтыру емдік мақсатта адамдардың шипалы ем алып, ой тынықтыруына арналған туризмнің бір түрі. Елімізде мұндай сауықтыру кешендері көп. Оның себебі емдік қасиеттерге бай жер асты сулары мен тұзды минералды көлдері, шипалы қасиеттерге ие саз балшықтар соның айғағы бола алады. Экологиялық туризм мен сауықтыру туризмі жақсы қарқынмен дамып келе жатыр.

Елде Қазақстандық және шетелдік азаматтардың әр түрлі туристік қызметтерге деген сұраныстарын қанағаттандыру үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін қазіргі заманға аса тиімді және бәсекеге қабілетті туристік кешеннің жұмыс істеу үшін жағдай жасалып жатыр. Қазақстан Республикасында туризмнің материалдық-туристік базасында дамытуға инвестицияда тарту үшін шарттар анықталғалды.

Спорттық туризмнің дамуына ұсыныстар қазіргі таңда көптеліп жасалуда. Соларды іске асыруға мемлекеттік қолдаулар өз септігін тигізуі тиіс. Ал қазіргі таңда жас мамандар дайындау өр көкіректі мәселе. Сонымен спорттық сауықтыру туризмі елімізде қарқынды түрде дами беруіне бізде өз үлесімізді қосармыз деген үмітке сенемін.

**Атыгаева К.**, Тур-33к тобы ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: аға оқытушы  
Аешова Н.Т.

## **ҚР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ**

«Экотуризм» термині тұрақты даму терминімен бір уақытта пайда болды. Экологиялық туризм әдемі ландшафттарға, олардың жабайы өсімдіктер мен аңдарына, солжердің мәдени этнографиялық ерекшеліктеріне сүйсіну (рақат алу) мақсатында адамның шаруашылық

қызметінің қолы тимеген әрі ласталмаған табиғи аудандарына саяхат жасауды білдіреді. Сонымен қатар, ол экологиялық жүйелердің тұтастығын бұзбай, жергілікті тұрғындар үшін табиғатты қорғау пайдалы болатындай экономикалық жағдайларды туындатады.

Көптеген ғасырлар бойы Қазақстанның экожүйесіне адам қолы тимеген, бұған қазақтардың көшпелі өмірі мен территориясындағы тұрғындардың аздығы себеп болды. Бірақ XX ғасыр табиғатты қорғаудың талаптарын сақтамай, республиканың табиғи байлығын иеру қарқынды жүрді, бұл өз кезінде ел территориясындағы экологиялық жағдайдың шиеленісе түсуіне, жануарлар мен Республиканың табиғи жағдайының түрлілігі өсімдіктер мен жануарлар әлемінің байлығы көрсетеді. Жануарлар мен өсімдіктердің көптеген түрлері өзінің сиректігіне, құндылығына байланысты қызыл кітапқа енгізілген. Қызыл кітапқа сүтқоректілердің 25%, құстардың 11,4%, бауырымен жорғалаушылардың 20,4%, балықтардың 15,4% енгізілген.

Экожүйелердің эталонды және қайталанбас учаскілерін, флора мен фаунаның сирек түрлерін сақтау үшін, қорғалатын табиғи территориялар негізінде экологиялық туризмді дамыту жағдайларын қалыптастыру үшін ұйымдар арнайы жобалар әзірлейді. Осындай жобалардың бірі «Экотуризмді дамыту және ерекше қорғаудағы табиғи территориялардың желілерін дамыту».

Қазақстан Республикасы табиғат ресурстары және қоршаған ортаны қорғау Министірілігінің жұмыс жоспары «Алтын емел» табиғи паркіндегі арнайы жабдықталған: экотуристік маршруттардың экологиялық туризм жүйесін құру, ландшафттардың сапасын жақсарту қарастырылады.

Қазақстан Республикасы биотүрлер туралы конференцияның тарабы болған соң, 1994 жылдың қыркүйегінен бастап биологиялық түрлерді сақтауға, әділетті пайда негізінде оның компоненттерін тұрақты пайдалануға бағытталған үрдістерге жол ашты.

Бірқатар авторлар (ВОО, Kusler) экологиялық туризмді биологиялық ресурстардың сақталуын қамтамасыз ететін потенциалды құрал деп есептеуді ұсынады.

Экологиялық туризм табиғатты сақтаудан пайда- табудың маңызды көзі болып табылады:  
- табиғатты пайдаланғаны үшін төлем, транспортпен тұрған жері үшін, аң аулау және т.б үшін төлемдер;

- тамақтану, баспана, транспорт, гид түрлерінде ұсынған қызметтер үшін физикалық тұлғалардың жалақы төлемі;

- берілген территорияға келген туристерге өткізілген өнімнен түсетін пайыз;

- тауарлар мен қызметтерге салық салу.ен өсімдіктер әлемінің күрт нашарлауына әкелді.

Экотуризмнің басты міндеттері:

- экологиялық білім беру, табиғатпен қатынас мәдениетін көтеру, табиғи ортадағы экологиялық мінез - құлық нормаларын әзірлеу, әрбір адамды табиғаттың тағдырына деген жеке жауапкершілік сезіміне тәрбиелеу;

- адамның рухани және физикалық күшін қалпына келтіру;

- табиғатты қорғау, табиғи ортаға деген зиянды азайту;

- мемлекет пен жеке аймақтардың әлеуметтік - экономикалық дамуына қолдау көрсету.

Көптеген шет мемлекеттердің экологиялық туризмді дамытуда тәжірибесі мол болуына қарамастан Алматы облысында бүгінгі күнге дейін экотуризмді дамытудың халықаралық тәжірибесі жоқ. Біздің ойымызша, егер Алматы облысындағы, сондай-ақ тұтас елдегі экологиялық туризмді дамытуға халықаралық ұйымдар қолдау көрсетсе, онда бұл проблеманы шешуге болады.

Экотуризм объектісі ретінде ерекше қорғалатын табиғи территорияларды пайдаланудан түсетін табыстың жартысы келесі аталғандарға міндетті түрде, бөлінуі керек:

- ООПТ территориясын күтіп ұстауға;

- экотуризм инфрақұрылымын, маршруттық жолдардың жабдықтарын қатысу орталықтарын дамытуға;

- табиғи ескерткіштер мен табиғи ортаны қалпына келтіруге;

- білім беру қызметіне гидтарды дайындауға.

Биологиялық түрді сақтаудағы экологиялық туризмнің ролі мынадан көрінеді: экотуристер барған жердің қорғаушысы болып өздері табылады.

Кейбір экотуристер (көбінесе аумақты адамдар) қорық жерлерін аралағаннан кейін, белгілі бір қаржылық құралдар бөле отырып, табиғи түрлердің Американың көптеген

елдерінде, сонымен қатар Африканың кейбір елдерінде табиғатты қорғаудың меншіктік қызметі сынақтан өтуде.

Менің ойымша, экология мен туризмнің үйлесімділігі туралы, нақтырақ ООПТ жерінде туризмнің дамуы туралы сұрақ туындауы мүмкін. қорғалатын жерлердің басты мақсаты — биологиялық түрлерді сақтау, ал туризмнің кез-келген түрінің дамуы ООПТ-ң міндеттеріне қайшы келуі мүмкін. Сондықтан ООПТ жеріндегі туризмге рұқсат беру туралы шешім мемлекеттің деңгейде қабылдануы керек. Мұндай жағдайда ООПТ-ң біреуінде табиғатты қорғау сипатталады, яғни экотуризмді ұйымдастыруға болады, сәйкесінше туристер үшін барлық жағдайлар жасалып, туристердің осы қорықтар мен табиғат ескерткіштеріне бару ниетіне белсенді қолдау көрсетілуі керек. Басқа ООПТ туристер үшін мүлдем жабық болуы мүмкін.

Ал осылайша, экономикалық және табиғат қорғау қызметтерінің түрі ретінде экологиялық қызметтің үлкен потенциалы сәйкес мемлекеттік басқару мен реттеу жағдайында ғана жүзеге асыруға болады. Экотуризм жабайы табиғатты сақтаудан қаржылық және ұйымдық пайда әкелу үшін, табиғат объектілерін эксплуатациялау құнын және туристерге көрсетілген қызметтердің құнын көрсететін бағалау саясаты болуы керек.

Сонымен экологиялық туризмді жетілдіру үшін келесідей ұсыныс ретінде келесілерді атауға болады:

1. Республикадағы туризм индустриясының көптеген экологиялық және әлеуметтік-экологиялық проблемаларын шешу мақсатында экологиялық туризмнің дамуының ғылыми негізделген ұлттық стратегиясын әзірлеу керек.

2. Туристерге сапалы қызмет ететін экологиялық сауатты мамандар тағайындау.

3. Қазақстанның аса перспективті аудандарындағы экологиялық туризмді дамыту үшін жасалатын жағдайлар келесілерді қамту керек:

- экологиялық туризмді дамытуға мүдделі барлық мемлекеттік және жеке құрылымдардың жергілік органдарына қолдау көрсету;

- болашақ ұрпақ үшін ерекше табиғи және мәдени-тарихи объектілердің сақтау табиғатты пайдалануды реттеу мақсатында географиялық ақпараттық жүйені құру керек;

- бірден-бір туристік қызмет дамымайтын, материалдық-техникалық базаны дамытып нығайтуды;

4. Қоршаған ортадағы табиғи ресурстардың (орман, көл, тау) табыс көздеріне жергілікті халықтың түсінуіне мүмкіншілік беру және осындай идеяларды тарату бағытындағы жұмыстарды ұйымдастыру.

Менің зерттеуімнің нәтижесінде экологиялық туризмді дамыту көзқарасы тұрғысынан қолайлы аудандар анықталды. Оларға жататындар: Райымбек, Талғар, Қарасай, Еңбекшіқазақ, Панфилов. Бұл аудандардағы экологиялық туризмнің дамуы Алматы облысының табиғи шаруашылығы тұтас кешенінің сәтті дамуына, елдің басты әлеуметтік-экономикалық мақсаты-қоғамның тұрақты дамуы мен салауатты өмір салты үшін қоршаған ортаның жағымды жағдайымен қамтамасыз етуге қол жеткізуге себепші болады.

Қорыта айтқанда, туризм, соның ішінде экотуризм сарқылмайтын, шексіз ресурстарды ұқыпты пайдаланған кезде ұлттық байлықтарды молайтатын негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

**Бодаубек А.,** Тур-11 к тобы ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: оқытушысы  
Утешева М.М.

## **ҚАЗАҚСТАНДА ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНДА ТУРИСТІК – РЕКРЕАЦИОНДЫ РЕСУРСТАРДЫҢ РӨЛІ**


Қазіргі кезде туризм – экономикада басты орында және әлемдегі ең пайда көп түсіретін бизнес түріне айналды. Сондықтан да әлемдік шаруашылықтың бұл саласының болашағы жайлы сұрақ ең маңызды болып табылады. Тарихи-мәдени ескерткіштерді, табиғи ресурстармен тең қолдануда туризм тұрғындардың жұмысбастылық деңгейін көтеруге және тауар өнімін, қызмет көрсету өнімділігін жоғарлатуға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы рекреациялар аясын ұлттық экономиканың табысы жоғары саласына айналдыруға мүмкіндік беретін, тамаша табиғаты бар ландшафтарға, ежелгі көне және мәдени-тарихи ескерткіштерге, қайталанбас рекреациялық ресурстарға иелік етеді.

Бүгінгі күнге рекреациялық туризм оның ең ауқымды түрі болып табылады, оған әлемдегі келулердің жалпы санының 71%-ы тиесілі [1].

Қарағанды облысы Қазақстан өнеркәсібінің ошағы, негізгі ғылыми потенциалдың кіндігі. Отанымыздың сан алуан мекемелері мен ғылымына осы өңірден шыққан белді тұлғаларымыз ел тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, ғылымы мен білімін қамту жолында қызмет атқарды. Қарағанды облысында Қазақстанның маржаны – Қарқаралы таулы орман оазисі, Балқаш көлі, көшпенділер мәдениет орталығы – Ұлытау таулары, Нұра, Сарысу, т.б. өзендер орналасқан. Туристік саланың аймақтық міндеті келу және ішкі туризмді дамыту болып отыр. Бұл үшін Қарағанды аймағы үлкен мүмкіндіктерге ие [2].

Қарағанды облысына деген қызығушылық күннен – күнге артуда. Облыста ішкі туризм де дамуда. Оның өсуін келесі суреттен көруге болады (Сурет 1).



Сурет 1. Қарағанды қаласындағы ішкі туризмнің даму динамикасы

Яғни, суреттен көріп отырғанымыздай, Қарағанды бойынша ішкі туризм 2010 жылы 2009 жылмен салыстырғанда 1,2 есеге кемісе, 2012 жылы 2008 жылмен салыстырғанда 3 есеге өскенін байқап отырмыз [6].

Қарағанды облысы бойынша барлығы 13396 сапарлар іске асырылды [6]. Оның ішінде бос уақыт және туризм, таныстары мен туысқандарына бару және т.б. мақсаттармен демалған (кесте 1).

#### Кесте 1

##### Жол сапары мақсаты бойынша қызмет көрсетілген туристерді бөлу

	Барлығы	оның ішінде						
		бос уақыт және демалыс	таныстары мен туысқандарына бару	іскерлік және кәсіпқойлық мақсаттар	емделу	дін, қажылық	коммерциялық (шоп-турлар)	басқа да мақсаттар
<b>Барлығы</b>								
<b>Қарағанды облысы</b>	13 396	12 139	745	147	191	-	174	-
Қарағанды	11 475	10 576	538	122	107	-	132	-
Балқаш	214	82	70	25	-	-	37	-
Жезқазған	207	135	72	-	-	-	-	-
Теміртау	969	955	-	-	14	-	-	-
Шахтинск	390	250	65	-	70	-	5	-
Абай ауданы	29	29	-	-	-	-	-	-

Қарқаралы ауданы	112	112	-	-	-	-	-	-
Е с к е р т у – ҚР-ның Статистика агенттігінен алынған деректер, 2012								

Яғни, кестеден көріп отырғандай, облыс бойынша сапар мақсаты бос уақыт пен демалыс болып отыр. Ал, дін, қажылық мақсатпен туристер тіркелмеген. 2012 жылдың қаңтар-маусым айларындағы дерекке сәйкес 13396 туристке қызмет көрсетілген. Олардың ішінде 11 келу туризмі, 9319 шығу туризмі және 4066 ішкі туризм бойынша қызмет көрсетілген. Бұл әлі де болса отандық туризмнің ақсап тұрғанын көрсетеді. Шет елден келген туристер саны өспей, бір қалыпты болуда.

Облысымыздағы туризмнің қазіргі халі мәз емес. Ескірген материалдық-техникалық база мен ыңғайластырылмаған көлік инфрақұрылымы халықаралық деңгейге жете қоймаған. Сол себептермен Қазақстан әзірше әлемдегі мемлекеттер арасында тартымды туристік аудандар қатарына қосылған жоқ. Бірақ қайталанбас, сұлу табиғат жағдайларына бай жеріміз дүйім дүние туристерін өзіне тартып, қомақты пайда түсіруі әбден мүмкін.

Осу қарқыны Қазақстанның дербес елдер қатарына қосылып, көк байрағымызды желбіреткеніне де бірталай уақыт болып қалды. Экономикамыздың өтпелі кезеңнен батыл қадамдармен шығып кетуінің бірден-бір амалы – туризм индустриясын құрып, дамыту қажеттігі туып отыр. Жалпы «туризм» ұғымын екі тұрғыдан, біріншіден, адамдардың дүниетанымын саяхат жасау арқылы кеңейту, екіншіден, экономиканың тиімді саласы тұрғысынан қарастыру керек. Дүние жүзі елдері тәжірибесіне жүгінсек, Малайзия 1996 жылы 8 миллион турист қабылдап, қыруар ақша пайда тапты. Азияның кішкентай Бахрейн, Кувейт секілді елдері туризмді экономиканың ажырамас бөлігі ретінде өрістету үстінде.

Қазақстанда туризм индустриясының өркендеуі шетел валютасының ағылуына, бюджеттің өсуіне, жұмыссыздықтың азаюына, жаңа жұмыс орындарының көбеюіне, халықтың өмір деңгейі мен кірістің ұлғаюына әкеліп соқпақ.

Қазақстанның табиғат ерекшеліктері кез-келген туристі бей-жай қалдырмайтынына біз кәміл сенеміз. Қазақстандық туризм болашағының әлеуеті өте зор, оған жету үшін елдің туристік ұсынысын, өнімін, бейнесін қалыптастыру керек. Себебі болашағы жарқын болу үшін, Қазақстан туристік бағыт ретінде әлемге әйгілі болуы керек. Шетел туристерін қызықтыру, оларға тиісті жағдай жасау, Қарағанды облысында басқа елдерде кездеспейтін тарихи және мәдени ескерткіштердің бар екенін көз жеткізе көрсету, барынша өтімді насихаттау. Бұл үшін тарихи және мәдени ескерткіштер санатын басқа елдер келбетіне ұқсамайтын нағыз өнер туындыларына айналдыру қажет. Өнер мен табиғат үйлесімділігін сақтау, автобандар салу, туристік бизнесті әлемдік деңгейіне жеткізу керек. Ол үшін сауатты дайындық, оңтайлы ұйымдастыру шаралар қажет.

Қазақ жамағатының, менталитетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол Батыстағы Италия, Франция, Грекия емес, Шығыстағы Үндістан, Қытай, Латын Америкасындағы Мексика емес. Олардағыдай жер бетінде тұрған тарихи және мәдени ескерткіштеріміздің саны көп те емес. Оның өзіндік себептері де бар. Біріншіден, көшпелі-отырықшылық салты қат-қабат өрілген тіршілік, екіншіден, азаттық пен тәуелсіздік үшін жүргізілген толассыз соғыстар, үшіншіден, талай ғасырлар басқа елдің шылауында болу, төртіншіден, өз жұртымыздың марғұлығы. Олай болса, жас мемлекет қолда барын, көшпелі-номадтардың тіршілік философиясынан, діни танымынан жаратылған мәдени және тарихи мұраларымызды жарқырата көрсету ісіне, оларды қалың шаңнан аршып алу міндетіне шұғыл кірісу қажет. Сонымен қатар ғасырлардан ғасырларға кетер тарихи және мәдени ескерткіштерді қазіргі ұрпақ осы бастан жасай бастуы керек. Кемеңгер Ахмет Байтұрсыновтың нақылына құлақ түрсек, "біздің заманымыз - өткен заманның баласы, келер заманның атасы".

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. А. К. Сатуов. Прорывные проекты Казахстана в сфере туризма // Экономика и жизнь, 2010, № 7
2. Б.Т. Матаева. Туризмология негіздері. – оқулық Қарағанды: ҚҚЭУ, 2009.
3. А. Т.Ниязбаева Қазақстан Республикасының туристік нарығының даму проблемалары мен оларды шешу жолдары //Альпари,2010, №3,177-180 б.
4. Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия.-Алматы: Атамұра,2006
5. Ғаламтор материалы [www.karaganda-region.kz](http://www.karaganda-region.kz)
6. Ғаламтор материалы [www.karaganda.stat.kz](http://www.karaganda.stat.kz)



## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМДІ ДАМУЫНЫҢ ПРИОРИТЕТТІ АУДАНДАРЫ

Қарағанды облысы Еуразияның жүрегінде, Қазақстанның ең орталығында орналасқан. Алайда оның елге маңызы оңтайлы жағрафиялық орналасуымен ғана емес, экономикаға, мәдениетке, ғылым мен білімнің дамуына маңызды еңгізулерімен анықталады.

Қарағанды облысы Сары-Арқа аймағының тарихи-жағрафиялық негізгі бөлігін алып жатыр. Онда шексіз дала мен ұлы таулар, өзендер мен көлдер үйлескен.

Ал керемет табиғи қорықтар мен бай жануарлар әлемі, әлемнің түкріп-түкпірінен көптеген туристерді қызықтыруда. Ол қорықтардың бірі – «Қазақстанның Швейцария» аталған, ерекше табиғи сұлулығы мен ұмытылмас пейзажымен айрықшаланатын Қарқаралы оазисі. Қарағанды облысында: ащы-тұщы Балхаш көлі, сонымен қатар қазіргі заманның дала мәдениетінің тарихи орталығы – Ұлытаудың керемет таулары орналасқан. Ұлы Жібек жолының Орталық-Азияның Ұлытауы арқылы бөлігі «Сарысулық» деп аталады. Оны сақталып қалған керуен- сарайларымен, феодалдық заматтар мен қарау башнялары дәлелдейді.

Қарағанды жерін Қаздауысты Қазыбек би, Бұқар жырау, Сана би, Таттімбет пен Мәди сияқты композиторлар, поэт Касым Аманжолов, ұшқыш Нұркен Абдирев, жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Ғабиден Мустафин, ғалымдар Қаныш Сатпаев пен Евней Букетов, бірінші қазақ-космонавт Тоқтар Аубакиров және тағы басқа ұлы ғұламалар әлемге паш етті.

Біздің өлкеміздің табиғи байлығы көп салалы экономиканы құрауға мүмкіндік берді, оның негізін көмір, қара және түсті металлургия, энергетика өндірісі, сонымен қатар әлеуметтік саланың дамуы, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет.

Саяси тұрақтылық, демократикалық өрлеу, достық қарым-қатынасқа ашықтық, тарихи және мәдени бағалықтар саласындағы байлық, архитектуралық-сәулет құрылысының дамуы біздің аймақтың туристік имиджін құрауға әсерін тигізді.

Біздің аймақтың туризм саласында үлкен мүмкіндіктері бар. Шамамен 60 туристік ұйымдар, 20 демалыс және денсаулық сақтау орындары, 40 астам қонақ үй кешендері, 1400 қоғамдық тамақтандыру объектілері өзінің қызметін көрсетіп жатқанын айтса да болады.

Орталық Қазақстанда ерекше туристік ресурстар орналасқан (ландшафтар, қорықтар, спортты-аң аулаушылық шаруашылықтар, тарихи-мәдени ескерткіштер және т.б.), ал туризм және қонақ жайлылық индустриясында маманданған, жоғары кәсіби мамандар жеткіліксіз, мамандарға сұраныс жылдан-жалға өсуде.

Қарағанды облысы бойынша 2008-2009жж туризмнің жалпы дамуына көз жүгірсек, 2008 жылы туристік фирмалар 239 мың адамға қызмет көрсеткен.

2008 жылы Қарағанды облысында 77 туристік фирмалар және 111 орналастыру объектілері (мейрамханалары бар қонақ үйлер мен мотельдер, кемпингтер, демалыс аймақтары балаларды емдейтін лагерьлер) қызмет көрсеткен. Жалпы көрсеткен қызметтің көлемі 36,4% ға (қазіргі бағамен) артып 3095,8 млн. теңге құрады.

Турфирмалармен 17,6 мың келушілерге қызмет көрсетілді, бұл 2007 жылға қарағанда 11% - ға кем. Бір жылда турфирмалармен 1093,9 млн. теңгеге жолдама сатылды, бұл көрсеткіш 2007 жылдың салыстырмалы бағасына қарағанда 27%-ға артық. Туристердің едәуір бөлігі Түркияға 40%-і, Германия және Ресейге кететіндердің жалпы санының 11 %-ы, БАЭ – 8 %-ы, Қытайға - 5 % құрады.

Туристік бизнестің дамуына зор әсер ететін жағдай ол келуші туристерді орналастыру инфрақұрылымы. Қарағанды облысында келушілерді орналастыруда қызмет көрсететін жеке кәсіпкерлердің, 62-не 49 объектілері заңды тұлғалар қызмет көрсетеді. Олар 2611 млн. теңгеге қызмет көрсетті. Орналастыру объектілерінде 2903 бөлмелер бар, оларда 221,4 мың адам орналасқан (2007 жылдан 12,2 %- ға артық). Бөлмелердің бір уақытта сыйымдылығы 8305 төсек- орынды құрады

2007 жылдың қорытындысымен салыстырғанда 2008 жылы облыста келермендерге көрсетілген қызмет 10,1%-ға артты.

Туризмнің түрлері бойынша туристік индустрияның әр түрлі бағытта дамығаны байқалады. Келушілердің көбісі ішкі туризмге (84,2%-ды) келеді, ол өткен жылмен

салыстырғанда 11,7%-ға көп және 201,2 мың адамды құрады. Кіру туризм 4,7%-ға артып және 23,8 мың адамды құрады (келушілердің жалпы санының 10%) кеткен туристердің саны 2007 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,1 %-ға азайып, 13,9%-ға мың адамды құрады (5,8%).

2009 жылғы қаңтар-маусымда Қарағанды облысында туристік фирмалар 113 мың адамға қызмет көрсетті.

2009 жылғы бірінші жартыжылдықта Қарағанды облысында 78 туристік фирма және 116 орналастыру объектілері (мейрамханалары бар қонақ үйлер мен мотельдер, кемпингтер, демалыс аймақтары, балаларды емдейтін лагерьлер) қызмет көрсетті. Жалпы көрсеткен қызметтің көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 237,6 млн. теңгеге азайып және 928,3 млн. теңгені құрады.

Турфирмалармен 5,7 мың келермендерге қызмет көрсетілді, бұл 2008 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 22,5%-ға кем. Туристік фирмалардың едәуір бөлігі облыс орталығында (63 бірлік), Теміртауда – 10, Жезқазғанда – 4, Балқашта - 1 орналасқан.

Бірінші жартыжылдықта турфирмалар 267,8 млн. теңгеге жолдама сатты, бұл көрсеткіш өткен жылдың салыстырмалы бағасына қарағанда 33%-ға кем. Туристердің едәуір бөлігі Түркияға 43%-і, Германияға 14 %-ы, БАЭ-ға – 11 %-ы, Қытайға - 6%-ы.

Қарағанды облысында келушілерді орналастыруда қызмет көрсететін объектілердің 55-не жеке кәсіпкерлер, 61-не заңды тұлғалар қызмет көрсетті. Олар 876 млн. теңгеге қызмет көрсетті. Орналастыру объектілерінде 3029 бөлме бар, оларда 107 мың адам орналасқан (2008 жылдың сәйкес кезеңінен 12,5%-ға артық). Бөлмелердің біржолғы сыйымдылығы 8814 төсек-орынды құрайды.

2009 жылдың бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда тұтас облыста қызмет көрсетілген келермендер саны 10%-ға артты.

Туризмнің түрлері бойынша туристік индустрияның әр түрлі бағыттағы даму қарқыны байқалады. Келушілердің көбі ішкі туризмге (88%-ды) келеді, ол өткен жылмен салыстырғанда 15%-ға кеміді және 99,1 мың адамды құрады. Ішкі туризм 15,6%-ға азайды және 8,9 мың адамды құрады (келермендердің жалпы санының 8%-ы), кеткен туристердің саны 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,6%-ға қысқарып, 4,6 мың адамды құрады (4%). Бұл көрсеткішке біріншіден әлемдік экономикалық дағдарыс әсер етсе, екінші жағынан Қарағанды облысы бойынша туристік инфрақұрылымның толық деңгейде дамымағаны себеп болып табылады.

Қарағанды облысында туризм саласын дамыту үшін, келесідей іс-шараларды қолға алу керек:

- кәсіби білікті мамандарды даярлау;
- туризм саласында қызмет көрсету кәсіпорындарының әрекетін жетілдіру;
- Қарағанды облысының Ұлытау, Қарқаралы және Балқаш сияқты әсем жерлерінде ішкі туризмді дамыту;
- қалааралық қатынау жолдары бойында қазіргі заманға сай орналастыру кешендерімен қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілген және басқа да шараларды іске асырсақ, Қарағанды облысы әлемге тек шикізат өндірісі ғана емес, туристік қызмет көрсету саласы ретінде де танылатын болады.

**Шумейко О.В.**, группа Тур-43 КЭУК  
Научный руководитель: магистр, Флек А.А.

## **СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ТУРИСТСКОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ В КАЗАХСТАНЕ**

Осуществляемое в республике Казахстан реформирование социально-экономической жизни еще не затронуло в полной мере туризм и его инфраструктуру. Из-за слабой материальной базы туризма Казахстан теряет ежегодно миллионы долларов, что вызывает необходимость привлечения капитальных вложений в туристскую сферу, а также средства отечественных и иностранных инвесторов [1].

Одной из причин неразвитости инфраструктуры индустрии туризма в Казахстане является то, что на государственном уровне ею не занимались целенаправленно как отраслью экономики. Не уделялось внимание комплексному прогнозированию, долгосрочному планированию, территориальной организации туризма и негосударственным туристским структурам. Фактором, тормозящим развитие отрасли, является также непризнание туристской деятельности приоритетом со стороны местных органов управления, несмотря на то, что большая часть доходов от туризма поступает в местный бюджет. Определенные перспективы Казахстан имеет в сегменте бизнес-туризма. Это, прежде всего города Алматы, Астана, Атырау. Инфраструктура вышеуказанных центров в основном соответствует международным стандартам. Город Алматы является стратегическими (воздушными, автомобильными, железнодорожными) воротами для республики и основная миграция происходит именно через этот город [2]. Город Астана становится такой же стратегической зоной. Всевозрастающий интерес к городу, как к молодой столице нашего государства, имеющей современный облик и инфраструктуру, послужит стремительному развитию в городе международного и внутреннего туризма.

Немаловажную роль играют туристские фирмы, которые на данном этапе развития нашего государства в основном занимаются выездным туризмом, а это, в первую очередь, приводит к оттоку капитала из Казахстана. Наиболее развитой является сеть туристских фирм в Алматинском, Восточно-Казахстанской, Карагандинской, Павлодарской, Южно-Казахстанской областях, а также в городах Алматы и Астане [3]. Туристскими организациями этих областей и городов обслуживается до 88 процентов туристов и экскурсантов ежегодно (рис.1).

Если проанализировать рисунок 1, то можно сделать вывод, что с каждым годом число турфирм возрастает на 10%, что говорит о повышении уровня значимости туристских фирм [1]. По мере возрастания турфирм растет и потребность в инфраструктуре транспорта, так как важнейшей составляющей турпродукта является транспорт.




Рисунок 1. Динамика роста числа турфирм в Казахстане за 2003-2011 гг.

Для развития инфраструктуры туризма страны, способной обеспечить устойчивый приток туристов с учетом специфики национального туристского продукта, необходимо:

- развитие транспортно-дорожной инфраструктуры для общего пользования и для удовлетворения туристских потребностей;
- развитие сопутствующей инфраструктуры: водо-, электроснабжения, канализации и системы удаления твердых отходов, телекоммуникаций в имеющихся и потенциальных туристских зонах;
- создание туристских комплексов, этнографических музеев и зон отдыха; реставрация и музеефикация историко-культурных и этнографических памятников;
- разработка проектов и строительство туристских объектов, в том числе средних и малых средств размещения, с учетом обеспечения круглогодичного использования.

Сегодня мы обязаны построить всю необходимую инфраструктуру современной туристской индустрии. Если мы хотим, чтобы к нам приезжали туристы, мы должны срочно пересмотреть многие подходы в этом направлении: от стоимости и сроков оформления виз до строительства крупных туристских центров отдыха и развлечений. В развитии туризма должны

быть заинтересованы многие государственные ведомства и областные исполнительные органы, так как туризм охватывает огромный спектр сферы услуг и производства в различных отраслях. Очень многое зависит от инициативы местных властей, от их понимания того, что туризм может стать источником процветания края. Кроме того, для создания мощных туристских центров необходимы капитальные вложения, как со стороны государства, так и отечественных и зарубежных инвесторов. Поэтому мы должны создать необходимые условия для скорейшего появления развитого туристского комплекса, отвечающего всем мировым стандартам и требованиям.

#### **Список литературы:**

1. Инфраструктура малого бизнеса / С.А. Туржанов. - Алматы, 2005. - 256 с.
2. Устенова О.Ж. Основы организации туристской и гостиничной деятельности. – А.Экономика, 2009. – 256с.
3. Сборник Агентства по статистике РК «Туризм 2007-2011», 2012.

**Жүнісова Г.,** Тур-33к ҚҚЭУ

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Аешова Н.Т.

### **EXPO - 2017 ЖӘРМЕҢКЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМГЕ БЕРЕТІН ОҢ ӘСЕРЛЕРІ**

Экспо техникалық және технологиялық жетістіктерді әйгілейтін халықаралық көрме. Ол ең алғаш рет 1851 жылы Лондонда Гайд-паркте Альберт ханзаданың бастауымен өткізілді. Бұл көрме Джозеф Пакстонның Хрусталь сарайымен танымал болды. Осы өткізген уақыттан бастап есептегенде 2011 жылы 160 жыл толады екен. Лондон көрмесінен кейін EXPO үздіксіз дәстүрлі түрде жүргізіліп келеді және оны өткізуге Қазақстан да өз ниетін білдірген болатын. Бұл оқиға 2017 жылға жоспарлануда, алайда, ол үшін Халықаралық шешім мен қолдау керек, оның шешімі 2012 жылдың желтоқсан айында жарияланады. Қазақстан (Астана) көрмесі Бельгияның (Льеж) көрмесімен бақталастырып отыр.

Әрине, осындай үлкен мерзім ішіндегі мұндай көрмелердің мазмұны мен сипаты едәуір өзгерген болар, бірақ оларға деген ерекше ілтипат пен абыройы сол күйінде қала берді.

Оңтүстік Корея, 1993 жыл, «Дамудың жаңа жолын таңдау»: EXPO-93 бүкіләлемдік көрмесі Оңтүстік Кореяның Тэджон қаласында 1993 жылғы 7 тамыздан 7 қарашаға дейін жалғасты. Көрменің тақырыбы - дамудың жаңа жолын таңдау. EXPO-93 ашылуына EXPO Bridge көпірі салынды. Өткізілген орны үш бас облыстан тұрды – халықаралық, корпоративтік және саябақтың қызықты зонасы. Мамандандырылған көрме болғандықтан, халықаралық зонадағы павильондардың көбі дайын болып, бағдарлама уақытына түрлі халықаралық қатысушыларға жалға берілді. Жүз сегіз мемлекет Тэджонда бұрын-соңды өтпеген ірі көрмелердің бірі EXPO-93 көрмесіне қатысты. Корпоративтік зона да ерекше сиқырға ие болғандай. Корейліктер әдемі сәулет, мазмұнды көрме ұйымдастырды. Сондай-ақ, EXPO символы «Kumdori» құрметіне Kumdori Land қызықты саябақ зонасы да сән-салтанатымен қызықтырды. Көрменің орталығы - биіктігі 93 метрлік pinnacled Hanbit немесе Үлкен Жарық Мұнарасы. Жалпы EXPO-93 көрмесі үлкен технологиялық көрсетілімдер арқылы танымал болды.

Испания, 1992 жыл, «Жаңалықтар ғасыры». EXPO-1992 Испанияның Севильес қаласында 20 сәуірден 12 қазанға дейін өтті. Көрменің басты тақырыбы – «Жаңалықтар ғасыры». Оның символы – Сигто болды. Сигто - ұзын тұмсығы, түрлі-түсті айдары, пілдің аяғы бар үлкен ақ құс. Оны жасаған неміс жобалаушысы Хайнц Эделман. EXPO-1992 Христофор Колумбтың (1492-1992) Американы ашқандығына 500 жыл толуына орай ұйымдастырылды. Көрмені өткізуге Чикаго қаласы да қатыспақ болды, дегенмен қаржыландырудың жеткіліксіз болғандығынан аталмыш қала қатыспады. 215 га аумақта 100-ден астам ел қатысты. Халықаралық көрме бюросының мәліметтері бойынша, келушілердің саны 41 814 571 адамды құрады.

Австралия, 1988 жыл, «Техника ғасырындағы бос уақыт»: Жасыл құрлықта өткен бүкіләлемдік алғашқы көрме Австралиядағы Брисбен қаласында 1985 жылғы 30 сәуір-30 қазан аралығында ұйымдастырылды. Көрме тақырыбы - «Техника ғасырындағы бос уақыт». 1988

жылғы көрме символы ЕХРО Оз аталатын австралиялық platypus. Оны әзірлеген Диснейдің Imagineering бөлімшесі. ЕХРО-1988 көрмесін 30 сәуір күні Австралия Корольдігінде Элизабет II ашты. Жәрмеңке 18 млн астам келушіні тартты. ЕХРО-1988 көрмесі Квинсленд қаласын Австралияның дамыған қаласына айналдырды. Көптеген мүсіндер мен ғимараттар бүгінгі күнге дейін сақталды. ЕХРО-88 52 үкіметтен 100-гу жуық павильонды тартты. Көрмеге көптеген елдер қатысты.

Ванкувер, 1986 жыл, «Көлік және байланыс: қозғалыстағы және байланыстағы әлем»: ЕХРО-1986 - Ванкувер қаласының жүз жылдығына орай 1986 жылғы 2 мамыр мен 13 қазан аралығында өткізілген II санатты дүниежүзілік көрме. ЕХРО-86 ресми символы Эрни болды. Ол адамға ұқсас робот. Он жылдар өтсе де, ол Ванкувердегі танымал символдардың бірі болып табылады. Көрменің тақырыбы: «Көлік және байланыс: қозғалыстағы және байланыстағы әлем». Қатысаушы елдер саны жүзе жуық, ал келушілер қатары 6,5 млн адамды құрады. 86 жылғы Экспоны 1986 жылғы 2 мамырда ханзада Чарльз Уэльский, ханшайым Диана Уэльская және премьер-министр Брайан Малрони ашты.

Жапония, 1985 жыл, «Адам тұрмысын жақсарту үшін ғылым мен технологияларды дамыту»: ЕХРО -1985 Бүкіләлемдік көрмесі 1985 жылғы 17 наурыздан 16 қыркүйекке дейін жапондық Цукуба қаласында өтті. Көрменің тақырыбы - «Адам тұрмысын жақсарту үшін ғылым мен технологияларды дамыту». ЕХРО-1985 ресми символы - Cosmo Hoshimaru. Көрме техникалық «Диснейлендке» ұқсады. Көрмеде роботтар басым болды. Экспозиция 3500 шаршы метр аумақты алды. Көрмеге жалпы 20 млн адам келді және 111 мемлекет қатысты. Дүниежүзілік ЕХРО көрмесі техникалық және технологиялық жетістіктерді көрсетуге арналған ашық халықаралық алаң болып табылады.

Қазір дүние жүзінде энергияның тапшылығы айрықша сезілуде. Электр қуаты шикізатының азайып бара жатқандығы әлем халқын кәдімгідей алаңдатып отыр. Адамзат бұл тығырықтан шығудың жолын іздестіре бастағанына да біраз жылдың жүзі болды. Барлық саналы тіршілік иесін алаңдатып отырған осы бір жаһандық зор проблеманы шешуде Қазақстанның үні де айрықша шығуда.

Ғалымдардың дерегі бойынша, табиғат қазыналары таусылып барады. Енді 35 жылдан кейін жер қойнауындағы мұнай қоры толық түгесіледі деген болжам бар. Бұл ғаламшар тұрғындарын энергияның балама түрлерін табуға мәжбүр ететіндігі сөзсіз. Енді адамзат жарық күннен, өкпек желден, тасқын судан энергия қуатын өндіруге көшеді. Ендеше, «Болашақтың энергиясы» атты Қазақстанның бұл бастамасы барлық адамзат болашағына деген толғаныстан туындап отыр.

«Қазақстан өркениет қайнары бастау алған қос құрлықтың алтын көпірі, Еуразия кеңістігінің Ұлы кіндігі болып табылады. Ол өзінің ғасырлар қойнауынан сыр шерткен шерлі шежіресімен бірге ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұлы мұра – халықтық дәстүрлерге де шексіз бай. Ұшқан құстың қанаты талар Қазақ даласы қазба байлықтарымен бірге, көнеден сыр шерткен ескерткіш жәдігерлерден де кенде емес. Біздің егемен еліміз осындай мол мұраларымен өткенді болашаққа жалғаған жасампаз өлке болып табылады.

Елбасы өзінің халқына зор сенім артса, халқы Елбасының жолына өскелең үмітін үкілейді. Өзінің еліне және халқына деген осы зор сенім Елбасы үшін Қазақстанды зор жеңістер мен жетістіктерге бастауда берік тұғыр болып келеді.

ЕХРО көрмесінде әлемнің барлық мемлекеттері өздерінің технологиялық, ғылыми және мәдени жетістіктерін паш етеді. Осы көрме шеңберінде жаһандық дамудың жаңа бағыттары айқындалады. Оған барлық құрлықтардың жүздеген мемлекеттерінен миллиондаған адамдар қатысады. Үлкен бәсекемен өткен бұл байқауда Астана қаласының жеңіске жетуі тегін емес. Астана Халықаралық көрмелер бюросының 161 мүше мемлекеті өкілдерінің жасырын дауыс беруі барысында белгиялық Льеж қаласын басып озып, ЕХРО-2017 Халық аралық мамандандырылған көрмесін өткізетін қала болып таңдалды. Төрткүл дүние алдында өз мәртебесін асқақтата білген Қазақ елі үшін бұл үлкен қуаныш. Осы қуаныш барша қазақ халқына құтты болсын. Бұл, ең алдымен, әлемге танымал мықты саясаткер, Ұлт көшбасшысы – Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ерен еңбегінің жемісі мен жеңісі деп бағалауға болады.

Елордамыз Халықаралық көрмелер бюросы, Астана энергияның балама көзі және «жасыл» технологияға арналған «Болашақтың энергиясы» тақырыбын ұсынды. Меніңше,

энергияның балама көздеріне көшу – бүгінгі күннің ең өзекті тақырыбы. Себебі, әлем халқы ғаламдық экология ластануының зардабын шегіп отыр.

Сонымен ЕХРО-2017 көрмесі 4 жылдан кейін Астанамызда өтеді. Бұл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Орталық Азияда тұңғыш рет өткізілгелі тұрған бірегей шара болмақ. ЕХРО ауқымында салынатын нысандар болашақта Қазақстанды және оның астанасын ірі халықаралық, көрме және ақпараттық-таныстырылымдық алаң ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Елге шетелдік инвестициялар тартылып, бизнес-туризмнің дамуына жол ашады. Әсем Астана қарыштап өсіп, бұрынғыдан да өршіл мақсаттарды жүзеге асыруға жана серпін алады. Осы тұрғыда, Рудный индустриялық институтының ұжымы Халықаралық мамандандырылған ЕХРО-2017 көрмесінің ұйымдастырылуы мен өтуіне атсалысып, болашақтың іргесін бірге қалауға дайын.

**Идирисова А.**, группа Тур-22 КЭУК  
Научный руководитель: магистр,  
преподаватель Флек А.А.

### **СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ИННОВАЦИОННОЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В СФЕРЕ ТУРИЗМА**

Туризм - одна из важных отраслей экономики любой страны. Во многих государствах он входит в число основных источников дохода. Сфера туризма влияет на любой континент, государство или город, поскольку туризм является межотраслевой сферой экономики, которая охватывает не только средства размещения, но и транспорт, связь и многое другое. При условии успешного развития, туризм приносит определенные преимущества, с которыми связано его значение для экономик разных стран и для нашей республики в частности [1].

Инновации в туризме представляют собой разносторонние нововведения, состоящие в целенаправленных изменениях, производимых на разных уровнях индустрии туризма. К инновациям в туризме можно отнести правовое обеспечение туристских проектов, создание новых видов туристской деятельности, создание кардинально новых туристских продуктов, гостиничных услуг и товаров для путешествий, информационно-рекламное обеспечение туристского спроса, включающее в себя современные технологии. Основные усилия по развитию инноваций в туризме направлены на повышение конкурентоспособности предприятий, а также на значительное улучшение туристского сервиса [2].

Инновации в туризме следует рассматривать как системные мероприятия, имеющие качественную новизну и приводящие к позитивным сдвигам, обеспечивающим устойчивое функционирование и развитие отрасли в регионе. Так, идея создания и реализация туристских проектов, даже не приносящих вначале существенной прибыли, может дать толчок развитию туризма и тем самым активно способствовать созданию дополнительных рабочих мест и росту доходов населения.

На практику нового туризма влияют такие факторы, как демографические изменения (старение населения), стиль жизни, характер работы, частота и продолжительность отпусков. Люди стремятся к новым и нестандартным путешествиям. Их растущая осведомленность, новые потребности стимулируют туристский бизнес, побуждают к инновациям и нововведениям. Большинство инновационных туристских продуктов имеют свои ниши на рыночном пространстве (например, экологический, приключенческий, экстремальный туризм). Устойчиво популярен и культурно-познавательный туризм, в котором появились инновационные продукты [3].

Использование новой техники и технологий. Все ведущие туристские фирмы мира успешно пользуются компьютерной техникой и специализированными компьютерными технологиями для делопроизводства, ведения бухгалтерского учета и технологических операций с клиентами и партнерами. Например, специализированный программный комплекс Voyage Office Pro позволяет резко сократить время выполнения операций, а также производственную себестоимость туристского продукта. Эта программа позволяет работать в следующих режимах:

- работа с клиентом при подборе тура и пакета услуг, калькулирование индивидуального тура, бронирование услуг, заключение и ведение договоров и других документов, учет оплаты услуг;

- работа с партнерами по закупке услуг (гостиниц, транспортных услуг и др.), формирование прайс-листов фирмы на основании условий контракта с исполнителями услуг, по продаже пакета услуг фирмам-агентам, подготовке стандартных и индивидуальных пакетов услуг, а также по контролю поступлений заявок и оплаты от агентов и др.;

- формирование баз данных, используемых для учета, анализа, расчетов, составления документов и др.;

- калькуляция туров с учетом всех особенностей их реализации;

- получение данных анализа о результатах работы фирмы (заполняемость, прибыльность рейсов, эффективность работы фирмы по направлениям и др.) [4].

Внедрение новых туристских услуг не просто желательно, но и необходимо как условие выживания в конкурентной борьбе между туристскими фирмами.

Использование новых туристских ресурсов. К туристским ресурсам относятся природно-климатические условия, исторические, социально-культурные и другие объекты (парки, заповедники, архитектурные сооружения, памятники истории и культуры). Возрастающим спросом пользуются религиозные памятники: соборы, мечети, культовые музеи и духовные центры. Спрос на эти ресурсы способствует развитию в России религиозного туризма. Возникают туристские фирмы по организации религиозных и паломнических туров, а также паломнические службы при монастырях, церквях и других религиозных организациях.

Вовлечению новых туристских ресурсов также способствует расширение географии туристских маршрутов с традиционными услугами. Часто туристам показывают различные объекты, первоначально созданные для других целей, но которые стали достопримечательностью для данного района, что также приносит немалый доход [5].

Эффективное решение существующих проблем позволит создать новую модель роста туризма, в центре которой будет совершенствование материально-технической базы и внедрения в сферу туризма новой техники и технологий, обеспечивая тем самым эффективную рекламу турпродукта, транспортную доступность туристических центров и создание высококвалифицированного персонала, способного предложить качественное обслуживание туриста.

Будущее казахстанского туризма за его комплексностью, гибкостью, разнообразием, индивидуальным подходом к потребителю туристических услуг и, естественно постоянным внедрением новых форм и методов работы.

#### **Список литературы:**

1. Каурова А.Д. Организация сферы туризма: учебное пособие, 2010.
2. Флек А.А., Анализ современного состояния и проблемы инновационного развития внутреннего туризма Казахстана, Международная научно-практическая конференция: Инновационное развитие современного Казахстана: экономика, управление, право, КЭУК, 2010.
3. Чудновский А.Д. Управление индустрией туризма. – М.: Кнорус, 2009.
4. Иванова Н.И. Национальные инновационные системы/Н.И. Иванова. -М.: Наука, 2009.
5. Международный туризм: Правовые акты / Сост. Н.И. Волошин. - М.: Финансы и статистика, 2000.

**Леткеман Е.А., Форбергер А.Ф.,**  
группа Тур-13 КЭУК  
Научный руководитель: Магистр,  
преподаватель Жунысова А.Г.

#### **ВЛИЯНИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО ТУРИЗМА НА РАЗВИТИЕ РК**

Казахстан с его обширной и разнообразной территорией, богатейшим природным и историческим наследием, интересной культурой и традициями является привлекательным

Современный этап обновления системы ценностей, возникновения предпосылок для свободного развития человека в условиях многополюсного мира культуры, создает специфическую ситуацию в профессиональном образовании, особенно в системе педагогического образования, требующую от каждого человека самостоятельного решения выбора цели, смысла жизни, понимания духовной жизни. Любые изменения в социуме будут осмысленными, если они строятся с основой на духовную жизнь индивида, подкрепляются адекватными изменениями в культуре, в образовании. Развитие человека и общества без формирования духовной сферы в этих условиях приводит к тому, что человек не развивается как активный творческий субъект, способный преодолеть противоречия личностного роста и выйти на новый уровень духовного развития, а превращается лишь в пользователя социальных возможностей и социальных ресурсов.

Актуальность развития духовности личности будущего учителя начальных классов определяется тем фактом, что в последние годы серьезное внимание обращается на необходимость распространения в обществе идеалов мира и согласия, уважения прав человека и основных свобод, человеческой солидарности, достоинства и приверженности целям полноценного развития человека. Учителю, работающему в начальном звене, общество доверяет формирование духовных начал у ребенка, обладающего особенным мировосприятием и широтой души.

Традиционная ситуация для российского мировосприятия – это множественность культур, религий и толерантное отношение между разными народами совместно проживающими на одной территории и в одних условиях. Общность быта, праздников, образовательных и культурных начал позволяют не только сохранить самобытное, но и приумножить, развивая уникальное каждому народу. Дети, воспринимая разнообразный материал, имеют возможность удивляться, постигать новое и ценности тех кто проживает рядом с ними, создает социальные основы, утверждает традиции и др.

Именно поэтому к ключевым компетенциям современного педагогического образования необходимо отнести не просто воспитание толерантности у учителя. Главным в современном мире выступает осознанное принятие разных культур, и на основе духовности развитие собственной культуры. Современный учитель начальных классов – это прежде всего личность с глубокими мировоззренческими позициями. Это зрелый и духовно богатый человек.

Рассматриваемая проблема развития духовности в системе профессионального образования личности особенно важна сегодня, когда осуществляется поворот научных и практических исследований к личности как самоценности всего общественного развития. Формируя у будущих учителей начальных классов духовный базис, необходимо руководствоваться тем, что это неминуемо связано с будущими социальными представлениями и возможностью выразить себя многим членам социума в значительной по объему перспективе. Опираясь на то, что студенчество выступает как особый класс интеллигентной части социума и несет собой светскую форму духовности, в профессиональном педагогическом образовании можно руководствоваться нормами общечеловеческой морали и нравственности. Невозможность полного исчерпания темы создает предпосылки к креативному насыщению духовно созидательного становления молодого специалиста. На каждом этапе развития социума, можно ожидать внимательного отношения к проблеме формирования духовности именно у учителя, как основного агента социализации людей в социуме. Для реализации духовного потенциала личности необходим социум, группа, другой человек. Такой диалог, сквозная интерпретация смыслов может обогатить человека в его духовном самосовершенствовании. Проблемы самореализации, духовного самоопределения и творческой активности тесно взаимосвязаны и находят различные варианты реализации в педагогической практике. Однако необходимо признать, что полного адекватного решения проблемы духовности на уровне обобщенной теории еще не найдено. Между тем, без такого научного обобщения процесса духовного развития личности психологическая, психолого-педагогическая

науки и особенно образовательная практика теряют знания о том, как изучать этот социально и лично значимый процесс и как управлять им. Возникает актуальная необходимость глубже исследовать процесс развития духовности в педагогическом вузе, чтобы иметь возможность вести целенаправленную подготовку студента к педагогической практике работы с детьми в начальном звене.

Таким образом, формирование духовности личности студента как будущего специалиста происходит в контексте его профессионального становления в нравственной, познавательной, эстетической сферах в форме процесса восхождения к вершинам мастерства. Этот акмеологический процесс стремления к высшему личностному и профессиональному совершенству обеспечивает высокий уровень достижений в личностном росте, профессиональном и духовном развитии и требует вдумчивой и кропотливой работы педагогов высшей школы, самих студентов и общества, субъектами которого они являются.

**Раду Г.В.**, студент 2 курса факультета педагогики и психологии СФ БашГУ, Республика Башкортостан, г.Стерлитамак  
Научный руководитель: Газизова Р.Р.

## **ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА ОТНОШЕНИЙ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ**

Современное состояние общества характеризуется глобализацией мировой экономики, взаимопроникновением различных культур, и усилением мобильности населения. При этом современная сфера межличностных отношений все чаще характеризуется ростом эгоизма, индивидуализма, равнодушия, потери ответственности и духовности, отсутствием терпимости к другому. В обществе начинают утрачиваться традиции взаимопомощи, подрывается авторитет морали и нравственности, исчезает уважение к старшим, оказывается в дефиците порядочность, сострадание, доброжелательность, все заметнее укореняется равнодушие, прохладное отношение к выполнению общественного долга, безразличие к судьбе окружающих. В этих условиях становится все более очевидной необходимость целенаправленного развития психологической культуры людей как можно раньше, еще в школьные годы. Однако такая работа в современных школах чаще всего не проводится. Отмечая данный факт, И.В. Дубровина пишет: «Здесь мы встречаемся с явным противоречием: образование ставит задачу полноценного развития ребенка, но при этом весьма существенно ограничивает возможность позитивного решения этой задачи, так как не предусматривает представления ребенку знаний о самом себе как представителе рода человеческого, обладающем всеми данными для развития, несущем в себе потенциал творчества и отвечающем за реализацию этого потенциала наряду со взрослыми, которые помогают ему войти в культуру современного общества. Современное образование не приобщает ребенка к психологической культуре человеческих отношений» [2, с.45].

В последние десятилетия психологическая культура личности привлекает внимание многих исследователей: И.В. Дубровина, И.А. Зимняя, Л.С. Колмогорова, О.И. Мотков, В.В. Семикин и др.

Как отмечает И.А. Зимняя, «общая культура определяется сформированностью, устойчивостью основных планов отношения к миру, к себе и характером их выраженности в поведении. Она предполагает внутреннюю культуру (такт, достоинство, уважение другого, ответственность, саморегулируемость) [3, с.18]. Как отмечает И.А. Зимняя, эта «внутренняя культура» есть не что иное, как «психологическая культура», т.е. определенное качество внутренней психической жизни человека как субъекта, личности и индивидуальности.

По мнению И.В. Дубровиной [6] психологическая культура складывается из двух компонентов: психологических знаний и общей культуры человека. Зрелую психологическую культуру она рассматривает как развитый механизм личностной саморегуляции, которая обеспечивает и эффективное, и безопасное, и гуманное взаимодействие с людьми, способность противостоять внешнему давлению, способность подавить отрицательные эмоциональные воздействия и сильные переживания, способность не допускать срывов деятельности при значительных психических и физических нагрузках, самоконтроль, выдержка, настойчивость в



утверждении нравственных ценностей и отстаивании нравственных принципов.

Л.С. Колмогорова вводит понятие общей психологической культуры и дает ему следующее определение: «Это составная часть базовой культуры личности как системной характеристики человека, позволяющая ему эффективно самоопределяться и самореализовываться в жизни, способствующая успешной социальной адаптации, саморазвитию и удовлетворенности жизнью» [4, с.48].

В.В. Семикин зрелую психологическую культуру определяют как «развитый механизм личностной саморегуляции, которая обеспечивает и эффективное, и безопасное, и гуманное взаимодействие с людьми» [7, с.62].

Психологическая культура проявляется в самоорганизации и саморегуляции любой жизнедеятельности человека, различных видов его базовых стремлений и тенденций, отношений личности к себе, к близким и дальним людям, к живой и неживой природе, миру в целом. С ее помощью человек более гармонично учитывает как внутренние требования психики, тела, так и внешние требования жизни.

Таким образом, в условиях образования работу по формированию психологической культуры, повышению психологической грамотности, профессиональной этики и компетентности следует считать важнейшей задачей образовательных учреждений. При этом важнейшим условием формирования и развития психологической культуры является благоприятная атмосфера культуры человеческих отношений, характеризующегося осознанием ценности личности и межличностных взаимоотношений, готовностью взаимодействовать и регулировать свое поведение на основе нравственных норм, общественных ценностей и правил общения.

#### Список литературы:

1. Газизова, Р. Р. Культура отношений людей друг другу в обществе [Текст] / Р. Р. Газизова // Актуальные проблемы социально-экономического развития и социального управления в современной России. – Сборник материалов II Всероссийской научно-практической конференции. – Республика Башкортостан, г. Стерлитамак. – 30-31 мая 2012. – С. 44-49.
2. Дубровина, И. В. О воспитании психологической культуры школьников [Текст] / И. В. Дубровина // Вестник практической психологии образования. – М., 2006. – С. 43-47.
3. Зимняя, И. А. Общая культура человека в системе требований государственного образовательного стандарта [Текст] – М. – 1999.
4. Колмогорова, Л. С. Особенности становления психологической культуры младших школьников [Текст] / Л. С. Колмогорова, О. Г. Холодкова // Вопросы психологии. – 2001. – № 1. – С. 47-56.
5. Мотков, О. И. Психология самосознания личности [Текст]: практическое пособие / О.И. Мотков. – М., 1993. – 145 с.
6. Практическая психология образования [Текст] / Под ред. И.В. Дубровиной. – М., 1997.
7. Семикин, В. В. Психологическая культура в образовании человека [Электронный ресурс]: монография / В.В. Семикин. – Режим доступа: [http://pokrov-forum.ru/science/prav\\_psycholog/simikin/index.php](http://pokrov-forum.ru/science/prav_psycholog/simikin/index.php) (26 марта 2012г.)

Сарсенбаева А., Ю-21 тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жекетші: Манасова М.М.

#### ШӘКӘРІМДЕГІ «ИМАН» МӘСЕЛЕСІ

Ислам діні VII-VIII ғасырда кең қанат жайып, әлемнің түкпір-түкпіріне тарала бастады. Кезек түпкі даласына жеткен кезде, сол кезде Көк Тәңіріне табынған түркі халықтары жалғыз Құдайға табынуға шақыратын. Ислам діні түркі халықтарының бірқұдайлық сеніміне жақын болғандықтан, Исламды қабылдады. Содан бері қазақ халқы осы діннен ажыраған емес. Бастан талай нәубет, қиындық өтсе де, мұсылмандығын жоғалтпаған.

Дін философиясына тоқталатын болсақ, дін негізі сенімнен тұрады. Сенім иман арқылы жүзеге аспақ. Біздің мақсатымыз «иман» сипатын ашу. «Иман» сөзінің шарифаттағы мағынасы -

Хазіреті Пайғамбарға (с.а.у.) Алла тағаладан жеткен нақты үкімдерді растап, еш күмәнсіз қабыл ету, әрі бұлардың хақтығына шын көңілмен сену болып табылады. Иман етудің негізгі қағидасы жүреппен бекітіп, тілмен айту.

Яғни кімде-кім мұсылман боламын десе, ол адамда иман болуы шарт. Ол мұсылмандықтың бірінші шарты. Имансыз жасалған құлшылық амалдардың еш пайдасы болмайды. Сондықтан да қай заманда болмасын «Иман» тақырыбы кең көлемде зерттеуді қажет ететін күрделі мәселе. Құран мен хадисті негізге ала отырып, талай ғұламалар иман жайлы өз көзқарастарын білдірген.

Қазақ даласынан шыққан әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Ахмет Иүгінеки сынды ғұламалар да бұл тақырыпты айналып өтпеген, қайта негізгі жазған шығармалары да иман жайында болған. Ал кейінгі, XIX-XX ғасырдағы қазақ ақындары ішінде иман тақырыбына терең бойлап, көрнекті ойлар айтқандар Абай мен Шәкәрім болды.

Шәкәрімнің иман жайлы айтқандарын зер сала оқысақ, ол тақлиди емес, яқини иман іздегенін анық көруге болады. «Мұтылғанның өмірі» атты поэмасында:

«Қырықтан аса бергенде,  
Ақылы қылды шерменде»  
«Дінім қалай, жаным не,  
Жоғалам ба өлгенде?  
Әлемді кім жаратқан,  
Осынша түрлеп, таратқан?...  
Ақырет деген немене,  
Шыққан жан қайта келе ме,  
Кіре ме осы денеге,  
Дәлелі қайсы сенгенде?»[1,б.59].

Шәкәрімнің бұл өлеңінде фәни өмірдің мәңгі емес жалған екендігі баяндалып отыр. Тағдырымыз әуел бастан анамыздың құрсағында жатқанымызда жазылып қойған. Бізге өмірді, дінді, тілді берген Алла тағала. Бұл өмірге Алла тағала сынау үшін жібереді. Жиналған мал мүлік барлығы артта қалады, өзімізбен бірге о дүниеге тек қана ақ матаны орап кетеміз. Осы дүниедегі іс-әрекетіміз арқылы екінші дүниедегі тағдырымыз жазылады. Ислам діні бойынша Алла тағаланың алдына келгенде бізден бірінші бес парызды сұрайды, сондықтан әр мұсылман бес парызын орындау шарт. Алла тағалаға сену арқылы ғамалдарымызды тек ізгілікке бағыттау керектігін баяндайды .

Ойшыл ақиқат жайындағы сұрақтарды ойлап, толғанып, жауабын табуға тырысады. Және оның тапқан жауабы: «Ақиқат-ақылға сиярлық болуы шарт». Шәкәрім Жаратушы Иесін ақылмен танып-білгісі келді. Себебі «Ақылмен нанбай иман жоқ» деп есептейді. Кім қанша насихат айтса да, ақылмен мойындамайынша, оны ақиқат деп қабылдай алмады. Ақиқат дінді таппақ ниетпен Меккеге барып, кітаптар ақтарады. Стамбул, Париж қалаларында да болады.

«Осы оймен Мекке барғамын,  
Әр түрлі кітап алғанмын.  
Ақылға сыймас жалғанын,  
Алмадым сынап келгенде,  
Ноқтасыз оймен тексердім,  
Бояулы діннен сескендім.  
Дін шатағын көп көрдім,  
Қатесін сынап тергенде»[ 2,б.59]

Ұзақ сапар шегіп,талай жерді аралап, талай кітапты ақтарған мол ізденістен кейін Шәкәрім ақиқат дінді табады.

Іздедім, таптым анығын,  
Тастадым ескі танығын.  
Хақиқат нұрдың жарығын  
Жарылды жүрек көргенде,-

деп ақыры ақиқатқа көз жеткізгенін және өзі айтқандай «ноқтасыз ой, сау ақылмен» көз жеткізген ақиқатты тапқанына бақытты екенін айтады. Ол тапқан ақиқат діні - әрине, Ислам.

Шәкәрім енді шын мұсылман болу, шынайы иман, оған жету жайын қозғайды.

Құранда Алла тағала қайырлы істермен және терең танымымен өзіне ұмтылған құлдарын дос-уәли дәрежесіне көтереді. «Аулия Аллаһи»-Алланың достары тіркесі жиі кездеседі.

Адасқан аудармашылар әлі күнге дейін «сұлу қыз,көрікті әйел», - деп тәржімелеп келеді» [3, б. 58].

Шәкәрімнің шығармаларынан оның ақиқат дінді Ислам деп танығандығын, иманды шын бақытқа балағандығын көреміз. Ол бар өмірін хақ тағалаға, өзі айтқандай, Жарға жету үшін, сол Жардың нұрына шомылу үшін сарп етті. Жар нұрына шомылу дегеніміз өз бойымыздан махаббат, әділет, сезім деген қасиеттерді оятып, одан әрі дамыту. Сонда ғана адам атына сай бола аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. Құраст.Т:Шаңбай-Семей Новосибирск:талер-Пресс,2006-440б.
2. Шәкәрім.Иманым.Алматы:Арыс,2000.-321б.
3. Шәкәрім.Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхаммедов, С.Дәуітов-Алматы:Жазушы,1998-560б.

**Сегизбаева Ф.,** МЭ-22к тобы ҚҚЭУ  
Ғылыми жекетші:Манасова М.М.

### **ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ШЫҢЫ –«ҮШ АНЫҚ»**

Қазақ халқында белгілі философиялық дәстүр қалыптасқан тарихи данышпандыққа баулу мектебі болмаған. Ең алғаш осындай мектептің есігін ашып, арнаулы дүниетанымдық еңбек қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Ойшылдың тарихи-философиялық еңбектерінің («Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Үш анық») дүниетанымы мен негізгі әлеуметтік сарыны ағартушылық, адамгершілік идеяларымен сабақтасып жатыр. Шәкәрімнің әлем, адам, жаратылыс жайындағы философиялық ой-толғамдары оның «Үш анық» атты философиялық еңбегінде жазылған. Бұл еңбегін жазғанда, Шәкәрім, бүкіл батыс Еуропа, Шығыс елдері, ғалымдарының, философтарының еңбектерін кеңінен зерттейді, түрлі ойлар қозғайды, басқаның жетегінде де кетпейді, өздігінен сүрлеу іздейді. Осы ізденістердің арқасында келдім қайдан, барам қайда, не етсем пайдам деген сұрақтарды зерттеп, оған жауап іздеуге тырысты. Осы үш сұрақ төңірегінде әр қазақ баласы ойланар болса, өзіне өмірлік сұрақ етіп алса нұр үстінен нұр болар еді.

Ойшылдың ойынша барлық табиғат құбылыстары, дүниенің даму заңдылықтары, белгілі бір тәртіппен жүреді. Табиғаттың кез-келген құбылысын алып, оған көз жеткізуге болады. Әлемнің бірде-бір артық, не кем жаратылған жері жоқ. Бәрі мақсаттылықта, өз орнымен дамып жетілуде. Осы тұрғыдан алғанда әлем алып, күшті машина тәрізді. Оның әрбір бөлшегінің қызметі бар, себептілік арқылы қозғалысқа түсіп, белгілі анықталған сабақтастықта іске асып жатыр. Әр нәрсенің себебі бар, сол себептің де бір себебі бар, ең соңғы себеп түпкі бастама, ал түпкі бастама –жаратушы деп таныды ойшыл [1,б.7]. Оған дәлел ретінде мыналарды келтірді: Ғылым жолында бұл барлықтың еш нәрсесі өздігінен бар бола алмайды да, қозғала алмайды. Бұған себеп керек. Егер ол себепке де бір себеп керек болып, себептің түбі жоқ болады делінсе, ең түбі себепсіз, бар себеп болмаса болмайды. Сол себепсіз бар болу себеп жаратушы болады. Егер сол себепсіз бар болған атом, нұр сияқтылар делінсе, олар себепсіз бар болған нәрсе емес, дәлелім – оларда қозғалыс бар, қозғалуда, жүрісінің өлшеуі бар. Өлшеулі нәрсе өзі бар болған, егер қозғалыс притяжение, отрицание өзіне тарту, әрі итеру заңымен делінсе, ол қозғалысқа да себеп керек. Ол заңды салушы керек... Сондықтан олардың түп себебі себепсіз бар себеп, түп жаратушы”– деп ойын ашық білдірген[2,б.26].

Шәкәрім ұждан үш қасиеттен құралады деп есептеген. Ол – әділет, мейірім, ынсап. Шәкәрім жан туралы өзінің ізденісінің анығына көз жеткізгеннен кейін жанға екі дүниеге де керек азық ұждан деген байламға келген. Ұлы ойшыл бабамыз Тәңір алдындағы дұрыс жол ар-ұждан деп ашық айтқан. “Ұждан–совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай болса нанбай ұждан–совесть құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек”–деп ұждан жайындағы ойын Шәкәрім осылайша түйіндейді. Шәкәрімнің ар біліміне байланысты жүйелі көзқарастарының бірі “өлген жан өміріне нана алмай ұждан, жанға екі өміргеде бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір

жол, заң тазарта алмайды” –деген ойында жатыр. Шынымен де адамның жүрегін тазартуда кез-келген ғылым саласының, өнердің, заңның дәріменсіздігін ойласақ, оған қол жеткізуде Шәкәрім көрсеткен ар білімінің қаншалықты маңызды екендігін аңғарар едік. Сондықтан да ұждан Шәкәрім үшін ғылымнан да, өнерден де, білімнен де жоғары тұратын, адамшылыққа тән бірден-бір болмыстық қасиет, үшінші анық болып саналады. Ұждансыз адам басқа қасиеттердің барлығын зұлымдыққа пайдалануы мүмкін. Ұждан тек адамдарға бұл тіршілік кеңістігінде ғана қажет емес, адам ұжданға сай өмір сүру арқылы бақидың алдында да өзінің таза болмысын ақтап ала алады. Шәкәрімнің ұжданды екі дүниеге бірдей қажет азық дейтіндігі осыдан [2,б.34]. Адамшылықтың ең басты белгісі ретінде ұжданды атаған Шәкәрім ұжданға осылай баға берген. Алдыңғы жақты ойлау адамға өз жаны үшін керек. Әйтпесе дін үшін немесе өзінді әдепті көрсету үшін емес. Ұжданның мақсаты шын, жарқын болашақты қамтиды. Шәкәрімнің ар білімінің мақсаты ішкі тазалыққа жету арқылы хақтықты тануға жол ашу.

“Үш анық” оның ғұмыр бойғы ізденісінің, сау ақылының қол жеткізген дүниетанымдық жетістігі дер едім. Жоғары да біз атап көрсеткендей Шәкәрімнің өзі де жаратушы бар, өлген соң бір түрлі тіршілік бар, екі өмірдің керекті азығы ұждан, үш анық дегенім осы деп ой қорытып отыр. Ынсап, әділет, мейірімнен сияқты қасиеттер әр адам бойынан табылса біздің даналарымыз аңсағандай "бақытты қоғам" құрар едік. Сондықтан қазақ философиясын оқу, алға тарту келешек ұрпақ үшін пайдалы. "Үш анық" шығармасындағы басты мәселелер арқылы Шәкәрім алдымызға жол сілтеп отырғаны анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Т.Кішібеков «Шәкәрім философиясы» \\ Ақиқат - 1994 жылы, №7
2. «Үш анық», Шәкәрім Құдайбердіұлы, Алматы «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми әдеби орталығы 1991.

**Султанова М.Б.**, СР-21к тобы, ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: Исабекова А.С.

### **ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ДІНГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Әрбір елдің, тұтас алғанда, бүкіл әлемдік қауымдастықтың болашағы жастармен тікелей байланысты. «Жастар мен қоғам үнемі өзгеріп отыратын өзара байланыста. Бүгінгі жастар өмірлік тәжірибе жинақтай отырып ертеңгі күні белсенді жасампаз күшке айналады, сөйтіп өзінің өмірлік даналығын жаңа ұрпақтарға береді. Сондықтан да болашақтағы ересектер – бүгінгі жастар әрбір қоғамның ең бағалы құндылығы болып табылады. Әрбір өміршен дамушы қоғам үшін барлық ұрпақтардың үзілмейтін байланысы, өзара түсініктігі мен өзара әрекеттестігі ерекше маңызды. Қоғамның тұрақтылығы мен қазіргі ұрпақтардың болашақ алдындағы жауапкершілігінің кепілі де осы».

Жастар қоғамның сақталуы мен дамуы үшін, оның мәдениеті мен тарихының сабақтастығы үшін, аға ұрпақтардың өмірі мен келесі ұрпақтардың өсіп-өрбеуі үшін басқа әлеуметтік топтар алмастыра алмайтындай ерекше жауапты. Олар – экономикалық, саяси, әлеуметтік-мәдени дамудың етене субъектісі. Жастарды әлеуметтендіру мен интеграциялау тұрғысында қоғам тап болатын проблемалар жедел өзгеріп отырған әлемдегі жастардың қажетсінулері мен құлшыныстарының арасындағы, қоғамның жастарға ұсынатыны мен одан талап ететінінің арасындағы үйлеспеушіліктен пайда болады. Бұл қайшылықты шешу үшін жас ұрпақты өзін жүзеге асыруы үшін, қоғамның даму үдерісіне осы дамуға қатысу арқылы өз үлесін қосуы үшін қажетті жағдай жасау керек. Білім беру мен тәрбие арқылы қоғам жастарды әлеуметтендіріп қана қоймайды, сонымен қатар жаңа идеялар мен көзқарастарды ұстанатын жастар да өз кезегінде қоғамды өзіне бейімделуге мәжбүрлеп, қоғамды өзгертіп және дамытып отырады.

Әрбір қоғамның ілгерілеуі реформалардың жүзеге асырылу үдерісіне жастар өкілдерінің қатысу дәрежесімен анықталады. Мұның өзі, бір жағынан олардың, халықтың құрамындағы көптігімен, ал екінші жағынан, жастардың жас ерекшелігіне орай жаналыққа бейімдігімен байланысты. Олар ескіргеннің бәріне сыниқөзбен қарайды, керенаулық пен кертартпалыққа, тоқырауға төзбейді, өзгерістерге неғұрлым бейім болады.

1995 жылы әлемдегі 15-24 жас аралығындағы жастардың саны БҰҰ-ның анықтауы бойынша 1,03 млрд адам немесе ғаламшар халқының 18 пайызы деп бағаланды. Әлем жастарының көпшілігі (1995 жылы 84 пайызы) дамушы елдерде өмір сүрді. Бұл көрсеткіш болжамдар бойынша 2025 жылға қарай 89 пайызға дейін артады.

Еліміздің ата заңында ар-ождан бостандығы туралы, дінге және діни нанымға байланысты кемсітуге болмайтындығы, сондай-ақ қандай дін болмасын, азаматтардың ерекшеліктеріне қарамастан тең құқылы екендігі жазылған. Осы заңның мызғымастығын Қазақстан Президенті гарант ретінде саналады.

ҚР президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Халқы ассамблеясының XV-ші сессиясында сөйлеген сөзінде өзінің ойын былай білдірді: «Қазақстанда діндердің заннамалық теңдігі мен үнқатысуы қағидаттары мызғымайды. Сонымен қатар мемлекет жалған діни бірлестіктердің қызметіне қарсы тұратын болады. Мұнда еліміздегі барлық діни бірлестіктердің белсенді ұстанымы қажет етіледі» [1].

Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі, әрі сан-саналы. Сөзіміздің дәйекті болуы үшін соңғы кездердегі деректерге назар аудара кетсек, 1989 жылғы 1 қаңтарда 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2003 жылдың 1 қаңтарында 3206 діни бірлестіктер жұмыс істеген. Қазір діни бірлестіктер мен ұйымдардың саны 4200-ден аса.

Олардың арасында 2488 исламдық, осылардың ішінде суниттік, шииттік, сопылық, ахмадия ағымдары бар. Бұған қоса Қазақстан аумағында православиелік шіркеуге жататын 292 діни бірлестік, 7 старообрядтық шіркеу, римдік-католиктік шіркеуінің 84 бірлестігі, 1267 протестанттық бірлестік жұмыс істейді. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға төмендегілер енеді: 5 буддистік қауым, 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахай, 2 трансценденталдық медитация қауымы, ұлы ақ бауырластықтың 2 қауымы, 6 саентология шіркеуі қауымы және т.б. Ең басты алаңдатушылық тудыратын мәселе діни ұйымдардың бар қарқынымен өсуінде болып отыр [2, 56].

Миссионерлік – діни ұйымдардың ілімдерін таратуға арналған діни және саяси қызмет. Миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты, Африка және Азия халықтары арасында қарқындап, мақсатты отыр.

Миссионерлік ұйымдарға бірқатар елдердің мемлекеттік құрылымдары, қайырымдылық қорлары, үкіметтік емес ұйымдар, қаржылық топтар материалдық және моральдық тұрғыдан көмектесіп, ортақтаса жұмыс жасайды. Миссионерлер баратын ел халқының дінін, тарихын, әдет-ғұрып, ділі мен психологиясын, әсіресе жастар психологиясын көп зерртеп, біліп барады [3, 256].

Көптеген миссионерлер жергілікті халық басым елді мекендерде тұрып, сол халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтарын өз қызметін табысты атқару үшін жетерліктей деңгейде зерттеп, үйренеді. Елімізде протестанттық және неопротестанттық шіркеулердің миссионерлік қызметтері халқымыздың діни бірлігі мен ынтымақты өміріне кері әсерін тигізеді. Әсіресе жастардың санасын улап, болашаққа үмітін үзеді.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың өкілдері, яғни миссионерлер өздерінің нанымдарын таратуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Негізінен заң аясында тіркеліп, жария түрде жұмыс атқарған сияқты көрінгенмен, астарлы түрде көптеген жұмыстарды атқарады. Оған қазіргі тіл үйрету курстарының, қайырымдылық қорларының көбейіп кетуі, сол арқылы өздеріне жақтастарды тауып жатқаны куә [4, 411б].

Қазақ жастарының оқуға деген құштарлығын пайдаланып, заман талабына сай оқу орындар құрып сол арқылы өздері қалаған мамандар даярлап шығу да миссионердің батыл қолданатын тәсілі. Яғни, Қазақстан территориясында да жеке оқу орындарының қатарында осы мақсатта жұмыс істеп жатқандары баршылық.

Қорытындылай келгенде, дәстүрлі емес діни ағымдардың таралу жолдары алдымен белгілі бір тұлғаның дәстүрлі ағымдардың таралуында қолдау көрсетуі болып табылады. Яғни, олар өздерін құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғау мақсатында танымал, беделді адамдармен тығыз жұмыс атқаруға барын салады. Екіншіден, басқа мемлекеттердің мүддесі тұрғысынан әрекет жасайды. Бұл діни ұйымдардың Қазақстанда таралуына кейбір шет мемлекеттерді өздерін мойндатқан немесе идеологиясына сай келгендіктен үкіметтік деңгейде таралу қолдауына ие болады. Үшіншіден, олардың қаржылық мәселелері жөнінде болып отыр. Дәстүрлі емес діни ұйымдардың екі қыры бар: бірі – коммерциялық, екіншісі – идеологиялық.

Олар тек діни ағым ретінде ғана емес, инвестор немесе бизнес өкілі ретінде де еркін жұмыс істейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Халқы ассамблеясының XV-ші сессиясында сөйлеген сөзінен.
2. Шәпиев Б. Діни бірлестіктер іс-әрекеттерінің бағыттары. Әдістемелік құрал. - Алматы, 2009
3. Абдурахман К., Түмер Г. Діндер тарихы. - Анкара, 1997
4. Жастардың көзқарасы тұрғысынан Түркі әлемінің діни мәселелері// Форум материалдары/ - Анкара, 1998

**Сыздықова А.С.**, студентка 2 курса  
КарГУ им. Букетова,  
Научный руководитель: магистр  
филологии, ст. преподаватель КарГУ им.  
Букетова Еркін Ж.Ж.

### **ОСВЕЩЕНИЕ ВОПРОСОВ РЕЛИГИИ СРЕДСТВАМИ МАССОВОЙ ИНФОРМАЦИИ**

Сегодня средства массовой информации играют главную роль в формировании человеческого мышления, направляя его в нужное русло. Благодаря СМИ мы делаем определенные выводы, это в первую очередь относится к государственным и социальным вопросам страны. Основной и важный вопрос нынешнего столетия – это вопрос религиозных взглядов современного общества в условиях демократии. Государство и религия тесно взаимосвязаны, на сегодняшний день практически нет страны в которой, отсутствовали бы религиозные праздники, обряды и традиции. Религиозные традиции укрепляют внутреннее благосостояние человека. Для современного человека баланс внутреннего мира очень важен. А урегулировать свой внутренний мир можно с помощью веры. Что такое вера и во что, в какую силу мы верим? Этот вопрос неоднозначен, однако существует множество различных мыслей о вере, например Л. Толстой писал: «Вера есть знание смысла человеческой жизни, вследствие которого человек не уничтожает себя, а живет. Вера есть сила жизни. Если человек живет, то он во что-нибудь да верит. Если б он не верил, что для чего-нибудь надо жить, то он бы не жил». Действительно, вера – это та энергия, сила, которая позволяет нам двигаться дальше, стремиться к лучшему и дарить хорошее отношение к окружающим людям. Благодаря вере в определенную силу, силу Всевышнего современное общество осознает какие поступки можно совершать, а какие нет. Каждая эпоха диктовала свои определенные правила, правила благодаря которым сегодня в обществе сформировались мировые религии и их течения. Религия - особая форма осознания мира, обусловленная верой в сверхъестественное, включающая в себя свод моральных норм и типов поведения, обрядов, культовых действий и объединение людей в организации (церковь, религиозную общину)[1]. Вопросы религиозного характера очень щепетильны и требуют к себе максимально тонкого подхода. Согласно Закону РК «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», каждый вправе придерживаться религиозных или иных убеждений, распространять их, участвовать в деятельности религиозных объединений и заниматься миссионерской деятельностью в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Однако сегодня участились случаи, когда религиозные взгляды определенных людей, причиняют физический, моральный и материальный ущерб обществу, например, деятельность экстремистских течений. Экстремистские течения в обществе наблюдаются при разладе религиозных взглядов других людей. Как избежать столкновений религиозных взглядов, такого типа?

Как указано ранее, роль средств массовой информации при решении вопросов религии очень важна. СМИ должны создать такую основу в обществе, когда вера людей не причиняла бы вреда, а наоборот сплотила бы общество. Рассмотрим на определенных примерах, когда СМИ являются звеном между религией и обществом.

Телевидение – особый вид подачи информации, который может воздействовать на человека в принятии решений. Казахское телевидение имеет телеканалы, на которых транслируются телепередачи о религии, например, телепрограмма «Иман айнасы» на Национальном телеканале «Қазақстан». Программа посвящена теме религии и духовно-нравственному развитию в современном мире. Проект освещает основы и обычаи исламской традиции казахского народа, поднимает актуальные вопросы религиозного и светского воспитания. Участие в создании передачи принимает Духовное управление Мусульман Казахстана. Помимо телепередач, информирующих о религии на казахском телевидении, существует телеканал «Асыл Арна». С самого начала деятельности телеканала его организаторы декларировали следующие цели: информирование телезрителей об истинных канонах ислама для укрепления единства мусульман Казахстана, пропаганда национальных традиций, общечеловеческих ценностей и моральных основ, опирающихся на мусульманские принципы [2]. Передачи на данном телеканале созданы, таким образом, что мусульмане Казахстана, могут получить духовную энергию и морально обогатиться. Можно сказать, что таких примеров много, когда телепередачи религиозного характера поддерживают человека в сложной ситуации. Помимо передач о религии, можно выделить фильмы и сериалы. Не для кого не секрет, что многие мусульманские женщины являются хранительницами домашнего очага, и большое количество времени проводят в домашних хлопотах. И тут очень важна роль ее досуга, сегодня многие телеканалы транслируют фильмы Королевства Саудовской Аравии. Такие фильмы, как: «Қағба нысандары», «Меккеден Мединеге қоныс аудару», «Зубейданың булағы», которые имеют свой широкий круг поклонников. В первую очередь, фильмы демонстрируют любовь и веру мусульман, однако просмотры арабских фильмов и передач не дают необходимую пищу для размышлений об исламе в Казахстане и не способствуют привитию патриотизма. Напротив, по результатам опросов телезрителей, выявляется появление идей, выражающих «неполноценность» казахских мусульман: «Оказывается в Аравии не так... У нас почти все мусульмане мушрики-«язычники»... Вот там действительно Ислам... Там настоящие мусульмане, а мы...» и т.д. При дальнейшем анализе станет ясно, что и в других передачах, посвященном истории и развитию ислама в Казахстане, активно продвигаются арабские ценности, в ущерб традиционным [3]. Главная задача казахского телевидения, помимо подачи достоверной и доступной информации является и формирование патриотизма среди населения. Поэтому при подборе фильмов и телесериалов для трансляции на канале необходимо учитывать: религиозное направление данного фильма, его влияние на психическое состояние общества. Чтобы не спровоцировать движение экстремистских течений против народа, страны необходимо с аккуратностью подходить к подборке данных фильмов. К примеру индийский фильм «Жертва», снятый в 2009 году режиссером которого является Рензил Де Сильва, показывает действия вахабитов, так называемых религиозных фанатиков ислама. С одной стороны фильм показывает победу добра над злом, однако некоторые моменты фильма являются психологически тяжелыми для человеческого мышления. Стоит вопрос: «Стоит ли такой фильм демонстрировать населению Казахстана?», всем известны трагические случаи, когда на территории Казахстана, точнее в Атырау и Алматы наблюдались действия экстремистской группировки, причинившей непоправимый вред ни в чем неповинному населению страны. Не могли ли фильмы такого рода повлиять на людей?

Таким образом, руководство телевидения должно нести полную ответственность за материал, который выходит в эфир, иначе нельзя предсказать последствия, которые могут ожидать население. Необходимо урегулировать и время трансляции данных фильмов, так как они могут повлиять на детскую психику.

Следующий рассматриваемый вид СМИ – это радио. Радио основывается на слуховых качествах человека. Поэтому подборка информации для радиослушателей также должна контролироваться. Казахское радиовещание имеет передачи о религии и вере людей. Во многих странах существуют радиостанции, которые имеют определенную религиозную направленность. В России это такие радиостанции, как «Теос», «София», «Новая жизнь», в Австралии «Radio Torino Biblic», в Иране «IRIB Quran Radio». Радио «Теос» - межконфессиональное христианское разговорное радио. Радио «ТЕОС» впервые вышло в эфир 20 января 1993 года в Санкт-Петербурге. У истоков радиостанции стояли протестантские пасторы Евгений Недзельский и Сергей Степучов, бывший соратник Е.Недзельского по баптистской церкви Андрей Большечевский, а также католик мирянин Александр Серебряшкин.

Так радио «Геос» является разговорным, можно отметить, что зачастую в прямом эфире можно услышать мнения людей по поводу той или иной темы. При выходе в прямой эфир необходимо учитывать и то, что по ту сторону радио могут находиться и религиозные фанатики. Поэтому любые слова, комментарии в адрес религиозных взглядов должны быть обдуманны и не нести раздор среди общества.

В Казахстане радиовещание пользуется огромной популярностью, особо эта тенденция наблюдается среди казахоязычных граждан. И любимое многими казахами «Қазақ Радиосы» - это не только возможность слушать родной язык, но и почва для формирования среди молодежи, такого качества, как патриотизм. Передачей религиозного характера на данном радио поправу можно назвать «Иман шарттары». Данная передача направлена на то, чтобы рассказать молодому поколению о становлении ислама на территории Казахстана, его основных канонах с научной точки зрения, роли мусульман в обществе. Основные темы передачи «Иман шарттары» - вопросы общечеловеческие, социальные и семейные. Можно сказать, что передача такого рода не только религиозная и духовная, но и психологическая. А сегодня психологический аспект имеет не последнюю роль в социальной жизни общества. Такие популярные среди населения радиостанции как, «Шалкар» и «Астана» тоже имеют свои радиопередачи об исламском мире Казахстана. И их деятельность носит положительный религиозный характер, не унижая честь и достоинство представителей других религий.

Радио нельзя представить без музыки, музыка – это основа радио. Поэтому даже музыка религиозного оттенка на казахском языке на данных радиостанциях носит патриотический характер. Благодаря радио, песни в исполнении Мейрамбека Беспаева «Алланың бәрі ақиқат», либо Кайрата Нуртаса «Аллаға шүкір» стали популярными не только среди религиозных людей, но и среди обычных граждан страны. Эти песни настолько пропитаны моральностью и добросердечностью, что после их прослушивания можно задуматься о ценностях жизни.

Следовательно, радио также является мостом между религией и СМИ, поэтому музыка и направление самого радио не должно выходить за рамки социальных, юридических и в первую очередь религиозных устоев.

Самый старый, от того и эффективный вид СМИ – это информация поданная в печатных изданиях, то есть газеты и журналы. Информация, опубликованная в газетах, всегда будет в обществе занимать не последнюю роль. Многие статьи в таких газетах, как «Орталық Қазақстан», «Халық сөзі», «Алаш» носит религиозный оттенок, они призывают общество к гуманности и миролюбию. Здесь важна работа журналистов и корректоров, которые должны достоверно владеть и правильно преподнести информацию. От их работы зависит урегулирование вопросов религии и благосостояния общества. С помощью даже одной, незначительной статьи можно держать в страхе целое общество. Ведь первую информацию о религиозных фанатиках общество получило благодаря печатным изданиям. Уже тогда в обществе сложился стереотип о секте и экстремистских движениях. Казахстанские печатные издания имеют свою направленность, и зачастую в политико-экономической газете можно найти статьи о религиозных взглядах людей. Поэтому можно сделать вывод, казахстанским печатным изданиям не хватает определенных религиозных газет, которые бы оповещали общество необходимой информацией о религии в Казахстане.

Рассмотрим вид СМИ, как полагают многие журналисты именно за которым находится будущее журналистики – это интернет. Интернет – самый быстрый способ получения необходимой информации, от того и достоверность его фактов сводиться к минимуму. Сегодня доступ к интернету практически имеет каждый человек, и при этом дети тоже могут получать информацию с интернета, а также и распространять ее. Сегодня за социальными сетями можно увидеть и семилетнего ребенка, а ведь в подобных социальных сетях люди с неустойчивой психикой объединяются в секты и различные религиозные группировки. Мнения, комментарии людей по поводу религиозных взглядов даже не сортируются. Поэтому можно прочитать негативный комментарий о той или иной религии, и именно эти комментарии провоцируют религиозных фанатиков действовать, совершать насильственные поступки. Любая информация, которая находится в интернете должна в первую очередь фильтроваться, во вторую авторы публикаций в интернете должны обеспечивать стопцентную гарантию проверенности фактов. Сайты имеющие экстремистское направление должны быть закрыты, а организаторы привлечены к уголовной ответственности. Если общество видит дальнейшее будущее журналистики в интернете, то это общество должно однозначно стремиться к тому, чтобы



интернет не становился мусорной свалкой, а наоборот стал местом, где можно провести время с пользой как и умственной, так и духовной.

Таким образом, религия будет влиять на СМИ, как и СМИ на религию. Насколько будет эффективна работа представителей СМИ и настолько общество будет уверенно в своем завтрашнем дне. Поэтому самое важное в работе СМИ это достоверность, аккуратность в подаче информации, человечность.

#### **Список литературы:**

1. [www.wikipedia.ru//Религия//](http://www.wikipedia.ru//Религия//)
2. [www.abai.kz//Религиоведческий анализ передач телеканала «Асыл Арна»//](http://www.abai.kz//Религиоведческий анализ передач телеканала «Асыл Арна»//)
3. [www.abai.kz//Религиоведческий анализ передач телеканала «Асыл Арна»//](http://www.abai.kz//Религиоведческий анализ передач телеканала «Асыл Арна»//)

**Төлеуов А.**, группа П-21, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Ғылыми жетекші: саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доценті, т.ғ.к.  
Жұмасұлтанова Ғ.Ә.

### **ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ОЙ-САНАСЫНА ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ**

Қазіргі ақпараттандырылған қоғамдарда әлеуметтік желілер қоғамның ажырамас бөлігіне айналғаны даусыз жағдай болып отырғаны белгілі. Фотосуреттерді мен бейнеклиптер жіктеу, жаңа достар табу мен ескі достармен байланыс жаңарту үшін құрылған сайттар көп таралған. Қазіргі уақытта кәдімгідей ақпараттық соғыс жүріп жатыр. Осы соғыста ең құнды – бұл ақпарат. Осы себептен әлеуметтік желілер арқылы жас жеткіншектердің әр түрлі адамдар мен мекемелер жайлы ақпарат алуы үшін қолданылады.

Әлеуметтік желілер Интернетте басымдылық танытып адамдар арасындағы қатынас пен әсер ету тәсілдерін мүлдем өзгертеді. Ерте кезде жай ермек ретінде көрінген зат, енді жастардың бар назарын алуға. Әлеуметтік жүйе жас жеткіншек көзқарасымен қалай сипатталады? Ең алдымен – бұл қызықты сауық, сонан кейін білім көзі мен оқу көмекшісі. Жастар ішінде әлеуметтік желілерді оқу мақсатында қолданушылар пайызы өте аз. Қазақстан Интернет кеңістігінде, баяғыдай, жоғарғы сынып оқушылары мен студенттер арасында «Мой Мир» мен «ВКонтакте» әлеуметтік желілері үстемдік көрсетуде.

2011 жылдан жүргізілен сауалнама бойынша «Одноклассники» әлеуметтік желісіне өз қалауын жастардың 51 пайызы берсе, бір жылдан кейін жастардың қызығушылығы 40 пайызға дейін төмендеді. Бірінші орында «Мой Мир» әлеуметтік жүйесі. Бұл сайтқа жастардың 62,4 пайызы кіреді екен. Осы желілердің әрқайсысының өз аудиториясы бар. Егер «Мой Мир» мен «ВКонтакте» жасөспірімдер мен студенттерге арналып құрылған болса, «Одноклассники» әлеуметтік жүйесінде көбіне орта және қарт адамдар отырады екен [1, 12-13 б.б].

Әлем бойынша 150 миллион мектеп оқушылары Facebook желісін достарымен хабарласуға, фотосуреттер мен бейнеклиптер алмасуға, күнделікті өз ойлары мен іс-әрекеттерін жаңартуға қолданады. Тағы алты миллион адам Twitter атты өзі жайлы баяндауға жол ашатын сервистің қолданушылары қатарында болып есептеледі. Бүгінгі таңда ата-аналардың көп саны бұқаралық ақпарат құралдарының өз балаларының дамуына деген әсері үшін мазаланады. Мектеп оқушылары монитор алдында күн сайын көп уақыт өткізу нәтижесінде шынайы қатынас орнына интернет арқылы сөйлесу әдеті енуде. Жасөспірімдер үйде, кафеде интернетте отырып, күннен-күнге қонақтар мен көшеде аз қыдыруда. Бұл жағдайлар ішкі жалғыздық сезімдерді жоғалытпайды, керісінше асқындыра түсіреді. Жастар іштері пысқаны жайлы шағымданады, мұндай күйдің бірден-бір себебі ол адамның пайдалы іспен айналысуын тоқтатуында. Өмірлерін әлеуметтік желілерде өткізіп жүрген жастарға көбіне әлеуметтік көмек қажет, олар қанағаттанбаушылық, ұялшақтық, жасқаншақтық сезімдерін көп кешетін болып келеді.

Қазіргі жастар өздеріне ыңғайлы, қауіпсіз, еш нәрсені жүктемейтін өмірге кіруге асығады. Сөйтіп, олар ең алдымен арылғысы келетін жақтарын одан бетер асқындырып, оған

қоса шынайылықтан өзінің жасын, жынысын өзгерту арқылы психикалық күйін өзгерту қылығын алады. Сөзсіз, осындай өмір түрі мен ойлау тәртібі келе-келе өмірдің барлық деңгейлеріне сіңіп кетеді. Бұл салдан адам басқаша ойлап, басқаша іс-әрекет жасай бастайды. Ол күнделікті тұрмыста, отбасында, жеке, кәсіпте, серіктестікте пайда болатын мәселелерді басқаша шешетін болады. «Интернетке әуестік танытатын көбінесе ата-ана назарынан құр қалған жасөспірімдер» деген пікір дұрыс деп саналады. Бірақ, жасөспірімдердің интернетте сөйлесу құмарлығын ересек адамдармен қарым-қатынас барысында үйренеді деген зерттеу нәтижелері де бар [2].

Ата-аналардың өздері де әлеуметтік желілерде отыратынын айта кетпесе болмайды. Жас балалар ересек адамдарға қарап, олардың істеген істерін қайталап, ақпаратты губка тәріздес сіңірсе – әлеуметтік желілерден не алмақ? Кейбір сайттарға кіріп қарасаңыз, барлығы айдан анық көрінеді. Ата-аналардың көбісі балаларын әлеуметтік желілерді қолдануын шегереді. Интернет пен әлеуметтік желілердің қолданылуы жастардың жүріс тұрысы мен дамуына әсер етпейді деген пікірді көз алдымызға келтіру қиын. Жастар әлеуметтік желілерді дайын, жеңіл қабылданатын образдар үшін неғұрлым көп қолдануымен, соғырлұм шығармашылық ойлау қабілеттерінің дамуы азаяды. Оқушылардың компьютер уақытының алдында көп отыруы оның аз кітап оқуына әсер ететіні дәлелденген. Осыған ұқсас, аз кітап оқитын балалар соңында компьютер қолданысына көшеді деген пікір бар. Аз кітап оқитын балалар үшін әлеуметтік желіде өткізген бір сағат, кітап оқу үстінде өткізген бір сағатқа қарағанда бір шаруамен айналысқан сияқты қабылданады.

Әйелдердің, ер адамдардың, қарт адамдардың және тағы да басқа әлеуметтік топтардың жүріс тұрыстары жайлы стереотиптерді жастар дәл осы әлеуметтік желілерден сіңіретіні белгілі. Әлеуметтік желілер жастарға бассыздық иллюзиясын беріп, олардан барлық жамандықты талап етеді. Осы желілерде сан-түрлі өзіне-өздері қолжұмсаушылар клубтары, нашакорлар клубтары, жаңа бастап, үйреніп жүрген террористер клубтары бар. Мұндай клубтарда өз өліміне тапсырыс беріп, бірең-сараң динамит сатып алып, нашаны таңдап және оның қолданылу нұсқамасын көруге болады. Интернеттегі озбырлық пен жастардың агрессивтілігі айдан анық.

Кейінгі жылдардағы зерттеулер, БАҚ арқылы демонстрацияланатын зорлық әрекеттері – жастардың агрессивті жүріс-тұрыстарының бір себебі екенін көрсетеді. Бұдан басқа, әлеуметтік желілер порнографияға толы. Жастардың көбісі әлеуметтік желіні тек порно көру мақсатында ғана қолданады.

Физикалық дамуға келетін болсақ, әлеуметтік желілерде өткізілетін уақыт дене шынықтыруға қолданылуы мүмкін уақыт қорын азайтады. Әлеуметтік желілерге толығымен берілген жастар интернеттегі қызу әңгіме үстінде тамақ ішіп, аз қозғалмалы өмір стилін жүргізеді. Әлеуметтік желілердің әсерінің нәтижелері жастардың интернетте қандай мөлшерде отыруынан басқа, қандай сайттарға кіретіндігіне байланысты. Ата-аналарды ең көп мазалайтын – өз балаларының интернет-жарнамға еруі мен агрессивті жүріс тұрыс пен стереотиптерді сіңіруі.

Еш қараусыз қалған жастар бір сайтта отыз немесе одан да көп сағат отыруы мүмкін. Ең басында адам желіден өзіне қатты қызықты зат тауып, басымен сол затқа сүңгіп кетпегенше, желіден алшақтамаған кезде мұндай басыбайлықты онша сезіне қоймайды. Басыбайлықтың тағы бір себебі бұл сол адамның желідегі достарының санында. Егер достар саны көп болса адамның желіге кіріп әңгіме бастауға деген құмары арта түседі. Психология саласындағы мамандар мұндай басыбайлық ұйқыны бұзып, мазасыздық пен қорқыныш сезімдерінің тууына, көңіл-күйдің құбылмалылығына және сексуалды денсаулықтың бұзылуына әкеліп соғады деп болжам жасайды.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер жастардың миында өзгерістер туғызады, деп ғалымдар дабыл қағуда. Олардың пікірінше, Facebook, Twitter, Bebo деген тәрізді сайттар жастардың назарларын шашыраңқы етіп, оларда менмендік қасиетін ұлғайтады екен. Психологтар санды технологиялар біздің ой санамызды өзгертетінін айтады. Мысалы, оқушылар мазмұндама немесе баяндама жазған уақытта оның құрылымы жайлы алдын ала ойланбай-ақ, жазу процессінде де өзгерте алады деген пікір бар [3, 26 б]. Электронды хат алмасу сайттары адамдар арасында байланыс жасау үшін керек деген көпшілік қолданымында жүрген теорияны жоққа шығарып, мұның барлығы тек әңгіме құру иллюзиясы дейді ресейлік биолог ғалым [4, 27 б]. Әлеуметтік желілер арқылы белсенді қолданушыларды көпшілікті ой-

талқыға кіргізіп, басқаларға әсер ету өте жеңіл. Шынайы әңгіме құрудан алшақтататын әлеуметтік желілер арқылы сөйлесуге құмарлылық қасиетін ата-аналар өз бабаларында қадағалап отыруы тиіс. Виртуалды сөйлесу жалпы организмнің иммунды жүйе, гормоналды баланс, артериялар мен ойлау үрдіс жұмыстарына кері әсер ететіні түсінікті. Егер бұл әрекет көп уақытқа созылып, болашақта бұдан құтылу жайлы ойлар болмаса қатерлі ісік, жүрек-тамыр ауруы, жарыместілік сияқты келеңсіздіктерге әкеліп соғуы мүмкін дейді қазіргі ғалымдар [5, 31 б].

Биологтар дабылды жайдан-жай қағып отырған жоқ, себебі жастардың шынайы сөйлесуге бөлетін уақыттары азаю үстінде. Мысалы, 1987 жылғы орта сыныптардағы оқушы туғандарымен қарым-қатынасқа күніне орта есеппен 6 сағаттай, ал 2007 жылы бұл уақыт екі сағатқа қысқарыпты. Дәл осы уақыт аралығында электронды БАҚ пен интернет қолданыс уақыты 4 сағаттан 8 сағатқа дейін өсіпті. Сонда өзінің маңызды мәселелерін, қиындықтарын шеше алмай жүргендердің, олардың айтуынша, интернет келіп бұл адамдардың өмірі екі онжылдықта дұрысталған екені белгілі [6, 74 б].

Ой түйіні: адамдардың әлеуметтік белсенділігін арттырып, жастар арасындағы қатынас орнату орнына әлеуметтік желілер барлығын қамтиды. Ал бұл қатерді жоюда, біздің ойымызша мемлекет тарапынан заңдық іс-шаралар қолданылуы қажет. Мысалы, жастардың әлеуметтік желіде болу уақытын шегеру үшін, олардың құқығы мен мүддесін бұзбайтын әр-түрлі заңды іс-шараларды енгізуді ойлыстыру. Сонымен қатар, жастардың ойын-сауық ресурстарына енуіне мүмкіндік беретін арнайы фильтрлар қою. Бұдан басқа, мемлекет тарапынан қабылданған шараларға сәйкес жастық тобын белгілейтін және алынған ақпаратқа байланысты контент көрсету үшін арнайы бағдарламаларды құру. Осы жағдайға байланысты, жоғарыда көрсетілген ұсыныстар әлеуметтік желілердің жастарға тигізетін негативті әсерін қадағалап, жоюға мүмкіндік береді деп ойлаймын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Возвахова Л. Социальные сети: друзья или враги? // Служба кадров и персонал. – 2009. – № 2
Одной из ступеней приобщения к "совершенному знанию" является церемония принятия в состав "миссии". Над новичком производят четыре операции. В темной комнате "апостол" нажимает на глазные яблоки кандидата до тех пор, пока не вызовет у него ощущения вспышки ослепительного света ("божественный свет"). Голову "рекрута" опрокидывают назад, а он должен так загнуть язык, чтобы почувствовать выделения из носоглоточных отверстий ("нектар"). На третьей стадии ему дается секретная мантра для медитации и показывается, как добиться ритмичного дыхания ("слово"). Новичок плотно затыкает пальцами уши до тех пор, пока не ощутит непрерывный тревожный звук ("божественная гармония").

Опыт знания продолжается в особых собраниях - "компаниях истины", в которых махатма и ученики обсуждают проблемы знания и преданности делу "миссии". Но главное - медитации, которыми адепты должны заниматься не менее двух часов в день, а многие отводят на них гораздо больше времени. Медитация становится особым инструментом поддержания настроения на одном и том же уровне, средством ухода от всех жизненных проблем и невзгод. По оценкам, пройдя через всю эту систему психического подавления личности, через жесткий психопрессинг руководства культа, последователи "Миссии Божественного Света" оказываются наглухо отрезанными от общества.

#### **Список литературы:**

1. <http://orthodox.lviv.ua/nhtm/vostok/mission.htm>.
2. Дворкин А.Л. «Сектоведение». Нижний Новгород. Изд. «Во имя св. князя Александра Невского». 2003.
3. Секты против Церкви (Процесс Дворкина). Составитель Дворкин А.Л. Изд. Московской Патриархии. 2000.
4. Дворкин А.Л. Сектоведение. Нижний Новгород. Изд. во имя св. князя Александра Невского. 2003. С.771.

## ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ – ҒАСЫР ІНДЕТІ

«Діни экстремизм» дегеніміз – қоғамдағы дәстүрлі діннің құндылықтарын жоққа шығару. Дәстүрлі дінге жат «идеяны» белсенді насихаттау. Зайырлы қоғамға қарсы әрекет ету. Қоғамға өз түсініктері мен көзқарастарын насихаттау[1]. Соңғы жылдары экстремистер өз мақсаттарына жету үшін «қанды террорлық» әрекетті құрал ретінде қолданып, әлем жұртшылығын алаңдатып отыр. Айтқандай, экстремизмнің қай түрі болса да тұтас әлемге, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, елдің аумақтық тұтастығына, азаматтардың құқығына және бостандығына үлкен қауіп төндіреді. Кез келген ел үшін діни экстремизмнің ең қауіпті түрі – діни ұранды бүркемелеп ұлттар және діндер арасына от қойып, шағыстыру. Оның арты үлкен қақтығыстарға әкеледі. Діни экстремизмнің негізгі мақсаты – өз дінінің басқа діни басым екенін мәжбүрлі түрде мойындату. Одан қала берді, халыққа өз діндеріне сай құқықтық нормаларды жасап, бөлек мемлекет құру. Діни экстремизм – діни шектен шыққан түрі. Кез келген экстремизмнің мәні – олардың пікірлеріне қосылмағандарға зорлық-зомбылық көрсету. Діни экстремизм әлемді өздерінің шектен шыққан көзқарасы мен діни идеологиясына сәйкес қайта құруға тырысады. Діни экстремизм – терроризмнің ең соңғы сатысы. Біз өмір сүріп отырған әлемде діни экстремизм қанатын кеңге жайып, халықаралық деңгейге жеткен. Дәл қазіргі уақытта халықаралық экстремизм және терроризммен тиімді күресу үшін әлемдік қоғамдастықты бірігіп күшейту қажет. Әлемдегі кез келген мемлекет бұл кесепатқа қарсы күресті жеке өзі жүргізуі өте қиын. Осыған байланысты 2006 жылғы 8 қыркүйекте БҰҰ «Ғаламдық террормен күрес» стратегиясын қабылдады. Бұл құжатта БҰҰ-ға мүше мемлекеттер экстремизм мен терроризмнің барлық пішінін бір жақты айыптайды және осыған қарсы тығыз ынтымақтастық арқылы әрекет етуге дайын екендігін көрсетеді. Стратегияны әр мемлекет шынайы түрде іске асырып жатса, діни экстремизм мен күрес шын мәнінде өз нәтижесін берер еді. Елімізде 2011 жылдың 11 қазанында «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы Заң қабылданды. Заңның іске асу мақсатында Үкімет қаулылары деңгейінде тәртіпті белгілейтін қажетті заңға тиісті актілер қабылданды [2].

Құқық қорғау органдары қоғамды қорғау мақсатында бар күштерін салуда, оларды жою үшін күш ынтасын салу үстінде. Яғни оларды атап өтсек, Қазақстанның діни кеңістігін құрылымдылап, бір жүйеге келтірген діни бірлестіктерді қайта тіркеу үдерісі өткізілді, екіншіден ауылдық, аудандық, қалалық әкімдер жергілікті мешіт имамдарымен ақылдаса отырып, республика бойынша 492 намазхананың тізімін бақылауға алды, үшіншіден діни әдебиеттерге және діни мазмұндағы ақпараттық материалдарға сараптама жүргізу жұмысы бір жүйеге келтірілді. Өкінішке қарай, біздің заманымызда дін мен зайырлы өмірді қарсы қоюшылар да кездеседі. Шындығында, дін азаматтарымызды, бірінші кезекте жастарымызды білім, отбасы, халықтық ғұрыптар мен дәстүрлерден айырмауы керек. Мешітке бару жастардың сапалы білім алуына кедергі болмауға тиіс, олар интеллектуалдық тұрғыда да, бой түзеу жағынан да тең өсіп дамуы керек.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ислам» Энциклопедиялық анықтамалық.
2. «Орталық Қазақстан» газеті

Сельденрайх Е., гр.МО-12 КЭУК  
Научный руководитель: к.ф.н.,  
профессор Клишина М.В.

## ПРОТИВОПРАВНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ДЕСТРУКТИВНОЙ РЕЛИГИОЗНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ «ХИЗБ-УТ- ТАХРИР»

— «Исламская Партия освобождения») — организация, основанная в 1953 году в Восточном Иерусалиме судьёй местного шариатского апелляционного суда Такиуддином ан-Набхани. В ряде государств Средней Азии и в России Хизб ут-Тахрир аль-Ислами считается террористической организацией. В то же время, ни в США, ни в большинстве европейских государств до настоящего времени Хизб ут-Тахрир не относится к числу структур, поддерживающих терроризм.

В 2003 году организацию возглавил Ата Абу Рашта. Декларируемая цель организации — восстановление справедливого исламского образа жизни и исламского государства (халифата) и воплощения в нём исламской системы. По официальной версии организации, она была образована «в ответ на призыв Всевышнего Аллаха», изложенный в суре 3 аяте 104 Корана: «И пусть будет среди вас группа, которая призывает к добру (Исламу), приказывает одобряемое и запрещает порицаемое. Эти — достигшие успеха».

Деятельность Хизб ут Тахрир аль-Ислами. Деятельность исламской политической партии Хизб ут Тахрир сосредоточена в определенных ею некоторых мусульманских странах. В остальных же мусульманских, а также немусульманских странах, ведется исключительно идеологическая и идейно-просветительская деятельность, в частности проводятся многочисленные конференции: 16 августа 2008 года Международная конференция: «Халифат — необходимость политического единства», 19 июля 2009 года в Симферополе конференция «От гнета и несправедливости Капитализма к свету Ислама», 17 июля 2010 г. В Симферополе конференция Актуальные проблемы мусульманки в современном демократическом обществе»

Хизб ут-Тахрир на мировой арене и в странах СНГ. Активную деятельность вели филиалы организации на Ближнем Востоке и в Северной Африке (Египет, Сирия, Марокко, Тунис, Судан, ОАЭ, Йемен, Кувейт, Палестина, Иордания, Ливан, Ирак, Турция), в странах Европейского союза (деятельность организации запрещена в Германии, (за антисемитизм и антиизраильскую пропаганду, запрет безуспешно обжаловался в ЕСПЧ, который счел, что цели Хизб-ут-Тахрир противоречат ценностям Европейской конвенции о правах человека), Дании, Великобритании) в Южной и Юго-Восточной Азии (Бангладеш, Пакистан, Малайзия, Индонезия) и в Австралии. С 1995 года организация начала действовать в Узбекистане. Известно также о деятельности группы на территории стран СНГ (Таджикистан, Киргизия, Казахстан, Азербайджан, Украина, Белоруссия и Россия). С 14 февраля 2003 года Верховный суд РФ признал организацию террористической и запретил её деятельность на территории Российской Федерации, что повлекло за собой привлечение ряда сторонников движения к уголовной ответственности, так в октябре 2008 года Национальный антитеррористический комитет сообщил, что за год был привлечён к ответственности 31 член группировки в Татарстане, Башкортостане, Курганской и Челябинской областях. Тем не менее, со стороны отдельных религиозных и общественных деятелей России запрет организации подвергся критике, как необоснованный и носящий характер преследования за религиозные убеждения. Так, в декабре 2004 года группа представителей национальных движений Татарстана (в том числе писатель Айдар Халим) обвинила российские правоохранительные органы в массовых арестах российских мусульман под надуманным предлогом их связи с «Хизб ут-Тахрир аль-Ислами». С другой стороны, как известно Хизб-ут-Тахрир проявил публичную активность в мусульманских странах, как Индонезия, Малайзия, Бангладеш, Ирак, Йемен, Ливан, Судан и др. Но, несмотря на многократные аресты и приговоры против него во многих из этих стран, всё же ни один из вынесенных приговоров не ссылался на совершение Хизбом террористических действий. В этих странах членов Хизб-ут-Тахрир арестовывают из-за политической деятельности Хизба. Основу политической доктрины организации составляет идея о воссоздании религиозно-политической структуры (Халифат) времен Мухаммада и его первых четырёх преемников, когда халифы избирались из самых достойных. Последующие

исламские локальные и региональные государственные объединения (например, Омеядский и Аббасидский халифаты, «халифы» Османской империи) тоже признаны Халифатами.

Деятельность политической партии «Хизб ут Тахрир аль Ислами» в Казахстане начала проявляться в 1998 году. До 2004-го она отмечалась преимущественно в южных регионах страны, а с 2005-го ее адепты начали пропагандировать экстремистские идеи по всей республике. Стратегия партии заключалась в изменении конституционного строя посредством либо легитимного перехода власти, когда сторонники организации составят большинство населения, либо государственного переворота.

Хизб ут-Тахрир аль-Ислами является организацией принуждающей к Исламу. Всеми путями: мирными и не только. Что не соответствует тенденциям современной жизни. Так как в наше время каждый имеет право выбирать сам себе веру. Согласно решению суда Астаны от 28 марта 2005 года организация «Хизб ут Тахрир аль-Ислами» признана международной экстремистской организацией и ее деятельность на территории республики Казахстан запрещена, поскольку принуждение к какой либо вере является не соответствием свободы выбора.

**Сембаев А.,** Ю-12с тобы ҚҚЭУ  
Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент  
Қосжанов А. С.

## **ДІНИ-САЯСИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Соңғы кездері Орталық Азия радикалды ислам қозғалысы орталықтарының біріне айналды. Иран, Пәкістан, Ауғанстан сынды мемлекеттердің билік басында тек теократиялық режимдер орын алып қана қоймай, сонымен қатар экстремизмнің теориясы мен практикасын уағыздайтын көптеген ислам ұйымдары әрекет етуде. Мұндай ұйымдардың бірі - Хизбут-Тахрир партиясы. Иорданияда пайда болған партия қысқа уақыттың ішінде аймақтағы ықпалы өте мықты ұйымға айналды. Бұл қозғалыстың ең мықты позициялары Өзбекстан мен Тәжікстанда орналасқан. Қырғызстанда да, бірінше кезекте этникалық өзбектер арасында «Хизбут-Тахрир партиясы қырғыз филиалының құрамы бойынша көбіне жастар негізінде, республиканың оңтүстігіндегі халықтың өзбек бөлігінің арасында қолдау табуға. Ұлттық қауіпсіздік министрлігінің мәліметтері бойынша, ұйым мүшелерінің 90 пайызын өзбектер, 10 пайызын қырғыздар құрайды» [1]. Қозғалыстың өз қолдаушылары Қазақстанда да бар, әсіресе оңтүстік облыстарда.

Орталық Азия аймағына төнетін террористік сипаттағы қауіптерді шамамен 30 жыл жүріп жатқан индо-ауғандық аймақтан туындайтын оңтүстік-батыс, шығыс, негізін ұйғыр сепаратистері құрады және Кавказдағы конфликтермен байланысты солтүстік-батыс деп шартты түрде бөлуге болады.

Соңғы екі қауіп, әсіресе «Шыңжаң – ұйғыр проблемасы» көп көрші елдердің қауіпсіздік мәселелеріне әсер ететін созылмалы этноконфессионалдық және әлеуметтік-саяси жанжалдардың нағыз мысалын көрсетеді. Былайша айтқанда ислам мемлекетін құруға, соның ішінде зорлық әдістерімен, құқықтарын жариялайтын сепаратистік және діни күштердің ресми билікке қарсылығының көпқасырлық тарихы бар, бірақ соңғы онжылдықтарда ерекше өзекті болуда.

Халықаралық террористік және экстремистік ұйымдар интеграциясының қазіргі уақытта қалыптасқан тенденциясы ұйғыр сепаратистерінің қызметінде нақты көрінеді, олардың «Аль-Каида», «Өзбекстанның ислам қозғалысы» және «Хизбут-Тахрирдағы» «әріптестерімен» тығыз байланыстары ұйғыр террористік топтарының қызметінің СҰАА тыс алысқа таралуына ықпал етеді. Бұл жағдайда СҰАА шыққан экстремистер шығыс флангтағы «тұрақсыздықтың доғасын» құрайды. Саяси география теориясымен сәкес, Шыңжаң-Ұйғыр автономдық ауданы (СҰАА) Қазақстан Республикасымен шекаралас және де негізінде барлық Орталық Азия мемлекеттерінде ұйғыр диспорасының үлкен контингентінің өмір сүру жағдайы мықты негативті факторлардың бірі болып табылады. Бұл факторлар орын алып отырған үлкен геосаяси ойынның ұсақ тиынына айналуы мүмкін [2].

Қазақстан – Тәуелсіз мемлекеттер достастығындағы ұлтаралық және діни негізде ауыр конфликтілер болмаған жалғыз мемлекет. Тәуелсіздік жылдардың ішінде ҚР –ның аумағында аса ірі террористік көріністер тіркелмеген.

Халықаралық терроризм мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында ауыр қауіптердің бір - заңсыз миграция проблемасы болып табылады. Бұл арна террористік ұйымдармен жоспарланған акцияларды орындаушыларды жеткізу үшін қолданылуы мүмкін, сонымен қоса, Қазақстанның аумағын қолдана отырып, бұл мысалы Орталық Азия моджахеттерінің «Жамаат» террористік тобымен жүзеге асырылды [3].

Оперативті мәліметтерге сәйкес, қазіргі сәтте ҚР аумағында террористік көріністер үшін нақты алғышарттар жоқ. Бірақ дегенмен халықаралық террористік құрылымдарымен өздеріне жақтастар жасақтауға бағытталған сыртқы ықпал етудің әрекеттері жоққа шығарылмайды. Солай, халықаралық терроризмнің және экстремизмнің белсенділігінің артуымен байланысты Орталық Азиядағы қалыптасқан жағдай өте қауіпті болып тұр [4].

Сонымен, исламдық ұрандарды жамылатын халықаралық терроризм және экстремизм аймақ елдері үшін жүйелі және ұзақ мерзімді сипаттағы қауіпті білдіреді. Бұл күштердің компромисі және «бейбітшілігінің» мүмкіндігі екіталай. 1999 жылы ақпанда Ташкенктегі жарылыстар, 1999-2000 жылдары тамызда Қырғызстанның оңтүстігіндегі оқиғалар, сонымен қоса 2000 жылы тамыз-қыркүйектегі Өзбекстанның Сурхандаря облысындағы оқиғалар жоғарыдағы шешімнің жарқын дәлелдері болып табылады.

Батыстан да, шығыстан да болсын халықаралық террористік ұйымдары қауіптерінің тамырлары негізі бір: бұл жеке күштердің билікке ұмтылысы, сепаратистік көріністер, террор саяси күрестің қорқыту әдістері мен құралдарының бірі болып қарастырылады. Қалыптасқан жағдайдан шығу жолында бірқатар маңызды сұрақтарды көрсету дұрыс болып табылады, олар қосымша ойластыруды қажет етеді. Қазақстандағы терроризммен күрес саласындағы қазіргі жағдай терроризмге қарсы тұрудың біртұтас мемлекеттік жүйесін қалыптастыру мәселесімен өзектендіріледі. Осы амалдың қажеттілігі негізгі факторлардың екі тобын туындатады.

*Біріншіден*, террористік қауіптердің бірінші белгілерінің пайда болуы. Жоғарыда аталғандай террористік Қазақстанды негізінде өзіндік база ретінде қарастырады, онда террористердің негізгі міндеттері көрші мемлекеттерде қастандық әрекеттерін дайындау бойынша консперативті жұмысты жүзеге асыру үшін Қазақстан азаматтарының ішінен адамдарды дайындау мен жақсарту болып табылады.

*Екіншіден*, қазіргі уақытта терроризммен күресте негізінде, тек бір әдіс - күш қолданылады. Сонымен қоса, көп мамандардың пайымдауынша, репрессивті тактика мемлекеттік саясаттың айрылмас элементі ретінде пайдалы рөл атқара отырып, терроризмнің топтық ұйымдасуы мен өсуінің, сонымен қатар, күшеюінің салдарының бумерангтің кері эффектісі болуы мүмкін [5].

Бұл жағдайларда терроризмнің пайда болуы мен таралуының себептері мен шарттарын анықтау мен жоюға бағытталған шаралар толық түрде қолданылмайды. Барлық өзінің күрделілігімен көпфакторлығы, сонымен қоса сәтті нәтижеге жетудің ұзақ перспективасымен антитеррористік күрестегі бұл аспект дегенмен жай оптималды ғана емес, жалғыз дұрыс жол болып табылады.

Алдымен, террористік белсенділіктің өсуі үшін өзінің «мотивациялық резервуар» болып табылатын потенциалды әлеуметтік базаны азайтуға бағытталған мемлекеттік деңгейде көпжақты позитивті саясат қажет. Бұл саясат идеялық мотивациялық аспектілерді шешуге сонымен қос ахалықтың жалпы жағдайының әлеуметтік-экономикалық факторларының көтерілуіне бағытталуы керек. Қазақ исламының идеологиялық негізінің нақты аспектілері қалыптасуы бойынша бағытталған әрекеттер өте маңызды болып табылады, ол елдегі әлеуметтік-саяси атмосфераға тікелей әсер етуі мүмкін және кезекті позитивті өзгерістердің кумулятивті эффектін құруы мүмкін. Террористер игі идеяларды жамылады, психологиялық ерекшеліктердің, мотивациялық аспектілерді қолданады. Бұл жағдайда мемлекеттің өзі террористік ұйымдардан озық жұмыс істеуі керек және бұл мемлекеттің шаралар, басқа деструктивті, антипотриоттық идеяларымен ұрандарға қарсы иммунитет пен психологиялық тұрақтылықтың көрсетілуіне ықпал етеді [6].

Терроризмнің алдын алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық және құқықтық шараларды жетілдіру мемлекеттік органдардың қызметінде жетекші орындардың бірін алуы керек. Сол қызметтердің негізіне

терроризмнен туындайтын әртүрлі қарама-қайшылықтармен жанжалдарды өндіретін факторларға жоспарлы ықпал ету қағидасы салыну керек.

Әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне және патриотизмді дамытуға халықтың барлық категорияларын тарту бойынша шараларды өткізу өте маңызды. Бұдан басқа, қазіргі кезеңде жеке ислам ұйымдары мен беделді мұсылман лидерлерімен мүмкін байланыстарды іздеу бойынша жалпы мемлекеттік шаралар комплексі қолға алынуы керек. Әлеуметтік қарама-қайшылықтарды сонымен қоса коррупцияны жою, экономиканы дамыту және азаматтар жағдайын өсіру жолдарымен шешу қажет. Бұл процестерді зерттеу маңызды және қажетті болып табылады, өйткені экстремистік және террористік көріністерге тосқауыл жасау бойынша олардың қалыптасуының және ұйымдық құрылымдардың дамуын болдырмау бойынша алдын алу шараларын өз уақытында анықтап, қолға алуға мүмкіндік береді [7].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абашин С. Исламский фундаментализм в Центральной Азии // «Независимая газета» 2001г. 5 дек.
2. Гусев М. Синдром экстремистского фундаментализма // Азия и Африка» - 2002г. №10
3. Белокреницкий В. Маскаленко В. Кашмирский очаг исламского фундаментализма // «Азия и Африка» - 2002г. №1
4. Максимов А. Центральная Азия растворилась в религиозном экстремизме // «Евразия» - 2001г. №5
5. Центральная Азия - опасный регион // «Азия и Африка» - 2001г. №6
6. Кременюк В.А. Об исследовании международных конфликтов // США – Канада. – 2001. №2
7. Орталық Азия мемлекеттеріндегі діни-саяси экстремизм мен терроризмнің кейбір мәселелері // Ақиқат// - 2012ж. №1.

**Тасылбаева Д.Д.**, гр. ИО-32 р  
КарГУ им.Букетова  
Научный руководитель: к.и.н.,  
доцент Зуева Л. И.

### **РЕЛИГИОЗНЫЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ ДРЕВНИХ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ И СОВРЕМЕННАЯ РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ**

Сейчас стало очень популярно быть приверженцем какого-либо религиозного течения. Нурсултан Назарбаев обращает свое внимание на эту проблему в своем Послании: «Сегодня остро стоит вопрос нетрадиционных для нашего народа религиозных и псевдорелигиозных течений. Часть молодых людей слепо воспринимает этот чужой взгляд на жизнь, так как у части нашего общества слабый иммунитет к чуждому псевдорелигиозному воздействию. Светский характер нашего государства – это важное условие успешного развития Казахстана. Это должны четко понимать нынешние и будущие казахстанские политики, все казахстанцы». Но в то же время «борьба с экстремизмом не должна превращаться в охоту на ведьм и перерастать в борьбу с религией» [1, Гл.Ш, ч.7].

Казахстан считается многонациональной и многоконфессиональной страной, тем не менее основной религией можно смело назвать ислам в связи с численным превосходством приверженцев ислама на территории нашей республики.

Ислам проник на территорию Казахстана еще в VII веке и получил свое распространение. Ислам распространялся в компромиссе с христианством, зороастризмом и языческими верованиями, такими, как культ неба, земли, воды (то есть культ Тенгри - тенгрианство). Сегодня все больше растет интерес к истории нашего народа, его культуре, к мировоззрению наших предков, их религиозным представлениям. В том числе интерес стало вызывать религиозное представление древних тюркоязычных народов Евразии и Центральной Азии в частности – тенгрианство.

По мнению Л. Н. Гумилёва, тенгрианство — комплекс религиозных воззрений древних монголов и тюрков. Слово образовано от «Тенгри» — обожествлённого неба. [2] Тенгрианство — это религия, которая не имела письменного изложения своей теологической доктрины. Все основывалось только на устной и визуальной базе, это является одной из причин сохранения основ этой религии до сегодняшнего дня.

Благодаря простоте ритуалов и ясности тенгрианство просуществовало несколько тысяч лет, причем в одних и тех же устойчивых формах религиозной практики. Эффективность тенгрианства обеспечивала сохранность и стабильность основных теологических представлений и культов. Закодированная в мифах и легендах, связанная с национальными традициями она помогала с детских лет познавать и закреплять в сознании тюрков и монголов основы религии, ее обычаи и обряды, ритуалы и так далее.

В древние времена и в эпоху средневековья, когда в результате непрерывных войн и набегов возникали интенсивные контакты между тюркскими и монгольскими кочевниками, их родоплеменные группы то и дело дробились, рассеивались и смешивались. Но, тем не менее, многие традиционные тенгрианские представления о конкретных божествах и духах, обычная культовая практика, сакральная терминология сохранились до наших дней. [3, Гл. I.]

Современная духовная культура Казахстана является результатом взаимодействия различных культур и религий, которые существовали на территории Казахстана в разное время. Исключением не стало и тенгрианство, которое не потеряло своей актуальности и сегодня.

Проблемой на сегодняшний день по нашему мнению является то, что люди, не разобравшись в основах того или иного религиозного течения, подвергаются влиянию сект, в нередких случаях пропагандирующих экстремизм. Эти секты интерпретируют суть той или иной религии в выгодном для них свете. Но если человек решил посвятить свою жизнь религии, то он должен понимать всю ответственность за свое решение. На фоне того, что на современном этапе роль религии неуклонно растет, повышается ее авторитет и статус, расширяются функции, растет число верующих и религиозных объединений.

На основе исследованной нами проблемы можно утверждать, что в нашей стране сложилась устойчивая модель взаимодействия этносов и религий, обеспечивающая стабильность и согласие в обществе. Тем не менее риск возникновения религиозного экстремизма существует. В связи с этим, граждане Республики Казахстан должны усилить свое внимание по отношению к различным конфессиям.

#### **Список литературы:**

1. Послание Президента РК Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 года.
2. Л. Н. Гумилев. Тысячелетие вокруг Каспия. - М., 1993. – С. 448.
3. Безертинов Р.Н. Древнетюркское мировоззрение “Тэнгрианство” Учебное пособие.- Казань: РИЦ “Школа”, 2006. – С. 164

**Хамиев О.**, группа МО 13 КЭУК  
Научный руководитель: ст.  
преподаватель Адамбекова С.М.

#### **САЙЕНТОЛОГИЯ**

Ряд религиоведов характеризует данное течение как чрезвычайно опасную тоталитарную криминальную организацию, отличающаяся крайне бесчеловечными и агрессивными формами воздействия на психику.

Сам Хаббард называет себя "доктором". Единственная докторская степень, которая у него есть, - это степень "доктора сайентологии", которую он сам себе присвоил. Г-н Хаббард является типичным шарлатаном. Такая же двуличность отличает и все учения Хаббарда: многое из того, что говорят сайентологи о себе и своих учениях не соответствует их истинному содержанию. Но причина этого явления более глубокая, чем патологическая нечестность или обыкновенное шарлатанство, о чем более подробно будет сказано далее.



Термин "саентология" изобретен самим Хаббардом и означает "посредством разума". Саентология рекламируется как учение о разуме, наука о душевном здоровье, технология избавления от комплексов и вредных привычек, которая, по утверждению Хаббарда, способна освободить любого человека от практически всех видов заболеваний, не только психических, но и соматических. Но по существу - это придуманный Хаббардом гибрид техник гипноза, некоторых ранних методов Фрейда (от которых тот позже отказался как от неудачных) и псевдонаучной терминологии, изобретенной Хаббардом с тем, чтобы иметь возможность с большим успехом выдавать за новые открытия те техники и методы, с которыми человечество знакомо уже достаточно долгое время. Сайентология ("учение о знании") - это прикладная религиозная философия, обучающая мудрости и практике управления духом. Как сообщается в главе 32 книги "Что такое Сайентология?", господин Хаббард сделал поразительное открытие: он "обнаружил, что человек - это духовное существо, живущее в теле и использующее разум". По всей видимости, по мнению Хаббарда, раньше него до этого никто не додумался. "Данные открытия привели его к мысли о том, что он внедрился в область религии".

Рон Хаббард разработал некую технологию, которая сможет "очищать" людей. Пройдя «очищение», каждый человек может стать "клиром", то есть "очищенным". Это своего рода общения-исповеди, во время которых аудитор (специалист по выслушиванию) спрашивает вас о наиболее болезненных случаях вашей жизни, предлагая прокрутить их в сознании несколько раз, до тех пор, пока вы не станете к ним равнодушны. При этом используется аппарат Э-метр (иногда его называют Е-метр) - упрощенный аналог детектора лжи, используемый в полиции США. Спросить могут обо всем, в том числе о вашей личной жизни, о родных и знакомых, их занятиях и т.д., вплоть до самых интимнейших подробностей. Ответ обязателен. Использование Э-метра не допустит неискреннего ответа. Известно, что при этом все полученные сведения фиксируются и сохраняются в банке данных сайентологов, а потом при необходимости извлекаются для шантажа и в тех целях, которые могут иметь отношение к бизнесу, политике, проникновению в государственные структуры управления.

Когда все инграммы "устранены", вам объявляют, что вы полностью "очищены", то есть достигли состояния "клира". Клир - это "существо, у которого полностью отсутствует реактивный ум". Расследуя деятельность сайентологов, специальная комиссия австралийского штата Виктория в 1965г. пришла к выводу: "Сайентология - зло; ее техника и приемы - зло; их применение на практике - серьезная опасность для общества с медицинской, нравственной и социальных точек зрения". Данное заключение неоднократно подтверждалось на практике.

Ознакомившись с внешней формой учения этой организации, попробуем разобраться, что же по существу скрывается за фасадом многочисленных заявлений сайентологических организаций об искреннем стремлении спасти гибнущее человечество вообще и оказать всестороннюю помощь каждому человеку в частности.

Церковь сайентологии - это международная, хорошо законспирированная организация, имеющая в своем составе службы разведки и контрразведки, безопасности, "этический суд" (внутренняя служба надзора за членами организации) и даже свои карательные службы, которые занимаются усмирением "непокорных". Хотя сайентологи утверждают, что их около 7000000 человек, реально, по документам организации для внутреннего пользования, эта цифра завышена, как минимум, в 150 раз. Саентология распространена во многих крупных городах мира. И более чем в 30 странах мира. И, наконец, Казахстан и, конечно же, центры сайентологии распространены в нескольких городах Казахстана таких как Караганда, Павлодар, Семипалатинск, Алматы и т.д.

Итак, в настоящее время благодаря следующим факторам: книгопечатные технологии, масштабы распространения литературы, аудио - видео продукции, умелому веб-маркетингу промоушингу, пиару и т.д. сайентологи являются эффективной организацией оказывающей стабильное влияние на сознание молодежи. Активное взаимодействие центров наряду с железной дисциплиной, привлечение новых технологий позволяет саентологам осуществлять контроль над общественным сознанием и контролировать будущее через идеологическую обработку молодежи. Имеются факты задержания сотрудниками правоохранительных органов страны руководителей РО «Церковь сайентологии», которые подозреваются в занятии незаконной предпринимательской деятельностью.

На сегодняшний день этой организации отказано в регистрации как религиозной организации.

### Список литературы:

- 1.Секты против Церкви (Процесс Дворкина). Составитель Дворкин А.Л. Изд. Московской Патриархии. 2000.
- 2.Дворкин А.Л. Сектоведение. Нижний Новгород. Изд. во имя св. князя Александра Невского. 2003. С.771.
3. <http://www.scientologyfacts.ru/>

Ауқатов Т.С., «Құқықтану»  
мамандығының 2 курс студенті  
Ғылыми жетекшісі: Жумашева А.Б.,  
заң ғылымдарының магистры  
ҚҚЭУ ЭБҚК

### ТЕРРОРИЗММЕН КҮРЕС – ҒАЛАМДЫҚ МАҚСАТ

2012 жылдың желтоқсан айының 15 жұлдызында ҚР президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы ««Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында, Елбасы адамзаттың қас жауына айналған терроризмге келесідей пікір берді: «...Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолынан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Біз мұсылман үмбетінің бір бөлігі екенімізді мақтан тұтамыз. Ол – біздің дәстүріміз. Бірақ бізде зайырлы қоғамның дәстүрлері де бар екенін, Қазақстан зайырлы мемлекет екенін ұмытпауымыз керек. Біз елдің дәстүрлері мен мәдени нормаларына сәйкес келетін діни сана қалыптастыруымыз керек. Біз өзін - өзі ұстаудың ерекше үлгілерін алуға тиіспіз. Мен жария етіп отырған стратегия біздің халқымызды орта ғасырларда емес, ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындайды. Мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс. Діни экстремизм қаупі ерекше алаңдаушылық тудырып отыр. Дінбасылар да ортақ алаңдаушылық білдіруде» (1).

«Терроризм» сөзі бүгінде бүкіл әлемді дүр сілкіндіріп, кең белең алып тұр. Бүгінгі таңда терроризмнің керемет көп анықтамасы бар. Біреулер терроризмді әлеуметтік құбылыс деп санаса, келесі біреулер оған мүлде қарама-қарсы пікірлерін салмақтайды. Қалай болғанда да, осынау құбылысты сипаттап - сараламай тұрып терроризм туралы белгілі бір түйінді пікір айтуға болмайды.

«Террор» және «терроризм» терминдерінің барлық адамзат ұйғарысқан ортақ түсініктемесі әлі де жоқ. Алдымен террор және терроризм ұғымдарының айырмашылықтарын анықтап алайық. Өйткені, бұлар бөлек ұғымдар. «Террор» термині орасан зор үрей салатын және жекелеген адамдарды қаймықтырып, тоздыратын әрекетті, амалды білдіреді. «Терроризм» болса осы кейіпті қолдан жасауды мақсат тұтатын стратегияны білдіреді (2,118 б.).

ҚР қылмыстық кодексінің 233 бабының диспозициясында терроризмге келесі сипаттама берілген: «Жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдардың қаза болуы, елеулі мүліктік зиян келтіру не қоғамға қауіпті өзге де зардаптардың туындау қаупін төндіретін өзге де іс-әрекеттер жасау, егер осы іс-әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру не Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешім қабылдауына ықпал ету мақсатында жасалса, сондай-ақ аталған іс-әрекеттерді дәл сол мақсатта жасаймын деп қорқыту», - деп көрсетілген. Сондай - ақ, ҚР қылмыстық кодексінің [162](#), [163](#), [166-1](#), [167](#), [171](#), [233](#), [233-1](#), [233-2](#), [233-3](#), [233-4](#), [234](#), [238](#), [239](#)-баптарында көзделген қылмыстар террористік қылмыстар деп танылатыны бәрімізге белгілі.

Ракишев К.К. пікірінше, терроризм – саяси нысаналарға жету үшін қоғамды демократиялық тәсілдермен көндіру қағидасына қарсы, құқықтың үстемдігі мен мемлекеттің беделін танымайтын, демократиялық билік иелерін халыққа қарсы дүлей күш жұмсауға арандататын, өз доктриналары мен идеологиялары арқылы халықтың қолдауына жете алмаған топтардың халықты бағындыруды өзінің тарихи миссиясы санауы салдарынан пайда болатын ұйымдасулар мен ұжымдасулардың адамзатты төмен көретін, этикалық негіздерден мақрұм, әр түрлі ойды жүзеге асыру үшін кез келген әрекетке бара алатын, адамның өмірін шыбын құрлы көрмейтін, бейкүнә адамдарды нысанаға алатын, ешбір соғыс қағидасын мойындамайтын,

дәстүрлі саяси қылмыстардан өзгеше, жүйелі және ұйымдасқан түрде кісі өлтіру, ұрлау, кепілге алу, қорқыту, лаң салу және қирату амалдарының жиынтық аты. Терроризм белгілі бір мақсат пен міндетті жүзеге асыру үшін күш көрсету идеологиясын тұғыр етеді. Терроризм көзқарастар мен идеялардың емес, әрекеттердің жүйесі, өйткені ол қара басының қамын күйттемейді. Ол өзінен-өзі әлеуметтік құндылық бола алмайды, алайда қызмет көрсетудің бір түрі ретінде айтарлықтай әрекетшілдік пен сұранысқа ие.

Терроризм қазіргі дәуірдегі ең қауіпті қылмыс түрі. Мұндай қылмыстар көп жағдайда ұлттық шектен шығып, халқаралық сипат алуда. Террорлық әрекеттер әр түрлі болуы мүмкін, бірақ оның бәрін біріктіретін екі түрлі элемент бар. Оның біріншісі – терроризм мемлекеттік билікті күйретуге бағытталса, екіншісі – терроризмді жүзеге асыру арқылы, яғни террористердің ұйымдасқан, қатігездік әрекеттері арқылы тұрғындарға үрей, қорқыныш, қорғансыздық сезімдерін туғызу болып табылады. Террордың сөздік мағынасы «қорқыту, үрейлендіру, шошыту, қаймықтыру» дегенді білдіреді. Террор – дүйім жұртты үрейлендіру, қоғам мен тұлғалардың психологиясына соққы беру және жасалған амал арқылы адамдардың зәресін ұшыру (3, 28 б).

Еліміздің мемлекеттік құрылысын сақтау, халқымыздың бейбіт өмірін бағалау және оған кепіл беру үшін терроризмді болдырмауға күшейтілген күрес қажет. Елде терроршылдықты болдырмау, дүниежүзілік қауымдастықпен бірге әлемдік терроршылдыққа қарсы бітпес күрес Қазақстанның мемлекеттік міндеті болып табылады. ҚР азаматтарының әлеуметтік жағдайын жақсарту, татулық саясатын жетілдіру, нығайту мәселелерін белсенді түрде шешу - елдегі терроршылдық қаупін жеңудің бірден бір жолы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР президенті-елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. 15.12.2012.
2. Абсаметова Д.С «Проблемы определения понятия терроризма» Вестник КазНУ. – Алматы, 2006 №4-6 (24-26). – с. 118
3. Ракишев К.К. «Предупреждение и пересечение международного терроризма: подходы к определению понятия», Вестник КазНУ. – Алматы, 2006 №2 (22). - с. 28

# МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Абдинова Айша, ҚҚЭУ, МЭ-22 к  
Ғылыми жетекші: магистр  
Келмағамбетова Ш.С.

## **АБАЙ ОЙ-ШКІРЛЕРІН ТАҒЫЛЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ**

Қазақ жеріндегі ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің қайнар көзі көне мәдени мұра-Орхон-Енисей жазуларынан бастау алып, орта ғасыр ойшылдарының парасатты тәлімгерлік ой толғаныстарымен толысып, кейін ақын-жыраулардың терме, толғауларында жалғасты, ал XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қазақтың ұлы ақыны, әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен қатар ұлы ойшылы -Абай Құнанбаев. Мұсылмандарда тазалық иманның айнымас бөлігі болса, қазақтың жан дүниесінде айрықша орынды -Абай және оның шығармашылығы алады. Абай - бұл Қазақ. Қазақ бұл - Абай. Абайды ұмытқан қазақ - шала қазақ.

Абайдың ұлылығы оның жаңашылдығында. Кешектен бүгін өзгеше болудың, бүгінгіден ертең жақсырақ болудың кілті Абай туындыларында бұлақтай сарқырап жатыр. Абай келешегінен үлкен үміт күткен, өз халқын жан-тәнімен сүйген, халқының мәдени көркейіп өсуі үшін бойындағы бар күш-жігерін аянбай жұмсаған. Ұлы данышпан өз шығармаларында қазақ табиғатын, оның ұлттық ерекшеліктерінің сипатын суреттеуге тырысатын, сонымен қатар тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Көптеген шығармаларында оқырмандарды даналыққа, данышпандыққа шақыратын шумақтар жиі кездеседі. Өзінің педагогикалық көзқарасы: «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол жақсы көпке ортақ, пайдаң еліңе, халқыңа тисін» -деп өсиет еткен.

Көлемі кішкене, ал мағынасы жағынан мұхитпен теңдес Абайдың 45 қара сөзінің сыры тым тереңде жатыр. Осы сөздері педагогикалық, тәрбиелік маңызға толы. Мысалы, адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбие рөліне тоқтала келе, өзінің он тоғызыншы қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарына қосылады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді» -деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетіні жайлы өзіндік пікір айтқан.

Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»-деді. Абай «сүйекке біткен мінез сүйекпен бірге кетеді» деген көзқараспен келіспей, адам мінезі өмір барысынан сабақ алып, өзін қоршаған жағдайларға байланысты өзгеріске еніп, оның іс-әрекеттері арқылы көрінеді деген тұжырым жасайды.

«Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңмен өзің есеп ал»-дейді. Яғни адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай: «Адам баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі ақымақтық»-деп есептеген.

«Хакім» араб тілінен енген сөз, «данышпан», «дана адам», «әкім» деген ұғымдарды білдіреді. Абайдың пікірінше: «Әрбір ғалым - хакім емес, әрбір хакім - ғалым» -дей келе адам баласының ақыл-ой, данышпандығын баянды ететін қасиет ғылым екенін түсіндірген. Абай хакімдік қасиетті жақсы адамның бойынан іздейді. Хакімдік қасиетке ие адамның бойында ғылым мен білімге деген құлшыныс, ізденісі ерекше мол болады. Абай жырларындағы хакімдік қасиет туралы толғамдар әрқашан терең ойға жетелейді.

Қазіргі қазақ баласына ұлы ақын Абай шығармашылығын тереңдете оқытудың мәні мен маңызы аса зор. Қоғамда әлі дұрыс қалыптасып болмаған жастар, жаман мен жақсыны айыра білу үшін Абайды көбірек оқу керек. Оның үлгі етіп ұсынған адамгершілік, ар-ождан мәселелері қай қоғамда болмасын аса қажетті, адамды қиыншылықтан алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің өзгермес заңы.

Абай туралы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев былай деп айтқан: «Абай - біздің ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз». Абай бүкіл қазақтың ұстазы, ал

шығармашылығы әрбір қазақтың рухани әліпбиі ретінде мәңгілікке қалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сейсенбаева Ж.А., Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі.-Алматы:Санат,2011
2. Абай. Қара сөздер. Поэмалар.- Алматы: Ел, 1992.
3. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. - Алматы: Санат, 1997

**Абдуева Жазира** Орталық Қазақстан академиясы 2 курс студенті  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Глеубекова Б.Т.

#### **Д. ИСАБЕКОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

Көркем шығармадағы характер мен типтің даму диалектикасының әдеби теориясындағы қисындардың ешбірімен түсіндіріп беруге болмайтын өз логикасы болады. Характер мен тип тек осы логикаға ғана бағынады. Сондықтан бұлардың әдеби теориясындағы қисындар түгел кейде соларды жасап отырған құдіретті күш – суреткердің өзінің де «тілін алмай», жазушының о бастағы діттеген межелерінен ауытқып кететіні туралы көркемсөз иелерінің талайы шағына айтқан. Мысалы, Л.Н.Толстойдың Анна Каренинасы, о бастағы авторлық пайымдау бойынша, теміржол апатына ұшырауға тиісті болмаған. Жазушының айтуына қарағанда, Анна тіпті көзсіз махаббат құрбаны емес, бар болғаны сүйкімді, қылықты, жеңілтек сұлу әйел ғана болуға міндетті екен. Алайда, Каренина характерінің көркемдік даму тарихы кейін басқаша қалыптасқанын осы романды оқып шыққандардың бәрі біледі. Осылайша, сұлу әйелдің асау образы ұлы жазушының өзіне «бағынбай» мүлде басқаша өмір кешеді. Міне, характер логикасы дегеніміз – осы. Характер дамуының өз логикасы шығармадағы оқиғалар желісін – сюжетті ғана емес, көркем әдебиет туындысының тақырыбы мен басты идеясын да белгілейді. Ендеше біз де қазіргі заманғы қазақ повестерін талдау барысында бұл жайды айналып өте алмаймыз. Сондықтан енді қазіргі қазақ прозашыларының орта буынының қаламы қайратты өкілдерінің бірі Д.Исабековтың шығармашылығындағы характерлер мен типтердің даму логикасының диалектикасын зерттей отырып, қазіргі қазақ баяндарында бұл көркемдік проблеманың қалай шешіліп жүргеніне назар аударып көрейік. Жазушы өзін табандылықпен іздеді. Осы ізденіс оны «Сүйекші», «Тіршілік» секілді туындыларды жазуға итермелейді. Бұл туындылардың басты кейіпкерлері қоғамның әлеуметтік тепкісіне түскен «кішкентай» адамдар еді. «Сүйекшідегі» Тұңғышты да, «Тіршіліктегі» Киеван мен оның кемпірі Қажымкүлді де басқаша атай алмайсыз. Және бұлардың, қай-қайсысы да сондай бір ауыр тағдырлар. Ауырлығы сондай, ең алғаш олар туралы қандай итжанды бишаралар деп ойлап та қаласың. Тұңғыш байқұсқа ең ар жағы дұрыс кәсіп те бұйырмайды, ол ақырында о дүниеге де шағын қаланың мола қазушысы, сүйекшісі болып аттанады, тіпті ол да ештеңе емес-ау, кәсіптің аты – кәсіп, өз еңбегін адал атқарса, сүйекші болғанда тұрған не бар, әйтеуір өлілерді де біреудің қара жердің қойнына табыс етуі тиіс қой, иә, ең сорақысы о бейшара бұл дүниеден еркек болып жар, әке болып бала сүйе алмай кетеді. Тұңғышты білегі күшті жуандар адам баласының ең басты правосынан осылай айырады. «Сәлден кейін диуана таспадай тартылған жалғыз аяқ жолға түсіп, Тұңғыштың көзі көріп, құлағы естімеген түү алысқа сапар шегеді. Бір жусан мен бір жусанның арасында қыбыр-қыбыр етіп, ешкі сауым уақыт жүрген мына бір байғұс құмырсқа секілді ол да жер түбіндегі өтеніне өнімсіз қимылдай береді. Мейлі, қанша өнімсіз болсын, ерте жетсін, кеш жетсін, мейлі, әйтеуір өз от басына кетіп барады емес пе. Ал, өзі отырған төбенің қай жағына құларын да, кең дүниенің қай түпкірін де бетке ұстарын білмей, жер ортасы боп шөгіп қалған бейбақтың ендігі мақсаты, ендігі әрекеті, ендігі күйі не болмақ? Басына қандай күн туса да ебіл-дебіл еңіреп жылаумен ғана тынған, қайғырғанмен қабырғасы қайысып, ой толғауға ересі жетпей өскен Тұңғыш дәл осы сәт өз өмірінің қор өмір екенін, тіпті ес біліп, етек жапқалы диуанашылықпен келе жатқан мына диуана кемпірдің өзінен әлдеқайда бақытты екеніне алғаш рет ой жіберіп, бордай үгітілді» [1, 89]. Тұңғыш өз өмірінің мағынасыздығын түсінеді. Оның алдында енді барар жер, басар тау да, айқын кісілік мақсат та жоқ, тек күйреу, мына әділетсіз ғаламға қарғыс айтып, ана дүниеге аттанып жүре беру ғана қалған сияқты. Алайда ол өмірге қайта талпынады, қайта ұмтылады. Бір қарағанда, оның бұл ұмтылысы бойын тіршіліктің соқыр инстинкті ғана

билеген итжандылық сияқты. Шынында да, ол аландайтындай бұл дүниеде не қалды? Итжандылықтың да шегі болуы керек.

Рас, белгілі бір дәрежеде Тұңғышты алға сүйреуші тіршіліктің соқыр инстинкті болуы мүмкін, бірақ ол да адам баласы, саналы тіршілік иесі ғой, сондықтан ол қанша сорлы болса да бір ғана түйсікпен өмір сүре алмайды – сүйекшіні жетелеген басты күш адамдық үміт. Үміт – саналы тіршіліктің мәңгі сөнбес шырағы, ол сені өмір сүруге шақырады, міне, жазушының бізге айтар ишарасы осыған саяды. Сонымен егер «тақырып – әдеби шығармада сөз болатын мәселе, шығарма мазмұнының негізгі арқауы» [2, 193], ал «әдеби характер – кейіпкердің мінез бітімі, адамның бойына, психологиясына, қимыл-әрекеттеріне тән сан түрлі қасиеттердің бірігіп, біте қайнаған тұтастығын танытатын мінез-құлық өзгешелігі» [2, 45], тип, немесе «әдеби қаһарман – әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға» [2, 41] болса, «Идея – жазушының сөз болып отырған мәселелерге көзқарасы, қатынасы» [2, 102] екен. Реалистік әдебиеттің өкілдері нақ осы принциптерге табан тірей отырып, өзі суреттеп отырған дәуірдің панорамасын, заман шындығын ашады. Олар кез-келген характер мен типке ең алдымен белгілі бір саяси-экономикалық, тарихи-эстетикалық кеңістікте өмір сүріп отырған қоғамдық индивидум ретінде қарайды, сондықтан да сол қоғамның өндірістік қарым-қатынастарына, салт-дәстүрлеріне, моральдық, адамгершілік бейнесіне, сол моральдық, адамгершілік бейненің астарына жете мән береді. Осыларды жалықпай зерттеу арқылы тың характерлер мен типтер, соны көркемдік идеялар табады, сол тапқандарының негізінде болашақ шығармаларының тақырыбын, сюжеттік желісін, композициясын түзеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы.- А.: Қазақ университеті, 2003..
2. Қазақ әдебиетінің тарихы, 8-10 томдар.- Алматы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2000-2005 жж.

**Айтқұлова Алтыншаш** Орталық  
Қазақстан академиясы 3курс студенті  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Тлеубекова Б.Т

### **3. АҚЫШЕВТЫҢ «ШЫНАРДЫҢ ШЫБЫҒЫ» РОМАНЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ**

Көркемдік тәсіл – кейіпкерлердің кескін-келбетін, білік-бітімін мөлшерлеп кесіп-пішіп, жұтындыра жып-жылмағай етіп жіберетін қалт етпесе қалып емес, өмірлік материалдардың өзіндік ерекшелігі мен образдардың әр қайсысының даралық қасиетін танытуға қажетті, әр туындының тұла бойындағы, демек тұлғалардың да барша әрекеттеріндегі әрбір жылт еткен өзгерістері қаламгердің қалт жібермей қадағалап отыру нәтижесінде тиісті мезетіне оқырманға көрсетуіне мүмкіндік беретін құрал іспетті. Бұл ретте тәсіл, форма бөлшектерінің бір ролін атқарады десек те болатындай [1, 107-б]. Жалпы көркемдік тәсілдің қай-қайсысы да кейіпкер табиғатының жұмбақ сырларын ашу, сол арқылы шығарманың идеялық-көркемдік салмағын таныту, арттыру мақсатында қолданылады емес пе? Композиция құрамына не жатады? Оған баяндау, суреттеу, мінездеу, портрет, пейзаж, диалог, монолог, эпилог т.б. З.Ақышев романда осы аталғандардың бәрін болмаса да, біразын қолданған. Атап айтсақ, баяндау, портрет, диалог сирек те болса монолог, пейзаж. З.Ақышевтың романында көп кездесетіні баяндау. Баяндау деп-оқиға не образдар жағын кәдімгі қарапайым тілмен жеткізіп беруді айтамыз [2,95-б]. Мысалы, роман баяндаудан басталады.«Сыр бойы жайлайтын бүкіл қалың жұртты ашса алақанынды, жұмса жұдырығында ұстап отырған Тұрғанбай датқаның елін тұтқиылдан жау шапты. Суы күмістей сылдырлап аққан өзенді жағалай үш - төрт ауыл отырған. Орталарындағы сегіз қанат, алты қанат өңкей ақ боз үй датқаның ауылы.» [3,5-б]. Шығармада Үрміш өзінің өмірі жайлы айтуы, Кенесарыны хан сайлауы, Қоянды жәрмеңкесі, тағы сол сияқты көріністерді де автор көркемдікпен көмкерген. Осы баяндаудың өзі халықтың ертегілік дәстүрден қалған. Баяндау сол себепті жиі болады. Бұл баяндаулар әдемі сөздермен, боямалы суреттермен салынған және ұзаққа созылып зеріктірмейді. Шығармада болмай қалуға мүмкіндігі жоқ, бірақ көп орын кетпесе екен деп қауіптеніп отыратын нәрсе-суреттеу. Суреттеу-әрекет тоқтаған жердегі нәрсенің өмірін көрсету, бейнелеу немесе екі әрекеттің арасының қалай

жалғасқанын аңғарту, елестету [3,97-б]. Ал, енді осы суреттеу аталған романда қандай? З.Ақышев суреттеуді өте аз қолданған. Осындай бірқалыптылықты суреттейтін кейбір жағдайда жазушы ол суреттемелерге баяндаулар қосып, шығарманы әрлендіре түседі. «Шілденің аяқ кезі болатын. Жер жүзі түкті кілемдей жайнап тұр.

Көркемдік ізденістің негізгі бір бөлшегі-портрет. Сонда портрет дегеніміз не? Портрет-мнездеудің заттың нұсқасы, бөлшегі деуге болады [3, 107-б].

Портрет міндеті - жазушы бермекші болып отырған образдың адам танымалығын емес әсерлігін арттыру. Иманжүсіп сымбатты, ақылды, өнерлі, беделді қандай жаудың болса да алысуына да, айтысуына да татитын образ. Соны шығармада былай суреттейді. «Күйгенжар жақтан бір топ адам көрінді. Бұл Иманжүсіп. Жанында Жексен, Қаратай, Өтеп бар. Иманжүсіптің астындағы Көкмойынның ұзындығы да, биіктігі де бір жарым жылқыдай. Иманжүсіптің өзінің бойы да үш кез. Салмағы алты пұт. Оны көбісінде жылқы көтере алмайды. Мінетін аты Көкмойын, Нұрым қара, Алақұйын, Жексен мен Қаратайдың астындағы торы ала ат пен көк ала айғыр Көкшойынға қарағанда қысырақтың үйіріндегі тай құнандай көрінеді. Композициялық көркемдік тәсілдің бірі-пейзаж. Пейзаж-шығармада кездесетін табиғат суреті, ондағы далалық, шаһарлық түрлі көріністер. Шығармада көркемдік суреттермен пейзаж орналасып отыруы-ол туындыға әдемілік көрініс береді [4,114-б].

Пейзаж да әр қаламгер творчествосында әр алуан сипатта суреттеледі. Көп нәрсе жазушының көркем дүние танымдық бағдарына, талант ерекшелігімен байланысты [5, 47-б] «Сол жылы күз жаңбырлы болды. Ол келіп қарашаның қара суығына ұласты да, өзә де тозығы жеткен жыртқық шекпен тәрізді жұқалаң жұртты қалтыратып жіберді. Қар да ерте түсті. Жердің тоңы жарты кез. Шұрайлы жердің шүйгінине Құтпан малының тісі көп жылдан тиген емес. Жаздың өзінде ақ тұяғы құрттап қарыс жер ұзап шыға алмай, жатып оттап, терісі сүйегіне жабысып қалған тоқты торым, кәрі саулықтар әр шидің түбінде, әр қамыстың арасында алғашқы суықты көтере алмай, өліп жатты» [1,249-250-б]. «Қаңтардың бас кезі еді. Үскірген аяз, Есіл жақтан соққан үскірік жел бет қаратпайды» [1,259-б] Үзінді де келтірілген үскірік, ызғар жайсыз әсерді бейнелейтін тәрізді. Бұл пейзаж Иманжүсіптің бес жылға жер аударылуын аңдататын эпизод қызметін атқарып жүр. Диалог-кез-келген шығармада ұштасатын, жиі пайдаланатын тәсілдің бірі. «Диалог-екі адамның сөйлесуі». Кейде ол жерде үш-төрт адамда болып кетуі мүмкін. Диалог сюжеттің жеткен жеріне былай қарай оны дамыту қажет және ол диалогта айтылған ой сюжетте берілген ойды қайталамай оны ілгері дамытуды немесе қосымша оған ой беруі қажет.

Иманжүсіп Құтпанұлының кім екенін, оның әндерін көп ешкім біле бермейді. Міне, сол ардақты азаматымыздың халыққа танытқан бірден бір құнды дерек З.Ақышевтың «Шынардың шыбығы» романы. Сондықтан бұл шығарманы қаһарманның іс-әрекетін, күресін сол кезеңдегі халықтың тұрмысының шынайы бейнесін әдеби, тарихи тұрғысынан алып қарағанда қазақ әдебиетінде өзіндік алатын орны бар деп айтуымызға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ыбырайымов Б. «Көркемдік көкжиегі». Алматы. Жазушы, 1989.
2. Байтанаев Ә. «Шын шеберлік». Алматы. Жазушы, 1989.
3. Ақышев З. «Шынардың шыбығы». Алматы. Жазушы, 1987.
4. Иманжүсіп. Алматы. Қайнар, 2001.
5. Майтанов Б. «Көркемдік нәрі». Алматы. Жазушы, 1983.

**Әспен Нүргүл**, ҚҚЭУ, МО-33 к  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., доцент Жукеев Т.Б.

### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ**

Қазақ халқының қол өнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Оның бір ұшығы туысқан Орта Азия халықтарының және орыс халқының қол өнерімен де ұштасып жатыр. Қол өнерінің басты бір саласы — [киім](#) тігу. Ерте [заманнан](#) күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қол өнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз

емес. Олардың кейбіреулерін ескінің көзі қарттар күнделікті киіп жүрсе, енді біреулерін [қыз ұзату](#), келін түсіру тойларында ойын-сауыққа пайдаланады (қалыңдыққа [сәукеле](#) кигізу) , сондай-ақ көпшілігі театрлардың арнаулы заказы бойынша тігіліп жүр. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше өзіндік қасиетке толы. Мұның басты себебі қазақ халқының табиғат төсінде өсіп, еркін ғұмыр кешуімен байланысты. Өткен ғасырлардың өзінде-ақ киіміне қарап адамның ұлтын ғана емес, сонымен қатар оның қандай дінді ұстанатындығын, қала адамын ауыл тұрғынынан, бойжеткенді жас келіншектен айыруға болатын еді. Мұндайда тарихи деректер, саяхатшылар жазбалары, көне сызба-суреттер сыр шертеді.

Қазақтың ұлттық киімдерінде оның этникалық тарихы мен экономикалық, әлеуметтік және табиғи ортаның ерекшеліктерінен туындайтын көне дәстүрлері сақталған. Олар пайдалану, қолдану ерекшеліктеріне байланысты күнделікті және сәндік киімдерге, жыл мезгілдеріне қатысты қыстық, маусымдық және жаздық киімдер болып бөлінеді. Қазақтың ұлттық киімдерін жас пен жыныс ерекшелігіне қарай: сәби, бала кездегі киімдер, жігіт, қыз боз бала дәуірінің киімдері, орта жас, сар кідір кезеңдегі киімдері деген сияқты түрлерге жіктеуге болатындай. Сондай-ақ қандай кәсіби салаға қатыстылығына қарай - жұмыс киімдері, бір киер сәндік киімдер, үй киімдері, іш киімдер, сырт киімдер, аңшы, малшы, басшы, жауынгер киімдері деп те бөлінеді. Жыл мезгіліндегі тұтынысына қарай жаздық, қыстық, күз-жазғытұрымғы (демисезондық) киім деп ажыратылады. Адамның дене мүшелеріне сәйкес бас киім, ұлы дене киім, аяқ киім деп жіктеледі.

Сондай-ақ қазақ халқында қалыптасқан дәстүр бойынша әр рудың, әр қоғамдық жіктің, кәсіп иелерінің киім киюінің өзіндік ерекшеліктері сан алуан. Мысалы: сал-серілердің, қожамолдалардың, байлар мен билердің, баксы-балгерлердің, кедей шаруалардың, аңшы-саятшылардың т.б. киімдері бір-біріне мүлде ұқсамайды. Осындай ерекшеліктерді бас киім кию дәстүрінен де байқауға болады.

Киім тақырыбына қалам тартқан этнограф С.Қасиманов қазақтың киімін сипатына қарай іштік, сырттық, сулық, бір киер, сәндік және кейбірінде салтанат ғұрып киімі деп бөледі. Бір киер киім деп қымбат маталардан әшекейлеп тігілген, той-думандарға, жиын-топтарға барғанда, өзге елге сапарға шыққанда киетін сәнді киімдерді атаған. Қазақ салтында ер жігіт егеске түсерде, соғысқа барарда киімдердің ең жақсы көрнектісін киген. Іштік киімдері - көйлек, дамбал, желетке, қамзол, кәзекей, сырттық киімдерге - шапан, күпі, кеудеше, тон, шидем, сулық киімдерге— шекпен, қаптал шапан, кебенек, кенеп, сырттық жатады.

Қазақтың ұлттық киім үлгілерінің көшпелі тұрмыс пен құбылмалы ауа райына бейімделе дамуына көрші халықтармен арадағы мәдени-экономикалық байланыс, шаруашылық-мәдени тип, тіршілік қамы мәдениеті әсер еткендігі сөзсіз.

Жас қыздар бүрмелі етектегі көйлек, бешпет, қамзол, қынама бел киімдер киеді. Бастарына үкі кепеш, аяқтарына мәсі, оюлы кебістер киген. Бойжеткен қыздар кәмшат бөрік киеді, сәндеп өрнектеген ақ шыт тартады.

Тұрмысқа шыққан қыздар алғашқы жылы сәукеле, күнделікті өмірде желек киеді де, балалы болған соң сәукелесін тастап, шылауыш орамал жамылады. Жас келін деп үлкен кісілерді көрген кезде бетін желегімен көлегейлеп жүреді, бұл иба көрсеткені. Әлеуметтік мәртебесі бекіп, бірнеше балалы болған соң кимешек шылауыш киеді. Кимешекті қызыл жіппен шым кестелеп кесе күйеуі барлығын, ал ақ жіппен жай ғана су тартып кесе жесір әйел екендігін көрсетеді. Шылауышты кимешектің үстінен тартады. Әйелдер тері бұлғары мәсі-кебіс, қыста қозы елтірісінен ішік киеді. Елтірі ішік ақ, қара, күрең болады.

Әйел киімдерінің қазақ елінің бәріне мәлім ортақ түрлері: көйлек, кимешек, жаулық, сәукеле, желек, тақия, қамзол, кәзекей, кебіс-мәсі, көкірекше сияқты заттар. Әшекей, ажар жағынан қыз бен келіншек киімдері, орта жастағы әйелдер мен қарт бәйбішелердің киімдері деп төрт топқа арналып тігіледі.

Қазақы киімнің барша сымбаты мен ою өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі бар. Ол - біздің [ұлттық](#) мәдениетіміз. Ендеше, жоғарыда аталған қазақ халқының ұлттық киімдерінің бірнеше түрін атап, олардың мағынасы мен түсінігін ашайық.

**Бас киім.** Қазақ қауымының әдетінде ер мен әйелдің бас киімі де әр баса. Ерге тән бас киімдер: тақия, бөрік, тымақ, құлақты бөрік (құлақшын), қалпақ, шалма, шытқұлапара (башлық), жалбағай. Оларды теріден, [ан тері](#)лерінен, тыстық маталар сырып тігеді. Әйел бас киімдері: кимешек, жаулық, күндік, шаршы, сәукеле, желек, шәлі бүркеніш, бергек т. б. Бұлар



көбінесе іштік жеңіл матадан, ал қатипа тақия, құндыз бөрік, шошақ бөріктер ең қымбатты аң терілерінен тігіледі.

Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Қазақтың «дос аяғыңа қарайды, дұшпан басыңа қарайды» дейтін мақалы осы жайдан қалыптасқан. Сол сияқты сыпайылық көрсеткенде, біреуден біреу кешірім өтінгенде, аяққа жығылғанда бас киімді шешіп немесе бөрігін аяқ астына тастап аң ұру да осы бас киімді қастерлеуден туған. Қысқы, жазғы бас киімдер бір бөлек, той жиындарда, жорықтарда киетін бас киім бір белек болып түрліше тігілетін. Тымақ пен бөрікті көбінесе мәриден, елтіриден, сеңсеңнен, лақ терісінен, пұшпақтан т. б. [мал тері](#)лерінен жасап тыстайды, арасына [жүн](#) салып сыриды. Қыстыгүні киетін түлкі терісінен жасаған тымақты барқыт, пүліш, атлас, шұға сияқты жылы, әрі қымбат маталармен тыстаған.

**Жекей тымақ** — жаз бен күзде киетін әрі сәнді, әрі жеңіл елтірі тымақты айтады. Жекей — сәнді деген сөз. Жекей тымақты дүрия, шағи сияқты жібек маталармен тыстап, кейде оның артқы етегін көтере түріп, кейде алдыңғы бір жақ құлағын алға келтіре әнтек шекеге салып киетін.

**Тақия** – ерлердің жеңіл бас киімі . Тақияның түрлері көп. Биік төбелі, тегіс төбелі және үшкір төбелі тақия. Ерлер киетін тақияда теңге, моншақ, ғана болмайды. Оның есесіне олар «мүйіз», «ат ерін», «шырмауық» сияқты өрнектермен кестеленеді, машинамен, қолмен «таңдай», «ирек», қабырға тігістерімен әдеміленіп сырылады. Тақияны пүліштен, қыжыман ал астарын жібек, сәтеннен тігеді. Биік төбелі тақия мен тегіс төбелі тақияның тігілуі бірдей. Ал үшкір төбелі тақияны тіккенде оның етегін жалпақтығын үш елі дей етіп тік төрт бұрыш етіп қиып алады. Оның төбесі үш бұрыш формалы төрт не алты сайлан құралады. Алдымен оларды тігісін ішіне қаратып құрайды да, одан соң сайлардың етегін тақияның етегіне қондырады. Тақия мыжылмай өз формасын сақтап тұру үшін оның астары мен қос астарын беттестіріп жиі етіп сыриды. Одан кейін тысын жауып, шетін басқа түсті матам ен әдіптен көмкереді. Сайлардың және тақияның төбесі мен етегінің қоспа тігістері білінбеу үшін сол тігістерді бастыра жібек жіппен әдемілен шалып тігеді. Қазіргі кезде жергілікті кәсіпорындар әр түрлі тақия жасап шығарады. **Тақияның** үлгілері мен атаулары көп екендігі мәлім. Етегі аласа, төбесі төрт сай болып келетін кестелі шошақ тақиялар оңтүстікте көбірек кездессе, аласа етектегі, төбесі киіз үй сияқты тегеріш тақиялар орта жүзде көбірек кездеседі. Ал жалпақ төбелі, етегі биік тақия мен тостаған сияқты қаптама тақиялар кіші жүзге тән. Ерлер киетін тақияда теңге, моншақ, тана болмайды. Оның есесіне олар [«мүйіз»](#), [«атерін»](#), [«шырмауық»](#) сияқты өрнектер мен кестеленеді, қолмен «таңдай», «ирек», «қабырға» тігістерімен әдеміленіп сырылады. Кейде ақиллардың дәл төбесінде сол матаның езінен істеген түіртпек шошағы болады. Оған бозбалалар, салдар, [күйеу](#)лер ашақ, үкі, күлте, шоқ тағып сәндеп киеді.

**Айыр қалпақ** - ерлердің киізден тігілген жеңіл бас киімі . Айыр қалпақ жұқа етіп басылған ақ киізден тігіледі . Ол негізгі екі бөліктен құралады. Олар — қалпақтық төбесі және етегі (кейде қайырмалы деп те айтады). Қалпақтың төбесі төрт сайдан (бөліктен) тұрады. Шеберпішілген төрт қиынды киізді арасына қара барқыттан сыздық салып, қайып тігеді . Сонда қалпақтың төбесі күмбез тәріздес болып шығады. Қалпақтың етегі жалпақтығы төрт елідей етіп, дөңгелектеп қиып алынған ақ киізден жасалады да, оны жоғарғы бөліктің (төбе) етегіне сыздық салып қондырады. Сәнді болу үшін, қалпақтың қайырмасының астыңғы жағы кейде қара барқытпен көмкеріледі . Қалпақтың төбесіне қара не басқа түсті шашақ тағын, төбесінің төрт сайы әр түрлі жібек жіптермен кестеленеді . Ақ киізден тігілген айырқалпақ әрі жеңіл, әрі салқын, әрі сәнді болып келеді . Соңғы кезде жергілікті өнеркәсіп орындары айыр-қалпақты әр түсті киізден жасап шығарып жүр.

**Құлақшын** - ерлердің баскиімі. ("Бұлғын, құндыз, жанат, түлкі, қарсақ, суыр т.б.") аң терілері мен бұзау, қозы- лақтың бұйра терісі (*елтірі*) сияқты үй жануарларының терілерінен тігіледі. Төбе жағы екі түрлі тәсілмен пішіледі. Бірнеше сайдан тұратын үшкіл, етек жағы тік төртбұрышты болып келген немесе етек жағы қусырылып тігіліп, оған дөңгелек төбе қондырылған түрі. Теріге өлшеп пішіліп астарының арасына жүн, мақта салып, сырып тігіледі. Сыртын терімен тыстап, қалыпқа кигізіп, керіп қояды.

**Тымақ.** Қазақта тымақтың түрлері көп, соның ең бағаласы – түлкі тымақ. Оның маңдайы мен құлақтарының ішкі жағына түлкі терісі тігіледі де, сырты мақпалмен, пүлішпен немесе басқа асыл маталармен сырылып тысталады. Тымақтың төбесі төрт немесе алты сай (бөлек) үшкіл (үш бұрышты) киізден құралып, шошақ болып келеді.

**Әйелдердің бас киімдері** де бірнеше түрге бөлінеді. Олар: тақия, бөрік, орамал, жаулық, кимешек, күндік, сәукеле, желек, шәлі, бергек, қарқара және т.б. Қазақ ғұрпында ердің де, әйелдің де бас киімсіз жалаңбас жүруі ерсі саналған. Әсіресе әйелдер жалаңбас жүрмейтін.

**Кимешек** – жасамыс (егде) әйелдер киетін бас киім. Ол өн бойы көкіректі жауып тұратын тұтас матадан тігіледі. Ақ матадан бет жағы ойылады. Жағы, өңірі оқаланып кестеленеді. Төбесіне сәндік үшін шылауыш немесе күндік сияқты ақ мата оралады.

**Бөрік** - қазақтың ертеден қалыптасқан ұлттық бас киімі, оны бағалыаң терісінен және жас төлдің- етірісінен тігеді. Оның жаздық және қыстық түрлері болады. Терінің түріне қарай бөрік әр алуан аталады. Құндыз бөрік, сусар бөрік, кәмшат бөрік, жанат бөрік, түлкі бөрік, елтірі бөрік, т.б. деп аталады. Оны ерлер де, қыздар да киеді. Бөріктің төбесі көбінесе алты сай (қиық), төрт сай болып келеді. Оны тіккенде алдымен өлшеп алып, жұқа киізден төрт не алты сай етіп пішеді. Әр сайдың төбеде түйісетін ұштары бұрыш тәрізді, етек жақтары тік төрт бұрыш болады. Осы қиындылардың бір бетіне шүберектей астар, екі арасына жұқа матадан бидай шүберек салып, жиі етіп сыриды. Одан соң жеке-жеке сайларды біріне-бірін ебістіріп ішінен де, сыртынан да жермен тігеді. Оның сыртын асыл матамен (барқыт, пүліш, қамқа, т.б.) тыстайды. Бөріктің іші сай болса, оның тысы да сонша сай болады. Бұдан кейін бөріктің төбесінің етегін жай матамен астарлан тігеді де төменгі жағын төрт елідей терімен (қылшығын сыртына қаратып) көмкереді. Бұрын қыздар киетін төбесіне үкі, жібек шашақтағын, зер жіппен, жібек жіппен кестелеген, меруерт, маржан тізбелер, алтын, күміс түйме қадаған. Кейде бөріктің етегін жауып тұратындай етіп айналдыра зер не жібек шашақтар ұстаған. Бөрікті қазақ халқы сияқты қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, татар, ұйғыр т.б. халық тарда киеді. **Бөрікті** де әр түрлі үлгіде [қозы](#), [қой](#), [түрлі аң терілері](#)нен тігеді. Бөріктің түрмесі кейде жалпақ, кейде жұмыр етіліп жасалады. Ал оңтүстік аймақтарда қой терісінен тігілген түрмесі үлкен бөрік киеді. Бөріктің неғұрлым жүнді де жылы түрлері Орал, Гурьев жағында жиі кездеседі. Жетісу, Семей, Өскемен жағында жалпақ және биік түрмелі үлгілері кеп. Бұрын ақын, әнші, сауыққой салдар мен өнерпаз жастар өте сәнді тігілген шошақ төбелі құндыз бөрікке [үкі](#) тағып киетін.

Олай болса келесі кезекті мына киімдерді талдауға берсек.

#### **Жарғақ шалбар.**

Иленіп, әбден өңделген жұқа теріні қазақтар «жарғақ» дейді. Қызғылт түске боялып, түрлі-түсті өрнек салынған жарғақ теріден тігілген шалбарды «жарғақ шалбар» деп атаған. Бұл сәнді киімді кезінде батырлар, бектер мен билер, сал-серілер салтанатқа киген.

#### **Саптама етік.**

Қонышы тізені жауып тұратындай ұзын, табаны қалың сіріден оң-солы жоқ, тұзу болып тігілетін аяқ киім. Оны киіз байпақпен киеді. Қысқы күнгі аязда ат үстінде жүргенге жылы, әрі қолайлы.

#### **Байпақ.**

Жылылық үшін етіктің, мәсінің ішінен киетін киізден тігетін аяқ киім. Қыста киетіп байпақтық киізі қалың, ал жазда киетін байпақтың киізі жұқа болады. Байпақ тігудің екі тәсілі бар. Оның бірі .табанын бөлек салып ұлт арып тігу; екіншісі, тұтастай қусырып тігу. Байпақтық тігісі аяққа батпау үшін оны сыртынан тігеді . Тігуге түйе немесе қой жүнінен иірілген шуда жіптіп айдаланады. Жүннен тоқылатын байпақтардың қонышы қысқа болады. Ерте кезде оны шұлғау орнына киіз байпақтың ішінен кию үшін де пайдаланған. Қазіргі кезде бәтеңкенің, қысқа қонышты етіктің, мәсінің ішінен киеді. Байпақ түйежүнінен, қой жүнінен, ешкінің түбітінен тоқылады. Мұндай байпақтар әрі жылы, әрі жеңіл әрі жұмсақ болады.

#### **Мәсі.**

Аяқ киімнің бір түрі , оны былғарыдан, шегіреннен, құрамнан тігеді. Мәсінің сыртынан кебіснеластық (галаш) киіледі. Көбінесе мәсінің қойыпты астарланып, көмкеріледі. Ал ұлт айы жалаң қабат болады. Ол тарамыспен ішкі жағынан жөрмеп немесе жара шаншыл өбістіре тігу арқылы ұлтарылады. Етікші мәсі тіккенде ең алдымен мәсінің басын, қонышын жұқа былғарыдан, ұлтанын қалың былғарыдан пішіп алады. Одан соң тігісін ішіне қаратып, басын қондырады. Осыдан кейін мәсінің қонытын тігеді. Мәсінің қонышын қусырғанда тігістің арасына жіңішке сыздық салады. Мәсі — әрі жеңіл, әрі жұмсақ аяқ киім. Ол әсіресе тазалық үшін аса қолайлы. Соңғы жылдары жергілікті көсі порындар мәсіні көптеп шығаратын болды. Аяқ киімнің бұл түріне деген сұраныс жылдан-жылға көбейе түсуде.

#### **Шапан.**

Қазақстан мен Орта Азия халықтарының ұлттық киімі . Оны қалың адам арасына жүн, мақта салып, астарлан немесе қос астарлан сырып тігеді. Ол негізінен тік жағалы, ішінара қайырма жағалы да болады. Шапан: сырмалы шалан, қаптал шапан, қималы шапан деп бөлінеді. Қызкеліншектерге арналған қималы шапанды түрлі-түсті масатыдай тігіп, жаға-жеңіне, етегі мен екі өңіріне зер ұстайды. Түйме орнына асыл тастар орнатылған күміс қапсырма (ілгек) тағады. Қазіргі кезде түрлі-түсті масатыдай екі өңірі мен жеңі кестеленген немесе зер ұсталған жадағай (арасына жүн, мақта салмай) шан айдар тігіліп сатылады. Қазақ халқының арасында сыйлы адамдарға сыйлық ретінде шапан кигізу дәстүрі кең тараған.

#### **Қамзол.**

18- 19 ғасырларда қазақ халқы арасында кең тараған ұлттық киім. Қамзол туралы мәліметтер 19 ғасырдың ортасынан бастап кездеседі. Қамзол тек қазақта ғана емес, басқа да түркі елдерінің киім үлгілерінде кездеседі. Әйелдер киімінде қамзолдың орны ерекше, ол әрі жылулық, әрі сәндік міндеттерін атқарады. Қамзолдар астарлы, жеңсіз жеңіл жаздық киім. Етектері мен жағалары тас, оқа, күміс тиындарымен (*сөлкебай*) әшекейленген, бұйымдар қадап, әртүрлі әткеншектер ілінген.

#### **Киіз етік**

Қыстыгүні киетін қысқыаяқкиім. Оны киізді қалыпқа салып басып шығару әдісімен жасалады. Етіктің басы мен қонышын бөлек, екі бет етіп пішіп алып, тігістіктеріне былғарыдан немесе жақсы иленген қайыстан сыздық салып отырып қайып, қусырып тігеді. Етіктің басын былғарымен қаймалайды, қонышын жұқа былғарымен оюлап көмкереді. Өкшелігіне сірі салып бүрмелеп, сыртын, басының үстіне өрнектеп қайып тігеді. Киіз етіктің де басын былғарымен жұлықтайды. Басына қалып салып отырып, табандығын бүрмелеп, былғары ұлтаракша салып, ұлтан, өкше қағады. Киіз етік аяз тартпайды, өзі әрі жұмсақ, әрі жеңіл, әрі сәнді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Арғынбаев Х. А. Қазақ халқының қол өнері. Алматы: Ғылым, 1987. 210 б.
2. Басенов Т.К. Орнамент Казахстана в архитектуре. Алматы: Жазушы, 1957. 167 б.
3. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. -Алматы: Жазушы, 1992. 198 б.
4. Захарова И.В., Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда: XIX - нач. XX в. - Алма-Ата: Наука, 1964. 147 б.
5. Раимханова Г.Н. Ата кәсіп (Этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақстан, 2001. 259 б.

**Асылхан Меруерт** Орталық Қазақстан академиясы 3 курс студенті  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Тлеубекова Б.Т.

### **ІЛІЯС ЕСЕНБЕРЛИН РОМАНДАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ БЕЙНЕЛЕР**

Есенберлиннің нағыз жазушылық орнын белгілеген шығармалары — "Қаһар", "Алмас қылыш", "Жанталас" атты тарихи романдары. Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі. Жазушы өзі айтқандай: ««Көшпенділер» триологиясын жазуды мен 1945 жылы ойлағам, бірақ 1960 жылы ғана жұмысқа кірістім. Ұзақ созу себебім, тарихи мағлұматтар нақтылықты талап етеді». "Алмас қылыш" романы — XV ғ. оқиғаларынан аса көп мағлұматтар бере алады және ол оқиғалардың жылнамалық реті сақталған. Сол себепті де оны роман - хроника деп атауға болады. Роман - хроника болғандықтан, онда көптеген тарихи оқиғалардың тізбегі басым келуі — жанрлық заңдылық. "Алмас қылыш" романында Дешті Қыпшақтың (бұрынғы қазақ елінің бір атауы) қаһарлы ханы Әбілхайырдың кезінде қазақ руларының қазақ хандығы қол астына топтасуы, бір жағы — Әбілхайыр, екінші жағы — Жәнібек, Керейлердің тақ пен тәж үшін таласы, хан ордасындағы шытырман оқиғалар, алдау мен зорлықтар тізбегі баяндалған.

Романның басты идеясы — қазақ руларының бірлесуі, бір хандықта ынтымақ құру мәселелері. Шығармада басты қаһарман Әбілхайырдың, сондай-ақ Жәнібек, Мұхаммед Шайбани, Бұрындықтардың, тағы басқа тарихта болған қайраткерлердің бейнелері жасалған[1].

Автор олардың күрделі тұлғаларын бойындағы қайшылықтарын ашып көрсету береді. Мәселен, Әбілхайыр, бір жағынан, айлакер, ақылды айбарлы ел басшысы болса, екінші жағынан, өз мақсаты жолында ешбір арамдық, азғындықтан тайынбайтын мейірімсіз, қандықол. Оның жүздеген жылдарға созылып, әріден келе жатқан Шыңғыс ханның үрім-бұтағының озбырлық саясатын жалғастырушы екенін де автор жасырмайды, хан екен деп, орынсыз дәріптемейді. Қалың әлеумет адамдары да романның басты идеясын ашуда елеулі қызмет атқарады. Мәселен, Асан Қайғының Бердібек пен Әбілхайырға айтатын қатал сын сөздері, Әбілхайырдың Керей мен Жәнібек елін шабам деген екпінінің қол астындағыларының қолдамауынан су сепкендей басылуы сияқты көріністер бұған айғақ. Мұнда халықтың жақсы қасиеттерін бойына дарытқан Қобыланды, Қазтуған, Саян, Орақ секілді кейіпкерлер романның идеялық жүгін едәуір көтеріп тұр. Мәселен, Қазтуған мен Қотан ақындардың айтысы арқылы роман бүкіл қазақ даласының тарихи көрінісін, шежіресін береді, халықтың сан ғасырлық өмірін, күрестерін, олардың сыры мен сипатын айтады. Трилогияның "Қаһар" атты кітабында І. Есенберлин XIX ғ. 30-40 жылдарындағы Кенесары Қасымов бастаған Ресей отаршылдығына қарсы қозғалыстың жай-күйін әңгімелейді. Мұнда жазушы жұртқа бұрыннан белгілі тарихи оқиғаларды тізе отырып, ондағы адамдардың күйініш-сүйінішімен, арман - өкінішімен, мұратымен, кейіпкерлер тағдырымен байытып көрсетеді. "Қаһарда" қазақ даласында тәуелсіз хандық орнатуды мақсат еткен Кенесарының қол жиып күреске шығуы, тәуелсіздік үшін күресті қолдамаған сұлтандарға және патша бекіністеріне шабуылы, Кенесарының билікке қол жеткізу үшін патша өкілдерімен келіссөздер жүргізуі, талабы өтпеген жерлерде халық қанының төгілуімен есептеспей, күш қолданылатын істерге баруы баян етіледі. Осы жолдағы ханның қаталдығы, елдің күйзеліске ұшырауы, Кенесары дұшпандарының ұйымдасқан іс-әрекеттері, сан алуан адам мінездері көрсетіледі. Бір отаршылдан екінші отаршылдың артықтығы жоқ екені, бәрінің көксеген мүддесі қазақ елін бөлшектеп бөліп, әлсіретіп, қансыратып, талан-таражға салу, өз билігін жүргізу екенін жазушы ашып көрсетеді. Мәселен, Қоқан, Хиуа хандықтарына ұзақ уақыт тәуелді боп тұрған оңтүстік қазақтарының ауыр жағдайы, Ташкенттің құшбегі Бегдербектің жәрдем сұрап барған Есенкелді, Саржанды қасындағы нөкерлерімен бірге опасыздықпен өлтіріп жіберетін суреттер тарихи шындықтарға негізделген. «Көшпенділер» трилогиясы — партиялық идеологияның қылышынан қан тамып тұрған уақытта дүниеге келген шығарма. Ол кезде мұндай шығарманы жазбақ тұрмақ, қазақ халқының ертеректе өмір сүрген артында мол мұра қалдырған, елім деп еңіреген, ел үшін, жер үшін мерт болған батырлардың, хандардың, шешендердің атын атаудың өзі, олар жөнінде әңгіме қозғаудың өзі қиын еді, қауіпті еді. Ал Ілияс Есенберлин осының бәрін біле тұрып қазақ халқының өткен тарихын бейнелейтін, тарихтан мол мағлұмат беретін бір кітап емес, бірнеше роман жазып, оқырманға ұсыну жай ерлік қана емес, талантты жазушының саяси жеңісі еді. Қазіргі уақытта Есенберлин еңбегіне табынушылар көп болғанымен өткен уақытта олай болмады, сынаушылар да, көре алмайтындар да жетерлік еді. Біреулер Ілияс ағаның жыл сайын жаңа еңбек, жаңа роман шығаратынын сынға алса, ал енді біреулерді оның тілдік стилистикасы мазалайтын, ол жазушының өзінде толғандыратын, бірақ жазушыны шынымен ойға салып, қинайтын ол емес еді. Жазушы келер ұрпаққа қалдыратын ілімін ойлады. Алла сыйға берген уақытында туған халқының тарихы мен тарихтағы орнын, ұлы тұлғалардың тағдырын, халқының, елінің басынан өткен қиын қыстау кезеңдерін көрсеткісі келді. «Көшпенділер» қазақ халқының, ұлттық тарихының бастау көзі беріде емес, әріде жатқандығына жөн сілтеді. Бүкіл бір халықтың өмір - тарихы ұмытылып бара жатқандығын еске сала отырып, оған кінәлі — коммунистік саясат екендігін ашып айтпаса да, өмір ағысы басқа арнамен ағып бара жатқандығын, тарих беттері бұрмаланғандығын көркем тілмен бейнелеп берді»[1].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тоғысбаев Б., Сужикова А. «Тарихи тұлғалар»
2. Исиналиев М. И. О книге «Штрихи к портретам»
3. Есенберлин І. «Көшпенділер» трилогиясы

## Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІ

Ақбілек романының негізгі идеясы әйел бостандығы тақырыбына жазылған әйел бақыты туралы қалам тартқан қазақ авторының сол тұстағы жеке адамның әлеуметтік, тарихи сипатын анықтайды. Сондай-ақ адам тұлғасымен қоса сол кезеңдегі қазақтың тұрмыс-тіршілігі, адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынасы, ел мен жердің келешек өмірге деген наным-сенімдері жайында суреттеледі. Соның ішінде тілге тиек етер қазақ қыздарының қазақ дәстүрін жадында ұстап, инабаттылығын, қыз ұяндығы, ар-ожданын жоғалтпауға, намысын биік ұстауға мәдениеттілік сияқты адами қасиеттерді үлгі етіп алғанын аңғарамыз. Романда ақынның өзіндік қолтаңбасы мен даралық сияқты ерекшеліктерінен өмір тәжірибесінің байлығы, мол материал мен дерек көздері, идеялық - эстетикалық тәсілде табиғи өріс алуы, алыс-жақын шетелдердің әдеби, мәдени мұраларымен халық әдебиетін, ондағы ақындық, шешендік сияқты шеберліктерді терең меңгеріп, жүйелі жүзеге асырғанын байқай аламыз. Бұдан түйін Ж.Аймауытовтың шығармашылық мұра-мирасында:

- әлеуметтік мәселелерді өткір көтеріп қозғайды.

- шығарма кейіпкерлерінің өмірі жайында терең жан-жақты сөз етіледі.

- сол замандағы адамдардың өмірін романындағы кейіпкердің өмірімен, кескін-келбетін уақыт сырына сай суреттейді [1.220-б]. Бұған дәлел: «Мамырбайдың Ақбілегі, Ақбілегі - жас түлегі, айы-күні, жалғыз қызы, алтын сырға шолпы сыдырлатып, ақ көйлегін көлеңдетіп қызыл - жасыл көрпелерін қағып үйге әкелген еді» [2.147- б] дейді. Романда Ақбілектің өзінің жанашыр жаны апасынан айырылып,кәпірлердің қолында кететін жері айқын суреттеледі. «Үні шықса, Ақбілектің жаны қабат шығады ғой,құшырлана тістеніп, ышқына ыңылдағаннан басқа дыбыс бермеді. Лақ қамаған балаға ұқсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғайдай торға ілінді. Сонда да есінен танбады!

- Апатай - ай деген жан дауысы таудың баына барып шақ еткендей болды [2.150-б]. Ақбілек трагедиясы, бүкіл халық трагедиясының бір ұшқыны ретінде көрініс тапты. Ақбілекті ақ солдаттардың алып қашып кетуі, оны кара мұртты офицердің әйел қылып ұстауы,бір қыздың ғана емес, бүкіл елдің ұлттық намысына тиетін ауыртпалық. «Ақбілек» романының бүкіл тақырыбы мен идеясы осыған тіреледі. «Ақбілек есі кіріп, көзін ашса, алты сырықтың басын бүріп киіз жапқан кішкене қоста өңшең серейген, быркыраған, жат киімді, жат түрлі орыстардың ішінде жатыр. Оның бейнеусіз аңқиған, жарық ерінді дүрдек аузынан шыққан демі Ақбілектің бетіне тамұқ лебіндей тиіп, денесін тітіркендіреді. Оң түсі екенін біле алмай, көзі аласұрып, қостың ішін сипай сүзіп шықты да, түндегі оқиға есіне түскенде, қайнап шыққан бұлақтың көзіндей жасы мөлтілдеп, жылап қоя берді. Ақбілек үстінде жатқан ашалы ауыр қолды ақырын сырғытып қойды да, сыбдырсыз басын көтеріп, жерқорқақ болған ботадай аяғын аңдап басып, сығалап қарап, жапсарды ашып тысқа шықты.» [3.121-б]. Сөйтіп Ақбілекке өзінің сүйетінін, көнсе көптің талқысына бермей, өзі ғана әйел қылатынын айтты. Ақбілек бұл тілекке үнсіз көнді.Бұл - оған анталаған көп солдаттың талқысынан құтылудың жолы еді. Екінші жағынан, кара мұрттың қызға таласып өзін оққа төсеуі, жекпе-жекте жирен орысты өлтіруі Ақбілек үшін жанын қиюының, сүйгенінің белгісі сияқты. Осы жайлар қызды шарасыз көндіргенмен, Ақбілек іштей қатты күйзелісті басынан кешіреді. Жап - жас қыздың жау қолында жәбірленуі, көрген қиыншылығы мен психологиялық сезім күйлері оны ерте есейтіп, мұңды еткені аңғарылады.Осы арам демімен, арам аузымен әкемнің иманды жүзіне қалай жақындармын, қайтіп оны арамдармын. Құдайдан қорықпай, оның құтты қадам мешіттей үйіне қалай кіремін. Кәпір сүйген, аймалаған аяғыммен жайнамаз салатын жерін қалай шімірікпей басармын. Кәпірді құшақтаған арам қолымды қайтіп әкемнің адал дастарқанына апарып, қайтіп бір табақтан ас ішемін,- деп ойлайды [3.125-б]. Жүсіпбек Аймауытовтың романда «сары майдай сақтаған алтын қазынасын» деген жолдарын бірнеше жерден кездестіруге болады. Осы «алтын қазына» деп отырғанымыз қыздың намысы ар ожданы, ұяты, Қыз намысының қорлануы осы «алтын қазынасынан» жол жөнекей айырылуынан басталады дегенді ескертеді. Ақбілек-романның негізгі кейіпкері болғанмен, ол жалғыз емес.Жазушы оның өскен, әрқилы өмір кешкен ортасын, қарым-қатынастағы адамдарды суреттеу арқылы заман шындығын жан-жақты

шынайы бейнелейді. Романдағы елдің тұрмыс - тіршілігі, әдет - салты, табиғат көріністері бәрі тұтаса келіп, негізгі шығарма идеясын толықтырады және аша түседі. Жүсіпбек Ақбілектің шыққан ортасы - қала тіршілігін көп жағдайда салыстыра көрсетеді. Қорытындылай келгенде қыз намысының тапталуы Ақбілектің ауылдағы өмірінде ылғи алдыңғы таңда тұрды. Ол біреуден жылы қабақ тани алмаса да соны күтті, бетіне таңбадай басылған өшпес ізі қалған бұл оқиғаның есінде мәңгі сақталатынын және соңынан қалмайтыны жақсы суреттелді. Ақбілек бейнесі өзіндік қайшылықтарымен, қиыншылықтарымен қоса нанымды болып шықты. Оның жастық сезім ырқына берілу тұстары, Бекболатпен қосылу туралы арман - қиялдары, онымен кейінгі кездесулері бәріде қыздың аянышты өмірінің жарқын бір беттері іспеттес болып, Ақбілек өмірінің шешуші кезеңі қазақ халқының жаңа өмір жолындағы ізденісімен байланысты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Тұрысбек Р. « Жүсіпбек Аймауытовтың Әсемдік әлемі»
- 2.Жүсіпбек Аймауытов шығармалары
- 3.Зейнулла А.Ф.«Жүсіпбек Аймауытұлының қазақ романын қалыптастырудағы рөлі»

**Бейсембаев Д.Е.** Орталық Қазақстан академиясы 3курс студенті  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Тлеубекова Б.Т.

#### **МҰҚАҒАЛИ ӨЛЕңДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР АЙШЫҒЫ**

М. Мақатаев. Мұқағали поэзиясының ұлтымызды тану мен ұлттылығызды танытудағы орны ерекше. Ақынның «Жырлайды жүрек» (1994) «Өмір өзен» (1979) т.б. жинақтарында ұлттық ерекшеліктер турасындағы жыр жолдары мол. Қаламгер өзінің күнделігінде былай дейді:(Егер бір кездері менің өмірім, шығармашылығым әлде кімнің көңілін аударса, оларға былай дер едім): «Менің қымбатты достарым! Егер сендер шынымен менің шығармашылығымды зерттемек болсаңыздар, онда мен жазсам соның бәрін оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңімнен бөліп қарамау- ларыңызды өтінемін. Бүкіл менің жазғаным – бар жоғы бір ғана бүтін поэма» (1. 394 б). Жазушы Б.Нұржекеев сөзімен айтқанда: «Мұқағали – бір ғана поэма жазған адам».

Ақын М.Жұмабаев айтпақшы:«Ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, мінезі айдан анық көрініп тұрады»[4.26-б]. Бұл пікірдің жалған еместігіне ақын өлеңдеріне тоқтала отырып көз жеткіземіз. Ұлт пен тілдің бірінсіз – бірінің өмір сүру мүмкін нәрсе емес. Ұлт өлсе тілде қоса жоғалады. «Тарих бетін парақтасақ XIX ғ.жартысында орыс қаумында француз тілін білмеген отбасы мәдениеттілер қатарына жатпаған екен. XX ғ.былай бұл жайт қазаққа да келеді.Бір ғана орыс тілі үлкен мәдениет көзі деп дәріптелді» [3.- 66б]. (Бұл жердегі мақсат – басқа тілдің білмеу керек деу емес, өз тілінің құндылығын жоймау). Ақын «Үш бақытым» деген өлеңінде үш бақытының бірі «тілім» деуі тегін емес.

Ал екінші бақытым – тілім менің,

Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей – кейде дүниеден түңілсемде,

Қасиетті тілімнен түңілмедім, - деп ана тілдің мәртебесін асқақтата жырлайды. Бұл фаниден бас тартса,ана тілінен түңілмейтінің сенімді түрде айтады.Ата-бабадан қалған осы игі дәстүрді жалғастыру келер ұрпақ қолында екенін ақын ескертеді. Ары қарай,

Анасының бергенін саған бердім

Аруағынан айналдым текті ананың,- деп жалғасқан жер. Бұл- жүректен шыққан шынайы алғыс. Дәстүр жалғастығын қамтамасыз еткен анаға алғыс. Осы орайда жазушы Б.Нұржекеевтің «әрбір халықтан, әрбір сөзден қимылдан елдің елдігін көру – Мұқағалидың азаматтық биігі»[5.215-б] деген лебізі жүрекке жылы тиеді. Халқымыздың жомарт жайдарлылығы мен көңіл есігінің айқара ашылуының бір сәті – қонақ күту. Қазақ салты бойынша қонаққа әрдайым жол ашық, сыбағасы да сақтаулы.Мұқағали ақынның өлеңдері дәстүр сабақтастығынан бір үзік сыр. Сондықтан да ақын:

Ат байлап жатса азамат үйден шыға сап,

Кештетіп келіп кез келген үйде құласаң – дейді. Міне, ақынның бір ауыз сөзі жоғарыда айтқандардың бұлтартпас дәлелі. Кейде татулық, бірлік болған жерде күндестіктің салтанат құратыны бар.

Өнерде жарыс болмайды!

Өрісі жетпей,

Күндестік қылған оңбайды... – деген жлдарды ақынның тапқырлығы деп ұсынсақ қалай келіспеске? «Бұл мәселеге байланысты Л.Н.Толстой ден қойғызар пікір айтқан екен. Күндестік сезім, - деп жазды ол, адамгершілік сезімнің азғындаған түрі. Сол себепті ол, ұлттық парасаты жетілмеген, рухы төмен ұлттардың бойындағы аурудың нәтижесі»[6. 165-б].

Дін, имандылық жайында қалам тартқан ақынның бір – екі өлеңіне тоқтала кеткен жөн болар. Исламды біз дін ғана деп қарауымызға болмайды, бұл біздің тарихымыз, ұлттық дүниетанымымыз, халықтығымыз. Бұған байланысты елбасымыз Н. Назарбаев былай деген болатын: «Саясат күнде өзгереді, ал дін мәңгілік»

Мұхаммедтің үмбеті – мұсылманмын.

Пайғамбарым қолдайды қысылған күн [2.78-б], - деп ислам дінін тану, оның тек қана шындыққа жетелейтін және ақын өзінің Алла жолын ақ ұстап жүрген мұсылман екенін айта отырып, әркімнің өз дініне берік болуын насихаттайды. Мұқағали сөз асылын ел ішінен, оның рухани қазынасынан іздеді. Байырғы дәстүрлерімізді, ұлттық ерекшеліктерімізді өлеңмен өріп болашаққа тарту – ақын арманының «ұлттық нышандарымыз бен қазақи қағидаларымыз жоғалмаса екен» деген мақсатта болған деп білемін және осыған ғалым Қ.Алпысбаевтың мына сөзі дәлел болады: «Мұқағали поэзиясының күші мен өміршендігі мынада деп білемін: «Ол ұлттық мінезімен, салт – дәстүрімен, сұлу ақиқатымен өзіне баурайды, қазақ – қазақы мінезінің көркем суретін көреді. Сондықтанда ақынның болашаққа аманат еткен мұрасын «нәрлі» жақтармен насихаттау арқылы ұрпақ санасына ой салмақпын. Осыған байланысты жазушы З. Серікқаливтың: «Мұқағали мұрасы – сұлулық үлгісі, біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес, ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп, қадірлейтін қазынасы» [1.430-б].

Қазақтың ұлылығын, тілінің, дінінің құдіреттілігін осылай құрметтеген ақын арманы, «Ата – салтын сақтаған,

Ұрпағыммен мақтанам.

Ата – салтын таптаған,

Ұрпақтарым жат маған » - деген идеяға саяды деп ойлаймын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. М. Мақатаев. «Шығармалары» 1 – 3 том А., 2002 ж.
2. М. Мақатаев. «Жылап қайттым өмірдің базарынан» А., 1994 ж.
3. Қ. Алпысбаев. «Мұқағали поэзиясындағы ұлттық рух» Ақиқат, №2, 2002 ж.
4. Н. Бейсебаев. «М.Мақатаев поэзиясындағы ұлттық ерекшелік көріністері» қазақ тілі мен әдебиеті журналы. №2, 2002 ж.
5. Б. Нұржекеев. «Ойұшқын» А., 2002 ж.
6. С. Әшімбаев. «Парасатқа құштарлық» А., 1985 ж.

**Буланова Жайдарман**, ГМУ-22к КЭУК

Ғылыми жетекшісі: магистр Букатов Е.Б

#### **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

Халықтың тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел ешқашан да егеменді ел бола алмайды, болуы мүмкін емес.

Қазақ халқы ұлтшыл халық. Қашанда өз тілін, ана тілін жоғарыда ұстаған халық. Бұған дәлел Абайдың заманынан бастап, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұвтар тіл мәселесін қашанда жоғары қойған.

Иә, шынымен де қазіргі таңда тіл мәселесі өте шүйіткіл мәселе. Әр адамның өзіндік жеке пікірі, ойы бар. Өз баяндамада қазақ тілінің қазіргі ахуалы жайлы өз көзқарасыммен бөліскім келеді.

Біз тәуелсіздігімізді алғанымызға биыл 22 жыл толады. Осы уақыт ішінде қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның әрбір қазақстандыққа үйретуде көп күш жасадық. Бұл жұмыстар әлі де жасалуда. Көптеген мектептер ашып, мемлекеттік бағдарламалар жасап, тілді меңгеру үшін мемлекет тарапынан жан-жақты көмек көрсетіліп жатыр. Ал сол мүмкіндіктерді біз дұрыс қолдана алып жатырқ па?

Бүгінгі таңда мемлекеттік тілді білу – қазіргі мемлекеттік қызметкерлердің ең басты біліктілік талабына айнала бастады. Мен, болашақтағы мемлекет қызметкері ретінде қазақ тілін білуге міндеттімін. Иә, барлығымыз міндеттіміз. Ал, бірақ та неге әлі де бұл жүйе орнықты емес. Мемлекеттік ұйымдардан бұрын, біз бала-бақша, мектеп сияқты ең алғашқы білім және тәрбие орындарын қарауға тиісті сияқтымыз. Қазіргі мектеп оқушылары, қазақша оқыса да, өз тілдерінен ұяла ма, әлде сөйлескілері келмейме, оларға орысша сөйлеп, қарым-қатынас жасаған ұнайды. Неге олар сондай қызығушылықпен қазақ тіліне қызықпайды? Қазақ тілі бай тіл емес пе?! Бір жақтан тілді үйрету, меңгеру отбасына да байланысты. Біздің ата-аналарымыз, ата-әжелеріміз кеңес үкіметінің ықпалымен жүр әлі. Бәлкім сол себепті де біз әлі тілімізді толық меңгере алмай жатқан шығармыз? Бірақ, мына қазіргі жас ұрпақ тілді білуге міндетті. Себебі оларға барлық жағдай жасалған. Бәлкім, барлықтарыңызда мындай жағдай болған шығар: ата-ананыз сізді неге орыс мектебіне бермедім екен, орыс мектебінің балалары ширақ, еті тірі, қашанда болсын алда жүреді деп. Ал қазақ балалары ұяң, ұялшақтау болып келеді. Әрине бұл тағы да тәрбие мен менталитетке алып келеді. Бізді ата-анамыз «олай етпе, бұлай етпе, ұят болады» деп, тәрбиелеген.

Ал, қазақ балаларының тілдерін шұбыртып, орысша сөйлегенде тіпті кейде жаның ашиды. Барлықтарыңызда байқаған боларсыздар, қоғамдық орындарда тұрған адамдардың барлығы қазақ болсада, орысша сайрап тұрады. Бір орыс қазақша түсінбеген үшін, сол жердеге барлық қазақ орысша сөйлгенін байқағанда боларсыз?! Неге, біз қазақтар, қазақ елінде өмір сүре тұра, қазақ тілі мемлекеттік тіл бола тұра, солай істейміз? Бұл бізге жат қылық. Тіпті, кейде есік алдында отырған апалардың орысша білмеседе, шұбыртып бірнәрсе айтып тұрғанында естіп қаласың.

Тіл мәселесі жайлы қазір әлеуметтік желілерде, газет-журнал беттерінде, теледидарлардан бақылауға болады. Иә, тіл жанашылары бар. Жоқ емес! Бірақ, жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, неге бәріміз осыған атсалыса кіріспейміз? Ия, бәріміз айтамыз: Қазақстан әлі жас мемлекет, енді ғана көтеріліп келе жатырқ деп. Жоқ, бұл тек сылтау ғана. Бұл біз үшін ұят.

Менің ойымша, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді меңгеру үшін немесе оның қандай деңгейде меңгергендігін білу үшін, тест немесе басқа да бір тәсіл арқылы қадағалау керек. Әрине, ол үшін мемлекеттік ұйымдардағы адамдар да қазақ тілін жетік меңгерген болуы керек. Ол үшін де билік басындағы адамдардың біліктілігін тексеріп, қадағалау қажет.

Ал мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты мемлекет өз тарапынан жасалуға тиісті нәрсенің бәрін жасап жатыр. Жыл сайын дерлік тілдерді дамытуға миллиардтап теңге бөлініп жатыр. Бұл – қыруар қаржы. Орнымен пайдалана алса, осы қаржымен талай іс тындыруға болады. Тындырылып та жатыр.

«Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп ұран тастап, бұл іске ерекше мән беріп, бастама көтерген Елбасымыз «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», -деген ұстанымын ұдайы айтып келеді. Өзінің әр халыққа жолдауында да, тіл мәселесі жайлы айтпай кетпейді. Иә, неге, қашан, неге істелмейді, қашан болады деген сұрақтар ешқашан бітпейді. Менің ойымша, әрбір мен қазақпын, мен елімнің патриотымен деген адам, өз тілінде сөйлеу керек. Тіліміздің болашағын, біз, жастар ойламағанда кім ойлайды? Ертенгі ұрпақтарымыз шала қазақ боп жүрсе біз үшін ұят. Сол үшін де тағы да қайталап кеткім келеді: жұмыла көтерген жүк жеңіл. Барлығымыз бір адамдай осы мәселеге білек сыбанып кіріссек, бұл мәселесін шешуге болады. Біздің қазіргі негізгі мәселеміз, ол қазақтарды қазақша сөйлету болғандықтан, өз тіліміздің құндылығын жоғалтпай, іске кірісу.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері//Алматы – 2010.
2. Бердалиев К.Б «Қазақстан экономикасын басқару негіздері», Алматы – 2011.
3. Бейсенова М., Садықбекова А. «Кәсіпорын экономикасы», Алматы – 2012.



## ТІЛ САЯСАТЫ ҚОҒАМДЫҚ ПРОГРЕСС РЕТІНДЕ

Қоғам мен тілдің өзара байланысынан туындайтын тілдің даму заңдылығын анықтау адамдардың тіл дамыту ісін ғылыми тұрғыдан басқаруына мүмкіндік туғызады.

Қоғам мен тіл өзара байланысты, байланысты ғана емес, бір- біріне тәуелді: қоғамда, әсіресе көпұлтты қоғамда, өмір сүретін мемлекеттің өзіндік тіл саясаты болмаса, бірқалыпты өмір сүре алмайды, сол тіл саясаты негізінде әр тіл мемлекетке, мемлекеттік өкіметке сан алуан факторлардың әсерінен әр түрлі көлемде қызмет етеді. қоғамның тілге әсер ететіні сияқты, тіл де қоғамға әсер етеді.

Тіл саясаты деген – мемлекеттің қоғамдағы тілдік жағдайды өзгерту немесе тұрақтандыруға бағытталған саяси, әлеуметтік, лингвистикалық іс—шаралар жүйесі. әр қоғамның, саяси жүйесі институтының сипатына сай, ұстанған ресми тілдік бағыт- бағдары, жергілікті тілдік жағдайға орай, әр түрлі болып келеді.

Тіл – қоғамдық қызметіменен тіл, тілдің мәні қолданыспен кіреді, сондықтан да ол алдымен адамдар қарым-қатынасының аса маңызды құралы деп сипатталады. Кез келген елдің игілікті тіл саясатының көздегені – халықтың өзі жасаған қатынас құралын өзінің толық меңгеруін қамтамасыз ету сол арқылы елдің тілдік өмірін реттеу. Тіл саясатын зертеу философиясы осы міндеттерден туындаса керек.

Қазақ тілі – қазақтың рулық - тайпалық дәуірден бастап ұлттық даму процесінде біте қайнасқан бірден – бір төл тіл. Қазақ өзінің этникалық даму жолын ғұмыр бойы көп этносты, көптілдік жағдайда өткізіп келеді, бірақ бірде-бір тілге бой алдырмай, ана тілін ауыстырмай, төл тілің көзінің қарашығындай сақтағанына бүгін біз куә, куәлікке жүрерміз.

Адамның өмір сүріп, қам – қарекетін жүзеге асыруының бірден-бір құралы – тіл. Сонымен қатар ол – адамның тіршілік әрекетінің құрамдас бөлігі, аса маңызды түрі, адамның адамдық қасиетінің белгісі.

Қоғамдық өмір соншалықты күрделі болғанымен, оның күллі қызметін қамтамасыз ететін – тіл. Тіл - қолдану адамның жан дүниесі қызметі аясына да енеді.

Қазақтың, сондай-ақ кез келген этнос адамдарының, жан дүниесіндегі, мінез-кұлық, сана-сезім мен әдет - ғұрпындағы, өзіндік ерекшеліктерді айқын бейнелейтін де, оны сақтап әрі қарай дамуына ең жақсы мүмкіндік туғызатын да кез келген өзге тіл емес, қазақтың, нақты этнос адамдарының, төл тілі. Ұлттың өзіне тән, өзгеге жат жай – күйі мен ішкі сезім дүниесін қаз қалпында сыртқа шығаруда ешбір тіл ана тілімен бәсекеге түсе алмайды. Ұлт болған жерде тіл, тіл болған жерде оның мәселесі де болады. Мұндағы мәселе ол тілдің қазіргі кезде қолданылуы.

Тілші ғалымдардың айтуына қарағанда, жыл сайын дүние жүзінде шамамен 25 тіл жойылады екен. Әрине, қазақ тіліне ондай қауіп әзірге төніп тұрған жоқ. Сондай-ақ бір миллион адам сөйлейтін тіл өлмейді дейтін тағы бір пікір бар. Бірақ, солай екен деп қол қусырып немесе көпірме сөзді айта беруге болмайды.

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол халық тарихымен бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа қатынас құралы ретінде қызмет етіп келеді. 1989 жылы қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алды.

Қазақ тілі – Қазақстан және Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Монғолия, Қытай, Ауғанстан, Иран, Түркия т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі.

Қазақ тілі – өркендеген мәдениеттің тілі, ғылыми тіл, ресми іс-қағаздарының тілі.

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту тұрғысында айтсақ, бұл жерде алдымен намыс жетпейді, жеті атасынан бері қазақ болып келе жатқандардың, Қазақстанда мекен етушілердің қазақша білмеуі – сол намыссыздықтан. Ал мемлекетке қызмет ететін, қызмет етуге тиіс қызметкерлер мен шенеуніктердің сол мемлекеттің тілін білмеуі – ниеттің жоқтығынан. Ең бастысы, көзқарасты өзгерту қажет: намысты оятып, ниетті түзеу керек. Кез-келген тілдің болашағы – балалардың, жастардың қолында екені рас. Жастардың ілді білмеуі, ұмытуы - ұлтқа төнген қауіп. Сондықтан ең әуелі әрбір отбасы өз шаңырағындағы тіл саясатын түзеуі шарт. Әр отбасында отбасылық тілді дамыту бағдарламасы жасалмаса, мемлекет тарапынан жасалатын барлық іс-шара өзін-өзі ақтамайды.

Тіл білігі – мәдениеттілігіміз бен ел жандылығымыздың нышаны. Әрбір ісіміз мемлекеттік мүддені ұлықтап, халықтың абырой-беделін көтеретін, рухы биік, мәдениеті мәртебелі ұрпаққа берілетін ұлттық тәрбиемен бағытталғаны дұрыс. Осы орайда барлық өңірде мемлекеттік істі мемлекеттік тілде жүргізу қажет. Қағаз жүзінде емес, іс жүзінде. Оған қазақ тілін меңгерген кадрларды тарту бүгінгі басты міндетіміз болғаны абзал. Яғни, болашақтың іргетасы бүгіннен қаланатынын ескерген жөн. Сөз сөзден туады. Егер құнарлы тілдің құнын түсіріп, күнделікті қолданыс аясын кеңейтуге өзіміз үлес қоспасақ, өзгелерден қалай талап етеміз. Жаңа ғасыр жаңашылдығымызды таразы басына салатынын ұмытпайық, ағайын.

Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс.

Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз.

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп қалыптасады. Тіл байлығы – сөздік қор әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға қалыптасып отыратын баға жетпес мұра.

Тіл Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс...

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1 Ақиқат ұлттық қоғамдық – саяси журнал
- 2 «Қазақстан-2050» стратегиясы- қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты ҚР-ның президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы

**Әзілханова Жансұлу**, КФ-11 тобы  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ  
Ғылыми жетекші: Аға оқытушы  
Рахметуллина М.А.

### **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ**

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгіміз бар, оның біріншісі – елтаңба, екіншісі ән ұран, үшіншісі – көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі» деген сөзі кім-кімді болмасын, ойға қалдырады. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім туралы тұжырымдамасы ойлы, өнерлі, білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған және қазіргі білім жүйесі оқушылардың сөйлеу белсенділігін дамытатын оқудың дәстүрлі және дәстүрлі емес, белсенді түрін және әдістерін оқу процесіне енгізу бағытында құрылуы тиіс. Осы әдістерді құрастыру үшін компьютердің маңызы зор және компьютерді пайдалану барысында оқушылардың қызығушылығы артып, сөйлеу дағдысы дамуына септігін тигізеді [1].

«Мемлекеттік тілдің ұлтымыздың ұлттық сипаты, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді сақтап қалудағы ең маңызды мәселе екенін бәріміз білеміз. Бірақ соны көріп, біліп тұрсақ та қашаннан бері бойымызда қалыптасқан қоғамдық белсенділігі аз, самарқау қалпымыздан бір айнымаймыз. Қаншама жылдар өтсе де қазақ тілінің өзінің шынайы мәртебесі мен қолдану аясы жағынан орыс тілімен салыстырғанда әлдеқайда төменгі дәрежеде келе жатқанын байқайсың». Қазақ тәуелсіздік алғанда қазақ тілі осыншама доғаға түсер деп кім ойлаған. Елімізде тіл қазіргі таңда басты мәселенің бірі болып тұр.

Қайғыға қалай бауыр баспайсың,

Ертерек туып,

Күлкімді мұңға айраырбастаймын,

Ана тілімді еске алсам [2.13], - дейді М.Ақдәуренұлы. Ана тілінің шұбарланып кеткеніне, құрып кету қауіпіне қапа болады. Ата-баба алдында тілі үшін ақын өзін айыпты санайды.

Ғұндарға дағы,

Сақтарға дағы,

Ақ сүт берген арман тіл,

Атқанда дағы

Шапқанда дағы

Қансырап аман қалған тіл [2,13], - деп көнеден келе жатқан мұрамыздан айырылуға шақ қалғанымызды күйінішпен жырлайды. Осы бір шумақтан тілдің бүкіл тарихын сезгендей боласың.

«Құрыған тіл!» - деп табандағанның,

Дейісің кетпес түгі де,

Тілімді сонша жамандағанның

Шоқ түсер әлі тіліне» [2.14].

Өз тілін місе тұтпай, тіпті өз тілінде сөйлеуді ар санайтын кейбір қаракөздерімізге айтылған сөздей.

Қазіргі таңда қоғамдық жерде болсын, жай ортада болсын мемлекеттік тіліміз, ана тіліміз – қазақ тілі шұбарланып қолданылуда. Қоғамдық көлікте он қазақ бір ғана орыс жолушы тұрса сұрақтар да, аялалдама хабарлау да орыс тілінде айтылады. Күнделікті жай кезек күтіп тұрғандардың арасында бір орыс ұлтты адам тұрса, кезекке жаңадан қосылатын қазақ: «кто крайний?» деп сұрайды. Неге қазақша «кім соңы?» дей салмасқа?! Орыс ұлтты адам түсінеді мұндайды. Тек қазақтар осындайға ұмтылмайды. Бір күнгі сөз қорымызды сараптайтан болсақ соның жартысынан көбі орыс тілінде.

«Қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уалиханов: «қазақ тілі – түрік тілінің ішіндегі ең сұлуы», деп тамсанған еді. Ұлы ғалымды әуезділігімен оның жан дүниесін тербетіп, ұқсас келісіммен қайран қалдырып тіліміз қазіргі уақытта «мәдениеті мен әдебиеті жұпыны халық» деген теріс пікірге ие болып жүр.

«Егер әлемдегі әрбір ұлт жанды қазақ өз халқының тілі үшін бүгіннен бастап жан кешті күресті болмаса, әр ата-ана ұрпағына қалдырар қасиетті ұлы мұрам – ана тілім демесе, онда ХХІ ғасыр қазақ тілі үшін ақтық ғасыр болуы ғажап емес-ау деп танысың» [2.14].

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген Ахмет Байтұрсыновтың қағидасына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекеміздің сақталып отырғаны тіл саясатын дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мейірін асыратын да өзіміз, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де, Отанымыз – Қазақстан! Елбасымыз айтқандай «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде». Ендеше тілімізді, ұлтымызды, отбасымызды отбасымызды қадірлегендей қадірлейік. Тіл тазалығы – ұлтымыздың бет бейнесі айнасы.

Қазіргі таңда қазақ тілін дамуына барлық жағдай жасалған, тек соған көңіл қойып қазақ тілін үйренем деген ниет керек. Мемлекеттік тілдің беделін түсірмеу – біздің қазақ тілі мамандарының, жастардың, билік басында отырған азаматтар мен азаматшалардың басты міндеті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында
2. «Серғалиев сабақтары – 2013» II республикалық ғылыми теориялық конференцияның материалдары. Астана 2013. 544 бет
3. Қазақ тілі түсіндірме сөздігі. Алматы 1979

**Жайменов Ерлан, ҚҚЭУ, ТУР-31**

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Ахметжанова Ж.Б.

#### **Ж.БЕКТҰРОВ – ПУБЛИЦИСТ**

Адам жер бетінде тек қана жеке басының бақыты үшін өмір сүрмейді. Ол адамгершіліктің ұлы заңын түсінуі керек. Біздің мақаламыздың арқауы болып отырған, журналист, жазушы, Қарағанды қаласының құрметті азаматы Жайық Кәгенұлы Бектұров та адамгершіліктің ұлы заңын түсіне білген, өз жеке басының бақыты үшін емес, халқы үшін ерен еңбек еткен адам.

Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы айтылып та, жазылып та жүр, дегенмен жан-жақты толық зерттеле қойған жоқ. Ол – публицистика жанрындағы қызметі.

Жайық Кәгенұлы елеуінші жылдары педагогикалық қызметте болды. 1958 жылдан бастап 1989 жылғы қыркүйекке дейін ол Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Қарағанды облысаралық бөлімінің жауапты хатшысы болды. КСРО Жазушылар одағының, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының мүшесі, КСРО және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Бүкілодақтық географиялық қоғамының мүшесі, еңбек ардагері Ж.К.Бектұровтың қоғамдық және әдеби өмірдегі еңбегі оған атақ-абырой әкеліп, жұртшылықтың құрметіне бөледі.

Публицист Ж.К.Бектұров өзінің ауқымды да бейнелі сөздерімен Орталық Қазақстанның көптеген фактілері мен тарихи оқиғаларын көпшіліктің жадында қалдырды.

Ол республиканың әдеби ортасында кеншілер өлкесінің қалыптасуы мен дамуының, оның орталығы – Қарағандының шежіресін жазушы ретінде белгілі.

Ж.К.Бектұров өзінің шығармашылық және ұйымдастырушылық таланты арқылы облыс пен республиканың мәдени өміріне үлкен үлес қосты. Ол Қарағанды және Қарағанды облысының энциклопедиясын жасаушылардың бірі болды.

Жайық Бектұров 1932-1937 жылдары комсомол қызметінде болған, 1937-1939 жылдары республикалық «Лениншіл жас» жастар газетінің редакторының орынбасары, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің бөлім меңгерушісінің орынбасары міндеттерін атқарған.

1939-1940 жылдары Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінің жауапты редакторы, ол соғыс басталғанда дивизиялық газеттің редакторы болған. Қарағанды облыстық «Советтік Қазақстан» газеттерінде қызмет істеген. Аталмыш баспасөз беттерінде өзінің қаламынан туған шығармалар мен әр түрлі тақырыпты мақалалары жарық көріп тұрған.

Оның көп жылғы әрі тынымсыз еңбегі көптеген үкімет наградаларымен марапатталған. 1977 жылы «Жол жоралғысы» деген кітабы шықты. Бұл жинаққа қаламгердің Ы.Алтынсарин, Ш.Уалиханов, Г.Потанин, қобызшы-жыршы Н.Атабеков жайлы тарихи-көркем очерктері енгізілген. Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін қажымай жинап, бастырудағы еңбегі өз алдына бір сала. Ж.Бектұров Абай, Сәкен, Бейімбет, Саттар, Әбділдә, Тайыр, Ғабиден, Зейін және өзге де қазақ ақын-жазушылары жайында көптеген сын мақалалар жазған. Жазушы басқа ұлттар әдебиетінің озық үлгілерін қазақ оқырмандарына танытуда көп жұмыс тындырды. Ж.Бектұровтың өрнекті тілімен қазақшаланған Г.Серебрякова, Петефи, Дефо, Гашек, Л.Пантелеевтің шығармаларын оқырмандар жылы қабылдаған. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде жазушы Азия, Африка елдері қаламгерлерінің бірнеше әңгімелерін аударып бастырған. Кейінгі жылдары, яғни 1991 жылы «Өткел» өлеңдер жинағы, ал 1997 жылы «Қазақстан» баспасынан «Таңба» атты кітабы жарық көрді. Бұл кітап еліміздің шежіресіне қара таңба болып басылған отызыншы-қырқыншы жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің алапат ашы шындығы жайында, сол нәубеттің құрбаны болған тұғырлы тұлғалар, талайлы тағдырлар жайында баян ететін туынды. Мұның жарық көруінің арасы 40 жылдай уақыт созылған екен... Сол қырғынның өзі де куәсі болған, кезінде жазықсыз танылған кесірінен жапа шегіп, жалынды жастық жылдарын айдауда, азап лагерьлерінде өткізген ардагер жазушының аталмыш романы авторы іспеттес қилы қияметтерді бастан кешіріп барып, кейінде ғана оқырмандарға жол тапқан. Жалпы бұл шығарма азап лагеріндегі өмірді қазақ әдебиетінде бейнелеген тұңғыш еңбек. Сол жылы Медицина ғылымының докторы, профессор М.Әлиакпаровтың «Жайық мінген қайық» кітабы Қарағанды қаласының «Қазақстан» баспасынан шыққан. М.Әлиакпаровтың бұл кітабы Ж.Бектұровтың тар жол, тайғақ кешулерге толы өмір өткілдеріне арналған. Автор мен кітап кейіпкері арасындағы сырлы сұхбатта зұлмат жылдардың зобаланы, қазақ халқының басына қолдан жасалған нәубет зардабы бүкпесіз баяндалады. Сонымен қатар кітапқа жасы сол кезде сексен беске келсе де қаламы қолынан түспеген Ж.Бектұровтың сталиндік зұлматты ашық әшекерелейтін бірқатар поэмалары мен өлеңдері енгізілген.

Бұрын «жабық» болып келген мәселелерге Жайық Бектұров республикамызда жазушы, публицист ретінде алғашқылардың бірі болып дәйектілікпен қалам тартты. 1988 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бірнеше санында жарияланған «Айыбы не еді ағалардың?» көлемді деректі публицисткасы шыншылдығымен, дәлелдігімен оқырман жүрегіне ұялады. Осы басылым үшін жыл қорытындысы бойынша газеттің лауреаты атанды. Жұрт көкейіне қонған осы тарихи дерек Бектұровқа жаңа қайрат бітіргендей болды.

Жазушы қаламынан туған «Ақын және арамза», «Қарындасқа хат» поэмалары, «Сәкеннің соңғы сәті» повесі, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, ақын Шәкәрім

Құдайбердиев пен Бұқар жырау сынды көрнекті қазақ зиялылары туралы очерктері түрлі басылым беттерінде жарық көрген. Сонымен бірге, республикалық газет, журналдарда «Таңба», «Сәкеннің соңғы сәттері», «Ақын мен арамза», «Үш Әлекен», «Өрт пен дерт», «Суреттер сыры», «Дерек пен дәлел» атты үлкен тарихи очерктерімен қатар, дастан, репрессияға ұшыраған қиын-қыстау жылдары өзі кездескен С. Меңдешев, А.Мұқатов сынды қайраткерлер туралы біршама естеліктері де көпшілік көңілінен шықты.

Ж.Бектұров – түрлі жанрда жазған жазушы. Романнан өзге ол повестер, әңгімелер, өлеңдер мен түрлі очерк-мақалаларды дүниеге алып келді. Мақалаларында әсіресе, халықтар достығы, мәдениет пен өнерді дамыту, қазақ халқының салт-дәстүрлерін насихаттау сынды мәселелер көп көтерілген.

1999 жылы Жайық Бектұров дүниеден озды. Ол Қарағанды облысының құрметті азаматы. Қайраткердің артынан қалған көптеген мұрасы өскелең ұрпаққа өнеге болары сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан ұлттық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. -Алматы: Қазақ энцикл. 2ші т. Ә-Г / бас ред. Ә. Нысанбаев. - 1999. - 704 б.: сур. – 262 б.
2. Ж. Абайға толғау. // Орталық Қазақстан. - 1981. - 4 сәуір
3. Ж. Абайдың белгісіз шұмақтары: / «Абай сөзі» жайында/ // Жұлдыз. - 1991. - №5-7.- 194-196 б.
4. Бектұров Ж. Ағайынға ашық хат // Орталық Қазақстан. - 1996. - 30 қаңтар
5. Бектұров Ж. Ақан арқада: /А.Байтұрсынов туралы және «Қырық мысалы»/ // Орталық Қазақстан. - 1989. - 29 қаңтар
6. Көлбаев Т. Кеселді кезең құйыны (Жайық Бектұров естелігі). / Алашорда, 29.03.13.
7. Бектұров Ж. Ақ кітап: /М.Әлиакпаровтың «Ахат» атты кітабы туралы/ // Орталық Қазақстан. - 1997. - 8 ақпан.
8. Әлиакпаров, М. Т. Жайық мінген қайық: (Жайық Бектұровтың өмір шежіресінен) / М. Т. Әлиакпаров. -Қарағанды, 1997. - 202 б.

**Бейсембаев Д. Е.** Орталық Қазақстан академиясы 3курс студенті  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Тлеубекова Б.Т.

#### **МҰҚАҒАЛИ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР АЙШЫҒЫ**

М. Мақатаев. Мұқағали поэзиясының ұлтымызды тану мен ұлттылығызды танытудағы орны ерекше. Ақынның «Жырлайды жүрек» (1994) «Өмір өзен» (1979) т.б жинақтарында ұлттық ерекшеліктер турасындағы жыр жолдары мол. Қаламгер өзінің күнделігінде былай дейді:(Егер бір кездері менің өмірім, шығармашылығым әлде кімнің көңілін аудара қалса, оларға былай дер едім): «Менің қымбатты достарым! Егер сендер шынымен менің шығармашылығымды зерттемек болсаңыздар, онда мен жазсам соның бәрін оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мені өз өлеңімнен бөліп қарамау- ларыңызды өтінемін. Бүкіл менің жазғаным – бар жоғы бір ғана бүтін поэма» (1. 394 б). Жазушы Б.Нұржекеев сөзімен айтқанда: «Мұқағали – бір ғана поэма жазған адам».

Ақын М.Жұмабаев айтпақшы:«Ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, мінезі айдан анық көрініп тұрады»[4.26-б].Бұл пікірдің жалған еместігіне ақын өлеңдеріне тоқтала отырып көз жеткіземіз.Ұлт пен тілдің бірінсіз – бірінін өмір сүру мүмкін нәрсе емес. Ұлт өлсе тілде қоса жоғалады. «Тарих бетін парақтасақ ХІХ ғ. жартысында орыс қаумында француз тілін білмеген отбасы мәдениеттілер қатарына жатпаған екен. ХХ ғ.былай бұл жайт қазаққа да келеді. Бір ғана орыс тілі үлкен мәдениет көзі деп дәріптелді» [3.- 66б].(Бұл жердегі мақсат – басқа тілдің білмеу керек деу емес, өз тілінің құндылығын жоймау). Ақын «Үш бақытым» деген өлеңінде үш бақытының бірі «тілім» деуі тегін емес.

Ал екінші бақытым – тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Кей – кейде дүниеден түңілсемде,

Қасиетті тілімнен түңілмедім, - деп ана тілдің мәртебесін асқақтата жырлайды. Бұл фаниден бас тартса, ана тілінен түңілмейтінің сенімді түрде айтады. Ата-бабадан қалған осы игі дәстүрді жалғастыру келер ұрпақ қолында екенін ақын ескертеді. Ары қарай,

Анасының бергенін саған бердім

Аруағынан айналдым текті ананың, - деп жалғасқан жер. Бұл- жүректен шыққан шынайы алғыс. Дәстүр жалғастығын қамтамасыз еткен анаға алғыс. Осы орайда жазушы Б.Нұржекеевтің «әрбір халықтан, әрбір сөзден қимылдан елдің елдігін көру – Мұқағалидың азаматтық биігі»[5.215-б] деген лебізі жүрекке жылы тиеді. Халқымыздың жомарт жайдарлылығы мен көңіл есігінің айқара ашылуының бір сәті – қонақ күту. Қазақ салты бойынша қонаққа әрдайым жол ашық, сыбағасы да сақтаулы. Мұқағали ақынның өлеңдері дәстүр сабақтастығынан бір үзік сыр. Сондықтан да ақын:

Ат байлап жатса азамат үйден шыға сап,

Кештетіп келіп кез келген үйде құласаң – дейді. Міне, ақынның бір ауыз сөзі жоғарыда айтқандардың бұлтартпас дәлелі. Кейде татулық, бірлік болған жерде күндестіктің салтанат құратыны бар.

Өнерде жарыс болмайды!

Өрісі жетпей,

Күндестік қылған оңбайды... – деген жлдарды ақынның тапқырлығы деп ұсынсақ қалай келіспеске? «Бұл мәселеге байланысты Л.Н.Толстой ден қойғызар пікір айтқан екен. Күндестік сезім, - деп жазды ол, адамгершілік сезімнің азғындаған түрі. Сол себепті ол, ұлттық парасаты жетілмеген, рухы төмен ұлттардың бойындағы аурудың нәтижесі»[б. 165-б].

Дін, имандылық жайында қалам тартқан ақынның бір – екі өлеңіне тоқтала кеткен жөн болар. Исламды біз дін ғана деп қарауымызға болмайды, бұл біздің тарихымыз, ұлттық дүниетанымымыз, халықтығымыз. Бұған байланысты елбасымыз Н. Назарбаев былай деген болатын: «Саясат күнде өзгереді, ал дін мәңгілік»

Мұхаммедтің үмбеті – мұсылманмын.

Пайғамбарым қолдайды қысылған күн [2.78-б], - деп ислам дінін тану, оның тек қана шындыққа жетелейтін және ақын өзінің Алла жолын ақ ұстап жүрген мұсылман екенін айта отырып, әркімнің өз дініне берік болуын насихаттайды. Мұқағали сөз асылын ел ішінен, оның рухани қазынасынан іздеді. Байырғы дәстүрлерімізді, ұлттық ерекшеліктерімізді өлеңмен өріп болашаққа тарту – ақын арманының «ұлттық нышандарымыз бен қазақи қағидаларымыз жоғалмаса екен» деген мақсатта болған деп білемін және осыған ғалым Қ.Алпысбаевтың мына сөзі дәлел болады: «Мұқағали поэзиясының күші мен өміршеңдігі мынада деп білемін: «Ол ұлттық мінезімен, салт – дәстүрімен, сұлу ақиқатымен өзіне баурайды, қазақ – қазақы мінезінің көркем суретін көреді. Сондықтанда ақынның болашаққа аманат еткен мұрасын «нәрлі» жақтармен насихаттау арқылы ұрпақ санасына ой салмақпын. Осыған байланысты жазушы З.Серікқаливтың: «Мұқағали мұрасы – сұлулық үлгісі, біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес, ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп, қадірлейтін қазынасы»[1.430-б].

Қазақтың ұлылығын, тілінің, дінінің құдіреттілігін осылай құрметтеген ақын арманы, «Ата – салтын сақтаған,

Ұрпағыммен мақтанам.

Ата – салтын таптаған,

Ұрпақтарым жат маған» - деген идеяға саяды деп ойлаймын.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.М. Мақатаев. «Шығармалары» 1 – 3 том А., 2002 ж.
- 2.М. Мақатаев. «Жылап қайттым өмірдің базарынан» А., 1994 ж.
- 3.Қ. Алпысбаев. «Мұқағали поэзиясындағы ұлттық рух» Ақиқат, №2, 2002 ж.
- 4.Н. Бейсебаев. «М.Мақатаев поэзиясындағы ұлттық ерекшелік көріністері» қазақ тілі мен әдебиеті журналы. №2, 2002 ж.
- 5.Б. Нұржекеев. «Ойұшқын» А., 2002 ж.
- 6.С. Әшімбаев. «Парасатқа құштарлық» А., 1985 ж.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі дамушы қоғам адамнан барынша шығармашылықтылықты, қабілеттілікті және шеберлікті (профессионализмді) талап етеді. Кез-келген мемлекетте халықтың, яғни әрбір азаматтың өз ісіндегі шеберлігін дамыта, өрістете отырумен қатар біліктілігін дәлелдеуін жоғары қояды. Сөз таластыруға болмайтын біліктілік, дәлірек айтқанда терминология біліміндегі біліктілік тек қана лингвистикалық тіл білімінде емес жалпы білім саласында алатын орны ерекше. Әрбір тілдің сөздік қорының басым бөлігін терминология құрайды. Бұл сала да - қарқынды даму үстіндегі және тілдегі тілдік жаңа құрылымдардың көп бөлігінің тудырушысы [1, 189 б.].

Қоғамның әртүрлі салаларындағы экономикадағы, мәдениеттегі, ғылым мен білім салаларындағы өзгерістер осы әр саладағы терминологиялық жүйені жетілдіруді өзекті мәселелердің біріне айналдыруда.

Сан алуан ғылым салалары өзіндік ерекшеліктеріне қарай жүйелі ұғымдардан тұрады. Ұғымдардың атауға ие болуы, белгілі бір термин ретінде қалыптасуы терминдену заңдылықтары арқылы жүзеге асырылады. Түрлі лексемалардың семантикалық өрісте қолданылуы сияқты, терминдер де терминологиялық өрісте пайда болып, оның ішкі заңдылықтарына бағынады. [2, 184 б.] Қазіргі кезеңде ұлт тілінде термин жасаудың жанданып отырғаны белгілі. Көптеген жаңа терминдер жасалып қолданысқа көше бастады. Бұл ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметін атқара бастауының бір көрінісі. Оны «пуризм», «псевдопотриотизм» деп танып, қазақ тілі ғылымға, термин шығармашылығына шектен тыс көп араласып кетті деуге болмайды. Бұл, түптеп келгенде, онсыз да мүмкіндігі шектеліп келген тілдің ғылым саласындағы қызметінің қалыптасуына жол бермеу болып табылады. Рас, жасалып жатқан терминдердің бәрін бірдей мінсіз деп айта алмаймыз. Олардың ішінде терминологиялық жүйе мен терминдерге қойылатын талаптарға жауап бере алмайтындарының да бар екендігі даусыз. Ондай терминдердің қолданылуына жол бермеу дұрыс.

Егер белгілі бір ұлттың тілі қоғамдық өмірдің қандай да бір саласындағы қызметін атқара алмай жатса, ол үшін тілді кінәлау мүлде дұрыс емес. Ол үшін мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілін термин шығармашылығында тиімді пайдаланып, оны шын мәніндегі ғылым мен техниканың тілі ете білу өзімізге тікелей байланысты. Бұл істе жалпы ұлттық кадрлардың, оның ішінде, ғалымдардың, салалық мамандардың рөлі айрықша.

Ал сәтсіз терминдердің жасалу себебіне келсек, ол терминжасаушының терминге қойылатын талаптарды білмеуінен, тілді дұрыс пайдалана алмауынан, ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшелігін ескермеуден, тәжірибесіздіктен немесе жауапкершілікті сезінбеуден туындайтын әрекет. А.Байтұрсынұлы айтқандай, тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе беретін жұмыс емес.

Тілдер арасындағы өзара сөзалмасу, терминалмасу – қашанда болып отыратын табиғи құбылыс. Өзге тілден сөз қабылдамай, тек өз ішінен байып отыратын тілді кездестіру қиын. Әлем халықтары тілдерінің қай-қайсысы да сөзалмасу құбылысынан тыс қала алмайды. Қазақ тілі де солай. Біздің лексикалық қорымызда да әр кезеңде түрлі халықтардың тілдерінен қабылданған сөздер едәуір. Мәселен, тілімізде араб-парсы, моңғол, орыс, қытай т.б. тілдерден енген сөздердің үлесі де, тілімізге қабылдануына себеп болған факторлар да әрқелкі.

XX ғасыр басында қазақ тілінде білім беру ісі қарқынды түрде қолға алына бастағандықтан, ең алдымен мектеп оқулықтарында қолданылатын терминдерді жасау, оларды аудару (негізінен орыс тілінен) мәселесі туындады. Бұрын ұлт тілінде болмаған көптеген ұғымдардың атауларын түгелдей қазақша жасау оңайға соқпасы белгілі. Қазақ тіл білімінде терминология саласының ғылыми мәселелері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев, С.Талжанов, Ә.Сатыбалдиев, Ә.Қайдаров, С.Исаев, Ш.Сарыбаев, Б.Қалиев, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылған.

Сонымен, тіл білімінде «термин-мағына-ұғым» мәселесіне қатысты үш түрлі көзқарас қалыптасты:

1. Терминдердің лексикалық мағынасы бар, бірақ ол сол ұғыммен толық сәйкес келе бермейді (Л.С.Ковтун, Д.Н.Горский, К.Н.Левковская);

2. Терминдердің лексикалық мағынасы бар және ол сол ұғымды толық сипаттайды (Е.М. Галкина-Федорук, П.С.Попов, А.Шафф);

3. Терминдер – ұғыммен сәйкес келетін лексикалық мағынаға ешбір қатысы жоқ тілдік бірліктер (В.А.Звегинцев, А.А.Реформатский, Л.Н.Капанадзе).

Сонымен бірге, «Терминнің ерекшелігі оның тұрпат межесінде емес, мазмұн межесінде, яғни, оның мағына сипатында. Ғылыми термин – бұл ғылыми ұғыммен байланысты мағынасы бар тілдік бірлік. Бірақ бұл мағына ғылыми ұғымның тек негізгі және маңызды белгілерін ғана көрсетеді» деген пікірлер бар екені белгілі Терминжасамда өзіндік орны бар бір топ терминдер бар, олар химия, физика, математика, техникаға қатысты терминдер.

Терминдердің сөзжасам жүйесі бар. Бірақ терминдердің сөзжасам жүйесі арнайы зерттелмеген. Оның әр мәселесі жөнінде түрлі пікірлер, белгісіз, анықталмаған ғылыми ұғымдар өте көп.

Терминжасам – жүйелі құбылыс, оның яғни жүйенің бір мүшесіне терминжасамдық тәсілдер жатады. Терминжасам тілдің сөзжасам жүйесінің бір мүшесі, бір тармағы болғандықтан, ол сөзжасамның жалпы заңдылықтарын сақтайды, оған бағынады, ол терминжасамда қолданылады. Олай болса, терминжасамда сөзжасамның тәсілдері түгел қолданылады. Сонымен бірге, терминжасамның өз ерекшелігіне байланысты тәсілдер де терминжасам тәсілдерінен орын алады.

Терминжасам мәселесіне арнайы назар аударған ғалым- Ш.Құрманбайұлы. Ғалым монографиясында терминжасам тәсілдерінің мына түрлерін көрсеткен: 1) синтетикалық (морфологиялық) тәсіл, 2) аналитикалық (синтаксистік) тәсіл, 3) терминдену (лексика-семантикалық) тәсілі, 4) калькалау тәсілі [11, 99-165].

Термин сөздердің тіліміздегі аумағы өте үлкен. Оған 30 томдық терминологиялық сөздік толық дәлел болады. Бұл сөздік қорымыздағы үлкен байлық. Тіліміздегі осы үлкен байлық жан-жақты толық зерттелген деп айтуға әлі ерте демекпіз.

Қазақ тіліндегі термин сөздер **екі** түрлі жолмен жасалған.

1. Баламасы бар термин сөздер: 1) жергілікті және көне сөздерден жасалған термин сөздер: универсал – **әмбебап**, устав – **жарғы**, рынок – **нарық**, комплекс – **кешен**, администратор – **әкім**, т.б. 2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы жасалған термин сөздер: семья – **отбасы**, музей – **мұражай**, герб – **елтаңба**, гимн – **әнұран**, паспорт – **төлқұжат** т.б.

2. Қазақша баламасы жоқ интернационалдық термин сөздер: коэффициент, синус, куб, азон, аммиак, карта, материк, глобус, синтаксис, диалект, антоним, дисфемизм т.б.

Ендеше, экологиялық терминдердің жасалу кезегіне сөз берсек.

**Экология** ( лат. *oikos* – **үй**, баспана; *logos* – **ілім**) – жеке **организмнің** қоршаған ортамен қарым-қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ **организм** деңгейінен жоғарырақ тұрған **биологиялық жүйелердің** – **популяциялардың**, **организмдер** қауымдастықтарының, **экожүйелердің**, **биосфераның** ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін **ғылым**. **Экология** терминін ғылымға енгізген Э.Геккель (1866). **Экология ғылымы** жедел дамып, көптеген жаңа салалары пайда болды. 19 ғасырдың аяғы, 20 ғасырдың басында ғалымдар негізінен жекелеген **факторлардың**, әсіресе климаттық факторлардың, **организмдердің** таралуы мен **сан** динамикасына әсерін зерттеді.

Экологиялық терминдерді жүйелей қарасақ, мынадай түрде болмақ.

1) синтетикалық (морфологиялық) тәсіл арқылы жасалу:

Жабындау, көгалдандыру, залал, қорек, будандасу, залалсыздандыру, ылғалдандыру, шоғырлану, жарылыс, парафилдер, пиграфиттер, ксерофилдер, ксерофиттер, криофилдер, литофиттер, лизофилдер, мезофиттер, нитрофилдер, паралиттік эффект, продуценттер, псомофиттер, аэробтар, сукулиттер, консументтер, энделиктер, эфемирлер.

2) аналитикалық (синтаксистік) тәсіл:

Қоршаған орта, зілзала, химиялық түтін, тіршілік қауіпсіздігі, экологиялық жүйе, дарақтар жиынтығы, зат алмасу, гравитациялық толқындар, экологиялық қуыс, қалыпты тіршілік, экологиялық экспертизм, жасыл желек, электр сүзгілер, экологиялық жағдай, экологиялық ахуал, күл үйіндісі, қалдық газ, тозаң тұту.

3) терминдену (лексика-семантикалық) тәсілі:



Тіршілік, ұлпа - ткань, көгал, өсімдік, көшеттер, ағза, түр, дара тұлға, қауымдастық, бірлестік, зардап, қышқылды жаңбыр, қоқыс, продуценттер - өндірушілер; консументтер - тұтынушылар; редуценттер - ыдыратушылар, селбестік-сембиоз, бау-бақша шаруашылығында қолданылатын сөздер: әңгелек, жәмше, торлама; қызылша шаруашылығында қолданылатын сөздер: қылша, өркен, түбіртек, жом; мал шаруашылығында қолданылатын сөздер: жүген, құрық, шылбыр, тізгін, қамшы, бишік, ер-тұрман, терлік, тоқым, доға, қамыт, т.б.

4) сөз қысқарту (аббревиациялау) тәсілі:

Экожүйе, Биоценоз, Биотоп, Фитоценоз, Зооценоз, Микробиоценоз, Микоценоз, Биогеоценоз, мутуализм, коменсализм, нейтрализм, антропогенез, ареал, биом, консумент, гулус, симбиоз, фотосинтез.

Көбінесе, интернационалдық терминдер, әрине, өз орнын әлі бере қойған жоқ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. –Алматы: Ғылым, 1989. –268 б.
2. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. Астана, 2002,-784б.
3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2001. – 213 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
6. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру (математика саласы бойынша). Филол.ғыл.док.дис... авторефераты. Алматы, 1997. – 44 б.
7. Гринев С.В. Введение терминоведение. – М., 1993.
8. Фролова О.П. Словообразование в терминологической лексике современного китайского языка. – М., 1981.

**Ибрагимова Іңкәр** Орталық Қазақстан академиясы 3курс студенті  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Тлеубекова Б.Т.

#### **КӨРКЕМ ТУЫНДЫДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ**

Оралхан Бөкей әдебиетімізге алпысыншы жылдар ауа бергенде келген талантты жазушы.Оралхан прозасы ой, сезімді қабат өріп, қатар тоғыстырып келеді. Күйлерінде қос қағыс көбірек сезілгендей. Оралхан прозасы өлең-жыр іспеттес болып келеді. Толғау – толғаныс боп, тынысты ырғақтар, адуын асау, лепті боп келеді. [1, 202-б.]

«Өз отынды өшірме» романның әр саласындағы «бүгінде» және «баяғыда» өтетін оқиғалары формасы жағынан дәстүрлі шегініске, еске алуға, елестетуге құрылғанмен, сонымен қатар өзіндік түрлік ерекшелігін де аңғартады. Мәселен, романдағы бес салаға іріктеліп алынған, шоғырланған оқиғалар, тіршілік суреттері өздерінің хронологиялық жүйесін сақтаудың арқасында өмірдің тұтас бір үзіндідей әсер қалдырады. Автор әр саладағы «бүгінде» және «баяғыда» деген айдары бар екі арнаның екеуінде де кадрдан тыс тұрғанмен роман экранындағы өтіп жатқан ірілі-ұсақты әрекеттердің, қақтығыстардың тікелей куәгеріндей болуға ұмтылған. Романның осынау қос арнасы түптеп келгенде Құланды разъезін басып өтетін темір жолдың қос ішектей созылған шойын табанына негізделген. Шығармадағы әлеуметтік талдаудың кейбір кемшілік тұстары да осы қос арнадағы – шойын жол табанындағы сызат пен сызықтардан төбе көрсетеді. [2,2-27-б.б] «Өз отынды өшірме» романын тұтастай алғанда,Жақсылық пен Жамандықтың шарпысуын бейнелеген, адам – жұмбақтың жан әлеміне терең үңілген туындылар десек, ең басты кемшілік – бас қаһармандардың бірі Оспан бейнесіне психологиялық дәлелдеменің әлі де болса жетіңкіремей жатқанын айтар едік.Егер «жамандықты жеңетін – жамандық» деп ойламай, керісінше, жамандықтан жақсылықтың үстем болуын көздесек, сол жамандыққа жақсылықтың ұрығын себуіміз қажет.

Романдағы аса сәтті шыққан образ – Гүлия. Егер жазушының негізгі мақсаты – кейіпкер келбетін өз мәнінде сомдай алу болса, романдағы Гүлия ерекше сомдалған, әрі жұмбақ, әрі қарапайым, әрі таза, әрі биік,әрі тылсым бейне және мәңгі бақи адам бақыты дегеннің не нәрсе екенін түсінуге талпынады. Былайша қарағанда, бәрі де дұрыс, бәрі де орнында сияқты. Жоқ үріп-шайқап ішетін, ит басына іркіт төгілген отбасында өскен Гүлия кешегі не ішем, не киём

дейтіндей емес дәуреннің келмеске кеткеніне өкінбейді. Өзінің ұнатқан, сүйген адамына қосылды. Бірақ, әйтеуір, бір нәрсе жетпей тұрғандай... Осынау жүзінен мұң сейілмейтін адамның ішкі сырын кім сезіне алады? Кім оған назар аудара алады? Ондай адам жоқ сияқты... Дархан ше? Бір ғажабы: Дархан Гүлияның жан тәнімен сүйетін, өмірлік және рухани серігінен гөрі, оны небір дауыылдан, табиғаттың небір дүлей күшінен, адамның қасқыры мен даланың қасқырынан қорғай алатын апай төс берік қорған, тіпті қажет десеңіз, ғұмыр бойы қамқорлық жасайтын қайырымды да, жасы үлкен мейірімді кісіге келіңкірейді. Мәңгі-бақи дүниедегі сұлулыққа, ізгілікке адамдар арасындағы мейірімге бар жүрегімен іңкәр болған Гүлия еш уақытта да Дарханға «Сен» деп сөйлемеген екен, қысқа ғұмырында «Сіз» деп өткен екен.[3,102-б]. Адамның талпынысы, бақытты болуға деген ұмтылысы еш күрессіз, еш тартыссыз қалай тез орында қалады? Олай болса, қолға тым тез келіп қонған бақыт шынымен-ақ баянды болмақ па? Жалпы бақыт деген не нәрсе? Өзін «адамзаттың жауы» деп жариялап, жер бетіндегі сұлулыққа, көріктілерге, ізгілікке қарсы күрес жариялап, түн түнегім сіңіп белгісіз бір жаққа Оспан аттанып кеткенде, Гүлияның жан әлеміндегі торығу мен толғанысты жазушы төмендегіде береді. «Кім білсін... ертеңгі күнің не болар екен, қарағым-ай, деп басынан сипар шын жанашыр іздеп, құлындаған көңілі көктемгі қардай көбесі сөгіліп ереді-ау... ағыл-тегіл, ағыл-тегіл; мұндайлық нәзік жанды, мамық сезімді, егіннің жаңа шыққан көгіндей қазақ қызды тек қана үкілі тақиясы бұлғақтап Дүрия көйлегі желбіреп, батқан күннің шапағына шомылып, қыр асып бара жатқанын ғана көріп, артық рет қол бұлғап қалғың келер; мүмкін қазақ үшін ең ақырғы Ақжүніс, ең ақырғы Баян, ең ақырғы – Жібек осы ма деп соңынан қимай қарап, қимас тілекпен шығарып салармыз; алысқа тартқан «айякерім, сені қайтарып алар күш қайда, қайда...

Көп жылаудың басы ғана бұл, - деді Дүрия – жыласаң жылашы мауқың басылар. Оспан соқырдан мен де қорқамын. Сені алмай тыншымас.

Қайдағыны айтпашы, - деп жалынды өксігін баса алмаған Гүлия. – Одан өлген артық.

Гүлия жайлы жазылған ағыл-тегіл шалқулардан автордың позициясы байқалады[4,131-б]. Оралхан өз шығармаларында идеялық-көркемдік тереңдікті өзінше түйеді. Өнердің түпкі мұраты – өнеге болса, Оралхан кейіпкерлері мүлде өзгеше қырымен, ойлы сезімтал қалпымен ешқандай ұлы істерсіз-ақ өнеге таратып, үлгі көрсетіп жатады. Шыншылдыққа, батылдыққа, мөлдір тазалыққа, соның бәрі қосыла келіп жан сұлулығына үнсіз шақырып тұратын кейіпкерлер Оралханның үлкен-кішілі шығармасына тән құбылыс. Жартымсыз, тартымсызғып әл-әзір ештеңе жазған емес, жаман-жақсыны бадырайтып, бедерлі беру оның суреткерлік дағдысына айналған. [1,218-б]. Романның төл әдебиетімізге әкелген жаңалығы да осында, ешқандай қаһарман, ешқандай характер өзі аласұрып іздеген мыңдаған сұрақтарына бірде жауап тапса, бірде таба алмай күй кешеді, адамдарда ішкі сырымен, жан әлемімен аса күрделі жұмбақ. Дүлей күшке үнемі ізгілікті өмірге деген іңкәрлікті қарсы қоя алмайды екенсің. Оралхан Бөкейдің шығармашылық даралығынан осы жайды ұғынасың.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Т. Тоқбергенов «Қос қағыс» Алматы, 1981
- 2.С. Жұмабеков «Сын пернесі» Алматы, 1989
- 3.М. Хамзин «Қазіргі қазақ романы» Қарағанды, 2001
- 4.О. Бөкей «Өз отынды өшірме» Алматы, 1981

**Қабдулла Гүлжаһан, КҚЭУ, МО-23к.**

Ғылыми жетекші: доцент Тойжігітова М.Ш.

#### **ТІЛ, ОЙ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАР**

Рационалдық философияда рух санамен және ойлаумен теңестіріледі. Иррационалистер оны ерікпен, сезіммен, қабылдаусен, интуициямен қабыстыра қарастырады. Қалай болғанда да, халықтың мәдениеті, білімі, интеллектуалдық қуаты, ділі, санасы, дүниетанымы бәрі бірігіп отырып, оның рухының сыпатын айқындайды. Тілдің ақиқаты артықшылығы тек тұнықтан бастау алып және қажетті еркіндікте болуында, адамның барлық интеллектуалдық күшінің қуаты қызметіне селбесуінде, оның толыққанды қаруы қызметін атқаруында, сақталып отырған бейнелі –сезімдік толыққандылықта және рухани заңғасыйылымдылыққа арқа сүйеп, бұл

күштерді үнемі қайта оятып отыру қабілетіне ие болуында. Тідің рухқа игілікті ықпал етуі осы формалы қасиеттерге барып тіреледі. Тіл – рух сөзі сусындайтын қайнарлары қаңсып қалмайды деген үмітті сеніммен толқындарын ағызатын арна.

Қазақ тілінің кібіртіктелген, тұтыққан, өзге тілмен араласып қойыртпақталған, мейілінше түсініксіз күйі қазақ тілінің төл пәлсафасына, ахлағына, білімі мен ғылымына, кәркем өнеріне, психологиясына, діліне, рухына, тура әсер етуде. Даулы ауыздардың айтқандары афоризмдерге, өлең жолдарына айналып тарап жатты. Бірақ тарих жолының соқтықпалы, еендігі белгілі: қазақ қоғамының да шуақты шағы оның көлеңкелі тұстарымен алмасып жатыр. Осылардың бәрі В. Фон Гумбольдтің «Тіл азаматтың рухани дамуымен тығыз қабысады және мәдениеттің әр кезеңін бейнелей отырып, оның тұйықталған прогресінің немесе регресінің әр баспалдағында онымен бірге болады» дегенін айғақтады.

Халықтың рухын ойластыру үшін зиялыны құру керек, өйткені рухты, халықтың ділін алып жүрушілер, ұлтты келбеттейтіндер солар. Зиялы қауым жойылғаннан кейін олардың орнын басқандардың ділі юасқа болды. Кеңес билігі тұсында рухы күшті зиялылардың орнына келешекте «мемлекеттің болмайтынын» құптаған, «ұлттардың бірігіуін» мойындаған, «тілдердің жойылатынын» қабылдаған коммунистік номенклатураға енген шенеунітер өздерінің мәдениетке, тілге, рухани дамуға қатысты кертертпа тұрғысын бірден танытты. Рухани тұлғалардың өндірімі болып табылатын теріс бағыттарын, сана тайаздығын, дүниетаным тарлығын, ой жұтандығын, тиісінше, осылардың бәрінің салдары болып табылатын кібіртік тілін алып келді.

Ғылыми зерттеулердің жүргізілмеуі, монографиялар мен диссертациялардың жазылмауы қазақ тілінің ғылыми стилін дамытпады. Ақыры, тілді тұрмыс аясында қолдануға ғана қалдыру оның келешегінің күнгірттенуінің басты себебі болды және бұл бағыт әбден тәптіштеп, ғылыми негізде әдейі жасалғандықтан және құдіретті күшті әкімшілік шаралармен жүзеге асырылғандықтан, оның пәрмені қатты болды.

Рух мәдениет жетістіктерін пайдалану мен білім алудан ғана емес, ең алдымен адамның, қоғамның азаматтық, еркіндік, теңдік идеяларын терең сезінуінен, сол идеяларды өмір жүзіне ұмтылысынан көрінеді. Қоғам тудырып, алға шығарып отырған алыптардың милитаристік идеялын қағып алып, жан берердей жанталасты қозғалыс болып жатқанда, рухани өмірмен тығыз байланысты тіл де қарқынды дамиды. Осыдан тілдің де демократияның жемісі екендігі көрінеді. Үнемі өрлеп отырған қоғамның демократияшыл баспасөздердің тілді жетілдіру үрдісіндегі рөлі ерекше.

Бірақ қазақ тілі осындай қоғам мен арасындағы байланысқа тосқауыл қойылғандықтан, өсу қарқыны жасанды тежелген сияқты. Және осы тосқауыл Кеңес заманы кезінде коммунист идиологтардың ғылыми жолмен бағдары жүргізілген әкімшілік шаралармен жүзеге асырылған.

Қазақ тілі XIX ғасырдың ортасына дейін бітұтас, өзінің төл қоғамына сай дамыды. Қазақ Ресей отарына кіргеннен, қазақ тілінің тоқырау жылы болып, қазірге дейін өз зардабын көруде. Қазақстанға орыс тілінің келуі, оның таралуына толық жағдай жасалуы қазақ тілін шетке ығыстырумен қатар әрменді жүргізілді. XX ғасырда қазақ тілінің қлдааясын д әі тарылтты, іс жүргізуден қала бастады, өнеркәсіпте, ғылым мен техникада мүлдем қолданылмайтын, ауыл шаруашылығында, мәдениет пен білім салаларында қолданылмайтын ішінара тілге айнады. Қазіргі Қазақстан қоғамы бір жағынан аграрлық элементтері көрініс беретін, ішінара постиндустралды даму деңгейінде аяқ артып отырған, негізінен аграрлық сатыдағы қоғамның тілі ретінде қалып отыр. Қазақ тілінің бастан кешіп отырған қиыншылықтары, қоғам өмірінің барлық аяларындағы қолданыстағы мүшкіл жағдайы, өзінің мемлекеттік мәртебесіне сай қызметін атқара алмай отыр. Қазақ тілінің лексикалық қорының денінің қоғам өмірінің бір аясы ауыл өмірін және мал шаруашылығын сипаттайтын сөздерден түзілуін, сөз қолданысындағы тұрмыстық стильдің белең алуының іздерін сана жұтаңдылығынан көруге болады. Жұтаң сана деңгейінде сезімдік бейнелермен, ойнудың логикалық формаларымен да (ұғымдармен, пайымдармен, зерттеулермен) әрекет ету болып жатқанымен, нағызында ол ғылыми қорытынды бола алмайды.

Қазақтың аграрлық уклад тілінің дамуының шарықтау шыңы XIX ғасыр аяғы мен XX ғасырдың басы. Бірақ кеңес одағы тұсында жүргізілген индустриализация науқаны қазақ тілінің өнеркәсіпке енуіне пәрменді әсер ете алмады, керісінше, большевиктер қазақты индустриадан аулақ ұстады. Большевиктер жүргізген тіл саясаты салдарынан XX ғасырдың екінші ширегінде әліпбилердің арабшадан латыншаға, одан алып латыншадан кириллицаға ауысуы тілдің

аукымды тоқырауы кең етек алған болаын. Осы кезеңде жазылған көркем әдебиет ныңы болып М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы болып табылады. Ол тілдің тоқырауы бастап кетсе де, әлі даму инерциясынан айырыла қоймаған кезде және репрессиялардан ғажаптың көмегімен аман қалған автордың заманына сай білімі мен шеберлігінің арқасында дүниеге келді.

Тілдің ойға, ойдың әрекетке ықпалын қазақ тілінің мысалдарынан көп келтіруге болады. Қазақ мәдениетін, көркемөнерін басқарушылар кезінде қарапайым хрестоматиялық қағидаларды санаға сіңіріп, ой қорыту деңгейіне көтере алмады. Олар басқалары сияқты, өркениетті қаладан іздеу керек екенін, ұлт болу үшін алдымен ұлттық экономиканың негізгі тұтқаларын – қала өнеркәсібін қолға ұстауға ұмтылу керек екенін, өнеркәсіпте істейтін, әлеуметтік күш ретінде көріне алатын ұлттық жұмысшы және техника зиялысы болу керек екенін түсінбеді.

Қазақ тілінің бар болмысы қазақ халқының ойы мен әрекетінен айна қатесіз көрініс табуда. Қазақ тілінің тұрмыс аясында тықпаланып қалуы қазақша ойлауды да тұрмыс шеңберінде қысып тастаған. Мысалы: қазақ жахушыларының алдында қаншама рет өндіріс тақырыбында шығарма жазу міндеттелсе де, олар бұрынғыша отбасы мен ошық қасының оқиғаларын сюжет құрудан ұзай алмайды, ауыл өмірі және туыстар арасындағы қатынастарда құрылған сюжеттерден алыстап кете алмады. Қазақ жазушыларының қала өнеркәсібі, ғылым мен техника, халықаралық, әскери тақырыптарға қалам тартуы мардымсыз болды, көркем шығармаларды қоғамдық қайраткерлердің, инженерлердің, ғалымдардың, дипломаттардың көркем бейнесін жасай алмады. Өйткені адам өзінің сөздік қорында жоқты іс жүзіне асыра алмайды. Шашыраңқы тілдің өндірімі болып табылатын жұтаң сана қоғамдық ғылымның дамуына тұстау болды, философия тоқырады, ұлттық мәдениеттің, тілдің даму заңдылықтары ашылмады. Тек кейбір озық ойлы зиялы қауым өкілдері ғана ауылшылдықтың ұлт дамуына түпкілікті мақсатында қайшы екенін сезді, баспасөзде көтеріп, басқаларға түсіндірмекші болды. Бірақ оларды баспасөз әкімшілігі қолдамай тойтарыс берді. Қазақ әкімдері нарықтық ұстанымдар, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, пікір алмасуды қалай еріксіз келсе, қала өнеркәсібін дамыту қажеттілігін де сондай, сөз жүзінде қабылдады.

Қазақ тілінің лексикасында қала өміріне, өнеркәсіпте қатысты сөз қанша аз болса, қазақ тілінде шығарма жазатын жазушылардың ойы да сол салада имманентті жұтаң. Қазақ тілінде сипаты мен мазмұны жағынан нағыз плебейлік мәдениет жасалды – ауыл туралы және ауылға шақыратын романдар мен повестер жазылды. Аталған дәуірдегі қазақ әдебиетінде қала өнеркәсібі, ғылыми фантастика, саяси детектив және халықаралық тақырыптарға жазылған шығармалар тым сирек болды. Әдебиеттегі тақырыптық шектеулілік өнерге де әсерін тигізбей қалған жоқ. «Ауыл ауруына» қазақ өнері де ұшырады, театрды, киноны, теледидарды ауыл тұрмысының қойыртпағы жинап алды. Әсіресе, музыка өнерінде қазақты ауылға тура шақыру орындаушылардың репертарын дөрекі формада көрініп, Кеңестен кейінгі кезде идеологиялық бағыт ретінде жүзеге асты. Қазақ өнері заманауи тақырыптарға жазылған репертуармен, әдеби материалдармен қамтамасыз етілмеді. Салдарынан қазақ мәдениеті туындыларына бұқараның ықыласы кеми бастады.

Қазақ тілінің тұрмыстық аядан шыға алмауы ән жанырында таңба басқандай көрініс береді. Тұрмыс аясында әке, ана, ата, әже, туыс-туған, құда-құдағи, ата –жұрт туралы көптеген шығармалар көрініс тапты. Сонымен қоса адамдарды ғана емес, тұрмыстық заттарға (ауыл, дастархан, жан-жануар...), тұрмыстық оқиғаларды (той, құдалық, шілдехана...), туыстарының мерейлері қамтып, «көркемдікпен игеруге» әсерін тигізіп отыр. Өзін сыйлайтын автор біреу айтып кеткен ойды қайталауға бармайды. Бірақ кей кезде бідің қоғамда қазақ авторлары осы қарапайым этиканы да сақтамай, біреу сағыныш туралы ән жазса, кейін бірінен кейін бірі сағынышты аңсап зар иілуі жалғаса береді.

Соңғы онжылдықта қазақ ақындары мен композиторлары аталған тақырыптардан шығып, селт еткізер жаңа ойы бар ән жаза алған жоқ. Кейбір дара тұлғалардың жекелеген шығармаларын есептемегенде, көптеп шығып жатқан туындылардың арқасынан өркениетті елдердің тілдеріне аударғанда жарарйтын роман немесе повесть, сахыналарға қоюға ұсынатын драма, әншілерге айтқызатын ән табу қиын.

Плебейлік бүлдіруші сана тілдің дамуына тура қатынасы бар келесі арна- білім беру саласы. Дамыған елдерде педагогиканы ілгері ғылым ретінде сананмайтыны жіне оның өркендеуіне шығын шығармайтыны белгілі. Қазақстанда педагогика мәселелерімен университеттер, ондаған педагогикалық жоғарғы оқу орындары, Республикалық

және обылыстық мұғалімдер білім жетілдіру институттары, Ы. Алтынсарин атындағы білім академиясы айналысады. Алайда педагогика мектеп үшін қызмет ететіні рас болғанымен, Қазақстанда оның туындылары мектепке бармайды. Жыл сайын қорғалып жатқан жүздеген диссертациялардың қорытындылары мен тұжырымдамаларын бірде бір мұғалім сабақ беру үрдісінде пайдаланбайды, өйткені оның мұғалімге де, оқушыларға да қажеті шамалы.

Қазақ педагогтары зерттеу бағыттарын өзге қоғамдық ғылымдармен, әсіресе философиямен, социологиямен, лингвистикамен, саясаттанумен, мәдениеттанумен, экономикамен, логикамен ынтымақтаса қарастыруды ойламайды. Қазіргі қоғамның дүниежүзілік қауымдастықпен қолтықтасып кеткен заманында, күрделі даму жағдайында кез келген проблеманы, соның ішінде білім беруді де методологиялық жаңа ағыс ретіндегі ғылымдар интеграциясында ғана шешуге болатыны ескермейді.

Қазақ тіліне және қазақтікіне қатыстының бәрінің ойсыратып тұруы, тиісілінше, детерминикалық салдар – үрку тенденциясын құрып отыр. Қоғамда қазақшадан қашу немес қазақ болғанына арлану, немесе орыс тілін білмегенінен ұялып, ал қазақ тілін білмейтінін кеуде қағып айту жастар мен Кеңес дәуірінде өскен адамдардың арасында жиі кездесетіні жасырын дүние емес. Ол Кеңес заманынан қалған төмен өркениеттің өкілдері жоғарғы өркениеттің өкілдеріне жағымсыз жармасуынан қалған стереотип болып саналады. Егерде қазіргі таңда өз тілімізді, дінімізді қолға алмасaq қазақ тілінің барар жері, асар тауы жоқ. Тіл мемлекетті құраушы негізгі элементтердің бірі болып саналады. Қазіргі таңда мемлекет басындағы отырған басшылар өздерінің қазақ тілдеріндегі сауатсыздығымен халыққа үлгі көрсетіп оыр. Балық басынан шірейді дегендей, ел басқарып отырған министірлік төрағалары мен депутаттар телеарналардан не орысша, не қазақ тілінде шет елден келген азаматтар тәріздес шала қазақша сөйлейтін болса, халық осы азаматтарға қарап, қазақ тілін қажет тұтпайды және елемейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Әдебиеттану сөз өнерінің сырлары.- Алматы: Мектеп, 2003.-56-61 бб.
- 2.Қабдолов З. Сөз өнері. –Алматы:Санат, 2002.-85-92 бб.

**Қайыржанқызы Айжан** Орталық  
Қазақстан академиясы 3курс студенті  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Тлеубекова Б.Т.

#### **КӨРКЕМ ТУЫНДЫДАҒЫ ҚАЛАМҒЕР СТИЛІ**

Қаламгердің стилі, яғни оның қаламынан туған шығарманың стилі сол туынды дүниеге келген әдебиеттің өре - деңгейін байқатады, себебі талғамы биік оқырман тек тәуір деген шығармадан ғана рухани –эстетикалық лаззат алады. Бүгіндері қанатты сөзге айналып кеткен мына пікірге сүйенсек, «Стиль – шын талант, ұлы ақын – жазушылардың қаламдарына тән сипат. Кез келген ақын –жазушыдан стиль іздеу бекершілік... Дарын жоқта - стиль жоқ».«Стиль - адам» (Бюффон), «Мінез қандай болса, стиль де сондай » (Платон), «Адамның күллі қасиеті стильден тұрады» (Стендаль) деген де терең пікірлер бар.

Міне, қалай болғанда да стиль ұғымының тереңде ауқымды екенін, күрделі де күрмеуі мол екенін байқаймыз.Соңғы жылдары дүниеге келген шығарма Д.Исабековтың «Қарғын» романына талдау жасай отырып, қарастырып отырған кезеңдегі осы туындының әкелген азды - көпті жаңалығына, жазушының шығармашылық даралығына т.б мәселелерге тоқталдым.Егер стиль дегеніміздің өзі кез келген қаламгердің ешкімге ұқсамас даралығы десек, Дулат прозашыға тән стильдік сипаттар қандай? Бәрінен бұрын, жазушы жақсылық пен жамандықты негізгі объект етіп ала отырып, ішкі сұлулықты, ішкі тереңдікті,рухани күштілікті жоғары қойып дәріптейді. Шығармаларына психологиялық,лирикалық сарындармен қатар философиялық ой дарыту- қаламгерге тән құбылыс.«Қарғындағы» басты қаһармандардың бірі - Жасын образының болмыс- бітіміне жазушы ең құдіретті де күрделі –Адамның жан әлемін сол Адамның өзін-өзі тануын,Адам өмірінің мән - маңызын т.б аса маңызды проблемаларды топтастыра білген. Романның негізгі әлеуметтік

философиялық жүгі де осында жатыр. Жер бетіндегі жамандық атаулыны жермен жексен етіп, жоқ қып жіберу үшін, әділетсіздікке орын бермес үшін, адамзаттың барлық өмірлік мәні бар проблемаларын шешу үшін сол адамның өзін өмір сүру жолын өзгерту қажет, қоғамға жаңа гуманизм идеяларын енгізу керек. А.Печчей айтқан ғой: «Концепция, к которой я пришел. Совершенно правомерно ставит в центр всех проблем человека способ его существования и образ жизни. Она предполагает что в нем сокрыты огромные невыявленные, душевные и культурные возможности, и их можно полностью раскрыть...» [2,199-б]. Адам сияқты күрделі жаратындының болмыс бітімін тану арқылы өмірдің маңызын, мәнін пайдалануға тырысушылық Жасын бойында ғана емес, Бағила, Мәлике бойында да байқалады, ал бұның өзі романға тән - тәуір үйлесімділік дарытқан. Жасын сынды, бәлкім уақытынан тым ерте туған, бәлкім кеш туған, мынау тіршілікке, айналасында жүрген уақ жандарға, тіпті, қажет болса, қоғамның өзіне де пысқырып қарамайтын, алайда өмірден өз еншісін алғанды қойып, отының басынан да шынайы рахат көрмеген, бір қарағанда ойшыл, философ, бір қарағанда бері жүр десең, әрі жүретін, барынша қыңыр, алайда ақ жүрек, барынша адал жанның, мәңгі бақи өз ғұмырына мынау жарық дүниенің, онда қыбырлап тіршілік кешіп жүрген адамдардың рухын, барша болмысын, сондай - ақ, өзін де тануға тырысып, аласұрып жүрген азаматтың іс - әрекет қимылымен сөйлеген сөзі, толғанысы, пікірлерінің көрінісі арқылы психологиялық талдаудан тұратын шығарма жазып шығаруды автор мақсат тұтқан сияқты. «Мен тоқ адамды жек көрем. Өйткені тоқ адамның көзі соқыр, құлағы керең келеді. Оларға өнер де, ұлт та, ертеңгі күнде, дүниедегі өзгерістер де қажет емес, оларға қарын ғана қажет» [3,74-б]

«...Қарғын - роман. Романдағы Бағила үшін, Мәлике үшін, алыстағы ауыл механизаторы (боранда аяғын үсітіп алатын) үшін идеал - Жасын. Ол да кәдімгі жұмыр басты, екі аяқты пенде. Сұлу әйелге құмарту, дегеніме жетсем екен деп тырысушылық оған да тән шығар? Өйткені ол да ет пен терден жаратылған жан ғой. Міне, осы жерде біраз адамға идеал етіп, көрсетілетін Жасын образын жазушы басқа бір қырынан байқатады. Мүмкін, қол жетпестей боп көрінген әйелдің тым алыстағы ғана осындай сезім тудыратын шығар. Егер мен онымен бұдан да жақынырақ болсам, мейлі тіпті күйеуі - ақ болайын. Осындай қайталанбас киелі сезім кеудемде күнде дүрсілдей беру керек пе? Құдайдың құтты күні? Жұбайлық өмірдің соңына дейін? Әрине, жоқ! Демек, киелі деген сезімнің өзі жалған, уақытша екен ғой?» [3,149-б]. Философтардың пікірінше, философияның, негізінде болып табылатын ой- пікірлер дәуірдің қажеттілігімен астасып, байланыста болатын кездері болады. Ұлттық аса ірі трагедиялар, өзінің құдайдай сенген идеалдарының табан астында күйреп шыға келуі, үлкен бір алапат сүргіннің, болмай қоймайтын қатерлі жағдайдың жақындап келе жатуы т.б. қоғамдық, мінез құлықта өзгерістер, орасан зор алаңдаушылық, үйренушілік туғызады, әсіресе сол қоғамның идеологиялық элементтерінің, сол қоғамның белгілі дәрежеде «Мені» болып табылатындарының басында бұл жағдайлар ерекше байқалады. Адам табиғаты қызық. Өре - деңгейі биік, еңселі жандар жан әлемі таяз, аласа жандарды көргенде жалғызсырайды, рухани жүдейді. Бұл - ақиқат. Осындайда бір ойға келесің: Табиғаттың құбылмалы сәттері жиі болып тұратыны сияқты адам табиғаты да үнемі сәттіліктен, мамыражай, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ жағдайлардан құрылмайды ғой, яғни, былайша айтқанда, жолаушылап, сапарға шықтыңыз дейік, күн ашық, келесі күні де осындай, үшінші, төртінші, бесінші күні де осындай, біраздан соң ауа райының бір сәт те болса құбылуын тілемейсіз бе, жауынды, дауылды тілемейсіз бе?

Міне, романшы Дулат Исабеков шығармаларының әсіресе «Қарғын» романының оқырманға айтар ойы, берер тағылымы да осында деп түйгеніміз абзал сияқты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жұмалиев К. «Стиль-өнер ерекшелігі» Алматы, 1966ж
2. Печчей А. «Человеческие качества» М. 1980ж
3. Исабеков Д. «Қарғын» Алматы, Жазушы 1993ж.

## ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Термин – қолданудағы нақты мәні мен арнайы ұғымы бар, белгілі бір ғылым саласында қолданылатын сөз (сөз тіркесі). Жалпы терминдердің негізгі белгілері заң терминдеріне де ортақ белгілер болып табылады. Олар: бірмағыналылығы, ұғымды айрықша дәл, нақты беруі, бейнесіздігі мен сезімсіздігі, өзара жүйелілігі. Басқа сөздерге қарағанда, терминдер әлеуметтік ақиқатты нақты беруі тиіс. Олардың эмоционалды-экспрессивті бояуы жоқ, олар - объективті және тұрақты. Белгілі тіл маманы А.А.Реформатский жалпы терминнің басты белгілеріне тоқталады: «термин емес сөздердің мағынасы контексте ашылу керек те, ол термин сөздер контексте тәуелді емес. Термин сөздерге көп мағыналылық, экспрессия жат» - дейді [Реформатский А. Что такое термин и терминология? // Вопросы терминологии. М., Изд-во АН СССР., 1961, С. 46-54]. Жалпы терминдер, терминдерге қойылатын талаптар туралы зерттеу жұмыстарын жүргізген А.Н.Баскаков, В.В.Виноградов, Н.А.Щеглова, Д.Э.Розенталь, В.П.Даниленко еңбектерін ерекше атауға болады. Қазақ ғалымдарының ішінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанұлы, С.Аманжолов, С.Кеңесбаев, М.Балақаев, Н.Сауранбаев, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Б.Әбілқасымов, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбаев, Е.Әбдірәсілов, С.Исақова, А.Қоңырова, А.Исанова, Қ.Айсұлтанова т.б. еңбектерінің де үлесі мол.

Заң терминдерінің негізгі белгілері – нақтылығы және түсінікті етіп берілуі. Олардың әрқашан бір ғана мағынасы болатындықтан, терминдердің мән-мағынасы контекске байланысты болмауы тиіс. Себебі, олардың экспрессивті-эмоционалды бояуы, көпмағыналылығы болмауы керек. Моносемантизм, эмоционалдық мәнің болмауы заң терминдері семантикасын айқындайтын негізгі факторлар болып табылады. Терминдер белгілі бір ұғымды сипаттай отырып, нақты ойды үйлесімді, белгілі бір мақсатпен дәлме-дәл анықтайды. Бұл, әсіресе, заңдық шешімдерді айқындауда маңызы зор. Заңнамада неғұрлым терминдер көп болса, соғұрлым ол нақты, айқын, ықшамды болады.

Жалпы алғанда, терминологияны профессионалды қолдану оның ақпараттық сапалылығының дәрежесін көрсетеді. Мысалы, «зиян келтіру» деген сөз тіркесі күнделікті тұрмыста әр түрлі мағына беруі мүмкін, ал заңгер үшін, яғни терминологиялық мағынада заң тұрғысынан өзіндік мағынасы болады. Азаматтық құқықтар мен міндеттердің бұзылуы мағынасында қарастырылады.

Заң терминдерінің басқа терминдерге қарағанда, өзіне тән ерекшелігі болатыны белгілі. Күнделікті тұрмыста адамдар сан алуан оқиғаларды басынан кешіреді, ал заң нақтылы өмірлік оқиғаларды, ұғымдарды ретке келтіріп отыратындықтан, заң терминдеріне, ең алдымен, нақтылық, мағыналылық, түсініктілік тән болуы шарт. Кейде белгілі бір құбылысты немесе ұғымды беру кезінде, қабылданған терминдер сол беретін ұғымын нақты бере алмайды. Мысалы үшін, бүгінгі біздің заманымызда кейбір жаңадан алынған сөздер ұғымнан мүлде алшақтап кетіп, мағынасы дұрыс ашылмайтын жағдайлар көптеп кездеседі. Ал заң ғылымында мұндай олқылықтар жіберілмеуі керек. Алынып отырған терминіміз әлі тұрақтанбаған ұғымымыздың мағынасын дәл беру арқылы заңдық ұғым анықталады. Заңнама үшін, ең алдымен, термин қалыптасып, сосын ғана ұғым пайда болуы керек. Кез келген ұғым тек заң әлемінде оған терминологиялық мағына берілген де ғана құқықтық сипатқа ие болады.

Заң терминдерінің негізгі белгісі – оның жалпы таралымдылығы (общераспространенность). Заңға барлық қоғамдық қатынастар жүгінеді. Сондықтан да нормативтік акті де, тұрмыстық лексика да, әр түрлі қызмет көрсетулер, түрлі ғылым салалары заңмен тығыз қарым-қатынаста болады. Сол себепті де заң терминдері барлық қоғамдық салаларда қолданылады.

Заң терминдеріне тән тағы бір ерекшелік, оның жүйелілігі, яғни ішкі үйлесімділігі. Заң терминдері өте күрделі органикалық жүйені құрайды, олар өзара бір-бірімен тығыз байланыста болады. Бір ғана сөзден бір-біріне жақын ұғымдарды білдіретін бірнеше терминдер пайда болады. Мысалы, «құқық» деген сөзден «құқықтық қатынас», «құқықтық сана», «құқықтық актілер» т.б. терминдер құрылған.

Заңнамада қолданылатын тұрақтанған кейбір терминдер ешқандай өзгеріске ұшырамай, бастапқы қалпында қала береді. Ал кейбірі қоғамдық қатынастардың дамуына байланысты тілдік қордан шығып қалып жатады. Оған себеп - сол терминдердің пайда болуына әсер еткен қоғамдық қатынастардың да ескіріп, жоғалуы. Кейбір терминдер мағынасы нақты басқа терминдермен ауыстырылады. Заң терминдері екі түрлі жолмен пайда болады: біріншісі, жалпы қолданыста жүрген сөздердің құқықтық мәнге ие болып, заң термині ретінде қалыптасуы; екіншісі, заң шығарушы белгілі бір құқықтық ұғымды беру үшін арнайы термин ретінде қабылдаған сөздер.

Заң шығарушының негізгі міндеті – құқық терминологиясын қолдануда оның дұрыстығын, нақтылығын, бірлігін, қарапайымдылығын тексеріп отыру болып табылады.

Басқа терминдерге қарағанда, заң терминдерінің бір ерекшелігі шығу тегінде, жасалу жолдарында болып табылады. Басқа салаға жататын терминдер уақыт талабына сай кейінгі дәуірлерде дамыса, заң терминдерінің шығу тәркіні сонау көне замандардан басталады. Қазақстан жерінде көне дәуірлердің өзінде ірі-ірі патриархалдық-феодалдық мемлекеттік бірлестіктер болған. Бұған дәлел ретінде Батыс түрік қағанатын, Қараханидтер әулетін, Түргештер мемлекетін, Ақ Орда, Жәнібек пен Керей бастаған Қазақ Хандығын айта аламыз. Жалпы мемлекет болса, онда құқықтық институттардың болатыны мәлім. Олай болса, кеш зерттеліп, әлі де болса ғылыми жүйеге түспесе де, заңдық, құқықтық ұғымды білдіретін атаулар көпшілігі ана тілімізде одан әрі жалпы түркілік дәуірдегі түркі рулары мен тайпаларының тілінде бұрыннан бар, қолданылып келген сөздер болып табылады. Айтылған пікірімізге дәлел – төңкеріске дейінгі газет-журналдар: «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ» газеттеріндегі кездесетін терминдер. Мысалы: төре, ұлық, қуғыншы, куә, жаза, билік, ағарут.б. Заң терминдерінің шығу тегі, жасалу жолдары түрлі-түрлі болып келеді. Бірқатар терминдер жалпытүркілік негізде жасалса, енді біреулері қазақтың жалпыхалықтық төл лексикасының негізінде, ал бірсыпырасы басқа тілден ауысқан кірме сөздердің терминдік қызмет атқарып қалыптасуынан пайда болған. Мысалы, хан, тархан, бек, би, жала, құн, айғақ, бітім, тыйым болған іс, тергелетұғын іс, мойнындағы іс, істерін басқарып тұрғушы, бұзықшылық қылған адам, жесір дауы, жан беру, төбе би т.б. сөздері қазақтың байырғы төл сөздері негізінде жасалса, айыпкер, жалақор, арызқой, парақор, жауапкер т.б. араб-парсы тілінен енген, судебнай пристав, оязнай судьясы, титулярный советник, прокурор, адвокат, суд (кейде сот), секретарь, гражданин, поручик, прапорщик, закон, контракт, вексель, ассессор, губернатор, арестант т.б. сөздер орыс тілінен енген интертерминдер болып табылады.

Заң бүгінгі қоғамымызды, мемлекет органдарының қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттейтіндіктен, ондағы заң терминдері заң қағидаларын жасауда дәлмә-дәл, анық тұжырым жасауға негізделетіндігін анық байқадық. Себебі заң терминдерін әрдайым дұрыс және біркелкі қолдану заңдарды дұрыс түсінуге, заңдылық пен тәртіпті нығайтуға, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге өте қажет екендігі, заңның тілін түрлі тұрғыдан зерттеуге болатындығы анықталды.

Заң терминдерінің қоғамда өмір сүруінің негізгі көзі – ұлттың тілі болып табылады. Сондықтан заң терминдерін тілдік тұрғыдан зерттеп, оның тілдік ерекшеліктерін ашып көрсетудің маңызы зор. Заң терминологиясы өз құрамына қарай біркелкі еместігімен ерекшеленеді, оған жалпы ғылыми, кәсіптік, салалық (жалпы заңгерлік) және тар ауқымды арнайы терминдер енеді.

Кәсіптік, салалық терминдер заң терминологиясында өзінің үйреншікті «жалпызаңгерлік», нақтыланбаған мағынасында жұмсалады: заң, құқық, бап т.б. Сонымен қатар, сөз тіркесі құрамында да кездеседі: теңдестірушілік заң, қылмыстық құқық, қылмыстық кодекс бабы т.б.

Заң терминологиясының жүйесін зерттеу кезінде байқағанымыз, осы термин жүйесі шеңберінде жалпығылыми және кәсіптік, салалық терминдердің көрініс табуы болмақ. Мәселен, заң терминологиясында құрам, жиынтық, диспозиция, санкция сияқты терминдер тар мағынаға ие болатындығы байқалады.

Осы термин жүйесінің тағы бір ерекшелігі бұл саланың өмірдің әр жағымен байланыстылығында да болса керек. Себебі заң терминологиясы экономика, тауартану, психология, азық-түлік, өнеркәсіп және тағы басқа алуан түрлі саламен байланыста қарастырылады. Мәселен: медициналық (аффект, нашақорлық); экономикалық (баланс активі,



авизо, жалпы өнім, кепілдік жарна, кіріс көзі); көлік саласында (әуе көлігі, автокөлік, трасология); химиялық (бейорганикалық, мақта анжысы) және т.с.с.

Заң терминдері заң терминологиясының басқа да салаларымен тығыз байланыста болғандықтан, оның құрамына сол салалардың барлығы да енеді: қаржылық құқық (экономикалық, тауартану сараптамасы) – валюталық құндылықтар, ақша жүйесі, қазына билеттері; отбасылық құқық (жазу, трасология, баллистика сараптамасы) – мұрагерлік, мұрагер, неке, асырап алу; азаматтық құқық (тауартану, заттар, көлік сараптамасы) – тауарлық белгі, мүлік, тауар; әкімшілік құқық (жазу, трасология, баллистика сараптамасы) – азаматтық жағдай актісі, төлқұжат, төлқұжат жүйесі және т.с.с.

Заң терминдерінің басқа терминдерден тағы бір ерекшелігі – ақпараттық үшінші жақта берілетіндігі. Предикаттық тұлғалар қабылдады, өкілдері болды, деп аталды, қатысатын болды, келісім жасалды, бітім қылынды, тергеуге берді, бұйрық шығарды т.б. «Түркістан уалаяты газетінде» «Жетісу облысының уаенный губернаторынан шыққан бұйрық (Төртінші январьда 1872 жылда)» атты мақалада: «Алматыдағы оязнай нашальниктің үлкен набиі Жетісу облысының уаеннай губернаторына хат жазып, мағлұм қылыпты» деген сөйлемдегі «мағлұм қылыпты»; аталған газетте «Қытайдың тергеу үкімі» атты мақалада: «1877 жылда Қытай Қашқарды өз қолына алыпты. Сонда Жақыпбектің 4 ұлын, 2 еркек, 2 қыз, 4 қатындарын ұстап алып кетіпті» деген сөйлемдегі «ұстап алып кетіпті»; «Болыснайлар, ауылнай, старшындар осы бұйрықты тұтса керек» сөйлемдегі «бұйрықты тұтса керек» деген тіркестер жоғарыда айтылған мәселеге дәлел бола алады.

Заң терминдері басқа терминдерге қарағанда, халықтың тарихымен, салт-дәстүрімен, тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Тарих өзгерген сайын, заң терминдерінің де мағыналары тарылып немесе кеңейіп, кейде тілден мүлде жойылып жатса, кейде жаңа құқықтық ұғымдар мен атаулар пайда болып жатады.

Заң тілі - адвокат пен прокурордың ауызекі сөйлеу тілі, сот және тергеу құжаттары дайындалатын тіл болғандықтан, үкімет тарапынан қатаң талаптар қойылады. Олар заңдық, саяси және тілдік талаптар болып табылады. Сонымен қатар, қоғамдағы адамдар үшін стилистикалық қарапайымдылығымен, түсінуге қол жетімділігімен ерекшеленеді.

**Клюско Екатерина, ҚКЭУ, ТУР-13**  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор  
Қабатаева К.Т.

## **ХАЛЫҚ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ ТУРАЛЫ**

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институты 1957 жылы 7 түрлі эпос жырларын қайта бастырып шығарды. Олар: «Ер Тарғын» (баспаға дайындағандар С.Н.Нұрышев пен З.С.Сейітғаппарова), «Қамбар батыр» (баспаға дайындағандар Н.С.Смирнова мен М.Ғ.Ғұмарова), «Қыз Жібек» (баспаға дайындағандар М.С.Сильченко мен М.Ғ.Ғұмарова), «Алпамыс» (баспаға дайындағандар Н.С.Смирнова мен Т.Сыдықов), «Қобыланды» (баспаға дайындағандар М.С.Сильченко мен О.Ә.Нұрмағамбетова), «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және «Айман-Шолпан» (баспаға дайындаған Ы.Дүйсенбаев).

Бұл кітаптардың мұқабалары сюжетті көркем суреттермен безендіріліп, әшекейлі нақышпен оюланып, айта қалғандай әдемі болып шыққан. Осыған байланысты суретші К.Я.Барановтың сіңірген еңбегін құрметпен атап өткіміз келеді.

Жырларды баспаға дайындаушы жолдастар эпостардың текстологиясын бірқалыпты жүйеге келтіру ісінде көп еңбек сіңірген. Бұл шығарылып отырған эпостық жырлар – академиялық баспа ретінде шығарылған нұсқалар емес, оқушы көпшілікке арнап шығарылған үлгілер. Мұндай жалпы жұртшылық үшін басылатын әдебиеттерге қойылатын негізгі талаптардың бірі – олардың тілінің жеңіл, көпке түсінікті әрі жатық болуы.

Бірнеше варианттары бар жырдың әрбір нұсқасын мұқият оқып шығып, оларды бір-бірімен салыстырып, оқылуы күмәнді жерлеріне қайта-қайта зер сала қарап, баспаға дайындаушылар өз міндеттерін ойдағыдай атқарып шығуда үлкен қызмет еткен. Мағынасы мәлімсіз сөздерді түсіндіріп беру мақсатымен алуан түрлі сөздіктерді пайдаланып, ол сөздердің комментарийлер мен түсіндірмелерде өз орын алып, тиісінше іске асуын көздеген.

Мысалы, *санат* – салт деген сөздің көне түрі; *қарқара* – ертеректе жас әйелдер, қыздар киетін бас киімнің аты («Қозы Көрпеш – Баян сұлу»); *гөзел* – сұлу, көркем; *кент-қала*; *ебене* – шөптің аты («Қобыланды»); *гинаят* – тілек; *пәруана* – көбелек; *сардар* – басшы («Қыз Жібек»); *шоры* – күң («Қамбар батыр»); *келеп-шумак*; *зайыр-анық* («Ер Тарғын») және т.б. Азын-аулақ болса да мұндай түсініктемелер жырлардың қай-қайсысынан да кездеседі.

Эпос жырларында осы күнгі қазақ тілінде қолданылмайтын көне сөздер толып жатыр. Олар белгілі бір дәуірдің тарихи куәсі ретінде осы уақытқа дейін сақталып келеді. Бұлар да жоғарыдағы келтірілген сөздер сияқты өзіндік сыры бар, өз алдына топ болып оқшау тұрған сөздер – архаизмдер. Мұндай сөздердің көпшілігі жырларда түсіндірілмей қалған. Мәселен,

Бұл жібердім базардың

*Бояғы* менен бөзіне («Қобыланды», 39 бет)

Бұл уақытта Ақша хан талап етіп, неше мың *шеру* әскер алып аттанды («Ер Тарғын», 7).

*Бадана* көзді *кіреуке*,

*Шарайнасы* бес қабат (бұл да сонда, 35 бет)

Тарғын деген тауды барып жайлады. Әрі қыстады, әрі сол жерді мысыр етті (бұл да сонда, 49).

Ерігіскен дұшпаннан

Абырой алған жасынан.

Алмас тая белінде,

Өңі суық батырдың («Қамбар батыр»).

Томаға көзді қасқа азбан,

Біткен сүйек долантып («Ер Тарғын», 13).

Осы келтірген үзінділердегі курсивпен терілген сөздерді төмендегінше түсіндіруге болар еді: *бояқ-боя*; *шеру* – қалың қол, әскер (парсыша – *шарік* – қалдың қол, әскер; түрікше – *чери* – әскер); *бадана* – сауыттың дөңгелек темірлері; *кіреуке*, *шарайна* – батырлардың үстіне киетін сауыттың түрлері; *мысыр* – мекен, тұрақ; *тая* – белдік, белбеу; *долантып* – дөңгеленіп. Осылар тәрізді жырларда кездесетін *баз*, *сота*, *дең*, *сарыжай*, *еренлар*, *селебе*, *керней*, *міскін*, *күзгі* тағы басқа да толып жатқан архаизмдер түсіндіріліп берілуі керек.

Эпос жырларының тілінде бір аудан немесе бір облыс көлемінде ғана қолданылып, жалпы халықтық сипат алмаған жергілікті сөздер де (диалектизмдер) бар. Мұндай сөздер тек кейбір аудандарда немесе кейбір облыстарда тұратын жергілікті халыққа ғана түсінікті де, одан басқа жерлерде тұратын қазақтарға түсініксіз. Мысалы,

Сол уақыттарда Алпамыс он жасқа толып, Жиделі Байсын жеріне, қалың Қоңырат еліне бек болып, *жұрт сұрап* тұрды.

Буындырып қалмақты,

Ат үстінен *мұштады* («Алпамыс», 37),

Қырық қыздан ішіп қырық *шиша*,

Бала әбден тояды (сонда, 49)

*Бәсірең* деп жүз серке,

Бөліп берді өзіне (сонда, 59).

Қырық арқан бойы зынданнан.

*Егесін* алды шығарып

Жазығы қатын демесең,

Қартайса да ілгері

*Ілкі* қыздан мүшесі («Қыз Жібек», 20).

Баян жас шашын қиып жібергенде,

Қолдар құл құдық түбіне *жұмалады* («Қозы Көрпеш...», 8).

Мінбей, түспей *қарыдың*,

Арқанда тұрып арыдың («Ер Тарғын», 25).

Осы келтірілген текстердегі диалектизмдердің сыры мынада: *жұрт сұрап* – жұрт билеп; *мұштады* – түйгіштеді; *жұмалады* – домалады; *бәсіре* – жеке кісіге меншіктеліп бөлініп берілген мал; *еге* – ие; *ілкі* – әуелгі, алғашқы; *қарыдың* – қартайдың.

Эпос жырларының тілінде осындай тек лексикалық қана емес, сонымен қатар грамматикалық ерекшеліктер де жиі-жиі кездесіп отырады. Мысалы,

Балаға нанды бермекке.

Ыма қылды оңланып... («Алпамыс, 56».)

Барша ғайып жарандар,  
Мәдеткер болың балама («Қыз Жібек», 52).  
Қодеке, осы жерде бой салалы,  
Ойымызға ой салып той салалы  
Айдалада қаңғырып, шөлдеп өлдім,  
Ішерімізге бұ құдықтан су алалы, («Қозы Көрпеш»)  
Бағымды алла ашқыл деп,  
Пірлеріне сыйынды («Қыз Жібек», 21).

Осындағы салалы, алалы, ашқыл, болың деген сөздерді салайық, алайық, аш (ашқын), бол деген сөздердің көне түрі деп ескерте кеткен жөн.

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы өткен жылы эпостарды бір томдық жинақ ертіп қайта бастырып шығарды. Оған «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Қыз Жібек», «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» және «Айман - Шолпан» жырлары енген. Кітап қазақ өнері мен әдебиетінің Москвадағы онкүндігіне арналып құрастырылған. Эпостар жинағының беташары есебінде профессор Қ.Жұмалиев пен доцент М.Ғабдуллиннің жазған көлемді мақаласы берілген.

**Құланбаева Жансая, ҚКЭУ, МО-23 к**  
Ғылыми жетекші: доцент Тойжігітова М.Ш.

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ БЕЙНЕЛІЛІК**

Тілдің бейнелілігіне қатысты өзге өркениетті елдердің тілші, философ, социолінгвист ғалымдары біздің ғалымдардікінен өзгеше тұрғыда ұстанады. «Білімнің әлі аз кезінде, ғылымның әлсіз шағында, қазір жалпыға танымал және жауыр болып отырған түсініктер әдеттегіден тыс, оғаш көрініп, сирек естіліп жүрген уақыттарда адым аттаған сайын метафоралар мен теңеулер естілуші еді» дейді. Френсис Бэкон. Аталған ғалымның XVI-XVII ғасырларда өмір сүргені белгілі. Бұл Англияда өнеркәсіп пен ғылымның дамуы бастау алған шақ. Демек, ағылшын тілінде де аграрлық қоғам тұсында бейнелеу үшін күшейткіш тілдік құралдар көп қолданылған.

Қай елдің тілі болса да, дамудың белгілі сатысында басынан кешіретін әмбебап қағидалар болатыны белгілі. Солардың бірі – тіл мен өркениет арасындағы идентификация демек, тілдің даму деңгейінің өркениеттің даму сатысына сәйкес келіп отыратыны. Мысалы, гректер күрделі сөздерді қолдануға үйір болған екен. Римдіктер, керісінше, бұл тұрғыда қатандық сақтаған. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: гректер өнермен айналысуға, римдіктер болса, практикалық қызметке үйірлік танытты. Екеуінің арасындағы айырма мынада – өнер күрделі сөздерді талап етеді, ал қауырт іске толы өмірде қарапайым сөздер қолайлы.

Одан ары ғұлама «ежелгі тілде септеулер, көптеулер, жіктеулер, уақытқа бөлулер көп болады, ал қазіргі тілдер олардан дерліктей арылуда, көпшілік жағдайда олардың орнына предлогтар мен қосымша етістіктер қолданылатынын» ескерткен екен. Сонымен қоса, бейнеліліктің бір белгісі мақалдап, мәтелдеп сөйлеуден көрініс табады. Бұл туралы Э. Дюркгейм былай дейді: «Қоғамның дамуына сәйкес мақалдар мен мәтелдердің санының азаюы – ұжыммен қабылдаудың айқындаушы бола алмайтының тағы бір дәлелі болып табылады». Алғашқы қауымдық халықтарда осындай формалар өте көп. «Батыс Африканың көпшілік нәсілдерінің, - дейді Эллис, - мақалдары өте көп; олар өмірлік ахуалдың кез келгеніне қатысты қолданылады. Оларды өркениетте мардымсыз алға басқан халықтардың көпшілігімен біріктіріп тұрған ерекшелік осы». Ілгері дамыған қоғамдарда алғашқы уақыттарда ғана мақалдар көп болады, кейіннен жаңа мақалдар пайда болмайды, ескі мақалдардың өздері біртіндеп ұмытыла бастайды, өздерінің түпкілікті мағынасынан айырылады, ақыры мүлдем түсінілмейтін болады.

Тілдің байлығы және өзге сипаттамалары сол тілде сөйлейтін халықтың қоғамдық құрылысына тікелей қатысты. «Халық қоғамдық прогресс сатысының төменгі баспалдақтарының бірінде тұрса, оның тілінде жалпы және тектік ұғымдар аз, арнаулы атаулар көп болады. Эскимос тілінде батысқа қарай жүзіп бара жатқан моржды «аргуах», солтүстікке қарай жүзіп бара жатқан моржды «каврык», әр бағытқа жүзіп жүрген моржды «акылюграк», ұйқыдағы моржды «кавалыграх» дейді екен». Егер эскимостардың күнкөрісіне, тар кәсіптік

қызметіне байланысты сөздеріне қарап отырсақ, өзге тілдердің ешқайсысында кездеспейтін «байлықты» көрер едік.

Х.Г.Гадамер дейді. «Түйені бұл жануардың шөл даланың тұрғындарына қатынасына қатысты алып айтқанда, екі жүз түрлі сөздермен атайтын Африка тілі бар. Аталған қатынастарда сақталатын сөздің басым мағынасына орай, түйе біздің алдымызға әрқашан басқа қырынан көрініп отырады». Бұл құбылысты В. Фон Гумбольдт былай түсіндіреді. «... сөз сезіммен қабылданатын нәрсенің эквиваленті емес, сөз жасаудың нақты мезетінде сөзтудырушы акт арқылы санада тұшынылғанның эквиваленті. Бір нәрсені көп сөздермен айтудың басты қайнары дәл осында; осылай, пілді біресе екі рет су ішуші, біресе қостісті, енді бірде жалғызқолды деп, әр жағдайда бір ғана нәрсені айтатын санскритте, үш сөзбен үш түрлі ұғым беріледі».

Бұрынғы, кейінгі, соңғы кезеңдерде, түрлі елдерде тіл философиясымен айналысқан ұлылардың тұжырымдарын түйіндей келе, оларды қазіргі қазақ тілінің жағдайына қатысты алып саралай келе, мынандай қорытынды шығаруға болады: аграрлық укладтағы қоғамның тілінде дәлдіктен бейнелілік басым болады. Онда метафорлар, теңеулер, мақалдар, мәтелдер жиі қолданылады, құбылыс немесе болған оқиға әсірлей, асыра сипатталады, синонимдер тізбегі мен қос сөздер аяқ аттаған сайын ұшырасады, астарлы мағына беретін сөздер мен тіркестер, мағыналық жүктемені аз қосымшалар – одағайлар, шылаулар, қаратпалар, қыстырмалар қаптап жүреді. Бейнелілік – өнеркәсіпті қоғамға әлі аяқ артпаған, аграрлық (дәстүрлі) қоғамның укладына сай келетін, дамуы да сол деңгейдегі елдің тіліне тән құбылыс.

Аграрлық қоғамның бейнелі тілі индустриялық қоғамның дәлдікті қажет ететін талаптарын қанағаттандыра алмайды, мұның арты қоғам мен тіл арасындағы бітіспес қайшылықта, оның арты тілдің тұншығу жағдайына алып барады. Мұндайда қоғам емес, тіл зардап шегеді. Өйткені қоғам тұтастықты құрайды, тіл болса, ол – қоғамның элементі, сондықтан қоғам тілдің жағдайына бейімделмейді, тіл қоғамның талаптарына бейімделу керек.

Әдеби тілге қойылатын басты талаптар, соның ішінде қазіргі қазақ тілінің күйі, бейнелілік және орнықтылық туралы сөз болғанда, айналып өтуге болмайтын мәселелердің бірі синонимдерге тұрғылардан туындайды. Қазіргі қазақ тілінің зерттеушілері синонимдерге қатысты бір бірімен үйлеспейтін екі бағытты ұсынады. Олардың біріншісі – синонимдер тіл байлығының көрсеткіші болады, тілде синонимдердің көп болғаны жақсы деген бағыт.

Синонимдер тіл байлығының көрсеткіші бола ала ма?

«Синонимдер арқылы кез келген тілдің қаншалықты дамығандығын, оның оралымдылығын танып білуге болады, - деп жазады Ә. Болғанбаев пен А. Османова «Синонимдер - тіл байлығының көрсеткіші» деген мақаласында: «Синонимдердің тілдегі атқаратын қызметі бейнелі образ жасау, бір ұғымды жан-жақты кеңейтіп түсіндіру екендігі қолына қалам ұстаған қаламгерлердің бәріне аян».

Екінші бағытты қолдайтындар синонимнің көптігі тіл байлығының көрсеткіші бола алмайды дегенді қуаттайды. Бұл бағытты ұстанушылардың тұжырымдауынша тіл байлығы сол тілдегі лексикалық қордың көлемімен және олардың қазіргі қоғамының барлық аяларында қолданылуымен өлшенеді. Синонимдер тілдегі лексикалық қордың белгілі бір мөлшерін ғана құрайды және бір ұғымды білдіру үшін бірнеше сөзді қатар қолдануға жол береді. Синоним көп болған тілде берілген ақпарат логикалық бұлыңғырлыққа ұшырайды, тіл түсініксіз тілге айналады.

Бірінші бағытты ұстанатындардың тұрғысы белгілі шеңберде дұрыс. Белгілі бір деңгейде дұрыс болатына бірінғай мал шаруашылықты қоғамдық уклад жағдайында, әлеуметтік өмірде мәселенің бәрін ақсақалдың беделі мен бейнелі сөзі шешкенде, өмір шындығын ел арасынан шыққан суырыасалма ақындар бейнелегенде болады. Белгілі шеңберде дұрыс болатыны «қзын арқан, кең тұсау» ауыл жағдайында, тұрмыстық аяда және соларға қатысты өмір шындығы бейнелегенде, синонимнің көптігі қолданылып отырған тілде ақпарат жеткізуге ыңғайлы болып көрінуі мүмкін.

Бірінші бағытты жақтаушылар қазақ тілінің қазіргі қоғам дамуының интеграциясындағы күйін, өзге тілдер алып отырған орнына қазақ тілінің таласа алар шамасына қатысты жағдайын ескермейді. Олар өндірісті басқаруға және жүргізуге, қала өміріне, нарық қатынастарына, компьютерлік техникаға, технологиялық процестерді басқаруға, қатаң регламентпен есеп жүргізуді, заңды және өндірістік тиянақтылықты, ғылыми дәлдікті қажет ететін шаруашылық салаларына қатысты сөздердің синонимдерін ондап тізіп бере алмайды.

Сонысымен өздерінің ақиқаттарының шектеулілігін, әдістерінің метафизикалық және абстрактілігін көрсетіп отырады.

Синонимдердің көп болуына мүдделі адамдардың екінші тобына тіл білімі саласында қызмет ететін ғалымдардың кейбіреулері жатады.

Қазіргі қазақ тілінің қиындап кеткені қатардағы қарапайым адамзаттың бәріне белгілі. Синонимдетудің салдары, тілдің даму динамикасындағы өзге келеңсіз құбылыстарымен қоса, қазақ тілін үйренуге, оны қолданып ақпарат алмасуға болмайтындай деңгейге дейін түсіріп отырғанын тілші ғалымдардың аңғара алмауы өкінішті.

Қос сөздер туралы

Тілдегі бейнелілік туралы сөз болғанда айналып өтуге болмайтын жайлардың бірі қос сөздерге қатысты тұрғылардан туындайды. Қазақ тілінде қос сөздер көп қолданылады және олар соңғы кездерде терминдер жасауға да қатысып, тілдің даму үрдісіне де араласа бастады.

Қазіргі қазақ тілінде қос сөздердің көбеюі, олардың кейде терминдердің аудармасы ретінде қолданыла бастауы, өмірлік практикада жиі ұшырасатын нәрселерді, құбылыстарды, үрдістерді атауға қолданылуы қазақ тілінің алдындағы басты кедергілердің біріне айналуға. Қос сөздердің қазіргі қазақ тілінің дамуына кері әсері мына жағдайлардан көзге ұрып көрінеді. Біріншіден, ол әсер қос сөздердің аграрлық уклад тіліне тән күшейткіш құрал екендігінен, сонысымен постиндустриалды қоғамда ақпарат беру және қабылдау үшін қолданылатын тілдегі нақтылық пен дәлдікті қамтамасыз ете алмайтынынан көрінеді. Қос сөздер мағыналық жалпыламалығымен, тайғанақтығымен, күңгірттігімен, «көбейтуімен», «еселетуімен», «күшейтуімен», «әсерлеуімен», «жанжақтылығымен» даладағы малшының ойы мен әрекетін бірсыдырғы тәуір бере алғанымен, экономикалық айналыста, қала өнеркәсібінде, ғылымда, қоғам өмірінің өзге салаларындағы қолданыстарда мүлдем ерепейсіз әрі ошалақ. Түйе мінген тымақтың Абылай хан даңғылымен жүре алмайтын сияқты, қос сөздер де, миллиметр мен секундтің миллионнан бірін санап шығару қажет болатын лабораториялар мен цехтарға ене алмайды. Өйткенде апат болады.

Қос сөздер ғылыми-техникалық прогрестің табиғатына жат, экономикалық айналыс стилімен үйлеспейді. Таза техника жағында ғана емес, қос сөздер әлеуметтік салаларда қолданыста да икемсіздігін үнемі көрсетіп отырады.

Қос сөздер тіл үйренуді қиындатады. Бір сөзді екі сөзбен беру тілді екі есе қиындату деген сөз. Мысалы, ем-дом, бала-шаға, жауын-шашын, азық-түлік деген сөздердің екінші мағынасыз сыңарларын қолдану қажеттіктен тумайды, эмоция мен әдеттен туып жатады. Олардың ешқандай арқалап жүрген мағыналық жүгі жоқ. Бұларды қосарламай, мағыналы сыңарларын ғана пайдаланғанда, айтар ой әлдеқайда аңғырақ және дәлірек болар еді.

Қазақ ғалымдары тілдің өзіндік ерекшеліктерін сақтау керек деген пікір айтады. Әр нәрсенің, соның ішінде тілдің де өзіндік ерекшелігі болғаны және оның сақталғаны жақсы. Осыған қатысты айта кететін бір гәп – қазақ тілінің ерекшелігі деп нені айтамыз дегенге апарып соқтырады. Егер қазақ тілінің ерекшелігі бейнелілігінде, синонимдердің немесе қос сөздердің көптігінде десек, оңбай қателескен болар едік. Өйткені синонимдер мен қос сөздердің көптігі бейнелілікке үйірлік, көпіртіп, көсілтіп, есілтіп, есіртіп сөйлеу қазақ тілінің ерекшелігі емес, кез келген тілдің өнеркәсіптіқоғамға дейінгі кезеңдегі, тұрмыс аясы шеңберінде, әлі фольклордың ықпалынан шыға алмай жүрген кезеңінде болатын құбылыс. Бұл жерде тілдің ерекшелігі мен тілдің даму кезеңдерінің ерекшеліктерін ажыратып алу керек. Бейнелілік – адамдардың табиғатпен етене шағында, еңбекті ұйымдастыруда кірігу мен ширығу әлі өндіріс үрдісінен орын алмаған шаруашылықтың белгілі бір аграрлы түрлерімен ғана айналысып жүрген кезінде дүние жүзінің барлық тілдері басынан өткеретін құбылыс.

Қазақ тілші ғалымдарының тілдің ерекшелігі мен тілдің даму кезеңдерінің ерекшеліктерін ажырата алмауы, бейнелілікке үйірлікті қазақ тілінің және өзге түркі-монғол тілдерінің ерекшелігі деп түсіндіруі, тіл қолдануда бейнелілікті уағыздауы, «бейнеліліктің» қазіргі қазақ тілін өнеркәсіпке, ғылымға, іс басқаруға жолатпайтын факторға айналып отырғанын көре алмауы – олар жіберіп отырған, кешіруге болмайтын стратегиялық қатесі, тіл ғылымын жайлап алған дилетанттықтың тайға таңба басқандай көрінісі болып табылады. Қазақ тілші ғалымдарының өздері осыны аңғармайды, қазақ тілінің постиндустриалды қоғамның талаптарына жауап бере алмай жатқанын көрмейді, тілдің мағынасы күңгірт, көп пішінді, тұрлаусыз, орнықсыз күйін күйіттейді. Сонысымен, экономикасы нарықтық ұстанымдары мен

дамып бара жатқан, индустриялыдан кейінгі сатыға өткен қоғамның интеграциясына қазақ тілінің бойлап ене алмай жатқанымен ісі болмайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әдебиеттану сөз өнерінің сырлары. -Алматы: Мектеп, 2003.-56-61 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. -Алматы:Санат, 2002.-85-92бет.
- 3.Тілешов Е. Суреткер және көркемдік әдіс. -Алматы, 2005.-23-35 б.

**Көптілеуова М.,** ҚКЭУ, МЭ-11  
Ғылыми жеткешісі: магистр, аға  
оқытушы Билял Б.Қ.

#### **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Еліміз тәуелсіздік туын әлемдік биіктен желбіреткенімен, қазақ тілі әлі тәуелсіздік алған жоқ. Қанша жерден бүркеуге тырыссақ та бұл ащы шындық. Қазір қазақ халқының 60 пайыздан астамы, жоғарғы билік басындағылардың 85-90 пайызы өз жанұясында, көшеде, қызмет орнында, шет елге шыққан ресми сапарларында тек орыс тілінде әңгіме өрбітеді. Егер Кеңес өкіметінің соңғы жылдарында өз ана тілін білмейтін қазақтар 30-33 пайызды құраса, бүгінгі таңда ондай қандастарымыз 60 пайызға жетіп жығылады. Бала бақшалардың күрт қысқарып кетуі себепті соңғы егемендік иеленген 15 жыл ішінде қазақ халқы бұрын-соңды болмаған деңгейде ұлтсызданып кетті. Өкінішке қарай, кейінгі жастарымыздың шамамен, 70 пайызға жуығы өз ана тілінсіз өсіп, өрбіді. Сондықтан да тіл мүддесіне жаны ауырып жүрген жастар шоғыры өте сирек бой көрсетеді. Ұзын сөздің қысқасы, тіл төңірегіндегі проблемаларды саралай келе тіл мәселесіне қатысты басты-басты, кезек күттірмес сегіз шараны баяндаймын[3, 2б].

Бірінші мәселе – мемлекеттік тіл туралы заң.

Әлемде өркениеті дамыған мемлекеттердің көбінде мемлекеттік тіл туралы арнайы заң бар. Дәл осы мәселеге орай біздің Конституциямыздың авторлары да 93-ші бапты арнайы қарастырған-ды. Мұндай заң Ресейде де қабылданды.

Бізге бұл заңның қажеттілігі мен маңыздылығын өте зор. Үстіміздегі жылғы 26 қаңтарда Парламентте өткен дөңгелек үстелде депутаттар мұндай заңның қажеттігін бірауыздан қолдады.

Екінші мәселе –мемлекеттік тілдегі телеарна жөнінде

Мәселенің аса саяси, идеологиялық және мәдени маңызы бар екендігін ескерсек, мұны қысқа мерзімде шешу керек.

Үшінші мәселе –мемлекеттік тілді дамытудың инновациялық-технологиялық орталығын құру

Жуырда Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша әзірленген үш компьютерлік бағдарламаның тұсау кесер рәсімі болды. Тіл комитетінің жанынан құрылатын біртұтас республикалық ұйым шеңберінде мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған барлық инновациялық-технологиялық жобаларды біріктіру мәселесін шешу қажет деп есептеймін. Бұл компьютерлік бағдарламаларды бірін-бірі қайталаудан сақтайды және осы маңызды мәселені үйлестіруді жетілдіріп, қадағалауға мүмкіндік береді.

Мұндай шешімнің дұрыстығын Малайзияның тәжірибесі дәлелдеп отыр. Орталықтың құрылымында мыналар: Қолданбалы лингвистика, «жасанды зерде», машиналық аударма, бейнелерді, жекелей алғанда, тілдің символдары мен сөз мәнін айырып-тану, өзге де озық ғылыми бағыттарды жүйелейтін ғылыми-зерттеу лабораториясы;

Ғаламдық ауқымдағы және барлық елдер үшін интернет желісі арқылы тілдерді дамыту бойынша қызмет көрсетуге қажетті телекоммуникациялық құрал-жабдықтардан, сақтау жүйесінен, қуатты серверден тұратын технология бөлімі;

Тілдерді дамыту бойынша компьютерлік жүйелерді әзірлеу, әлемдік озық стандарттар арқылы бағдарламалық қамтым өндірісінің технологиясы мен жүйе әзірлеушілер топтарын ұйымдастыру бөлімі;

Ресми құжаттардың сертификатталған аудармасын, еліміздегі жетекші аудармашылардың жұмыс тәжірибесіне негізделген зияткерлік білім базасын құру мен дамытуды біріктіретін интеграциялық кешенін ұйымдастыру бөлімі;

Мемлекеттік тілді және өзге тілдерді (ағылшын және т.б.) оқытатын жаңа инновациялық әдістемелер әзірлеу бөлімі;

Мемлекеттік тілді білу деңгейін тегін анықтайтын компьютерлік тестілеу бөлімі;

Халықтың ауқымды бөлігіне, әсіресе, балалар мен жастар арасында мемлекеттік тілді кеңінен насихаттау үшін фильм, мультфильм, анимациялық және музыкалық роликтер, өзге де креативті өнімдер шығаруға арналған компьютерлік дизайн және анимация студиясы болуға тиіс[1, 36]

Мемлекетке пайдасынан гөрі зияны көбірек тиіп жатқан, кейбір сайда саны құмда ізі жоқ фирмалар зәулім ғимараттарды иеленіп отыр ғой. Сізден осы жаңа әрі аса маңызды орталықты құруға және оған жеке ғимарат бөлуге ықпал етуіңізді сұраймын.

Төртінші мәселе – балабақшалар мен бөбектерге арналған кітаптарды мемлекеттік тілге қажетті басқа да өнімдерді салықтан босату туралы

Мұхтар Шахановтың бұдан бұрын жасаған мәлімдемесінен үзінді келтірейін. «1991 жылдың аяғындағы есеп бойынша Қазақстанда 8881 балабақша бар еді. Соның 2237-і таза қазақ тілінде болатын. Және мұнан өзге орыс және қазақ тілдерінде тәрбиелейтін 2507 аралас балалар бақшасы жұмыс істейтін. Өз ана тіліндегі бала бақшаға бара алмағандықтан жарты миллионға жуық қазақ баласы орыс мектептерінде оқып, білім алуда. Қазаққа тек түрі ғана ұқсайтын, өсе келе қазіргі кейбір космополит бауырларындай өз ана тілі мен рухани мәдениетіне мұрын шүйіре қарайтын дүбәрә ұрпақ бізге аса қажет пе? Қазақ халқының өткен ғасырдағы дара тұлғасы Жүсіпбек Аймауытов «Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе өз ұлтына қызмет ете алмайды» деген сөзді бекерден бекер айтпаған болар. Мұны билік басындағы кейбір адамдардың іс-әрекеті толық дәлелдеп отыр. Яғни, ондай адамдардың өз ана тілінде алтыншы, жетінші түйсігі оянбайды. Өз анасын мойындамаудың үлкен қасіреті болатынын ақсақал тарих сан рет дәлелдеген.

Рас, мемлекеттік тілді меңгеруге құлшыныс оянып келеді. Бірақ сөздіктер, тілашарлар, өзге де әдістемелік әдебиеттер екі, үш мың данамен ғана басылууда. Әрі ол кітаптар тым қымбат. Сондықтан мемлекеттік тілді үйретуге, насихаттауға арналған кітап түрлерін, мультфильм өндірісін салықтан босату қажет. Осындай қадамға барсақ баспагерлердің мемлекеттік тілге бетбұрысы артып, қажетті кітаптарды олар арзан әрі көп таралыммен шығарады және жұртшылық та арзан бағамен сатып алар еді».

Бесінші мәселе – іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің өткен жылғы 30 мамырдағы Жарлығына сәйкес биылғы жылы іс қағаздарын мемлекеттік тілге көшіруді 10 облыс, Астана мен Алматы қаласы, 20 министрлік пен ведомстволар жүзеге асыруы керек.

Алайда, талдау нәтижесі көрсеткендей, тіпті сонау 2001 жылы мемлекеттік тілге іс қағаздарын бірінші болып көшірген аймақтардың өзінде шынайы ахуал мәз емес. Президент жарлығында көрсетілгендегідей 2007 жылы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Конституциялық Кеңесі, Әділет министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Энергетика және минералды ресурстар министрлігі, Индустрия және сауда министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, Туризм және спорт министрлігі, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі, т.б. министрліктер мен агенттіктер, облыстар мемлекеттік тілге көшуі керек. Алтыншы мәселе – терминология мен ономастика

Мемлекеттік тілде ұлттық терминологиялық база құрылмайынша, қазақ тілінің дамуы туралы сөз қозғаудың өзі артық. Осы жерде ескеретін жәйт, республикадағы барлық ғалымдар мен тәжірибелі мамандардың күшін біріктіру қажет.

Жетінші мәселе – тіл агенттігі туралы

Түсінген адамға Тіл саясаты мемлекеттік ұлттық саясаттың алтын арқауы. Бұл жөнінде Президент «мемлекеттік тіл қоғамды біріктірудің басты факторы болуға тиіс» деген-ді. Мемлекеттік рәміздеріміздің бірі, қарым-қатынас пен қызметтің ортақ отауы - мемлекеттік тілдің мәртебесі барынша қамтамасыз етілуіне тиіс.

Сегізінші мәселе – тіл инспекциясын құру

Алысқа бармай-ақ, Астана немесе Алматы қалаларының көшелеріне көз салыңызшы. Ағылшын немесе латын әріптерімен жазылған жарнамаларға, мекеме, қонақ үй, ойын-сауық және демалыс орын аттарына көз сүрінеді. Кей жерлерде мемлекеттік тіл түгілі орыс тілінде жазылатын жарнамаларға жылап көрісетіндей жағдайға жеттік. «Әй дейтін әжені, қой дейтін қожаны» көрмей, еркінсіп кеткен әлгіндей бейпіл қимыл бәлдір-батпақтарға, телеарнадағы және тіл саласындағы басқа да асыра сілтеушілікке заңдық негізде айыппұл салып, тәртіпке шақырып отыратын тіл инспекциясы өте қажет-ақ. Күні бүгінге дейін кілті табылмай келе жатқан осы сегіз мәселені шешіп берер болсаңыз бұл саладағы тосқауыл бөгеті бұзылып, тіл мүддесінің жаңа айдынға бет бұрары хақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Егемен Қазақстан» газеті, 2007 жыл 25 ақпан, №12
2. «Жас Алаш» газеті, 2006 жыл 29 қазан, №45
3. «Егемен Қазақстан» газеті, 2007 жыл 7 наурыз, №19
4. «Ана тілі» газеті, 2007 жыл 5 қантар, №2
5. «Қазақ әдебиеті» газеті, 2006 жыл 25 қараша, №47

**Маукебаева Айгерім**, ҚКЭУ, Ф-11 к.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к. Ахметжанова Ж.Б.

#### **М.ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТ ТАҒДЫРЫ**

Мағжан Жұмабаевтың алғашқы өлеңдері ағартушылық сарында жазылды. Мағжан өмір сүрген уақыт қаншалықты күрделі саяси, қоғамдық тақырыптарды алға тартқанымен, оның алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлар бастап кеткен ағартушылық ой-пиғыл бұл кезең әдебиетінде басымдау болды. Өз өлеңдерінде қазақ арасындағы әр түрлі келеңсіз мінез-құлықты, әрекетсіздік пен жалқаулықты, сауатсыздықты сынайды. Елін білім алуға, өнер үйренуге шақырады. «Жазғы таң», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Қазағым», т.б. өлеңдерінде ақын осы тақырыпты көтереді. Мағжанның ағартушылық сарындағы өлеңдерінің арасында ел мен жер тағдырына алаңдаушылық жатады. Ақын туған елін сүйді, туған жерінің әрбір пұшпағын жүрегіне жақын тұтты. Ол:

Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,

Кілтін өнер-білім ашып жатыр, - дей келіп, қазақ арасында мұндай ұмтылыстың әлі де жоқ екеніне өзегі өртенеді. Қолында дәулеті бар деген бай-болыстар да, азын-аулақ оқыған төрелер де өз басының қамын ойлаумен жүр. Халықтың жайына алаңдайтын ешкім жоқ. Оқудағы шәкірттерге де дұрыс білім берілмейді. Қыз балалар малға сатылуда. Өзара дау-жанжал, айтыс-тартыс көп. Міне, Мағжанның өкініші – осылар.

Дегенмен Мағжанның ойлары мұнымен шектелмейді. Бір ұлттың, өз халқының мүддесін ойлаумен ғана қалып қоймайды. Туған халқы туралы айтқанда, оның кешегі өткен жолын еске алады, оны бүгінгі жағдаймен салыстырады. Онымен де шектелмей, ақын жалпы түріктік идея көтереді. Түркі тектес халықтардың бәрінің болашағынан үміт күтеді, жалпы Шығысты пір тұтады. Бұл ретте ақынның «Пайғамбар», «Күншығыс», «Түркістан», «От», т.б. тәрізді бірсыпыра өлеңдерінде түптің түбінде жақсылық атаулының бәрі де Шығыстан келмек, Батыстан торлаған қою қара бұлтты Шығыстың жарық сәулесі ғана талқандамақ. Бұл өлеңдерінде ақынның туған жерге, өз топырағына, Шығысына деген ғажайып сүйіспеншілігі, перзенттік патриотизмі айқын көрінеді. «Күншығыс» өлеңінде:

Қисық көзді Күншығыс,

Бұл тұруың қай тұрыс?

Серпіл енді, алыбым!

Өлеңде ақын шабытының ғаламат күші қаншалықты сезіліп тұрса, ақынның Шығысқа, оның ұлдарына деген махаббаты мен мақтанышы да соншалықты жарқырап көрінеді.

Мағжанның бұл тақырыптағы өлеңдерінде заман шындығы халықтың басынан өткен тарихи белестерді ойға алу арқылы түсіндіріледі. Ол Шығыстың, оның ішінде түркі елдерінің кешегі тарихына көз жібереді. Бір кезде жайлаған мекенін еске алады. «Түркістан» өлеңі соның айқын айғағы.



Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой, - деп басталатын өлең жолдары кешегі тарихқа жетелейді. Міне, осылайша бірлікте өмір сүріп, іргесін жауға бермеген түрік дүниесі бүгінде бірнеше елге бөлініп кеткен.

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? - деп, Мағжан қазақты да сол ер түріктің бір мұрагері санайды.

«Тұран», «Түркістан» деген образды бейнелер арқылы Мағжан осылайша Шығыс әлемін, бүкіл түркі дүниесін мақтан ете жырлайды. Оның бүкіл өткен жолына шолу жасай отырып, тарихтың небір ерлікке толы, бейбіт өмір жайлаған беттерін парақтайды. Оларды өз заманымен салыстырады. Көп нәрсеге көңілі толмайды. Бір кезде Тұранды мекен еткен ер түріктің бүгінде бірлігі азайған. Бас-басына ел болған, жеке халықтарға бөлініп кеткен. Шығысты дәріптейтін өлеңдерінде Мағжан осынау түркі халықтарын бірлікке шақырады. Сонда ғана Батыстан келген қиянатқа, Ресей патшасының отаршыл саясатына қарсы тұруға болатынын ұқтыруға тырысады.

Мұндағы ақынның «ер түрік» деп отырғаны – түркі дүниесі, түрік, қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар, башқұрт, т.б. халықтардың жиынтық бейнесі. Бір кезде ен даланың көркі болған осынау халықтардың бүгінгі халі қандай? Мағжан соған үңіледі.

Оралдай атамекен жерлеріне,

Қасиетті атаның көрлеріне,

Аузы түкті шет елдер ие болып,

Көрсетіп тұр қысымды ерлеріне, -

деп, ақын тарихи шындықты баяндайды. «Аузы түкті шет елдері» – Ресей патшалығы. Соның қысымымен бір кездегі асқақ Оралдың да жүзіне қаяу түскен. Өлеңнің соңын Мағжан бүкіл түркі жұртын бірлікке шақырумен аяқтайды:

Анамыз бізді өсірген, қайран Орал,

Мойның бұр тұңғышыңа, бермен Орал!

Қосылып батыр түрік балалары,

Тапталпа, жолын кесіп, тізгінге орал.

Туған халқының, түркі дүниесінің басындағы ауыр халді, мұндана баяндаған өлеңдерінің өзін Мағжан айрықша оптимизммен қорытып отырады. Ақынның лирикалық кейіпкері – аса батыл, нені болса да кесіп айтатын өткір жан.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, жерде желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар? –

деп басталатын «Мен кім?» атты өлеңінде Мағжан өзінің лирикалық кейіпкерінің дәл осындай айбатты да қайратты, адал да қайсар бейнесін ашып береді. Ақынның «мені» өзін көктегі күшке, түпсіз теңізге, қызу мол жалынға, жүйрік тұлпарға теңейді. Патшадай қаһарлы, казыдай әділ, бидей шешен де өзі.

Ақын өзін немесе өзінің лирикалық кейіпкерін ғана емес, айналасындағы жастарды да «арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты» қалыпта көргісі келеді. Халқының болашағы үшін күресетін негізгі күш – жастар. Олай болса, өмір бойы «алаш» ұранын көтеріп өткен Мағжан үшін жастардың орны бөлек. Өзінің «Мен жастарға сенемін!» деп аталатын өлеңінде ол жас жеткіншектерге үлкен үмітпен қарайды. Жастардың бойынан қыранның қанатындай күштілікті, таза жүрек пен сүйкімді мінезді, туған жерге деген шексіз махаббатты көреді. Соған мақтанады. Шабыттана жырлайды. «Мен жастарға сенемін!» деп асқақтай сөйлейді.

Мағжан өлеңдеріндегі ең басты тақырып – ел мен жер тағдыры. О бастан-ақ халқына азаттық өмір тілеген ақын туған елінің өткен тарихына үнемі көз жіберіп отырады. Сол арқылы тарихи шындықтың бетін ашады.

Атап айтқанда, «Өткен күн» атты өлеңінде Еділ мен Ертістің арасын жайлаған қазақтың бір кездегі жайнаған даласы мен көкорай шалғынды жайлауын, айна көлдері мен алаңсыз күн кешкен тұрмысын, қаһарман батырлары мен әділ билерін, ел тұрмысының сәні болған ұлттық салт-дәстүрлерін мақтан ете отырып:

Өткен күнді ойласам,

Ойға терең бойласам,

Кешегі қайран қазақтың

Сәулеті мен дәулеті  
Көз алдыма келеді, -  
деп, бұдан ары қарай осы тіршіліктің шырқы бұзылғанын баяндайды. Өткенді аңсап емес,  
қолда бар асылынан айырылғанын өкіне баяндайды.

Оның себебі неде? Бейбіт өмір неге қара түнекке айналды?

Қазақтың қазіргі күйі қандай?

Күшің кеткен баяулап,

Жүрсің атсыз жаяулап,

Ит надандық желкенде

Шабайын деп аңдып тұр

Қылышын ұстап таяулап, -

деп, ақын сол заманның шындығы арқылы әлгі сауалдарға жауап береді.

Қазақ даласындағы 1917 жылғы төңкерістер тұсындағы жағдайды жырлауда да ақын дәл осындай шыншылдықтан жаңылмады. «Бостандық», «Есімде... тек таң атсын», т.б. өлеңдерінде ақынның халық тәуелсіздігі жолындағы жанын құрбан етер ерекше қайраты сезіледі.

Ақын өлеңдерінде бостандықты аңсау сезімі аса күшті. Екі дүние алмасып, аласапыран болып жатқан тұста өмір сүрген ол халқына тәуелсіздік күнінің жақындағанын сезеді. Әйтсе де оған жету оңай емес.

Еркіндікке жету жолында абақтының азабын тартып отырғанын ақын өлең жолдарына түсіреді. Онда мұңнан гөрі жеке адамның көңіл күйіндегі кейбір толғанысты сәттердің суреті басымырақ. Ақын жырында болашаққа сенім мол.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,

Маған атақ ұлтым үшін өлгенім! -

деген жолдарда Мағжанның ұлтына, халқына деген шексіз махаббаты сезілсе, одан кейінгі:

Қалың елім, қалың кара ағашым,

Қайраты мол, айбынды ер, алашым!

Өзі-ақ құлар, сырың берме, сабыр қыл,

Ақымақтар байқамаған шамасын, -

деген жолдардан оның ертеңгі болашақтан үміті, қалай болғанда да осы қиындықтың артында азат күндердің келеріне деген сенімі көрінеді.

Қорытындылай келгенде, оның ақ нөсердей төгілген жыр жолдарында өзіндік өмір өлшемдері, түйінді, тұғырлы таным дүниесі кестелі өрнекпен нақтыланып, даралық сипатқа ие болып тұрады. «Елім» деп еңіреп, әділеттік жолда жалынды жырын жалау еткені үшін тарихтың «ақтандақ» бетінен орын алған сөз шеберінің өрелі ойының терең иірімдерінен тамаша суретті сөздер көре аламыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы: Аруна, 2010.
2. Жұмабаев М. Өлеңдер мен дастандар. -Алматы: Алтын қор, 2005.
3. Жұмабаев М. Өлеңдері, прозасы және әдеби зерттеулер. -Петропавл, 2006.
4. Боранбаева Ж. Қ. Сөз зергері Мағжанның әдемі өрген өрнегі. -Астана, 2004.
5. Қанарбаева Б. Жырымен жұртын оятқан. -Алматы, 1998.

**Мұхамедин Мұратбек**, 2 курс, ҚР ҰҚКА, Алматы қ.  
Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Қаражанова Ж.Қ.

#### **ҚАЗАҚ ТІЛІ - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫН БІРІКТІРУШІ ФАКТОР РЕТІНДЕ**

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында әліпбиімізді латын қарпіне көшіруіміздің мемлекет пен қазақ тілінің дамуына қосатын үлесі туралы айтылған. Латын әліпбиіне көшу мәселесі көптеген жылдар бойы тіл мамандарының талқысында болғандығы, оның түркі тілдес мемлекеттерінің (Әзірбайжан, Түркия, Иран, т.б) тәжірибесіне сүйене отырып қабылданғандығы мәлім. Әрине, бұл құжат қабылданбаққа дейін осы мәселеге қатысты

көптеген ой-пікірлер айтылған еді. Сөз жоқ, бұл жаңа бағыт әркімнің ойында үрей, қорқыныш туғызады. «Латын қарпіне көшуіміздің маңыздылығы неде?», «Оның пайдалы жақтары басым ба?», «Бұл кімге қолайлы әрекет?» деген сауалдар көпшілікті мазалатқан мәселелердің бірі. Аталмыш саясаттың пайдалы жақтарына тоқталатын болсақ, латын қарпінің қолданысқа енгізілуі қазақ тілінің әлемдік қауымдастықтағы мәртебесін жоғарылатуға, сондай-ақ өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін жылдам меңгеруіне септігін тигізеді. Өткен ғасырдың шеңберінде латын графикасына көшу мақсатында біз әліпбиімізді үш рет ауыстыруға мәжбүр болғандығымыз белгілі. Мысалы, 1929 жылға дейін араб әліппесіне негізделген төте жазуды қолдансақ, ал 1940 жылға дейін латын жазуын пайдаландық. Олардың да болашағы өте құбылмалы болды. Алайда қажырлы еңбектің арқасында біз барлық кедергілерден дұрыс өте білдік. Латын әрпі біздің еліміз үшін бейтаныс жазу деуге ешқандай негіз жоқ. Тіпті қазірдің өзінде SMS – жолдамаларды латын қаріптерімен жазып жіберетіндігімізден де байқауға болады.

XXI ғасырда дамып келе жатқан ақпараттық технологиялар кеңістігіндегі Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, шет мемлекеттермен ақпарат алмасу жүйесін біршама ілгерлетуге мүмкіндік береді. Қазақ тілін үйрену барысында қазақ мәдениетінің барша әлемге танмал болатындығы айдан анық. Бұл халықтың патриоттық сана-сезімін оятып, өзіміздің түп-тамырымызды, салт-дәстүрімізді мәңгі сақтауымызға үлкен септігін тигізеді. Өсіп келе жатқан қазақстандық жас ұрпағымыз үшін бұл саясат өте тиімді болмақ. Қазақстандықтардың бүкіл әлем елдерімен бірлесе түсуіне, жасөпірімдердің ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне пайдалы болмақ.

Еліміздегі әліпбидің латын қарпіне ауысуы дүние жүзі қазақтары қауымдастығы үшін үлкен пайдалы болмақ. Әлемдегі 5 млн-ға жуық қазақ диаспорасы - қай мекенде тұрса да қазақ халқының құрамдас бір бөлігі болып табылады. Сондықтан латын қарпі жер бетіндегі барлық қазақтардың басын қосатын, оларды бір-біріне жақындастыратын, ана тілін, әдет-ғұрптарын, салт-дәстүрлерін сақтап, біртұтас ұлт ретінде өсіп өркендеуге мүмкіндік беретін негізгі жазудың бірі. Кеңес дәуірінде әлемнің түкпір-түкпіріне тарап кеткен қазақтар, кеткен уақытына байланысты сол заманғы жазуларды сақтап қалған. Олар араб, латын, руна, кириллица жазулары. Тұрғылықты жерлеріне байланысты жас ұрпақ жергілікті халықтың тілімен сауатын ашуда. Мысалы, Ауғанстан мен Ирандағы ағайындар араб жазуымен оқып, білім алады. Қытайдағы қазақтар араб әліпбиіне негізделген төте жазуды пайдаланса, ал қытай мектебіне баратындар иероглиф жазуымен сауат ашады. Түрікменстан қазақтары болса латын әліпбиін қолданады. Ресейдегі қазақтар түгелге жуық орыс мектептерінде оқиды. Моңғолидағы жағдай да соған ұқсас. Яғни латын жазу жер шарының кез келген шалғай түкпірінде жүрген қазақтардың бір-бірімен қазақ тілінде тікелей байланыс жасауына, ақпарат алмасуына, ата-жұрттың жаңалықтарынан күн сайын хабардар болып, ана тілін меңгеруіне, қазақтық қалпын сақтап, дамыта беруіне үлкен ықпал жасайтыны даусыз.

Ғасырлар тоғысында рухани байлығын сақтай білген ұлтымыз, ендігі бәсекеге қабілеттілігін әлемге көрсетіп, кең байтақ жерді алып жатқан экономикалық, мәдени жағынан белсенді түрде дамытуға ат салысып жатыр. Бұл жеткен жетістіктеріміз тіл саясатын қаржыландыруда белді орын алары әркімге мәлім. Осы тұрғыдан мемлекеттің жауапты органдары қызметтерінің ұйымдастырылуы қатаң түрде бақылануы тиіс. Себебі, дамыған елдің статистикалық көрсеткіштеріне қарағанда, сапалық тұрғыда жағдайы маңыздырақ. Өткенімізге көз салатын болсақ, елде қыруар жоспарлар іске қосылған. Олар қазір де жұмыстарын атқаруда. Соған байланысты мемлекеттік органдарға сенім білдіріп осы саладағы зор үміт соларға артылып отыр.

Латын қарпіне көшуімізден ұтатын жақтарымыз көп деп айтуға болады. Ақпараттық техникаларды пайдалануда, халықаралық кеңістікке шығуда латын тілінің бізге тигізер оң әсері мол. Бірақ біз соңғы жетпіс жылдан астам уақыт кезеңінде кириллицаны пайдаланып келеміз. Осы әліпбиде біздің қаншама ғылыми еңбектеріміз, көркем дүниелеріміз жазылды. Күні ертең латын таңбасына көшкенде, сол мұраларымыз мұрағатта шаң басып жатпауы тиіс. Оларды латын таңбасымен қайта басып шығару ісіне көңіл бөлу қажет. Ал, бұған, әрине, қомақты қаржы жұмсалатындығы да белгілі. Мемлекет латын таңбасына көшудің белгілі бір жүйесін жасап, саяси билік өкілдері республика көлеміндегі маңызды стратегиялық жоспарды әзірлеуге барынша ат салысулары қажет. Сондықтан да бұл іске бірлікті, татулықты негіз ретінде алып кіріскеніміз жөн болады.

Қорытындылай келе, қазақ бабамыз айтқандай: «Өз тіліңді білмей, өзге тілді білу – қасірет, өз тіліңді біліп, өзге тілді білу – қасиет» екендігі есімізден әрқашан шықпауы тиіс. Қазіргі заманның талабы осы. Білімді шыңдардың ең биігінен көрінеді, ал білімсіз сол шыңдарға тамсанып қарайды. Сондықтан, осы бағытты ұстанып тіл мәселесін әрі дамыту дұрыс деп ойлаймыз. Қазақ тілі Қазақстан халқын біріктіруші тіл болуы тиіс. Себебі бізге қоғамдық келісімді сақтау және нығайту тиімді, бұл біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің басты шарты болып табылады.

**Оспанова М, ҚҚЭУ, Ю-23 тобы**  
Ғылыми жетекшісі: доцент  
Исабекова К.Ж.

## **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚОЛӨНЕРІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНУЫ**

*Өнері өнеге халықпыз*

Қазіргі заманда эстетикалық тәрбие беруді жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі – бұл студенттердің қоғамдық өмірдегі, табиғаттағы, шығармашылық туындылардағы әдемілікті, сұлулықты бағалай білу, оны аялай алу қасиеттерін қалыптастыру және оны одан әрі дамыту, оқу үрдісінде, одан тыс уақыттағы әрекеттерінде әр түрлі құралдардың көмегімен студенттердің көркем-шығармашылық белсенділіктерін арттыру болып табылады.

Осылардың ішінде, әсіресе, эстетикалық циклдегі бұйымдардың орны ерекше болып келеді, бұларға біз қолданбалы қолөнер заттарын, жатқызамыз. Осы орайда К.Б. Байжигитов былай дейді: «қолөнер бұйымдарындағы көркемдік кеңістік кең байтақтылық пен тұрақтылықты білдіретіндей...» [1, 31-39б].

Қолданбалы қолөнер бұйымдарын екі түрге бөлуге болады:

Утилитарлы заттар, яғни тұрмыста тек пайдалы жағынан маңызды бұйымдар (киім, ыдыс-аяқ, жиһаз және т.б.).

Сәндік және көркемдік бастауы айқын көрінетін заттар – кесте, зергерлік бұйымдар және т.б.

Қай уақытта болмасын адам өмірінде қолданбалы қолөнер үлкен орын алған. Ертеден бастап осы заманға дейін адамдар өз тұрмысын эстетикалық заттармен әшекейлеуге, безендіруге тырысқан. Сондықтан да, қолөнер бұйымдары ұлт шығармашылығымен тығыз байланысты болып келеді.

Қазақ қолөнеріне келетін болсақ, ол өзінің бастауын сонау андрон мәдениетінен алып, ертедегі сақ, үйсін, қаңлы, бейнелеу өнерінен әрі қарай дамуын табады. Өткен ғасырлардаы қазақ халқының шеберлік деңгейі ондағы ою-өрнектердің, бедерлердің әдемілігімен, синхрондылығымен, қайталанбас әшекейленуімен бағаланған.

Ою-өрнек өнері әлем халықтарының көбісінің мәдениетіне тән өте ертеден келе жатқан халықтық мұра болып саналғанмен де, әр халықтың өз тұрмыс салтына орай өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар екені белгілі. Сондықтан ою-өрнекпен әшекейленген қолөнер мәдениетін зерттеу барысында әр түрлі елдердің тұрмысы мен шаруашылығын, ұлттық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік туады.

Қазақтың дәстүрлі өнерінің өзіне ғана тән сипаттық ерекшелігін ою-өрнектің көркемдік жүйесі негізінде қарастыратын болсақ, оның композициясындағы тұрақтылықты ою-өрнектің симметриялығы, тепе-теңдігі, жайсаң жазықтылығы айқындайды. Дегенмен, сырт көзге тұрақты болып көрінетін осы композициялық құрылым керемет ішкі энергия мен динамикалы күшке толы. Қолөнері бұйымдарындағы ою-өрнектің сыртқы құрылымына зер сала қараған адам бір өрнектен екінші өрнекке әуенді өтулерден, бір түстен екінші бояу түсіне үйлесімді ауысуларынан кез келген ою-өрнектің негізін құрайтын симметриялық пен статикалықтан ассиметриялық пен динамиканың пайда болғанын байқар еді. Ою-өрнектің сыртқы контур сызықтарының пластикасы мен өзіндік пішіндерінің бір-бірін ырғақты қайталаулары, иірімді өтулері композицияны қозғалысқа ендіреді [1, 31-39б].

Материалды емес мәдени мұра шеңберінде ою-өрнек символдар арқылы халықтың дүниетанымының иррационалды көрінісі ретінде аса маңызды назарға ие болады. «Табиғатты қашап сурет салудың өзінен адамның өміріне табиғаттың арқау, ойына азық, көңіл-күйіне дем беруші екенін көреміз. Қолөнердің барлық саласына ерекше әсемдік пен терең мән беріп тұрған ою-өрнек өнері» [2, 51-53б].

Қазақ ою-өрнектері өте әдемі, және ертеден келе жатқан ой бойынша жын-шайтандардан қорғайды.

Егер ғылыми-тарихи құжаттарға жүгінетін болсақ ертедегі көшпелі тайпалардың қазақтың ою-өрнек өнерінің қалыптасуына жасаған ықпалын байқауға болады. Жиі кездесетін ертеден келе жатқан дұрыс геометриялық фигура түрінде болатын магиялық символдар қай елге, ру-тайпаға жататындықты көрсетеді.

Түзу сызықтар, шеңберлер, ромбылар кезектесіп отыратын үшбұрыштар халық шеберлерінің бұйымдарында жиі кездеседі.

Қазақтардың бейне өмірін ою-өрнектердің бедерлерінен байқауға болады. Өйткені, қазақ ою-өрнегінің негізін ритмдердің қатаң симметриясы мен композициясын сақтау принципі құрайды.

Ою-өрнектің бір элементінің қайталанып отыруы ритм деп аталады.

Симметрия заңы бойынша ою-өрнектердің екі жағы бірдей болуы тиіс.

Ал композиция дегеніміз латынның composition сөзінен – құрастыру деген мағынаны білдіреді. Композиция – көркемөнер шығармасын мазмұны мен сипатына қарай орналастыру және ол көркемөнер шығармасының формасына бірлік пен тұтастылықты, эстетикалық талғам береді.

Ою-өрнек бедеріндегі біркелкі элемент топтарының қайталануы әуен деп аталады.

Ою-өрнек қазақтардың тұрмыс-тіршілігінде дәстүрлі болып келеді. Оның мазмұндық толымдылығы кең көлемді болады және оны жасаушы шебердің қоршаған нақталыққа, жалпы әлемге қарым-қатынасын көрсетеді.

Қазақ ою-өрнектерінің барлық элементтері күнделікті үй шаруашылығында қолданылатын бұйымдарды әшекейлеуге бағытталған. Ою-өрнектік өнерді ұлттық мәдениеттің жылнамасы деп қабылдауға болады. Ою-өрнек үшін бояулар, түрлі-түстілік маңызды, және олардың да терең мазмұны бар. Қолөнер шеберлері бедерлердің көп элементтерін табиғаттан алады, ал түстерге мынадай символикалық белгілер тән:

көк түс – ашық аспан белгісі;

қызыл түс – мәңгілік қуат пен жылылықтың қайнар көзінің белгісі ретіндегі от, күн;

ақ түс – шын қуаныш, бақыт белгісі;

қара түс – жер, өмір белгісі;

көгілдір түс – жастық, көктем белгісі.

Ашық қызыл-жасыл түстердің көптігі қуанышты көңіл-күйді, хал-ахуалының жақсылығын білдірсе, керісінше бозғылт сары түс уайымды, сағынышты, әскери уақыттағы мазасыздануы, аласапыран уақытты білдіреді. Бір түстің басымшылдығы қазақ ою-өрнегінде эстетикалық күшті, бейнелеудің шындық деңгейін, адам шеберлігінің айбындығын білдіреді [3, 60б].

Ою-өрнектердегі ұлттық дәстүрлерде бояулардың, түстердің күрт өзгеруі, олардың жөнсіз шаңқай ашықтығы болмайды. Ою-өрнектердегі бояулардың симфониясы, биязылығы мен үндестілігін колорит деп атайды.

Сонымен қатар ою-өрнек өнері туған өлкенің табиғатының байлығын, сол жерге ғана тән қоғамдық өмірдің ерекшелігін бейнелейтіні де белгілі.

Ою-өрнектердің стилі мен аттарын нақты мемлекеттің географиялық орналасуы мен оның ерекшеліктері айқындайды.

Мазмұны жағынан ою-өрнек келесі топтарға жіктеледі:

1 – топ космогенді: ай, күн және жұлдыздармен байланысты. Оларға мынадай ою-өрнектер түрі жатады: ай, ашық, жұлдызша, күн нұры, күн сәулесі, күннің шығуы мен батуы, ай-таң, ай-гүл, ай таңба, түнгі ай, жұлдыз, аққан жұлдыз, үркер;

2 – топ малға, оның ізі мен мүйізіне байланысты өрнектер. Бұл ою-өрнектің негізіне «қошқар мүйіз» формасы алынған: атауыз, атерні, ит құйрық, өркеш, түйе табан, аша тұяқ, түйе мойын, қабырға, арқар мүйіз, қырық мүйіз, сыңар мүйіз, тіс, бөрікұлақ, түлкібас, бөрі көз, итмек, иттабан.

3 – топ ұсақ жан-жануарлар мен жәндіктерге байланысты қалыптасқан өрнектер: өрмек, ирек, омыртқа, төртқұлақ, алақұрт, жылан, жыланбас, құмырсқа жыланбауыр, көбелек, шыбынқанат, тышқаніз;

4 – топ құс бейнелі өрнектер: қаз мойын, құс қанат, қаз табан, құс мойын, құстұмсық, самұрық және т.б.;

5 – топ жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ бейнелі өрнектер: арпабас, үш, бес, алты, сегіз, он екі жапырақ гүлдер, жауқазын, тармақ, теріс бұтақ, селеубас, райхангүл, гүл, жетігүл, жауқазын, жапырақ, мақта, төртгүл, ебелек және т.б.;

6 – топ еңбек саймандарымен байланысты ою-өрнектер: баста, алтыбасар, он екі таспа, өзгім-өзімек, шарбақ, төрт таспа, үш таспа, ожау, қармақ, қайнар, жеме, қос тұмарша, балдақ, сыңар өкше, ирек, тарақ, қос дөңгелек және т.б.

7 – топ – геометриялық ою-өрнектер [4, 78б].

Әр халықтың ою-өрнек өнерінің стилістік ерекшеліктері мәдениетімен әдемілікті қабылдаудағы ұлттық ерекшелігімен ұштасып жатады, сондықтан өнертанушы ғалымдар оны нақты бір ұлттың өмірі мен тұрмысымен сәйкестіндіреді.

Мысалы, кейбір ежелгі ою-өрнектердің символикалық мазмұны мынадай: қошқар мүйіз бен аша тұяқ мал шаруашылығымен айналысушының материалдық хал-ахуалын білдіреді. Егер киім түйетабан өрнегімен безендірілсе, бұл оның ұзақ жолға арнап тігілгендігінің белгісі. Егер адам басқаға бақыт пен тәуелсіздік тілегін білдіретін болса, онда ол құсмұрынды немесе құсқанатты белгілері бар заттар сыйлаған.

Осы өрнектердің ішінде мүйіз, арқар мүйіз, төртқұлақ, сыңар мүйіз, сыңар өкше, қос арқа, түйе табан, ит табан, кереге көз, жіліншек, құмырсқа бел, түйе құс сияқты ою-өрнектер қазірге дейін жетіп, қолданылып жүр.

Бұйымдарды ою-өрнекпен әшекейлеуде мынадай ережелер қатаң сақталады: ою-өрнек міндетті түрде бұйымның көлемі мен формасына сәйкес келуі тиіс; негізгі материалдың түр-түсі міндетті түрде ою-өрнектік композициямен үйлесіп отырады;

ою-өрнек міндетті түрде симметриялы болуы шарт;

әр түрлі түстерді таңдау арқылы ою-өрнек композициясының дөп ортасы мен шеткі формалары қарастырылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. К.Б.Байжигитов, Қазақ ою-өрнегінің табиғи сипаты. –А., 2004. -31-39б.
2. Б.Б.Жолдасов, Н.Қ.Байкенже, Қазақ қолөнерінің табиғатпен байланысы. А.: Білім – Образование, 2006. - 51-53б.
3. М.Ш.Өмірбекова, Казахский орнамент. -А., 2005.- 60б.
4. З.Айдарова, Изобразительное искусство. -А.: «Атамұра», 2001.- 78б.

**Самен Ақнұр**, ҚҚЭУ, МО-23 к  
Ғылыми жетекші: доцент  
Тойжігітова М.Ш.

### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ**

Қазақ әдеби тілінің тарихының қайдан басталатынын анықтау жеке тілші ғалымдарының ғана жұмысы емес, тарихшы, философ, экономист, саясатшы, әлеуметтік психолог, мәдениәлеуметтанушы, этнограф ғалымдардың бірігіп шешетін жұмысы. Мұндайда ең алдымен қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуының басы, барысы, сақталуы барлық параметрлер бойынша анықталуы керек. Содан кейін қазақтың әдеби тілінің тарихының да қайдан, қашаннан басталатыны өзінен өзі айқын болады.

Ұлттық әдеби тіл – ұлттың негізгі атрибуттарының бірі. Сондықтан әдеби тілдің мәселелері, әсіресе оның тарихына қатысты анықтаулар ұлттың өзге белгілерімен бірге, ағзалық байланыста қарастырылып шешілуі керек. Екіншіден, тілші ғалымдарының әдеби тілдің даму жолын мейлінше ертеден, тарихтың терен қойнауларынан бастап көрсетуге тырысуын айтуға

болады. Өйткені ана тілінің тарихының неғұрлым тереңде жатқанын дәлелдеген ғалымның беделі артады, мерейі үстем болады, айналасындағылар арасында құрметке бөленбек.

Ғылым жүрген жерде нақтылық жүруі керек. Ғылым барды – бар, жоқты – жоқ деп көрсетуі керек, ол көңіл-күйін, зауықты, жанашырлықты көтермейді. Қазақ тілінің біздің ана тіліміз болғандығы бізге оның жоғын бар деп, әсірелеп сипаттауға бола алмайды. Тілге шын жаны ашитын адам оның бойында жоқты бар деп көпіртпей, өзін өзі алдамай, керсінше, оның жетімсіздіктерін анықтап, келешекте оны жеткізудің амалын ойластыруы керек.

Қазіргі қазақ тілі тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі мәртебесін алып отыр. Сондықтан оған дүние жүзіндегі дамыған ұлттық әдеби тілдерге қойылатын талаптар тұрғысынан қарау керек. Ресейде орыс тілі, Францияда француз тілі, Грузияда грузин тілі қандай міндеттер атқаратын, қандай талаптарды қанағаттандыратын болса, Қазақстанда қазақ тілі де сондай деңгейден көрінуі керек. Мұндай талаптарды қою арқылы қазақ тілін деңгейлерге көтере білмесек, онда Қазақстандағы өзбек тілі ешқашан большевистік саясаттың салдарынан айырылып қалған орнын қайтарып ала алмайды.

Бұл талаптар бізді қазақ ұлттық әдеби тілінің моделін-дефинициясы мен оған қойылатын критерийлер жүйесін қазақ ғалымдарының тұжырымдарымен ғана емес, дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінің тілші ғалымдарының іс жүзінен туындатқан өлшемдерін ескере отырып айқындауға алып келеді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, орыс лингвистика ғылымының майталмандары В.В.Виноградовтың, А.И.Горшковтың, А.Н.Гвоздевтің, А.И.Ефимовтың, В.П.Мураттың, А.А.Леонтьевтің, Л.В.Щербановтың, В.Л.Левиннің әдеби тіл және оған қойылатын талаптар хақындағы зерттеулерінің нәтижелерін ескерудің маңызы зор.

Бұлардың арасынан қазіргі қазақтың әдеби тілінің жағдайна қатысы барларын іздестіргенде, көзімізге ең алдымен Б.Д.Бондалетовтың айқындамасы ілігеді. Ол былай қорытыды: "Әдеби тіл-қоғамдық өмір аяларының бәрінде қызмет ететін, өзге барлық тілдерден байлығымен, атқаратын міндетінің көптігімен, өңделгендігімен және нормаларының қатаң сақталуымен ерекшеленетін ұлт тілінің, сонымен қоса ұлыс тілінің өмір сүруінің басты формасы". Бұл жерде автор әдеби тілдің айқындамасын бұрынғы Кеңес Одағын мекендеген ірі ұлттардың ғана емес, ұлыстардың да тілдерінің жағдайына ескере отырып қорытқан. Осыдан әдеби тілге қойылып отырған талаптардың жұмсақтау екеніндігін ойдан шығармау керек.

Әлемдегі ірі мемлекеттік әдеби тілдер-орыс, ағылшын, француз, неміс, испан, поляк және басқа көптеген өрелі тілдерге қойылатын талаптарды іріктей отырып, қортып шығарған академик Ф.П.Филлиннің өлшемдері Б.Д.Бондалетовтікіне қарағанда, қатаңдау және қиындау. Бұл ғұлама әдеби тілдің 7 критерийін саралаған:

- 1) өңделген
- 2) нормаланған
- 3) орнықты
- 4) қоғам мүшелерінің бәріне міндетті
- 5) стильдерге ажыратылған
- 6) әмбебап
- 7) ауызша және жазбаша түрлері бар.

Ф.П.Филин тілді қоғам мүшелерінің барлығына міндеттейді. Бұл-конституциялық талап. Әдеби тіл-нормалары бірізділікке түскен, пішіндік және мағыналық орнықты, стильдерге ажыратылған, әмбебап қолданылатын, қоғам мүшелерінің бәріне бірдей міндетті, ауызша және жазбаша үлгілері бар ұлт тілінің өмір сүруі.

Әдеби тіл моделін құрып тұрған бірінші белгі-тіл нормаларының бірізділікке түсуі. Тіл нормасы деп-тіл жүйесінің қоғамдағы ақпарат алмасу үрдісінде іріктелген және бекітілген, мейлінше орнықты жүзеге асырылу қалыптарының жиынтығын айтамыз. Нормалдық тілде екі бағытта көрініс береді: біріншіден, тілде шынымен пайдаланып жүрген лексемалардың, сөз формаларының тілдік құралдарының жиынтығы ретіндегі норма, екіншіден, тілдік құралдарды іріктеу процестерінің және пайдаланылу ережелерінің жиынтығы ретіндегі норма.

Екінші белгі-тілдің орнықтылығы. Тіл орнықтылығы лексикалық бірліктердің, терминдердің, фразеологиялық тіркестердің орнықты пішінде және мағынада қолданылуын айқындайды.

Тіл орнақтылығы пішіндік және мағыналық орнықтылық болып бөлінеді. Пішіндік орнықтылық-тілдегі сөздердің, терминдердің, ерікті тіркестердің ереже бойынша қолданылуын, демек жазылуын және айтылуын білдіреді.

Мағыналық орнықтылық тілдегі лексикалық бірліктердің-сөздердің, терминдердің, тіркестердің мағыналық жүктемелкрінің орнықты болуын білдіреді. Мағыналық орнықтылық тіл арқылы ақпарат алмасу процесінде тіл қолданушының сөзінің қабылданған мағынада түсінілуін қамтамасыз етеді.

Үшінші белгі-тіл стилдерінің ажыратылуы. Стилль дегеніміз-белгілі бір тілде сөз қолданып сөйлеу сипаттарының ажыратылуы болып табылады.Қазақ және өзге ғалымдардың әдеби тіл стилльдерінің тармақтарына қатысты тұрғыларын бажайлап көргенде,олардың бәрінің дерліктей негізінен төрт тармақты айқын көрсетеді. Олар:ресіми іс-қағаздары стилі,қоғамдық-саяси әдебиет стилі,ғылымси-техникалық әдебиет стилі, көркем әдебиет стилі. Ресіми стилдер:

- а) іс жүргізу стилі
- б) публицистикалық стилі
- в) ғылыми-техникалық стилі
- г) көркем әдебиет стилі болып төрт тармаққа ажыратылады.

Төртінші белгі – тіл әмбебаптығы.Әмбебаптылық тілдің қоғам өмірінің барлық аяларында-парламент және үкімет деңгейлерінде,өндірісті басқару мен жүргізуде,халықаралық және республика шеңберінде ресіми ақпараттар алмасуда, ғылымда, БАҚ таратуда ,мәдениетте, білім беруде толыққанды қолданылуын көрсетуде.

Бесінші белгі-тілдің қоғам мүшелерінің бәріне бірдей міндеттілігі.Бұл белгі тілді білудің алынып отырған,демек Қазақстан қоғамының барлық мүшелеріне-ұлтына және басқа әлеуметтік жағдайларына қарамай,Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына конституциялық міндеттілігін айқындайды.

Алтыншы белгі-тілдің фальклорлық,яки ауызша үлгілері болуы.

Жетінші белгі-тілдің жазба үлгілері.

Әдеби тіл моделін,әрине, бұдан басқаша етіп те құруға болады.Модельдердің түрлі болуы оны құрастырушылардың тұрғыларына, ұстанымдарына,тілдің сол кездегі күйіне беретін бағасына,келешегін көру орбитасына,тағы басқа факторларға байланысты.Келтіріліп отырған модель қазақ тілінің қазіргі жағдайын,оның ішкі потенциялы мүмкіндігін,келешекте қоғамнан ала алатын орнын философиялық,социолингвистикалық,грамматикалық тұрғылардан тұтастай зерттеу нәтижелерінен туындап отыр.Осы модель өзақ тілін бұдан былайғы кезеңде қарышты дамытуға мұрындық бола алады деген үміт ұялатады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әдебиеттану сөз өнерінің сырлары. -Алматы: Мектеп, 2003.-56-61 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. -Алматы: Санат, 2002.-85-92 б.

**Сегізбаева Фариза, ҚҚЭУ, МЭ-22к**

Ғылыми жетекші: магистр Келмағамбетов Ш.С.

### **ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДИЕВТІҢ «ҮШ АНЫҚ» ЕҢБЕГІНІҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

*Ар түзейтін бір ғылым болмаса,  
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес*

Шәкәрім

Қазақ халқында белгілі философиялық дәстүр қалыптасқан тарихи данышпандыққа баулу мектебі болмаған. Ең алғаш рет осындай мектептің есігін ашып, арнаулы дүниетанымдық, тәрбиелік еңбек қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлы болды. Ойшылдың тарихи-философиялық еңбектерінің («Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», «Үш анық») дүниетанымы мен негізгі әлеуметтік ойлары ағартушылық, адамгершілік, тәрбиелік идеяларымен сабақтасып жатыр.Шәкәрімнің әлем, адам, жаратылыс жайындағы философиялық ой-толғамдары оның «Үш анық» атты философиялық еңбегінде жазылған. Философ қырықтан асқан соң отыз жылдай “Үш анықты” жазуға көптеген ізденістер жасап, өмірінің соңында “отыз жылдай жиғаным”– деп өзінің тапқан, анық деп таныған «Үш анығын» жазады. Бұл еңбегін



жазғанда, Шәкәрім, бүкіл батыс Еуропа, Шығыс елдері ғалымдарының, философтарының еңбектерін кеңінен зерттеп таниды, түрлі ойлар қозғайды, басқаның жетегінде де кетпейді, өздігінен сүрлеу іздейді. Осы ізденістердің арқасында келдім қайдан, барам қайда, не етсем пайдам деген сұрақтарды зерттеп, оған жауап іздеуге тырысты. Осы үш сұрақ төңірегінде әр қазақ баласы ойланар болса, өзіне өмірлік сұрақ етіп алса нұр үстінен нұр болар еді.

Тегінде ұждансыз жан өлікке есеп,  
Адамның келесі жоқ мұнан кесек.  
Ар, ынсапсыз, мейірімсіз залымдарды,  
Қате қылған болмаспыз хайуан десек.  
Шәкәрім

Жанға керек азық – ұждан. Ұжданның неге екі дүниеге де қатысы бар деген сұраққа жауапты Шәкәрімнің өзінен іздеп көрсек, “Мен ұждан қайдан шығып тұр десем оған жауап жоқ сияқты. Меніңше, совесть – жанның тілегі. Неге десеңіз, жан жоғалмайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, толық мінез, ой істер керек қылады. Соның қатты бір керегі совесть–ұждан. Оны осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады. Себебі, егер бұл өмір үшін ғана керек болса, ол не пайда, не мақтан үшін болады. Мәселен, атым қалсын, пәленше мені сондай кісі деп халық мені жақсы көрсін деген болады. Онан басқа жоруы жоқ. Себебі, ол советің иесі жан жоқ, артқы өмір жоқ деп отырса, соқыр табиғаттың жансыз жаратқан бір машинасы совесімен іс қылды не, қылмады не?” –деп жазды.

Шәкәрім ұждан үш қасиеттен құралады деп есептеген. Олар: әділет, мейірім, ынсап. Шәкәрім жан туралы өзінің ізденісінің анығына көз жеткізгеннен кейін жанға екі дүниеге де керек азық ұждан деген байламға келген. Ұлы ойшыл бабамыз Тәңір алдындағы дұрыс жол ар–ұждан деп ашық айтқан. “Ұждан – совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай болса нанбай ұждан–совесть құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек” –деп ұждан жайындағы ойын Шәкәрім осылайша түйіндейді. Шәкәрімнің ар біліміне байланысты жүйелі көзқарастарының бірі “өлген жан өміріне нана алмай ұждан, жанға екі өміргеде бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды” –деген ойында жатыр. Шынымен де адамның жүрегін тазартуда кез–келген ғылым саласының, өнердің, заңның дәрменсіздігін ойласақ, оған қол жеткізуде Шәкәрім көрсеткен ар білімінің қаншалықты маңызды екендігін аңғарар едік. Сондықтан да ұждан Шәкәрім үшін ғылымнан да, өнерден де, білімнен де жоғары тұратын, адамшылыққа тән бірден–бір болмыстық қасиет, үшінші анық болып саналады. Ұждансыз адам басқа қасиеттердің барлығын зұлымдыққа пайдалануы мүмкін. Ұждан тек адамдарға бұл тіршілік кеңістігінде ғана қажет емес, адам ұжданға сай өмір сүру арқылы бақидың алдында да өзінің таза болмысын ақтап ала алады. Шәкәрімнің ұжданды екі дүниеге бірдей қажет азық дейтіндігі осыдан. Адамшылықтың ең басты белгісі ретінде ұжданды атаған Шәкәрім ұжданға осылай баға берген. Алдағы өмірдің қамын ойлау адамға өз жаны үшін керек. Әйтпесе дін үшін немесе өзіңді әдепті көрсету үшін емес. Ұжданның мақсаты шын, жарқын болашақты қамтиды. Шәкәрімнің ар білімінің мақсаты ішкі тазалыққа жету арқылы хақтықты тануға жол ашу.

“Үш анық” оның өмір бойғы ізденісінің, сау ақылының қол жеткізген дүниетанымдық жетістігі. Шәкәрімнің өзі де жаратушы бар, жанда өлген соң бір түрлі тіршілік бар, екі өмірдің керекті азығы ұждан, үш анық дегенім осы деп ой қорытып отыр. Бұл біздің жоғарыда үш анық деп атап көрсеткен анықтарға нақты дәйек боларлық түйіндер емес пе.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Т.Кішібеков «Шәкәрім философ» // Ақиқат, 1994 жыл, №7
2. «Үш анық», Шәкәрім Құдайбердіұлы. -Алматы: «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми әдеби орталығы, 1991.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУЫ: МӘСЕЛЕСІ МЕН МӘРТЕБЕСІ

Еліміз тәуелсіздік алғалы күн тәртібінен еш түспеген негізгі мәселелердің бірі – мемлекеттік тіл екені анық. Қазақ тілінің жиырма жылдан астам уақыт аралығында қолдану аясы заңдық негізде де, әлеуметтік-инновациялық бағытта да жолға қойылып келгенімен, әлі де болса оны күнделікті қолданысқа енгізу мен дамыту жағдайы жан-жақты саралауды қажет етеді.[2;4]

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі, қазақ халқының ана тілі. Алайда, мемлекеттік тілді енгізу және дамыту мәселесі қазіргі уақытқа дейін толық шешілген жоқ. Сондай-ақ біздің Ата Заңымыздың 7-бабының 2-тармағында: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады», деп жазылған. Бұл мәселе уақыт еншісінде деп санаймын. Дегенмен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін шын мәнінде алуы ғана мемлекетті мемлекет ете алады. Мақсат орыс тілінен бір күнде бас тарту немесе қазақ тілі мен орыс тілін бір біріне қарсы қоюда емес.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ айтқан «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» және Қазақстан халқы Ассамблеясының VIII сессиясында: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет», – деп атап көрсеткен болатын.

Әрине, “Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте” деген, көп тіл білген адам – нағыз бай адам. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлттар арасындағы қарым-қатынас тілі, ал ағылшын тілі – ақпараттық технологиялар тілі. Әлемде бірнеше тілде қатар сөйлейтін мемлекеттер бар. Ортақ тілді білу қай-қайсымызға да қажет. Осылай ету арқылы біз бір халыққа – Қазақстан халқына бірігеміз. Қазақ тілі баршамызға ортақ тіл болса, қолданыстағы орыс, ағылшын тілдері қосымша көмекші тілдердің функциясын атқару керек. Елімізде статистика бойынша көптілділердің саны 70% жоғары болса, ал үштілділердің (қазақ, орыс, ағылшын) үлесі 5-6 % дан асады екен. Көп тіл білу үшін де төл тілінде жақсы сөйлей білу маңызды болып отыр. Мысалы, АҚШ елінде өз тілін жетік меңгерген эмигранттың балалары қоршаған ортаның тілін тез игеріп әкететінін көрсетіп отыр. Ата-анасы баласымен ана тілінде ғана сөйлесіп, өзге тілден сөздер араластырмаса, оның екі тілді де оңай игеріп кететіндігі анықталған. Яғни көп тілді полиглот болудың негізі – өз тіліңді жетік меңгеру. Қазақ тілі жетекші ұстанымға ие болмай, оны мемлекетімізде тұратын халықтың басым бөлігі игеріп, тілдік қолданысқа салмай, тіл саясатында айтарлықтай жеңіске жеттік деп айта алмаймыз.[2;4]

Мемлекет тілді дамытуға бар жағдайды жасап отыр, қазақ тіліндегі бала-бақшалар, мектептер мен оқу – орындары көп. Қысқасы, оқимын, үйренемін деген адамға барлық жағдай жасалған. Әлемде тілдердің өлу себебі сол тілде оның жастарының сөйлегісі келмеуі және сөйлемейуі. Ал, сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Сондықтан, болашақ біздің жастарымыздың қолында! Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру өзімізден, тұрып жатқан үйімізден, орналасқан көшемізден, қарапайым дүкенімізден басталады. Сондықтан қазақ тілінің жағдайын өзгерту, оны нағыз мемлекеттік тіл деңгейіне жеткізу өзіміздің ғана қолымызда!

Елбасымыз айтқандай: “Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұ дүниеде қымбат не бар екен?! Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі”, - деп.[1;25] Олай болса Қазақстан халқы, мемлекет тіл – қазақ тілін үйренейік! Туған тілімізді игеруге пайымды парасаттылық пен табысты табандылық таныту әр азаматтың қасиетті борышы болмақ! Ата – бабамыздың ғасырлар бойы бойтұмардай сақтап, ұрпақтан – ұрпаққа мирас етіп қалдырған ана тіліміздің тұнықтай мөлдір тазалығын, ата түркі тілдерінің ішіндегі еш қаймағы бұзылмаған даралығын мақтан тұтып, бүгін бізде өскелең

ұрпаққа өз қолымыздан аманат етуіміз – парыз іс. Егер ХХ ғасырдың басында Абай Құнанбайұлы орыс тілін оқу туралы ойды насихаттаған болса, қазір қазақ тілін оқыту туралы уақыт келді. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде екенін ұмытпайық!

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Н. Назарбаев «Тарих толқынында» Алматы. 1999жыл
2. «Ана тілі» газеті 2010 жыл №46

**Сүлейменова Д.,** КҚЭУ, Э-24к/к  
Ғылыми жетекші: магистр, аға  
оқытушы Билял Б.Қ.

#### **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АРАБ, ПАРСЫ ТІЛДЕРІНЕН ЕНГЕН КІРМЕ СӨЗДЕР**

Кірме сөздер (заимствование) деп әрбір тілдің өзіндік сөз тудыру тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған өздерді айтамыз. Яғни сөздің белгілі дыбыстық түр-түрпаты мен мағынасы екеуі де өзге тілге қатысты сөздер кірме сөз делінеді. Жер шарында өмір сүріп келе жатқан үлкенді-кішілі халықтардың қай-қайсысында болсын өзге тілдерден ауысып келген кірме сөздер көптеп кездеседі. Мәдениеті кенжелеп дамыған ұсақ халықтарды былай қойғанда, мәдениеті гүлденіп өскен ең озат деген халықтардың сөздік құрамы да таза төл сөздерден құралмайтындығы дәлелденген. Зерттеушілер ағылшын тілінің сөздік құрамының не бары 30 процент шамасында ғана өзінің төл сөздері, ал қалғаны өзге тілдерден ауысып келген дегенді айтады.

Г. Мұсабаевтың пікірінше, аң атаулары, әсіресе, құс атауларының көпшілігі иран тіліне түркі тілдерінен ауысқан. Сонымен қатар түркі тілдері араб-парсы халықтарына мынадай ұғымдағы сөздерді бергендігін айтады. Мысалы: ата, ата-ық, адырна,-орда, ақша, елші, адас, ұлы, құрылтай, бүлдіршін, қылыш, қонақ; бұғау, ту, темір, шабар, сорпа, тоқпақ, қаймақ, құл, ұлус, олжа, өлік, жылқы, қаз, қарға, қарақұс, сұңқар, қызыл, қылшық, қалпақ, қамшы, қосын, қарауыл, қарақшы, қайық, аю, арыстан.

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы кірме сөздер негізінен төрт халықтан келіп енген: 1) араб тілі, 2) парсы тілі, 3) монғол тілі, 4) орыс тілі.

а) Араб-парсы тілдерінен енген сөздер. Зерттеушілер негізгі сөздік қорға үш түрлі айырым-белгі (критерий) бар екендігін айтады: 1) ұзақ тарихи кезеңдерде заттар мен құбылыстарды өзіне тон ерекшелігімен көрсетудегі сөздердің тұрақты 2) негізгі сөздік қордағы сөздердің жана сөз тудырудағы қабілеттілігі, 3) кең қолданысқа түскенде негізгі сөздік қордағы сөздердің жалпы халықтығы мен түсініктілігі. Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздердің барлығы бірдей қазақ тілінің сөздің қорына жаппай енбегенімен, оның ішінде сөздік қордағы қазақтың төл сөзіндей ұзақ өмір сүріп, жаңа сөздер жасауға ұйытқы болған байырғы жасамыс сөздер көптеп табылады. Мысалы: ас, абырой, ар, дүние, аспан, батыр, бақыт, шаруа, қызмет, ақыл, құдай, қуат, дау, хабар, пайда, әйел, қас, баға, әл, азамат, айуан, дос, т. б.

Бұл сөздер өзінің кірмелігіне қарамастан, ұзақ өмір сүріп сөздік қордағы сөздерге тән барлық қасиетке ие болған. Мәселен, ас (аш) деген сөз парсы тілінен ауысқанымен, өте ерте, заманнан бері тілімізде өмір сүріп келе жатқандығын дәлелдейтін мынадай толып жатқан мақал-мәтелдер бар: ас - адамның арқауы; ас жүрген жерге дерт жуымайды; ас - иесімен тәтті. Ас сөзінің жаңа сөз тудыруға қабілеттілігін лексика синтаксистік сөз тудыру жолымен жасалған: ас бұршақ, ас қасық, ас, зан, ас болу, ас беру, ас ішу т. б. күрделі сөздер дәлелдейді. Бұл сөздің жалпы халықтық мәні мен түсініктілігін күнделікті қарым-қатынастағы қолданысынан, жиі айтылуынан айқын көрінеді.

Бақыт, бақ деген сөздер араб тілінде бір ғана формада (бәхт) айтылса, біздің тілімізге келіп, екі түрлі мәндес сөз болып қалыптасқан. Бұл сөздің де қазақ тіліне ертеден кіріп сіңіскендігін көптеген мақал-мәтелдерден көруге болады. Өйткені халықтың айтуынша: “Мақал — сөздің атасы” екендігі сөсіз. Мысалы: татулық — табылмас бақыт; ер жігіт бақыттың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі; бақыт кілті - еңбекте т. б. Бақыт деген сөз көп замандар бойына халыққа әбден танылып, ең қажеті сөзге айналды. Соның нәтижесінде бұл сөз көптеген мақал-мәтел жасауға, туынды сөздер мен күрделі сөздер тудыруға да ұйытқы болды. Мәселен,

бақыт деген сөзден бақытты, бақытсыз: бақыттылық, бақытсыздық тәрізді жеке сөздермен қатар бақыт қону, бақыты жану, бақыт құсы, бак, таластыру, бағын байлау, бақпен асу сияқты күрделі сөздер мен фразалық тіркестер де туып қалыптасқан. Сөздік қорға енетін сөздерге тән тағы бір ерекшелік көне дәуірді басынан өткізгендігінің белгісі - сөздердің көп мағыналылығы. Тілімізге енген араб-парсы сөздерінің ішінде де көп мағыналы сөздер жиі ұшырасады. Мәселен араб тілінен енген дүние (дүнийя) деген сөздің бірнеше лексикалық мағыналары бар. Соның нәтижесінде бұл сөз төрт түрлі синонимдік қатарда (дүние – зат, дүние – әлем, дүние – жаратылыс, дүние – өмір) қолданылады. Көп мағыналы сөздер ауыспалы мағынаның негізінде пайда болады. Тілге әбден сіңісіп жалпы халықтың сипат алған сөздер ғана көбіне-көп ауыспалы мағынада қолданылады. Олай болса, ауыспалы мағынада жұмсалы арқылы сөздің көп мағынаға ие болуы тек сөздік қордағы сөздерге тән ерекшелік деп танылады. Араб-парсы тілдерінен келген бірқыдыру сөздер қазақ тіліне әбден орнығып, сіңісіп алған соң ауыспалы мағынада қолданыла жүріп, жаңадан бірнеше қосымша мағына үстеп алғандығы байқалады. Мәселен, араб тілінде сәби (саби) деген сөз бала, бөбек дегенді ғана білдірсе, қазақ тілінде осы мағынаны толық сақтай отырып, оның үстіне жас деген сындық мағынада да қолданыла беретін болған. Шыны (чини) деген сөз де парсы тілінен бір ғана мағынада ауысып келсе, қазір терезенің әйнегін де, бөтелкені де, кесені де шыны деп атай береміз. Сонымен қатар шыны май, шыны қар деп метафоралық мағына тудырып, таза деген сөздің орнын балама етіп жұмсаймыз. Балалы үй базар дегендегі базар дегенді базар сөз парсы тіліндегі рынок мағынасында емес, той-думан, қызық деген ұғымда ауыспалы мағынада айтылып жүр, Демек, араб-парсы тілдерінен енген көптеген бір кездегі кірме сөздер қазіргі кезде ана тілінің төл сөздеріндей болып, мәнді қызметке жетілгендігін көреміз. Мұндай сөздер қазіргі кезде өзінің кірмелігін біржола жойып, негізгі сөздік қордан түпкілікті орын теуіп отыр. Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздердің актив-пассив болып тілде қызмет атқару жағынан бәрі бірдей деуге болмайды. Бұл өзара негізінен төрт топқа бөліп қарауға болады: 1. Тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей жымдасып кеткен өнімді актив сөздер. Бұлар қазақ тілінің сөздік қорына басы-бүтін еніп, әбден тұрақтанған. Ұзақ өмір сүріп, тілде көп әрі жиі қолданғандықтан, әрбір жаңа сөз бұрыннан тың мағына тудыруға ұйытқы болып келе жатқан жұрттың бәріне танымал сөздер деп есептеледі. Мысалы: ас, бақыт, ар, дүние, шаруа, ол, дос, зат, қас, батыр, т.б.

Жалпы халыққа таныс, әрі түсінікті бола отырып шаруашылық пен өндірістің, түрлі мамандықтың белгілі бір саласында басым жұмсалатын терминдік сипат алған арнаулы сөздер. Мысалы: емтихан, үкім, шарт, зейін, ақнар, мәлімет, құн, мата, сабак, мұғалім, ғалым, аспап, есеп, арыз, киял, дәуір, табиғат, дәлел, маусым, т. б.

3. Әр түрлі экспрессивті-эмоциялық мәні бар, ерекше стилдік реңк тудыратын сөздер. Мысалы: махаббат, нұр, есім, әмір, сапар, мәртебе, азамат, дария, мырза, шопан, жомарт, дидар, ажар, жамал, перзент, шапақ, шәкірт, ұстаз, нәресте, ғұлама, мәшһүр, т. б.

4. Сөйлеу тілінің аясында ғана айтылып, әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын жүрген сөздер. Мысалы: қаракет, мұғдар, құбыла, мүкәммал, шайыр медет, сауал, мүттәйім, шарапат, пұл, дәуіт, тағлым, шаһар, мейман, уәж, ауқат т. б.

Араб-парсы сөздері тілімізге негізінен үш саладан енген: а) ғылым мен мәдениетке байланысты сөздер; ә) үй, тұрмысы мен шаруашылыққа қатысты сөздер; б) дінге байланысты сөздер.

Қазақ тіліне бұл сөздер тікелей келіп енбеген, тәжік, өзбек және татар тілдері арқылы келіп сіңіскен. Сондықтан болса керек, зерттеушілер түрік халықтарымен салыстырғанда араб-парсы сөздерінің сан мөлшері қазақ тілінде недәуір кем де есептейді. Өзге түрік тілдерінен сан жағынан аздау болғанымен араб-парсы сөздері қазақ тілінде де бірқыдыру баршылық. Бұл - сөздер бізге сауда, дін арқылы, шығыс халқының классикалық әдеби мұралары арқылы тараған. Сонымен қатар “кітаби тілдің” үлгісімен жазылған шығармалар да араб-парсы тілдерінен келген сөздердің ел арасына тез тарап, тез сіңісуіне, жалпы халықтық сипат алуына үлкен ықпал еткен. Абай салған жаңа жазба әдебиет дәстүріне дейінгі қолына қалам ұстап, шығарма жазған қазақ ақындарының көпшілігі “кітаби тілдің” сүрлеуінен онша ұзап кете алмаған. Бұған бой ұрмағандар кем де-кем деуге болады. Сол дәуірдегі жазылған шығармалар қоғамның саяси және мәдени өміріне, дінге қатысты қыруар сөздер әкеліп халық тілін ар түрлі салада байытуға азды-көпті барынша үлес қосқан. Соның нәтижесінде бірқыдыру араб-парсы сөздері жалпы халықтық сипат алып, қазақ лексикасына етене болып сіңісіп кете барған. Араб пен парсы елдерінен сөз алмасу өте ерте кезден басталған.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С. Галжанов. К вопросу о влиянии персидского языка на казахский, Сб. «Тіл мәселелері», кн. 2-Я, 1936, стр. 37. ИИ308
2. Кеңеспаев, Г. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі, (Лексика, фонетика) 1962
3. И.К.Дмитриев. О тюркских элементах русского словаря “Лексико графический сборник” вып. III, 1958, стр. 3—38, .
4. Е.Н.Шишова. Словарь тюркизмов в русском языке. 1976
5. М.С.Гурычева и Б.А.Серебренников. Задачи изучения основного, “Вопросы языкознания”, 1953, № 6, стр. 12.
6. Л.З.Рустемов. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері, Алматы, 1982, 8-бет.

**Хутуева Макка**, ҚҚЭУ, ТУР-13  
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., профессор  
Қабатаева К.Т.

### ЖАЯУ МҰСАНЫҢ ЖАҢАДАН ТАБЫЛҒАН ӨЛЕҢДЕРІ

Жаяу Мұса – халық арасына көп тараған қазақтың белгілі өлеңші, әншілерінің бірі. Бірақ осы күнге дейін оның өлеңдері мен әндері толық жиналып, зерттелмей келеді. Жаяу Мұсаның өлең, әндері көп. Олардың бір бөлегі Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы (Мысалы, «Он екі жыл айдың Тобыл жаққа», «Мен не қылдым?», «Баянауыл басынан бұлт кетпес», «Үйімнен ала жаздай шай татпадым», тағы басқа өлеңдері).

Жаяу Мұсаның енді бірқатар өлеңдерін жуырда Қазанға барғанда В.И.Ленин атындағы университеттің барғанда В.И.Ленин атындағы университеттің ғылыми кітапханасының қолжазба қорынан кездестірдік. Бұл – көлемі 50 беттік Жаяу Мұсаның өз қолымен жазған қолжазба дәптері.

Бұған оның ірлі-ұсақты бірнеше өлеңдері енген. Қолжазбаның бір жерінде Жаяу Мұса:

«Ішінде қоян жылы жаздым мұны,

Тарихы мың сегіз жүз де сексен жылы» - деп өлеңдерінің жазған мезгілін де көрсеткен.

Қолжазбада «Берібай хақында», «Дүниенің жаратылған уақиғасы», «Кітапул Орман Олжабай», «Қонтажы әңгімесі», «Қолбасылар хикаясы», «Қазақ уалаяты арқаға шығып хан сайлауы», тағы басқа өлеңдері бар.

1860 жылдары Жаяу Мұса қазақтың ірі феодалдарынан (Шормановтардан және тағы басқалардан) зорлық-зомбылық көріп, қудалауға ұшырады. Олардан қашып Жаяу Мұса Омбыға барып, Мұса Шормановтың үстінен арыз береді. Князь оның арызын тындамай Шормановтың сөзін сөйлеп, Жаяу Мұсаны он екі жылға Тобылға айдап жібереді. Осы оқиғаға байланысты ақын:

«Он екі жыл айдадың Тобыл жаққа,

Ем болмас бастан бағың таяр шақта.

Дуанбасы мен өзім деме, Мұса,

Балаң кетсін тоз-тоз боп әр тарапқа», - дейді.

Табылған өлеңдерінің бірінде Жаяу Мұса Шормановтардың озбырлығын, оған көрсеткен қысымшылығын және өзінің айдауда жүргендегі өмірін қысқаша баяндайды. Өзінің қуғынға ұшырап, Қазан, Петербург, Москвада болғандығын айтады. Сонымен қатар:

«Тылында Варшава, Литва поляктардың,

Соғысын гвардиямен жүріп көрген», - деп өзінің Варшава мен Литвада болғандығын білдіреді. Жаяу Мұса Черняев әскеріне еріп Аягөз, Семей, Алматы арқылы Шымкентке барған сапарын да баяндайды. (Араб жазуымен жазылған, фотокопиясы бар).

Осы өлеңінде Жаяу Мұса қазақ тарихына байланысты кейбір мәліметтерді береді:

«Бір мың жеті жүз жыл еді елу бірде,

Қазақ елі дәл үшке тарайды енді.

Үш жүз деп қазақ жұртына қойылып ат,

Арқаға көшіріпті таман елді.

Арғын көшті Орта жүз бері қарай,

Алшы, Үйсін көшіпті жанамалай,  
Момын ұғлы Көкшетау келгеннен соң,  
Келіпті Әлмембетке хан Абылай...»

«Бөрібай хақында» деген өлеңінде Жаяу Мұса баланы сағынып көргендігін, өмірінің ұзақ болуын тілеп:

«Бірінші есімі Бөрібай шаһы,  
Бипарзантаһсыз жүрдім ғапы.  
Сейсенбі күн жаһаз құрал,  
Зейнетпен келді алтын сапы», - дейді.  
Бұл өлеңнің әрбір шумағынан кейін:  
«Ей Бөрібай, Бөрібай,  
Ғұмыр берсін бір құдай.  
Рухы мадат ұл болсын,

Орман-ул Олжабай», - деген қайырмасы қайталанып отырады. Осыған карағанда бұл өлеңнің өзіне тән әні болғандығы байқалады.

Жаяу Мұса Шормановтардан соққы көріп, қуғынға ұшырап жүрген кезде баласы Бөрібай 7 жасында қайтыс болады. Сондағы Жаяу Мұсаның қапаланып, қайғырып: «Әй, Бөрібай, Бөрібай. Өмір берсін дер едім...» деп бастайтын өлеңі осы күні Қазақ ССР Ғылым академиясының Ғылыми кітапханасында сақтаулы.

Жаяу Мұсаның жаңадан табылған қолжазбасындағы өлеңдеріндегі көбі атақты Олжабай батырдың өмірін, оның кедейлігін, соғыстағы ерлігін суреттеуге арналған. Өлеңдерде батырдың туған жылына дейін (1709 ж.) мәлімет бар.

Олжабай батырға арналған бір өлеңінде Жаяу Мұса оның жас кезінде кедейліктен мұқтаж болып, нағашысы Қарадайға келіп, бірінші рет соғысқа қатысып, атағы шыққанын баяндайды. Үлгі ретінде сол өлеңнен үзінді берейік:

«...Тақыр жарғақ үстінде,  
Жыртық бояқ көйлегі.  
Шүберектен дәгі жоқ,  
Тұрады шалбар қаудырлай.  
Елтірі бөрік тысы жоқ,  
Пормы жаман малақай.  
Етігі жоқ шарқы бар,  
Жағады оған күнде май.  
Жалы жоқ арық көк бесті  
Ер тоқымының жаманы-ай!  
Нағашысы Қарадайда жүрді бала,  
Қалмаққа қол жыйылды кеңес қыла,  
Балаға қылды жарлық айтпаңыз деп,  
Ол білмей қалды бала недүр шара.  
Іш біліп сыртына шығармайын,  
Қап деп қалды бала ызалана.  
Арғынның бір жетімін кетті тастап,  
Өліп қалар құнды деп мұны жас деп.  
Балаға қол кеткен соң бір ой түсті,  
Жүреді бақ қонарда тәңірім бастап.  
Көк бесті алты жасар жақсы ат болды,  
Қол кетпей көк бестінің тілін буды.  
Қырықтықты уыққа саптап алып,  
Ізімен бес күннен соң қолды қуды.  
Алты күнде сол қолға түнде барып,  
Көп қолға от жіберіп салды дуды.  
Бел жаққа шауып шықты қатты айғайлап,  
Қаһармен қышқырады Олжабайлап  
Шытырмақ бұлаң-талаң болды ғәскер,  
Айқаймен баланы алды көп қамалап.  
Қараса содан басқа ешбір жан жоқ,

Келді алып Қарадайға көп жамандап.  
Қарадай бек қыйналды қылығына,  
Айтса сөз кірмейді екен құлағына.  
Болмас-ты елге жіберіп бұ баланы,  
Тапсырып қол басыға берді яна.  
Яхши боп ат күзетіп көп күн жүрді,  
Тауына Бақанастың түнде кірді.  
Ай қараңғы сол түні жатқанында,  
Екінші Олжабайлап өрт жіберді.  
Қол қалды жанған отпен ғапаланып,  
Ауыр қол быт-шыт болды шырқ айналып,  
Азық-сайман әммесі от астында,  
Көбісі қалды сонда атқа жанып.  
Еш адам оттан басқа таба алмады,  
Шошынып бір-біреуге қарамады.  
Қашқан адам бәрісін қалмақ ұстап,  
Келгенін бұ әскердің қабарланды.  
Жиылды барабандатып барша қалмақ,  
Шықты көп ғәскер сайдақ-санжақ.  
Қазақ қолы қалмақты көрген халде,  
Бір шеттен келді бала алақ-салақ.  
Өз есімін Олжабайлап ұран қылды,  
Ойнайды аттан ауып ол жақ, бұл жақ.  
Кез келіп Қарадайға берді сәлем,  
Келді жау кернейлетіп білгіл тағам.  
Менде жоқ жабдық-құрал қуатым бар,  
Күндеме жауды алсам сіздер дауам.  
Қырықтық найза қолымда, сабы уық,  
Түп-тура келді қалмақ қоға жуық.  
Жабдығы алтын беренді ту ұстап тұр,  
Жарқ-жүрк жауһар түсі суық.  
Суында Аягөздің қол жиылды,  
Батырлар темір сауыт қатлау киді.  
Сап тартып, рет түзеп батырлары,  
Аттарын құрал жабдық бек түзеді...»

Жаяу Мұсаның өлеңдерінде тіл зерттеушілерге де керекті кейбір лексикалық қабаттар сақталған. Жаяу Мұса ескі кітаби тілде жазылған әдебиеттермен жақсы таныс болған болу керек. Сондықтан оның өлеңдерінде ұғлы, жиһаз, тағам, шаһы, мадат, барша, яхши сияқты кітаби тілге тән сөздер жиі кездеседі. Оның өлеңдерінде қатлау, қоян жылы, керней, бояқ сияқты архаизмдер де бар. Жаяу Мұса – Қазақстанның әр жерінде болған адам. Соған байланысты оның тілінде көбісі, бәрісі, сайдақ-санжақ, шарқы, білгіл сияқты диалектизмдер де ара-кідік кездесіп отырады.

Халық арасына өлең-әндері көп тараған Жаяу Мұса сияқты әнші, өлеңшілердің әдеби және музыкалық мұраларын әлі де болса іздестіріп жинау керек. Олардың бұл мұраларын зерттеп, бастырып шығару ісін қолға алатын мезгіл жетті.

# **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ИЗУЧЕНИИ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ**

**Inyakin Vsevolod**, 153 GM KSMU, Karaganda city  
Scientific adviser: senior teacher Tatossyan Sh.T.

## **USE OF SMART-TECHNOLOGIES ON LEARNING FOREIGN LANGUAGES**

Every year in the teaching of foreign language there are more varieties of forms and methods of distance learning using the latest innovative technologies. They are not just some technical means or transmission and exchange of information, which helps in the learning process, but also the whole system of teaching methods designed to develop students' communicative competence, the development of speaking skills: Increase the number of areas of speech activity, for requiring foreign language, integration and internationalization of different areas of life increase the demands on the quality of foreign language teaching in non-language universities.

Use of the latest SMART-technology (webinars, blogs, twitters, video and audio podcasts), asynchronous and online modes in learning foreign languages, more supplement traditional teaching methods, help form the core of communicative skills and basic understanding of foreign language communication ability to express an idea in another language skills to independent decision-communicative cognitive tasks that motivate students to learn, make a new look on the studied subjects, thus revealing their intellectual and creative potential.

Working with SMART-technology especially the role of the teacher (tutor) as the organizer and facilitator of the learning process, which gets more flexibility to direct the learning process based on the individual capabilities of each student. As you know, the communicative method involves the construction of the learning process as a model of the communication process. The teacher's problem and task is to organize the learning activities of students in such a way as to provide the greatest motivation for learning. Performing group or collective tasks, students are focusing not on the form of a statement, but on the content. This is important when the purpose of joint activities is to learn new information and to capture, evaluate it, together to discuss the problem set, to compare different points of view, to take part in the discussion. In carrying out interactive tasks students show creativity and independence, and they are not passive executors of speech acts. Working in our system on-line, students increase motivation to study a foreign language, the creative self-realization, and also form cross-cultural communication. Students use a more complex, detailed designs, which are then transferred in real speech. The student has the opportunity to prepare a response, check your spelling and sentence structure - in short, when communicating forum is removed a psychological barrier, students are no longer afraid of a foreign language. Thus, the forum is asynchronous communication tool that allows for a meaningful conversation, breaking the timing activities. When learning a foreign language is to actively encourage students to use their vocabulary, develop speaking skills in a foreign language.

The main functions of the Forum is the development of skills in the discussion in the foreign language. Despite the apparent singularity, forums can be successfully applied to the study of a foreign language. Another innovative form making competence of business communication, and is becoming more common are the webinars. Webinar is an online workshop that provides the teacher (tutor) to transmit information, tasks, and participants with a virtual class in which it is possible to see and hear each other anywhere in the world, get information and learn.

Particularly important features: to show participants the presentation, drawing on the whiteboard, polls can enable greater interactivity, and participants can ask questions in online chat window. Webinar starts with web-application. This alternative format build a dialogue with students through the use of advanced Smart-technology enables distance learning students, and video conferencing online. Using a new form of communication can increase the interest of young audiences to the ongoing training and workshops and to increase their attendance, as well as save time.

Webinars are an effective tool for remote teaching students a foreign language with a rich demonstration facilities. A convenient way to display information in any format, including images and video, allows you to see and hear the speaker. In this regard, one can say that this technology is a



valuable alternative internal meeting that has always been very important in the study of foreign languages

Thus, learning a foreign language online can reach a huge audience and the most out of "e" learning. Of knowledge and its operational control is possible anywhere in the world, equipped with internet access.

Technology webinars proved to be one of the most convenient and cost-effective solutions for training including foreign languages.

This is a technology that allows to see and hear each other, share information and process them together online to closely communicate at a distance to the real live communication. So, now teaching students of discussion with the latest innovative technologies contributes to the development of cognitive activity, significantly increases the interest in learning and gives good results.

#### **References:**

1. Волшебник С.М. Зачем учить английский?//Английский язык.- М., 2012.-Вып.10.-с.8-10..
3. Как учить английский язык - мой опыт.// Английский язык.- М., 2008. с.10-15.
4. Шадурский В.Г. // Материалы III Международной научной конференции Межкультурная коммуникация и профессионально ориентированное обучение иностранным языкам.- Минск, 2009.-302с.
5. Бережнов Е.А. // Актуальные проблемы преподавания иностранных языков в неязыковых вузах- НИУ ВШЭ, 2010. - 483 с.

**Abdakymova A.** UA-11k KEUK

Scientific supervisor: tutor S.T.Abdrakhmanova

### **THE ROLE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE**

In the universities active learning methods, which are aimed at developing students' autonomy, flexibility, critical thinking is used a lot. The most powerful source of cognitive activity of students, developing their creative abilities, interests, skills, experience and other intellectual properties are new innovative technologies. Innovative technologies in education are, first of all, informational and communicational technologies, that are inextricably linked with the use of computer-based training. Using innovative technologies in the educational process contributes mastering the English language better and faster, which would make any professional competitive in the labor market with the ability of using vast resources of the Internet.

The main purpose of learning a foreign language is the formation of communicational competence, thus all other goals (educational, developing) can be realized after resulting the main one. The communicative approach involves learning to communicate and the ability to form cross-cultural interaction, which is the basic purpose of the Internet.

The implementation of the communicative approach is updated with the introduction of the new discipline "Professionally-oriented foreign language", which aims to create a specific professional vocabulary of the English language in a particular field.

The purposeful use of materials from the Internet on English lessons at the university can effectively solve a number of teaching problems, such as:

- 1) to improve reading skills
- 2) to learn more words in English, according to specialty;
- 3) to improve monological and dialogical skills, by discussing materials from network;
- 4) to form a stable motivation of foreign language activities in the process of discussing issues that are interesting to everyone.

The Karaganda economic university, which has powerful material and technical base, all the conditions for the implementation of innovative technologies in language learning are created. The multimedia centers, language labs, video, educational television in the university give an opportunity to actively introduce the new technologies in teaching of English language. Experience shows that they have certain advantages over traditional methods of learning. Computer programs provide greater

information capacity, intensification of independent work of each student, creating a communicative situation, which is personally meaningful to everyone, and increasing cognitive activities of students, as well as increasing motivation.

One of the main requirements for learning English language with the use of computers and Internet resources is to create interaction in class, what is called in the methods of interactivity. Interactivity is a "union, coordination and complementarily of communicative purposes with the help of speech." While educating the original language, the Internet helps to shape cognitive and speaking skills, as well as teaching vocabulary and grammar, providing an interest and, therefore, efficiency. Interactivity is not only creating real life situations, but also makes the students adequately respond to them through English language. Scilicet, the best way to develop creativity, cognitive activity in learning English language is a method of projects. Project-based learning promotes active, independent thinking of students, finding the best methods and forms of learning English and directs them to the joint research work. Project training is also interesting because it teaches students to cooperate, collaborate and trains moral values such as mutual support and empathy, generates creativity and enables students, thus achieving the goal of a modern professional education - to form an expert.[3]

Thus, the introduction of innovative technologies in teaching English language diversifies the process of perception of this language. Thanks to computers, the Internet and multimedia students have the unique opportunity to master large amounts of information with its subsequent analysis and sorting.

#### **References:**

1. Телицина Т.Н. использование компьютерных программ на уроках английского языка. ИЯШ, №2. 2002.
2. 37. Полилова Т.А. Внедрение компьютерных технологий. ИЯШ, №6, 1997., с 2-7.
3. Internet: <http://www.rae.ru/forum2012/250/2104>

**Abdrakhmanova S.**, IYA-11 KarSU  
Scientific supervisor: k.p.sc., docent  
G.K. Tleuzhanova

### **THE BASIC TECHNIQUES AND METHODS OF LANGUAGE SKILLS FOR ENGLISH LESSONS**

The main purpose of English language teaching in higher education is to develop the student's personality, able to use English as the medium of communication.

Learning outcomes for English language reached in the process of personal and communicative learning.

The principle of communication - the basic principle of English language teaching, in which the form of speech skills, competencies that are required to communicate in English within a certain theme.

Communicative competence includes both the development of communicative events (ability to read and understand what they read, to implement dialogic communication, the ability to make a brief monologue messages, the ability to convey information in writing), and the development of general education skills (working with textbooks, dictionaries, reference books, etc.)

Communicative method is designed primarily for teaching speaking. The condition is the formation of competence motivation. Practice shows that motivation promotes visibility, discussions, project work of students, games, especially role-playing at the senior level of training, etc.

Students easily express their point of view using the studied language with visual support. Visual aids wearing informative, driving the need for expressing their thoughts and perceptions of oral communications comrades.

Also contributes to the development of communicative competence in problem-based instruction. I.S Cohn believes that "the only way to cause a deep emotional response from a teenager - to put it in front of him near the problem, forcing yourself to think and draw conclusions." Problematic

issue helps students understand the purpose of learning activities, which in turn affects the formation of its positive motives.

#### Teaching listening

An important trend in the implementation of the communicative approach - teaching listening. The formation, development and improvement of skills of hearing foreign speech includes instructional techniques and exercises for all phases of work with a sample of foreign speech: pretext, text, posttext.

Pretext on stage to report information about the type of text to listen to and the nature of presentation (communication, narration, description, interviews, etc.), and then offer a brief, in summary form, the oral presentation of text, photographs or drawings that illustrate the text content, keywords, and expression, discussion of the topic text.

During text would like to highlight the following types of tasks and exercises:

- Question-answer - Select the correct set of the responses;
- Reconnaissance - Define the type of text, the identification of the context (who, where, when, why, etc.);
- The establishment of the correspondence - pictures, images, and other short texts and dialogues;
- To carry out the instructions - for example, put on map directions, add a contour map or a picture, add details of the image, the difference in print and oral texts;
- Stamped breaks, punctuation and intonation, stress in promiscuous text, underline inconsistencies in the printed text of sounding option;
- The interpretation of the material is perceived by the ear - the establishment of the features of characters and circumstances, the speaker's attitude and so on;
- The completion of speech utterances and filling gaps.

Posttext on stage, I propose to come up with the title listen to text, create new texts, questions come up, continue to the text, describe possible or lose in the course of the event text, lead review or observations regarding the events in the text, to express their opinions on various occasions, to describe the personality of the actor etc.

#### Learning to read

As has been demonstrated, equally important is the creation, development and improvement of skills of reading. The main task here is to prepare students to read unfamiliar authentic texts alone with adequate speed and level of understanding be read in accordance with different business objectives.

The method of teaching reading texts of different types differentiated by three types of learning activities of students: before reading, during reading and after reading.

Pretext advise on stage the following steps:

- To anticipate the content of the text read with tips, photos, graphics, headings and subheadings;
- To simplify and reduce the version of the text;
- Rearrange, rearrange or combine disparate suggestions or pieces of text;
- Read a similar text in the native language for comparison with the text in a foreign;
- On the basis of existing knowledge and experience suggest what new information may be in the text;
- Agree or disagree with a number of statements on the teacher with the relevant arguments;
- Guess the subject and content of the text, using keywords and options subject;
